


821.512.122.0

С 28

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ



**“ШАМАҢ КЕЛСЕ,
ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!...”**

Көсемәлі
СӘТТІБАЙҰЛЫ

**“ШАМАҢ КЕЛСЕ,
ШЫНДЫҚТЫ
АЙТ!...”**

“ҚАЛАМҒЕР” БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
2017

ӘОЖ 821. 512. 122-0

КБЖ 83,3(5 Қаз)

С28

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

СӘТТІБАЙҰЛЫ К.

С28

**“ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!..”:
эсселер, сұхбаттар /Сәттібайұлы К. –
Алматы: “Қаламгер”, 2017 – 387 бет.**

ISBN 978-601-03-0453-6

Белгілі қоғам қайраткері, Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шерхан Мұртазаны өзіне ұстаз санамайтын ақын, жазушы, журналист кемде-кем. Солардың бірі - талантты жазушы, қаламы қарымды журналист Көсемәлі Сәттібайұлы. Ол қолдарыңыздағы кітабында қаламгер ағасының шындық деп шырылдаған қайраткер келбетін шынайы шеберлікпен сомдап, оның қоғам мен әдебиеттегі алған асулары мен қол жеткізген биігін көркем тілмен қағазға түсіріпті.

Әлем әдебиетінің алыптарымен болған әңгімелерден, естеліктерден және эсселерден Шерағанның бейнесін көріп, болмысын танысыз.

© Сәттібайұлы К., 2017

© “Қаламгер” баспасы, 2017

“ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ..”

Талапты ауылы. Шерхан ағаның інісі Батырханның шарбағындағы алма талдың түбінде отырмыз. Кешкі мезгіл. Өрістен қайтқан сиырлардың мөңіреген дауысы мен ауыл адамдарының самбырлаған үндері құлаққа келеді. Бәкеңнің абалаған иті де кешкі шуды молайта түскісі келгендей қосамжарланып жатыр. Шерағаң болса «ал, сөйле» дегендей мені күтіп отыр.

Әрине, Шерағаң туралы көп жазылды. Көп айтылды. Олар кітап болып бірінен кейін бірі жарық көріп те жатыр. Сондықтан оларды қайталамауға тиіспін. Қайталасам қаламгер қабағын түйіп, шарт кетуі мүмкін. Мүмкін бозбала шағына барлау жасап көрген дұрыс шығар. «Ай мен Айшаны» жазғанда қалтарыс-бұлтарыста қалып кеткен бірдеңелердің болуы мүмкін ғой. Осы ойға тоқталып, «тәуекел» дедім.



– Шераға, әдебиетке қалай және қашан келдіңіз? Ең алғаш жазғаныңыз өлең болды ма, әлде әңгіме болды ма? Мүмкін шағын мақала шығар...

– Бұл – ойланатын нәрсе. Өйткені, қыздардың альбомдарына, анау-мынауға өлең жазатын жастық шақта бастан өтті. Ал, негізінен, студент күнімде бір жағы күнкөрістің қамы, бір жағы әдебиеттің әлеміне енудің қамы, аудармадан бастадым мен. Мәскеуде

оқып жүргенде арттан келетін көмек жоқ, жалғызбасты анамыз Айша колхозда істейді. Колхоз ешнәрсе бермейді. Мыналар (інісі Батырханның үй жағына қарап қойды – К.С.) жас. Елден көмек жоқ. Жалғыз өзімін. Сөйтіп жүріп «Москва сортировочный» дейтінге барып вагоннан жүк те түсірдік. Көмірден бастап Алматының апортына дейін. Тынық мұхиттың «сельедка» деген балығына дейін. Сонымен төртінші курсқа барған кезде Мұстай Кәрім деген башқұрттың классигінің «Біздің үйдің қуанышы» деген бір шағын повесін аудардым.

Аударғанда оның алдындағы әңгімесі көп. Шаяхметов дейтін біздің ЦК-ның бірінші хатшысы бір сессияға келіп жатыр екен. «Неде болса тәуекел, көмек сұрайын, маған баспадан бір жәрдем берсін» деген оймен барып жолықтым. Әрине, қарауылдары бар екен, солардан рұқсат алдым. Шаяхметов менің арызымды алып қалды. Арызда «Студентпін. Жәрдем беретін ешкім жоқ. Болашақта әдебиетпен айналысқым келеді. Сондықтан баспадан бір аударма кітап алып берсеңіз, сонымен шұғылданар едім» деп жаздым. Алып кеткен. Шамалы уақыттан кейін хат келді. О кезде «Жазушы» баспасын «Қазақтың

мемлекеттік көркем әдебиет баспасы» деп атайтын. Хат содан келіпті. Өмірімде бірінші рет фирмасының аты бар, тасқа басылған хат алдым. «Осындай да осындай, Мұстай Кәрім деген башқұрттың жазушысы бар. Біздің жоспарымызда соның осындай дүниесі тұр. Алдымен соның бір тарауын аударып, беріп жібер. Жараса шарт жасасамыз, жарамаса өкпелемейсің» депті. Олардыкі де дұрыс қой енді. Содан Ленин кітапханасына бардым. Дүниежүзінің кітаптары иіңтіресіп тұр. Әлгі кітаптың алдымен орысшасын тауып алдым. Сосын башқұртшасын таптым. Екеуін салыстырып отырып, бір тарауын зырылдатып аударып жібердім. Алматыдан іле-шала хат келді. «Аяғына дейін аударып, қолжазбаңызды жіберіңіз» депті. Келесі жылы сол баспаға практикаға келдім. Қолжазбамды ала келгем. Баспа аударманы қолма-қол қарап, өндіріске жіберді. Сөйтіп, практикама біткен кезде Мәскеуге кәдімгідей көп ақша алып қайттым.

Содан кейін дәндеп алдым. Баспа Лагин дейтін бір жазушының (Лазарь Иосифович Лагин – К. С.) «Старик Хоттабыч» деген кітабын тағы берді. Оны да аударып бердім. Демек, менің

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

әдебиеттегі тырнақалды дүниелерімнің бір парасы аудармадан басталғаны ғой. «Қазақстан пионері» дейтін газетке бір майда-шүйде әңгімелерім шығып жүрді. «Әңгелек», «Пистолет» дей ме, аттарын да ұмытып қалдым.

– Қыздардың альбомдарында жастық шақтың қолтаңбасы боп қалған өлеңдеріңізді «өкпелетіп», тастап кеткен жоқсыз ба?

– Газет, журналдарға ара-тұра жариялап жүрдім. Кейіннен «Болашаққа жол» деп аталатын жас ақындардың жинағында бір топ өлеңдерім енді. Зейнолла Серікқалиев деген осы күнгі үлкен сыншы (жатқан жері жәннәтта болсын, марқұм З. Серікқалиев ағамыз ол кезде көзі тірі болатын – К.С.) бар ғой, сол менің өлеңдерімді сілейтіп тұрып сынап тастады. Содан «қой, болмайды екен» деп, өлең жазуды қойып кеттім. Содан кейін, қарасөз, журналистикаға кеттім. «Лениншіл жастың» дәурені басталды. Қарағандыда тілші болдық.

– Жуалының базарына барып май сатқан қазақтың «қара қазан, сары баласы» жайлы оқыдық. Дегенмен, сол әңгімені өз аузыңыздан естігеннің әсері басқа сияқты.

– Мынау жерде базар бар. «Бурныйдың базары» дейміз. Қазір Бауыржан Момышұлы деп аталады. Мынандай май сатамыз (Шерағаң дастарқандағы кішкентай табаққа салынған сары майды көрсетті – К. С.). Майдың бір пиаласын бір қадақ дейді. Айша маған екі-үш қадақ майды беріп, соған сабын алып кел деді. Содан майды кір сабынға айырбастап, алып келдім. Дереу су жылытып, кірімізді шылапшынға салып жіберіп, сабынды бір-екі сүйкегенде аржағынан ағаш шыға келді. Біздің «саудамыздың» түрі сондай еді.

– Шераға, Алматы асып Мәскеудегі оқуға қалай түсіп жүрсіз? Атағынан ат үркетін Мәскеу мемлекеттік университетіне оқуға түсу ол кезде қазақтың қара домалақтары үшін қол жетпес қиял емес пе еді?

– Жамбыл мектебінде оныншы оқып жүргенде үш-төрт баланы обком комсомолдың бірінші хатшысы Асанбай Асқаров шақырды. Қаратай Тұрысов, Ергеш Есімов, сосын Әбдуәлі Данаев дейтін бір жігіт бар. «Мәскеуден разнарядка келді.

Төртеуің Тынық мұхит әскери



училищесіне оқуға барасыңдар» деді. Оның не екенін түсініп жатқан жоқпыз. Бастық «барасыңдар» деген соң, «барсақ барайық» дедік. Бірақ жәйдан-жәй жібере салмайды екен. «Жарайсың ба, жарамайсың ба» деп, денсаулығымызды тексерді. Қаратай деген досым о кезде бойы кішкентай, шынжау, тырылай арық жігіт еді. Оны «сен жарамайсың» деп бірден шығарып тастады. Менің кәдімгідей әл-қуатым бар. Біздің интернатпен бір қорада «РУ» дейтін (Ремесленное училище – К.С.) болатын. Кілең зіңгіттей-зіңгіттей орыстың балалары оқиды. Солармен ұдайы төбелесіп жататынбыз. Тоғызыншы класта оқып жүргенде болған бір қырғын «соғыста» мына құлағыма (Шерағаң сол құлағын көрсетті

– К.С.) кілтпен ұрды ма, әйтеуір, жарғағы жарылып кетіпті. Комиссияның қырағы көзі сол жарғағы жарылып кеткен құлақты көріп қойып, «сен жарамайсың» деп мені де шығарып тастады. «Ойбой, мыналарды Асқаровтың өзі Мәскеуге жібергелі жатыр екен. Жоқ, Владивостокқа жібереді екен», – деп жұрттың бәрі құлақтанып қалған. Сондықтан «жарамай қапты» деген сөзге қатты намыстандық. Қарекең геология институтына баратын болды. Мектепте газет шығарып, әдебиеттен кәдімгідей тәуірбаға алып жүруші ем, менде Алматыға барып Московский полиграфический институттың редационно-издательский деген факультетіне тәуекел деп құжат тапсырдым. Өтіп кеттім әйтеуір. Енді шегінерге ешқандай жол жоқ. Болары болды. Шешенің жағдайы анау. Беретін түгі жоқ. Бірақ «неде болса бара беру керек» деген балалық әсермен кете бардық. «Ол жақта қалай күн көреміз, арты қалай болады?» деген уайымға салынбадық. Стипендияға бірде ілініп, бірде ілінбейміз. Бір жолы «үш» алып қалып, бір сессия стипендиясыз қалдық. Жаңағы вокзалға барып жұмыс істеп жүргеніміз содан. Елу үшінші жылы Сталин қайтыс болды. Өлерінің

алдында полиграфия институтының редакциялық-баспалық факультетін Мәскеу университетінің журналистика факультетіне қосу жөніндегі қаулыға қол қойып кетіпті. «Ленин таудағы» МГУ-дің жаңа біткен кезі. Сол қаулының күшімен университеттің студенті болып шыға келдік. Онда екі бөлім болды. Журналистика бөлімі және баспа бөлімі. Мен баспагерлік бөлімінде оқыдым. Менің ә дегеннен баспамен «байланысып» жүргенім сондықтан.

– Көне Тараздың төріндегі интернаттың наны таңдайыңыздан әлі кеткен жоқ шығар. Сол қиынқыстау жылдар жайлы бүгінгі қазақ әдебиетінің патриарх-қаламгерлерінің бірі не ойлайды екен?

– Біздің көрген күнімізді енді қайтып балалардың басына бермесін. О кезде Талапты ауылы, былайырақ, сай-сайдың саласында еді. Сол жерде жеті жылдық мектеп бар болатын. Мен сонда оқыдым. Бірақ «оқыдым» деген аты болмаса, қалай оқығаным жөнінде татымды ешнәрсе есімде жоқ. Өйткені кішкентай кезімде бидайдың отағына шығарады. Бидайды арам шөп басып кетеді. Оның ішінде мия

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

дегені болады. Улы. Қайрақбай дейтін бригадир бізге командир. Сол бригадиріміз қолымызға бір-бір пышақ береді де: «Мынау миялар – фашистер, осылардың басын қырқып алу керек. Алға!» дейді. Біз пышақпен «фашистердің» басын жұлып ала береміз, жұлып ала береміз. Сөйтіп жүргенде оқуымыз мәз болған жоқ. Миядан басқа жұмыстарға да салды. Мына Аса ауылының (Аса өзенінің атына байланысты қойылған – К.С.) жанында Молотов деген мектеп болды. Жетінші класты сонда оқыдым. Мені алып барып, интернатқа орналастырып жүрген Мырзагелді Қалибеков дейтін жездем сол интернаттың бастығы еді. Бір класс асырып жіберді. Әйтпесе, алтыншы класқа баруым керек еді. Жарықтық Досмұқан Нұрпейісов дейтін директор қабылдап алды. Әйтеуір, жетінші класты сол жерде шала-пұлалау бітірген болдым. 1947 жылы Әулиеатаға келіп, Жамбыл интернат-пансионатына қабылдандым. Осы жерде ғана мектеп дегеннің, сабақ дегеннің не екенін пайымдай бастадым. Оған дейін бір ауыз орысшам да жоқ болатын. Сөйтіп Жамбыл мектебін бітірдік қой.

– **Анада-санда әке жайлы еміс-**

еміс естегілер шаң беріп қоятын шығар?

– 37-ші жылы әкеткен. Қыстың күні. Бес жаста едім. Есімде бұлдыр барлығы. Ауылдың адамы. Қарапайым ғана кісі болатын.


– Суреті де жоқ па?

– Жоқ. Ешнәрсе жоқ. Кейін іздестіріп көрдім ғой бәрін. Өйткені топалаң тигендей қылып, мынау Баукеңнің ауылы Орақ-Балға мен біздің ауылдан бір әкеткенде елу шақты адамды топырлатып бір-ақ әкеткен. Оның бәрін Бурныйдың кішкентай жаман түрмесіне апарып қамаған. Сот та болмаған. «Үштік» деген болған екен. Соның шешімімен он жылға айдап жіберген. Со жақтан қайтқан жоқ.

– Қиыр Шығыста ма?

– Қиыр Шығыста. «Дальный Восток» деп бір хат келгені есімде. Ол хат та жоғалып кетті кейін.

– Мұстай Кәрім туралы сұрағымды әңгіменің ортасына қарай дайындап отыр ем. Бірақ, қызық болғанда, сөзіміз тура башқұрттың классигінен басталды. Менің Сізден енді сұрайын деп отырғаным Шыңғыспен бірінші таныстыңыз ба, әлде оның шығармасымен бірінші таныстыңыз



ба? Ол кісінің шығармаларын бірінен кейін бірін аударуға құштар еткен көрші ақысы ма, әлде әлемді аралап кете барған атақ-даңқы ма?

– Шыңғысты мен алғаш рет Мәскеуде көрдім. Біздің Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып жүрген Қалжан Нұрмаханов деген сыншы жігіт болатын. Кейін қайтыс болды. Сол екеуі дос екен. Онда да екеуін сыртынан көрдім. Онан кейін Айтматовпен ешқандай қатысым болған жоқ. «Жалын» альманағына Айтматовтың шығармаларын шығару

үшін аудармашы керек болып қапты. Ол кезде мен аудармашы ретінде танылғам. Маған «Берблюжи глаз» дейтін кішкентай повесін берді. «Ботагөз» деп аудардым. Аудармамды тәуір деп бағалады. Жинаққа енді. Содан кейін осыны аудар деп «Қош, Гүлсары» деген повесін берді. Соны аудардым. Аударғанда мен орысшасынан аудардым. Қырғызшасы жоқ. Ол кісі орысша жазды. «Қош, Гүлсары» кетті ме? Сонан кейін «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» деген шағын повесін аудардым. «Буранный полустанокты» жазды. Оны «Боранды бекет» деп аудардым. Оның «Ғасырдан да ұзақ күн» деген екінші аты бар. Ол кетті. Кейін дүниеге «Плаха» – «Жанпида» келді. Онысын да аудардым. Алматыға келіп-кетіп жүрді. «Аудармашың осы» деп мені Шыңғыспен сол кезде таныстырды. Қолтығына аса қысқан да жоқ, бауыр тартып та кеткен жоқ, сол сыпайы сау-саламатта жүріп жаттық. Сұрастыра келе «ой, біздің айылда тұрбайсың ба» дегені бар. Шыңғыс Айтматовтың Шекері біздің Талаптыдан 20-30 шақырым жерде. Естуімше Айтматовты кейін қырғыздардың өздері қазақшасынан аударыпты.

– **Сол тұстағы Мұстай Кәрім,**

**Шыңғыс Айтматов, Расул Ғамзатов,
Фазыл Ескендір, Нодар Думбадзе
шығармаларын биікке көтерген
қандай қасиеті деп ойлайсыз?**

— Көп халықтардың әдебиетіне қарағанда олар биік. Кәдімгі шетелдің өзі іліп алып соларды аударып жатты. Ол кезде, айталық, Еуропада, тіпті, Американың өзінде соншалықты мықты есімдер белгілі бола қойған жоқ. О кезде бізді «майда халықтар», «нацмени» дейді. «Национальный меньшинство» дегені. Солардан үркердей топ шықты. Тіпті орыс әдебиетінен әлдеқайда басым түсіп жатты. Біздің қазақ әдебиеті де құралақан емес еді. Бірақ Қазақстаннан атақ алып, лауреат болған ешкім жоқ. Сәбеңді бірнеше рет ұсынды, бірақ ала алған жоқ. Ғабиденді де ұсынды. Түрлі себептері болуы керек. Қазір былай пайымдап қарасам, сол кездегі атақ-даңққа бөленген түркмендердің Кербабаев, өзбектің Рашидов, тәжіктің Тұрсын-задесінің шығармалары біздің ортаң қол ақын-жазушыларымыздың дәрежесіндегі дүниелер екен. Әсіресе, Тұрсын-заденің «Арбакеші» тартыс та жоқ, шиеленіс те жоқ, өлең ұйқасымен жазылған очерк сияқты нәрсе. Ал бізде нағыз мықты-

■..... "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." мықты ақындар болды. Сырбай, Хамит, Фафу... Бірақ біздің қасіретіміз сол – әлгілерден дәрежесі әлдеқайда биік тұрған ақын-жазушыларымызды аяғынан тартып, қолдан аласартып жүрдік! Осындай бір кезең өтті.

– **Ілияс Есенберлин мен Нодар Думбадзенің шығармалары Лениндік сыйлықтың талқысында тайталасып қалыпты ғой. Нодар да оңай жазушы емес. Бірақ Есенберлин көкеміздің сүрінуіне өзіміздің қаламгерлер «көмектесе» түскен дей ме?**

– Оңай емес ол Думбадзең. Көркемдік жағынан әлдеқайда қуатты. Бірақ мына кісі біздің ұлтқа өте қажетті сөзді дер кезінде айтқан азамат қой. Ешкім айта алмай жүрген тарихи ақтаңдаққа бірінші болып боразда салған ер ғой.

– **Сонда Ілекеңді де аяқтан шалған дей ме?**

– Сөз жоқ болды ғой ондай нәрселер. Ілекең бірден көтерілген адам. Ол бұрын айдауда болып, біраз қиянат көріп келген кісі.

– **Шығармашылықты түрмеден келгеннен кейін, 54 жасында бастаған ба?**

— Келгеннен кейін біраз жыл қатардағы редактор болып жүрді. Менің алғаш баспаға келген кезім болатын.

— **Кино саласында да істепті ғой?**

— Кино саласында істеп, бір фильмі шықты. Оны да қатты сынап тастаған. «Сплав»-«Қорытпа» ма еді? Есенберлиннің бағы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа жолығып, жағдайын айтқаннан кейін ашылды. «Жазушы» баспасына директор болып келді. Содан бастап дәуірлеп кетті. Кейде адамға біреудің маңдайынан сәл ғана сыйпағаны немесе қолтығынан демеп жібергені үлкен әсер ететін болуы керек. Егер сол заманда көрінген шенеуніктен қағажу көріп, ұнжырғасы түсіп жүрген адамнан Димекең болашақ жазушыны танып, қолдап жібермегенде ол осындай биікке көтерілер ме еді, көтерілмес пе еді? Әрине, жазғандарының барлығы мұрағат арқасында кейін жарыққа шығуы мүмкін, бірақ бұрын сотты болған қаламгер өзінің көзі тірісінде биікке көтеріліп, даңқа бөленуі мүмкін емес еді. Қонаевтай тілеуқоры болуы керек екен ол үшін. Жоғарыдағы адамның көңілінің кішкене жылылығы керек екен. Қолдауы керек екен.

— Маған бұрынғы Одақ әдебиетіндегі жаңағы құбылыстар салт-дәстүрге сусаған орыс зиялыларын даналығымен бас идірген «кішкентай халықтардың» үлкен рухы сияқты болып көрінеді. Коммунистік идеологияның одақтас әр елден бір-бір классик жасайық деген саясатының да пайдасы тиген шығар. Бірақ, қалай десек те, шын қаламгерлер болды ғой бәрі.

— Ондай да болуы мүмкін. Анау әлдеқашан ұмытылып кеткен Айн дейтін бір халық бар. Ол өзі қазір халық, ұлт ретінде бар ма, жоқ па, білмеймін. Содан шықты атақты жазушы. Чукчалардан да шығып жатты. Ханты-Манси дейді. Олардан да шықты. Қазір ондайлар шығып жатыр ма, жоқ па, білмейміз.

— Енді аяңдап қазақтардың ауылына келсек. Тұрар Рысқұлов тақырыбына қалай бардыңыз? Не себеп болды?

— Тұрар Рысқұловпен ата-тегіміз бір. Түлкібас пен Жуалы еншісі бөлінбеген бір аудан болатын. Ол кезде Түлкібас деген аты жоқ. Жуалы ауданы дейтін. Кейін осы екеуін екі облысқа бөліп жіберді. Сол кезде үлкен кісілерден еститінбіз «ой,

шіркін-ай, осындай да осындай азамат болып еді-ау...» дегенді. Бірақ айқайлап айта алмайды. Айқайлап мақтана да алмайды. Есімі құлағымызда еміс-еміс қалған.

Біз студент болып жүргенде өзбектер Мәскеуде Тұрар Рысқұлов жөнінде фильм түсірді. Соған «массовкаға» қатысу үшін бізді де шақыратын. Ақша береді. «Үш сом» кәдімгідей ақша о кезде. Сонда фильмнің бас қаһарманы Тұрар Рысқұловты нағыз оңбаған етіп көрсетеді. Бірақ атын дәл атамайды. Кейін «Социалистік Қазақстанда» әдеби қызметкер болып қызмет істеп жүрген кезімде Рахмалы Байжасаров деген кісінің «Тұрар Рысқұлов» деген үлкен мақаласы жарияланды. Қазақстанның 40 жылдығына байланысты Кеңес өкіметіне жағымды қайраткерлер туралы сериялы мақалалар шығып жатқан. Оқып шықтым. Нағыз шыншыл дүние. Айтпақшы, Ким дейтін ретушер бір суреттің кей жерін ағартып, кей тұсын қарайтып, «тырналап» отыр екен «бұл кім?» деп ем, «Турары Рыскуловы» деді. Акценті күшті еді. Құлағым елең ете қалды. Содан ертеңінде кәріске барып әлгі баспаханадан қайтқан суретті сұрап алдым. Кәріс байғұс «не

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

показыбай никому, не скажи» деп, қорқа-қорқа берді. Сонан кейін «е, мынау мынандай адам екен ғой» деген ойға кеттім. «Жазсам қалай болады?» деген бір үміттер пайда бола бастады. Нағыз сенім жоқ. Өйткені әлгі газеттегіден басқа дым білмеймін. Бірақ бір аптадан кейін бұрқете қалды. «Социалистк Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінде «Тарихи шындықты бұрмаламайық» деген үлкен мақала жарияланды. Тұрар Рысқұловты қайтадан әкесін танытып тұрып ұрған. «Ол – ұлтшыл, ол – пантюркист, ол – правый уклон, левый уклон» деген бір бәлелері бар. Сөйтіп жұрт Рысқұловтан қайтадан үрке бастады. Ол кезде Нұрымбек Жанділдин деген хатшы болатын. Имашев партия институтының директоры. Сол екеуі дайындаған. Қасым Шәрипов деген бас редакторды орнынан алып тастады. Әлім Тұяқбаев деген орынбасарын да босатты. Тұрар туралы мақаланың авторы Рахмалы Байжасаров деген кісі «халық жауы» деген жаламен 18 жыл отырып келген адам. Қарағанды қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезінде ұсталған. Сол өте қайсар кісі екен. Он сегіз жыл отырып келген

адамның жігері әбден құм болып, жасып бітуі керек қой. Бірақ «енді аянатын нем қалды» деген болуы керек, Жанділдинге барып екеуі со жерде төбелесе жаздап, бір-бірімен әбден боқтасады. Онымен қоймай ЦК КПСС-ке «бізде осындай болып жатыр. Комиссия шығаруыңызды өтінемін» деп арыз жазады. Ол комиссия жарты жылдай шұғылданып, тексерудің қорытындысы ретінде «Вопросы историй коммунистической партий» деген журналға мақала жариялады. Байжасаров соны қазақшаға аудартқызып маған алып келді. О кезде мен «Лениншіл жаста» редактормын. «Рысқұлов деген сенің ауылыңның адамы. Сен білмейсің оны, осындай да осындай болған» деп те айтты. Сонан кейін «бассақ басайық» деп басып кеп жібердім. Ертесіне Жанділдин шақырып алып «сен газетіңнің немен шұғылдануы керек екенін білмейсің бе? Партия тарихында, оның қайраткерлерінде не жұмысың бар?» деп, ұрсып-ұрсып жіберді. Бірақ ешқандай жаза қолданған жоқ. Осындай әңгімелер айтылғаннан кейін, фактілер ашылғаннан кейін «қой, мен Тұрар туралы деректер жинастырайын» деп елге шықтым. Меркіде, Қырғызстанда

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." оқығаны бар, Өзбекстанда жұмыс істегені бар, мұрағаттарда отырдым. Ең алдымен өзіміздің Тараздың мұрағатына келдім. Мәскеудің, Орынбордың мұрағатын ақтардым. Материал жинап алғаннан кейін жазуға кірістім. Алғашында бірінші кітабы шықты. Оған «Қызыл жебе» деп ат қойдым. Одан кейін екінші кітабы шықты. Бас-аяғы бес кітап жаздым.

– Қанша жыл жаздыңыз?

– Көпке созылды. Он-он бес жыл боп қалар. Көркемдік жағынан алғанда қандай екені жөнінде түбегейлі зерттеп, жан-жақты талдаған сын мақала шыққан жоқ.

– Ғабең жазды ғой...

– Ғабең пікір білдірді. Тағы бір-екі сын мақалалар болды. Бірақ жан-жақты талдап, ашып жазған ешкім болған жоқ. Арасында мұрағаттың материалдарын тұтас жіберетін жерлерім бар. Мен ойлаймын, сондай документальный жерлері болмаса, өзімше көркем шығарма. Ал көркемдігі қаншалықты болып жатыр, оны енді білмеймін. Бірақ көп жылдарымды алды. Көп еңбек кетті.

– Тұрар туралы шығармаларыңыздың алғашқы кітаптары кеңестік дәуірде дүниеге келді.

Кеңестік жазушы ретінде сол кездегі саясаттың сойылын соғуға тырысқан кейбір сөздеріңіз бен ойларыңызға өкінбейсіз бе қазір?

– Ондайлар болды ғой енді. Жасыратын несі бар. Ленинге кемеңгер ретінде қол қусырып, пайғамбар тұтып жүрген кездерден елес бар. Бірақ Тұрар Сталинмен ұстасатын жерде ұстасып, тістесетін жерде тістесіп жүрді. Татар Сұлтанғалиев пен Рысқұлов екеуі Сталиннің орынбасары болды. Кітапта сол кездегі айтыс-тартыс, ұлт туралы шайқастар барлығы көрінді. Совет өкіметінің алғашқы кездерінде Рысқұлов алдымен комиссар ретінде жүрді, одан кейін ТүркЦИК дейді, қазіргі біздің Парламент сияқты, соның президенті болды. Сол кездерде Тоболин сияқты орысшыл-шовинист басшылармен шайқасты. Қазақ халқы қатты ашаршылыққа ұшыраған 18-19 жылдары Тоболин «біз қаржыны армияны ұстау үшін жұмсауымыз керек» дейді. Сол кезде «помгол» дейтін аштыққа қарсы күрес комиссиясын басқарған Тұрар Рысқұлов: «анау қырылып жатқан халықтың сүйегінің үстіне орнаған Совет өкіметінің кімге қажеті бар?!» деп айтатыны бар. Біздің лито, редакция сол жерге қатты жармасты.

– Сіз «өзгерпеймін» деп отырып алдыңыз ба?

– «Өзгертпеймін» десең, кітап шықпайды. Сол кезде жарықтық Есет Әукебаев ағамыз бас редактор еді. Сол кісі көп қарсылық көрсетті. Одан кейін «Историй Партий Казахстана» дейтін бар, соның талқысына салды. Рецензиялар, пікірлер жинады. Біреуі қолдап, біреуі қарсы болып, ақыры шықты. «Қыл көпір» кітабының қолжазбасы «Жұлдыз» журналында шығып бара жатқан жерінен «пышаққа» түсті. Марқұм Бекежан Тілегенов редактор еді. Кейін Дінмұхамед Қонаевтың атына арыз жазып, осы күнгі Қуаныш Сұлтанов сол кезде бөлім меңгерушісі еді, сол қарап шығып, рецензия беріп, әрең шықты. Бұл кітаптың тағдыры да Тұрардың тағдыры сияқты көптеген қыл көпір мен тамұқтарды бастан кешірді. Жолы тақтайдай түзу болған жоқ.

– Ұлы Ғабең ғажайып шығармаларын қарындашпен жазыпты. Үстелді қолайсыз көріп, етбетінен жатып жазатындар да бар екен. «Диктовка» деген де бар. Сіз қалай жазасыз?

– Мен ақ қағазға кәдімгі шәрікті қаламмен жазамын. Әкім Тарзи бірден машіңкеге басады. Мен өмір бойы қолмен жаздым. Хемингуей сияқты ресторан, кафелерде тікемнен тік тұрып та жазған жоқпын. Кәдімгі есектің арқасындай кішкентай үстелдің үстіне, – көбінесе пәтерімнің асханалық бөлмесінде отырып жаздым.

– Таңертең ерте тұрып жазасыз ба, әлде отбасыңыз ұйқыға жатқаннан кейін отырасыз ба үстелге?

– Көбінесе түнде жазамын. О кезде күшті екенбіз. Күндіз жұмыс істейсің, түнде таң сарғайып атқанша жазуға отырасың. Айтматовтың аудармалары көп уақытымды алды. Соның бәрін түнде отырып істедім.

– Жазғаныңызды түзеп, жөндейсіз бе?

– «Толстой төрт рет, бес рет, тоғыз рет қайталап жазады екен» дейді. Ондайға дәрмен де, уақыт та жоқ. Бір жазғаным кетеді сол. Бірақ үстінен сәл түзетулер болады, мәшіңкеден кейін оқимын.

– Сіз «Лениншіл жаста» басшылықта отырғанда ойда-қырда шілдің қиындай шашылып жүрген қаламгерлердің қарым-қабілетін

Толыбай сыншыдай дәл танып, Алматыға, қол астыңызға тартумен болдыңыз. Өзіңіз илеген терінің бір пұшпағын сеніп тапсырдыңыз. Кейін көбісі белгілі қаламгерлер болды. Солардың таланты кей тұста өзіңізден асып жатқан сәтін байқаған кездеріңіз болды ма?

– Әрине. Оны жасырмаймын. Оралхан Бөкеев, Фариза Оңғарсынова күшті ақын-жазушылар. Мойындамаса, обал болады.

– Көкейіңізде түбі осылар менің орнымды алып қойып, жолға тастап кетіп жүрмес пе екен деген қауіп, қызғаныш болған жоқ па?

– Жоқ, ондай бәле менің басыма ұялаған емес. Әзәзіл ойлардан аулақпын.

– Оралхан Бөкеев, Кәдірбек Сегізбаев сияқты Шығыс Қазақстанның шынарлары бір газетте істегенімен қоймай, талантын таныту үшін бір-бірімен таласып тұрып жазады екен. Түлік төресі – түйе туралы келелі әңгімеден кейін екеуі бір түнде аруананың тағдыры жайлы екі түрлі дүние жазып, ертеңіне Сіздің үстеліңізге әкеліп қойыпты. «Лениншіл жастың» шаңырағындағы осы оқиға есіңізде ме?

– Еміс-еміс есімде...

– **Мұны мен Кәдірбектің естелігінен оқыдым. Сонда Сіз қолыңызға ертелеу түскен Оралханның «Бурасын» оқып шығып, риза болған кездегі нәшіңізбен «Лениншіл жастың» нөміріне жақсылап тұрып салуға сілтеме жасап, қол қоясыз да, ал мәшіңкешілердің тапшылығынан түнімен жазған дүниесін сәл кешіректеу бастырып әкелген Кәдірбектің әңгімесіне қиянат болмасын деп сол заматта «Жұлдыздың» редакторына телефон шалып, келесі айдың нөміріне жариялауын өтінесіз...**

– Екеуін де беріп жіберуге болар еді. Бірақ сол кездегі партия-комсомол жүйесінде қалыптасып қалған тәртіп солай. Дегенмен Кәдірбектің шығармасына обал болмасын деп «Жұлдызға» бергізгеніміз рас.

– **Жап-жас Оралханды шығыстан шақырып аласыз, батыстан Фариза қыз келеді, Арқадан Ақселеуді табасыз. Сол кезде оңтүстіктің жігіттері «ағамыз бізді көрмей ме?» деп күңкілдейді екен ғой.**

– Олар да жүрді ғой ішінде. Мұхтар Шаханов, Серік Әбдірайымов, Кәрібай Ахметбеков... Алалап-құлалаған жоқпын. Бәрі құлын-тайдай тебісіп, аралас-құралас жүрді. Біздің ауылдың жігіттерінің «бізді қақпайлады, анау-мынау» деп күңкілдейтін жөні жоқ.

– Шынымды айтсам, маған Сіздің әңгімелеріңіз ұнайды. Тақырыбымен-ақ тартып тұрады. Мысалы, «Сүдігерде изен ызыңдайды» деген әңгімеде ауылдан майданға аттанған азаматтардың аттарын аспандағы тыраулап ұшып бара жатқан тырналардың тізбегіндей үшкіл ғып тізіп қоясыз. Ең бірінші боп Орханың есімі бұлдырайды. Осының өзі-ақ оқырманды магнитше тартады.

– Әңгімелерім өзіме де ұнайды.

– Кезінде «кебісіңіз» тұрған жерге кіруге қорқатындар қазір Сіздің шашбауыңызды көтергіш, Сіз туралы жазғыш болып кетті. Бұған Сіз де кетәрі емес сияқтысыз?

– Енді «жазба» деп қалай айтамын. «Мен жазамын» деп тұрса «жоқ, болмайды. Сен жаза алмайсың, не болмаса нашар жазасың. Сен жазушы емессің...»

дейім бе? О да адам баласы ғой. Ал енді мен туралы әсірелеп жазып жатса, не болмаса боқтап, қарғап-сілеп жатса, жөн басқа. Баспа қаласа шығарсын, қаламаса алып тастасын. Менің оған араласып не шаруам бар. Оларға «үйтіп жаз, бүйтіп жаз» деп ешуақытта айтқан емеспін.

– **Ұлы Ғабеңнің қазақы көңіл жықпастықпен кейбіреулердің шығармаларына рецензия, алғысөз жазып берем деп Жазушылар Одағының съезінде сынға ұшырап, «ендігәрі жазбаймын» деп жас баладай ақталғаны бар еді, жарықтық. Алғысөз, рецензия, мерейтойлық мақалалардың астынан Сіздің де аты-жөніңізді көріп қалатын болдық.**

– Ол рас. Бір-екі жерде жібергенім бар. Пенделік шығар. Бірге жұмыс істейсің, бірге жүресің. Ал енді кез-келген шығармаға алғы сөз жаза бермеймін. «Мен оқыған жоқпын, білмеймін шырағым» деймін. Ал Ғабеңе әлгіндей сынды айтқан... мен болатынмын. Айналып алдыма келді.

– **Жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтардай қаптап кеткен «жазушылар», «тарихшылар»,**

«шежірешілер» туралы ойландыңыз ба? Дулат Исабеков «Жарты жыл сайын роман жазатындарға қайранмын» депті. Бұл ұлт әдебиеті үшін қауіпті құбылыс емес пе?

– Өте қауіпті. Өйткені әдебиеттің міндеті адамның талғамын биіктетіп, ой-өрісін кеңейту. Көзінің нұрына нұр қосу, жүрегіне жылу беру, адамгершілігін арттыру. Ал қазіргі қасаң дүниені, қаспақ дүниені оқыған адамның талғамы төмен болады. Ол есінеп отырып «е-е, жазушы болу деген осы екен ғой. Осылай жазсам болады екен ғой» деп ойлайды. Оның сорақысы сол – кәдімгі биттің сіркелегеніндей болып небір осал дүниелер жарыққа шығуы мүмкін. Мұның үлгісі жаман. Арты жаман. Сонысы қиын. Шығарса шығара берсін, бірақ тәлім көрсетіп отырған жаңағы тырнақшаның ішіндегі үлгісі, тәрбиесі өте залал.

– **Кезінде КАЗАПП (Казахская Ассоциация Пролетарских Писателей) деген ұйым болыпты ғой. Әуезов, Жансүгіров, Майлин сияқты қазақтың маңдайы жарқыраған қаламгерлерін менсінбеген сол КАЗАПП-тың ұраны көркемдіктен ада, жадағай, жалаң үгітшілдік**

екен. Бүгінгі бас пайдасын ойлаған баспалар әдебиетке қойылатын көркемдік талаптан ауылы алыс қонған, сапасыз шығармаларды КАЗАПП-тай қаптатып жіберді емес пе?

– Белсенділердің өтімді болған кезі ғой ол. Ал бұларды «белсенді» деуге болмайды. Бұларды орыстар «халтурщиктер» дейді. Бұл – жылпостардың, жағымпаздардың ісі. «Есігінен кіргізбесе, терезесінен түсетіндердің» ісі. Олар құдай берген талантымен емес, жаңағыдай бір оғаш қылықтарымен, кейде ұятсыздығымен алатын адамдар. Таланты кем адамдар сондайға сенеді. Әр түрлі айласына салады.

– Екі рет Жоғарғы Кеңеске депутат болдыңыз. Қазіргі Парламентке қарағанда сол кезде Сіздің даусыңыз қаттырақ шығып жатушы еді. Ұлттың мұң-мұқтажын атойлатып тұрып айтқан кезіңізде исі қазақтың айызы қанып, теледидардың алдында «әп, бәрекелді» деп отыратындары есте.

– Сол кездегі мұң-мұқтаждың барлығы шешіліп кетті деп айта алмаймын. Әлі де көп. Бірақ бірсыпырасы ептеп түзеліп

келе жатқан сияқты. Мен осы Талапты ауылының әбден жүдеп-жадаған кезін білемін. Бұрын осы көшеден он шақты қой, он бес сиыр ғана өтетін. Жылқы атаулы болмайтын. Кәзір, құдайға шүкір, әр үй ең кемі бір-бір биден ұстайды. Айғыр ұстайды. Үш-төрттен жылқысы бар. Үш-төрттен сиыры бар. Соған қарап елдің жағдайы ептеп көтеріліп келе жатыр екен-ау деп пайымдайсың. Сондықтан, «қырылып жатыр» деп ышқынып айтуға аузым бармайды қазір.

– Парламент талқылаймын десе, жұрттың жанын ауыртып жүрген «ескі жаралар» көп. Бағыс, Түркістан, Арнасай мәселелері бар. Жер туралы Заңның да ой-шұңқыры көп. Жетімдеріне ие бола алмай, жерге қараған парламенттің мүшкіл халінің өзі мұң-мұқтаж емей немене?

– Жерді сатуға қарсымын. Бұл туралы тоқсаныншы жылдардың басында айтқанмын. Әлі сол пікірдемін. Бала сату дегенді парламентте де, газет бетінде де айтып жүрмін. Қазақ шенеуніктерінің намысына тигізе, жетесіне жеткізе айтқым келеді. Бірақ терісі қалыңдау. Самақова деген ана мен бала жағындағы шаруада жүрген адам бір жиналыста: «балаларды



шетелдіктердің асырап алуына неге қарсы боласыңдар? Ол бала шетелде бақытын табады», – дейді. Отаны жоқ, елі жоқ, тілі жоқ, діні жоқ адам қалай бақытты болатынын білмеймін. Кетіп жатыр. Нақты саны жоқ. Көп фирмалар жұмыс істейді. Балаларды сатудан көп ақша түсетін көрінеді. Менің ойымша, жалғыз тұяқ кеткен жоқ. Бір баланың белінде он бала кетті. Ол енді қайтып қазақ болып, қайтып қазаққа бала тауып бермейді. Ол өзімен бірге қазақтың оннан аса азаматын ала кетті. Соғыс кезінде талай боздақтар амал жоқ кетті. Оққа ұшып өлген боздақтың белінде талай-талай балалар кеткен. Әйтпесе, бүгінде

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." халқымыздың саны бірталайға жетер еді. Сонысы күйік. Біздің жаңағыдай жауапты жердің тұтқасын ұстап отырған Самақова сияқтылар соны түсінгісі келмейді.

■ – **Бағыс, Түркістан жақтағы ағайындар (қызық, исі қазақтың елі, жері бір, бірақ теқ қана Бағыс пен Түркістандағы қазақтар ғана шырылдайды!) жанайқайларын айттып қояды.**

■ – Бостандықтың өтіп кеткені жөнінде тұңғыш рет құжаттарды жариялаған мен. Сол құжаттарға Өзбекстан жағынан кім қол қойды, Қазақстаннан кімдер қол қойды? Оған Хрущевтің қандай пәрмені болды? Осының бәрін егжей-тегжей айтып, жазғанмын. Сонан кейін о жақтан көп хаттар келді. Арыз алып келгендер де болды. Оның бірсыпырасын жарияладым.

■ – **Елбасы бір топ зиялы қауым өкілдерін қабылдағанда ханның шашын алып тұрып «басыңды кесіп алайын ба?» деп қайта-қайта қоқандай берген бейшара туралы мысалды нығыздай айттыңыз. Осындай өткір мысалдарды алдын ала дайындап аласыз ба, әлде өзі табан астында тіліңізге орала кете ме?**

– Мен әуелі ол жерде нендей әңгіме болатынын білген жоқпын. «Барасың» деді, бардым. Сөйтсем, мүйізі қарағайдай-қарағайдай үлкен академиктер, ақсақалдар отыр. Президент өзі бастап сөйледі. Артынан жолы үлкендер Президенттің ісін, жүріп келе жатқан жолын мақұлдап, құптап сөйледі. Сол тұста әлгі дүрбелең шығып қалған кез. Меңің ойыма сол орала кетті. Бәрінің атқан оқтай керемет түзу болып келе жатпағанын ана кісілер айта қоймады. Ал Елбасы бізден кеңес сұрап отыр. «Қалай болады? Не істейміз?» деген сияқты бір нәрсе дәметеді. Сол кезде айтуға тура келді. Айтпасаң сөзің ішінде өліп кетеді. Өзіңе өкініш. «Мынаны айта алмадым-ау» деген ой жаныңды жегідей жейді. Бір жағынан қорқыныш. Қанша айтқанмен Патша!

– **«Қалай қабылдайды?» деген сияқты ғой...**

– Соны дұрыс қабылдады ма, жоқ па, білмеймін. Әлі түсініксіз. Ол кезде Елбасымыздың бетәлпетінен байқай алған жоқпын. Кейбіреулер «біресе сұрланып, біресе қызарып отырды» дейді. Әйтеуір, Құдай ауыма не салды, соны айттым. Бұл менің керемет данышпандығым, немесе батылдығым емес. Әдейі шақырған соң

Елбасыға жәрдем болар бір сөз айту керек болды. Егер дұрыс түсінсе бұл менің жанашырлығым.

– **Лев Толстойдың Ясная Поляна-сы, Шолоховтың Тынық Дондағы Вешенскісі, Шыңғыстың Шекері бар. Сол жердегі үйлері қазір мұражайына айналған. Сіздің Мыңбұлағыңыз да ешкімнің туған жерінен кем емес. Бірақ Сіз Жуалыға келген сайын ініңіз Батырханның үйіне түсесіз. «Өз үйім – өлең төсегім» деп аунап-қунап жататын, келімді-кетімді кісілерді қарсы алатын шаңырақтың болғанына не жетсін. Туған жеріңіз Талаптыдан үй соғып, бірыңғай шығармашылықпен айналысу ойыңызда жоқ па? Депутат бола бермейтін шығарсыз енді?**

– Болмаймыз. Ұят болады енді. Біреулер «ойбой, анау қырғыз Үсібәлиев, бұрынғы біріншісі, сол сексеннің үшеуінде қазір, сол әлі депутат, сен әлі жарайсың, анау-мынау дегенді» айтады. Әлгі дастарқан басында бір гөй-гөй әңгімелер болып қалады ғой...

– **Көпшік қоюшылар ғой?**

– Иә, «әй, шырағым, оны уақыт көрсетеді» деймін. Бірақ өзімнің бір

тыныш өмір сүргім келеді. Мынау парламент дегеніңізді журналистер «рахат, ұйықтап отыратын орын, айлығы көп» деп жазып жатады. Құдайға шүкір, ақшасы бар енді. Бірақ сол қасарысып отырып алғаннан гөрі бір еркін өмір сүрген дұрыс сияқты. Баяғыда жинап жүрген ақшамның бәрі реформа кезінде күйіп кеткен. Сонан кейін біраз кітаптар шығардым. Қазір алты томдығым шығып жатыр. Соның авансысы бар, бұрын шығарған бір-екі кітабым бар, айлықтан жырымдап жүріп жамбасқа басып сақтаған ақшам бар, бір-екі жанашыр адамдардың көмегі бар, соның арқасында былтыр бір үйдің қабырғасын қалап қойғанбыз. Төбесі жабылып, темір-терсегі бітті. Енді соның ішіне анау-мынау жасап жатыр. Құдай қаласа, Талаптыда үйіміз болады. Бірақ ол Алматы мен Астанада салынып жатқан керемет коттедждердей емес, қарапайым қазақы үй. Келесі жылдан бастап соған кіруге болатын шығар. Әзірше балалар кіре тұрады. Мен мұхит асып, аралдарға барып демалып жатқан адам емеспін. Менің аралым – өзімнің туған жерім. Бие байлаймыз. «Жалғыз бие жоқтың қасы, екі бие үйдің асы, үш бие өзен, төрт бие теңіз. Теңізден бермеген неңіз?»

■ _____ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
дейді. Менің мына іш құрылысымның ашаршылықтан ба, студенттік кезеңнен бе, кішкене кінәраты бар. Соны жазу үшін жылда осында келемін. Биенің сүтін шикілей...

– **Саумал...**

– Саумал емес, «парное молоко» дейді ғой орыстар, биенің сүтін ішемін. Інімнің бір аты бар осында, дөнен шығар екен. Соған мініп алып таудың біршама жеріне дейін барып қайтамын. Бір-екі сағат өтеді. Сол екі арада жаңағы «парное молоко» ішек-қарнынды шайқап, тазартады. Сонымен күн көріп жүрген адаммын. Қатарынан үш-төрт жыл болды. Менің ем-домым осы.

– **Жамбылдықтар 60 жылдық мерейтойыңызға күллі қазақ қаламгерлерін шақырып, той жасап беріп еді. Содан бері он жыл сырғып өте шығыпты. Жетпіс жылдығыңыз да жақындап қалды. Қам-қарақет жасайық деп жатқан адамдар бар ма?**

– Хабарым жоқ. Өзім ешкімге ләм демеймін. Орыстардың «коту не каждый день масленица» дейтіні бар ғой. Бәленбай үй тігіп, бәленбай қазан асылып, ат шаптыратын 60 жылдық

қайталанбайды. Сол кезде қанша қой, қанша жылқы сойылып, қанша ат шаптырылса жоғары жаққа соның барлығынан екі-үш есе көп арыздар дорба-дорба болып түскен. Оқушылар мен оқырмандар мәслихаты дегендер болатын шығар енді...

– Мұхтар Әуезов «Әділет тілесе, атаңның болсын айыбын айт» депті. Бірақ босағада сүйек-саяқ тимей, елеусіз қалған баланың «үйде кімдер отыр?» деп сұраған кісіге «үйде иттер отыр» деген астарлы жауабын қазіргі аузында «әлхамдулласы» жоқ ақсақалдарға қаратып айту мүмкін емес. Айтқан жүгермекті «сен тауып айттың» деп бағалайтын би де жоқ. Балаларға сирақ пен құлақ ұстататын дәстүрді ұмытқан шалдарыңыз «бізді мына жағыңа жылан жұмыртқалағыр моральдық тұрғыдан жәбірледі» деп сотқа шағымдануы да мүмкін. Бара-бара халқымыздың бетке айтатын ерекше қасиетінен айырылып қалмаймыз ба? Бетке айтатындарды бәлеқорлар жеңіп бара жатқан жоқ па?

– Халық аман болса, қазақ аман болса,

ондай азаматтар шығады әлі. Бірақ бет қайтып қалған заман да болды ғой кеше. Жаңағы өзің айтқан кемшілігін бетіне шыжғырып басқандарды сотқа сүйреп, тұра жүгіретіндер о заманда да болған, қазір де бар. Бірақ түбі шындық жеңеді. Шама келсе шындықты айтып қалу керек қой.

– Ілияс Жансүгіров ілгеріде «қазақ жазушылары ілгері елдің мастерлерінен оқымай, ұлы сынға түспей, өсе алмайды» депті. Сіздіңше іргелі елдің «мастерлері» кімдер? Бұрын кімді оқыдыңыз? Қазір кімдерді оқып жүрсіз?

– Қазір әдебиеттің бір-бірімен аралас-құраластығы азайып кетті. Мысалы, Өзбекстанда қандай әдебиет бар, Қырғызстанда Шыңғыстан басқа кімдер бар, Татарстан мен Башқұртстандағы әдебиет не боп жатыр, тіптен Ресейдің өзінде қандай жазушылар бар, одан хабар шамалы боп қалды. Ілгері кеткен, біз үйренетіндей әдебиет қай елде бар, қай елде жоқ, оны шамалау қиын. Бұл жаңағы барыс-келістің кемдігінен деп ойлаймын. Онан кейін шетел әдебиетінен аударылып жатқан дүние жоқ. Бұрын ең озық деген кітаптарын қазақшаға қолма-

кол аударып, шығарып жататынбыз. Былтыр Парламентке қайтадан аударманы ашайық деген мәселе қозғап, Қаржы министрлігінен жүз миллион теңге алынды. Қазір кімді аударып, кімді қойып жатқанын білмеймін. Аударма дегенде тек ТМД ғана емес, сонау Америка, Франция, Германия сияқты т.б. керемет озық үлгілер шығып жатқан ел-жұрттың кітаптарын аудару жағын қарастыру керек. Қазақ әдебиетінің озық үлгілерін тікелей ағылшын, неміс, француз тіліне аударатындар бар. Ал енді мына елде бір керемет бар екен, соны алып оқи қалайық, соған еліктейік, солықтайық дейтін дүниені өз басым білмеймін. Мүмкін бұл менің кемшілігім шығар. Манас онсыз да Манас қой. Дүниежүзіндегі ең үлкен эпос. Соны Әшім Жақыпбеков деген қырғыз жазушысы қарасөзбен жазып шығыпты. Қазақша «Тәңірдің Манасы» деп аударуға болады-ау деймін. Төрт-бес жыл бұрын шығып кеткен дүние. Авторы қайтыс боп кетіпті. Соның қырғызшасын оқысам, көп дүние бар екен. Тереңірек кеткен бе деймін. Мүмкін асқақтатып айтып жатқан шығар. Бірақ негізінде шындық бар. Енисей мен Алатаудың арасында ары-бері шұбырып жүріп неше келіп, неше

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." дүркін кетіпті. Жер бетінен жойылып кете жаздапты. Басқа дүниелерді оқи беруге шама келе бермейді.

– **Бейімбет Майлин «тіл ұсарту мәселесіне немкетті карау – біздің басты мініміз. Сөз саралауда канша талпыныс боғанмен, кедір-бұдыр, дөп баспаушылық әлі де жеткілікті» депті. Қазір айтылғандай...**

– Бейімбет қайта тіріліп келсе «ойпырмай, баяғым асылық бопты-ау. Шын тілбұзарлық енді болған екен ғой» деп, санын соғар еді. Парламентте қабылданып жатқан Зандардың тілін алайық. «Мониторинг» дей ме, «лизинг» дей ме, көп сөздерін әлі күнге дейін түсінбеймін. Соның бәрі бізге орысшадан келіп жатыр. Орыстар қабылдап ала береді, ала береді. Ол бойына сіңе ме, сіңбей ме, қарамайды. Өздері де шатасты осы күні. Қаптаған ағылшын тілін түсінбесе де қолдана береді. Әсіресе, Заң жазуда. Орысшасының өзі түсініксіз. Заңдардың қазақшасын кім түсінеді деп уайымдап отырам. Тіл әбден шұбарланып кетті.

– **Сіздің татар әндерінің кейбір шумақтарын құйқылжытып айта-тыныңыз бар? Бұл қайдан жұғысты боп жүрген өнер?**

– Бізбен бірге оқыды ғой олар. Бір бөлмеде жаттық. Қазанда бір-екі рет практикада болғаным бар. Мен сізге айтайын, олар музыка, ән жағынан өте шебер халық. Әуендері көбінесе мұнды болып келеді. Мен олардың Иван Грозныйдың шапқыншылығынан бергі тағдырын әндерінен сезінем. Көп қуғын-сүргін көрген ел. Әрі-беріден кейін өзіміздің халқымыздың басынан өткен тарихты да елестетемін. Халқының қорған азабын әннің тілімен жеткізген. «Сандуғаш», «Тәттілау» әндері сұмдық.

– Тұран жұрты үшін де бар пәле сол Қазанды алғаннан басталды ғой.

– Ол Қазанның ғана құлағаны емес, біздің Тұран елінің, Түркістан даласының, Орта Азияның басына бұлт үйірілген тұс. Иван Грозный Қазанды құлатып, Сүйімбикені тұтқындады. Сол тарихтың күйігі, шері, қайғысы татарлардың әндерінде бар. Бізде де бар ғой, Құдайға шүкір. Бірақ олар өте бір нәзіктікпен, әрі соншалықты бір сыршылдықпен жеткізеді. Кейбіреулер оны түсінбеуі де мүмкін. Менің бір жолдасым бар. «Ыңырсытпай қойшы осыңды» деп кәдімгідей сөгіп тастайды. Ал бірақ түсінетіндер бар.

– Аяғы кеш шыққан Батырхан ініңіз не істеп жүр?

– Зейнетте ғой.

– **Шаруашылығы бар ма?**

– Үй шаруашылығында, қора-қопсымен жүрген адам. Жеке шаруашылық, анау-мынауы жоқ. Інімнің Әлижан дейтін баласы бар. Аварияға ұшырап, балдақпен жүр. Екі рет операцияға түсті. Шаруашылыққа ие – сол. Он бір адам бірігіп «Күнікей» деген ұжым құрған. Күнікей деген – ұлы анамыз. Кезінде байдың бәйбішесі болған. Бердімбет деген бабамыз қайтыс болған соң дүниемүлігін Күнікей басып қалып, ағайынның асыраушысы болыпты.

– **Бердімбет деген сонда Мұртазаның әкесі ме?**

– Мұртазаның әкесі.

– **Қарындасыңыз Құрмаш қайда?**

– О кісі мынау Бауыржан Момышұлы ауылының тұсында Қайрат дейтін ауыл бар. Сонда өзінің үй-жайы, бала-шағасы бар. Құдайға шүкір, жаман емес.

– **Өзіңіздің ұл-қыздарыңыз...**

– Алматыда.

– **Кәсіптері бар ғой.**

– Иә, біреуі ҚазМУ-де ағылшын тілінен сабақ береді. Біреуі Ғафу Қайырбековтің баласымен бірге тірлік істеп жүр.

– **Кітап жинайсыз ба? Кітапханаңыз бар ма?**

– Жақсы кітап болса жинаймын.



Алматыдағы үйде үлкен бір бөлме кітапқа толып тұр. Оны тасып әкетуге шамам жоқ. Астанада түпкілікті қаламыз ба, қалмаймыз ба, о да белігісіз.

– **Жазу-сызудан шаршаған кезде немен әуестенесіз?**

– Бильярд ойнаймын. Астананың бір жақсы жері бильярд көп ашылған. Ең мықтылары қымбат. Оған бара бермейміз. Қасымжомарт Тоқаевтің тұсында Үкіметпен екі кездесу өткіздік.

Біздің капитанымыз Оразалы Сәбден дейтің депутат еді. Ол Түркістанға ауысып кетті-дағы содан бері саябырсып қалды. Енді тәуір ойнайтын Төлемет деген жігіт бар. Соған капитан бол десек, көнбей жүр.

– Командаларыңызда қанша адам бар?

– Он адамға дейін болады. Үкімет бізден екі рет ұтылып қалды. Бір рет он адамның ішінен бірінші орын алдым. Көп ұпай алып бердім. Кий сыйлады. Басқа... балық аулағанды жақсы көрем. Бірақ қол тие бермейді. Көбінесе жел тұрады ол жақта. Желді күні балық түсе бермейді.

– Достарыңыз кімдер?

– Ниеті таза, жүрегі адал, бәлеқорлығы, жалақорлығы жоқ адамдардың бәрі дос.

– Бір-екеуінің аттарын айтып жібермейсіз бе?

– (Күліп жібереді) Оны айтсаң, басқалар өкпелейді ғой.

– Қаратай Тұрысов ше?

– Ә, ол бала кезден бірге өскен дос қой. Өзі кішкентай, шынжаулау болатын. Біз интернатта оны қамқорлығымызға алып, қорғап жүретінбіз. Қасқырдан қорғану үшін бизон, қодастар жас бұзауларын ортаға алып, қоршап жайылады екен

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
ғой. Біз де оны өзбектердің, орыстардың
төбелесқұмар балаларынан қорғап
жүретінбіз.

**– Оқырмандардан хат-хабар алып
тұрасыз ба?**

– Қазір көбінесе «ойбай, зейнетақымды
алмай жатырмын», «балам әділетсіз
сотталып кетті», «жерімді біреу тартып
алды» деген мағынадағы хаттар келеді.

**– Бауыржан Момышұлын алғаш
рет көргеннен бастап өле-өлгенше
құрметтеп өттіңіз. Батыр ағамыздың
мінезі біреуге ұнады, біреуге
ұнамады. Сізге ше?**

– Кейбіреулер «Баукең туралы неге
жазбайсың?» деп сұрақ қояды. Кезінде
очерк жаздым. «Ноқтаға басы сыймаған»
деген пьеса жаздым. Сонда кейбір
жағдайларды айтуға тырыстым. Соғыс
кезінде қан майданға түсіп, қанша ерлік
көрсетсе де Баукең Кеңес Одағының
Батыры деген атағын бермей қойғанын
білесіз. Бір жөндемді үй де бермеді.
Өзінің туған жерінен үй салдырмақ
болды. Ауылына келуге талаптанды. Ата-
бабамның жерінде тұрсам деп армандады.
Обкомның бірінші хатшысынан бастап
барлығы уәде берді. Бірақ ешқайсысы
уәдесін орындаған жоқ. Сол рахатты

өмірді ақыры көре алмай кетті. Соғыс бітіп, зейнетке шыққаннан кейін де, мінезі болуы керек, қудаланып жүрген адам. Ең құрығанда республикалық әскери комиссариатты беруге болатын еді ғой. Ондай ешнәрсе ұсынбады. Өзі сұрап барған емес. Ол ешкімге барып «маған қызмет беріңіз» деп арыз айтқан емес. Содан кейін «біреудің әйелін тартып алдың» деп қудалады. Оны ешкім соттайын деп жатқан жоқ, әрине. Бірақ көп жерде қағажу, елеусіз қалдыруға тырысты. Қазір Баукең туралы әр кім жазып жүр. Нұршайықовтан басқалары ол «айда, пошел!» деп айтты, «молчать» деп ақырды деп бет жағынан ғана қалқиды. Ішкі дүниесіне енгісі келмейді. Ал оның ішінде көп ой-арман жатты. Әсіресе, ұлт мәселесі жөнінде.

– Соғыстан демалысқа келген кездегі лекциялары, қазақ тілін қолдану туралы жанайқайы сұмдық қой.

– Иә, Оңдасыновтарға дейін хат жазды. Халықтың тағдырын ойлаған адам. Сұрапыл соғыстың кезінде тылдағы халықтың болашағын ойлап жазған дүниелеріндегі жағдайдың кейін елге келгеннен кейін онан бетер өршіп кеткенін

көрген соң ашынбағанда қайтеді? Шарасы жоқ оны тоқтататын. Іші қазандай қайнайды. Жатып алып бірнәрселерді жазады. Жасыратын несі бар, «ұрттап» қоятын кездері де болды. Темекіні бірінен кейін бірін тартты. Әйтпесе, денсаулығы күшті, өте қажырлы, төзімді адам болатын. Ата-бабалары Имаш деген кісі, әкесі Момыш ұзақ жасаған адамдар. Ішқұса болғандықтан өмірі қысқарып кетті ме деп ойлаймын.

– **«Ұшқан ұяны» орысшадан Тұтқабай Иманбеков марқұм аударыпты. Баукеңнің бір естелігінен «Тұтқабайды Шерхан Мұртаза ертіп келді» деп оқыдым-ау деймін.**

– Баукеңді аударуға менің шамам келмеді. Ол кісі мен аударса екен деп дәмеленді. Бірақ «менен де мықты аударатын адам бар» деп Тұтқабайды алып барғаным рас.

– **Сіздің қалам ұстаған үлкен-кішіге үлгі көрсететін қасиетіңізде осында. Әбіш Кекілбайдың Парламентке оралуын қаламгердің әдебиетке оралуы дейміз бе? Жүздесіп, әңгімелесіп тұратын шығарсыздар.**

– Саясат құбылмалы дүние өзі. Бірақ оның Парламентке оралуы «госсекретарь» деген қызметінен түсіп

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." қалды, «тағынан тайды» деген сөз емес. Қайта бұл маңдайына шығармашылық жазылған адамның бостандығы. Басқаларын төмендеткім келмейді, қазір қазақ әдебиетіндегі ең мықты тұлға – Әбіш Кекілбаев. Ғабит Мүсіреповтың «Қаламыңның жеткен жеріне дейін көкке көтеріле бер. Биікте орын көп» деген сөзі бар. Сол қаламы жеткен жерінің биігін өлшесек Кекілбаев өте биікте тұр.

– Сіздің қалам ұстаған үлкен-кішіге үлгі көрсететін қасиетіңіз де «талантты – талант» деп танитын



осы адал мойындауыңыздан бастау алатын сияқты. Әңгімеңізге көп-көп рахмет, Шераға.

Біздің бұдан басқа да мәселелердің шетін түртпектеген ұзақ-сонар әңгіmemіз аяқталған кезде ымырт үйіріліп, көз байлана бастаған шақ еді. Мен «асай-мүсейлерімді» жинастырып және Шерағаңмен қоштасып дегендей, Таразға бет алдым. Талапты мен Шекер айылына ортақ Алатаудың мәңгі әппақ болып тұратын асқақ шың-құздары бұл кезде қараңғылық құшағына бірте-бірте еніп бара жатқан.

Талапты ауылы.

ЖУАЛЫНЫҢ ҚАЗАҒЫ МЕН КҮРКІРЕУДІҢ ҚЫРҒЫЗЫ

(Бішкектегі Шыңғыс Айтматов
үйінде болған әңгіме)

«– Ә, Шерхан өзімнің жерлесім ғой. Ол екеуміз жерлеспіз. Арамызда бір ағын су, алгі біздің Күркіреу су... ар жағы қазақтың жері, бер жағы қырғыздың жері. Жуалы деп қояды олар...».

Шыңғыс Айтматов.

– Шыңғыс аға, Сізге «Жас Алаш» газетінің атынан келіп отырмын. Кезінде Сіздің ең алғашқы туындыларыңыздың бірі – «Жәмиланы» әдебиеттің аламан бәйгесіне осы қара шаңырақ үкілеп қосты. Оған қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов ағалық ақ тілегін айтып, алғы сөз жазды. Батасын беріп, жолашар жасады. Осының бәрін редакциядағы бүгінгі

іні-қарындастарыңыз кәдімгідей мақтан тұтады. Осы ретте Мұхтар Әуезовтей даңғыл, дарабоз суреткер Сізді қателеспей қалай тани білді екен деп ойлаймын. Әлде өмірге бірақ рет келетін кесек тұлғалар бірінбірі алыстан жазбай тани ма екен?

– Бұл туралы енді қалай десем болар екен. Ол тағдырға байланысты шығар. Тағдыр... Сол тағдырдың маңдайымызға жазуының өзі осылай болса, оған шүкіршілік жасау керек. Әйтпесе, ол кісінің жанында менен басқа қаншама адамдар жүрді. Жазушылар да болды. Ал енді менің жолым болды білем. Мұхаңмен Мәскеуге бір-екі жолы келгенде араласып, сөйлесіп, жанында жүрдім. Керемет кеңпейіл кісі еді. «Жәмила» шыққанда да сөзбасын өзі жазды. Мен осыдан кейін басқа шығармаларымды да құлшынып, шабытпен жаза бастадым. Сол кезде шағын бір әңгіме жазғам. Әлгі Қазақстандағы тың жерлер бар емес пе?

– **Иә...**

– Соған байланысты... Мен ойлаған емеспін, Мұхаң осыны оқиды, көреді деп. Арнайы телеграмма жіберіпті. «Оқып шықтым. Маған ұнады» деп. Сол

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." телеграммасы архивімнің арасында әлі бар.

– Ол әңгімеңіз қайда жарияланып еді?

– Ол, меніңше, «Новый мирге» шықты-ау деймін. Кейін сол әңгіменің негізінде кино да қойылады. Әлгі «Зной» деген кино бар емес пе, сол осыдан шыққан. Лариса Шипитко деген керемет бір режиссер болған... Сондықтан, өз уағында Мұхаң, Әуезов сияқты ұлы адамдар дарынды жастардың қарым-қабілетіне қарай бір ауыз жылы сөз айтып қойса, оның әсері жауқазын жасты алысқа апарды.

– Қазір бізде, қазақ әдебиетінде, сыншылар бар, жазушылар бар пікірталас жасап жатыр. Біреулер «шын әдебиет енді туады» дейді. Енді біреулері «шын әдебиет туып қойған» дейді. «Шын әдебиет тұмай қалуы да мүмкін» дейтіндер де бар.

– Әдебиет деген заманына жарасады. Өзгеріп тұрады. Біз үшін өте қызықты болған. Бізге етене болған. Біз қалаған әдебиет өз заманында болды. Кәзір енді тұрмыс өзгерді. Тарих басқа болды. Демек, әдебиеттің-дағы іздеген, көздегені басқаша болады. Олар да соны айтып жатса керек, «шын әдебиет енді туады»

деп. Ол ондай емес. Дәстүр сақталу керек. Бірінен біріне ауысып отыруы керек. Әлбетте, бір ғұламалар шықса, қанеки. Қазақтан шыға ма, өзбек, қырғыздан шыға ма, жаңалық жасау керек те. Бұл сөз өнеріне де, қыл қалам шеберлеріне де қатысты. Суретшілер ізденіп-ізденіп отырып, қаяқтағы абстракцияға кетіп отырып, бір күні бір шедевр шығарса, сол шедеврден ары дамып кетеді. Әдебиет те сондай.

– **Мысалы, орыс әдебиетінің «алтын ғасыры» – ХІХ ғасырдағы Толстойды, Чеховты әлі оқып жүрміз.**

– Иә, тағы да оқылады, тағы да оқылады. Әзірге мен ондай Толстойлармен теңесетін ешкімді көрген жоқпын. Әрине, мықтылар бар.

– **Маркес қалай?..**

– Маркестің ұлы жазушы екені сөзсіз. Бірақ, бейшара қазір қатты қиналып жатыр екен. Ауруының беті жаман сияқты. Жақында «Халықтармен қоштасу» деген хат жазды. Бірақ әлі көзі тірі...

– **Көркем шығарма ма, жоқ, хат па?**

– Жоқ, хат. «Менімен кәсіптес болған жазушыларға, оқырмандарға арнаймын.

Менің ахуалым қиын. Маған аз қалды» депті. Аз қалса да айтып қалайын дегені ме, өзінің біраз пікірлерін қағазға түсірген. Қоштасуы ғой. Бірақ Ер кісі екен. Ерлігінен де осыны айтып отырғаны.

– **Сіздің қиялыңыздан туған әңгімелеріңізді, хикаяттарыңызды, романдарыңызды түгін қалдырмай оқыдым десем де болады. Ең алғаш Сіздің қазақ тіліне аударылған «Тау мен дала хикаялары» деген жинағыңызды оқып шыққаннан кейін өзімді басқа әлемге еніп кеткендей сезінгем. Кәзір енді мынау соңғы жазған романыңыз «ТАВРО КАССАНДРА»-мен бұрынғы дүниелеріңіздің арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Ол қалай сонда? Көңілімізге қоңсы қырғыз бен қазақ көрінбей қалған сияқты.**

– Қырғыз бен қазақ тағы да көрінер. Гәп онда емес. Әр нәрсенің өзінің уақтысы болады. Мынау, мысалы суретшілер... жалаң ғана қырғыз, қазақ демеуді, абстракцияға кетеді. Жалпы бүкіл өркениетке қатысты көріністерге барады. Сол сияқты әдебиетте-дағы жеке автордың өзінің эволюциясы болады. Бір орында тұрып алып айта берсең,

жаза берсең қаншалықты жақсы болса-дағы, қайталанып қалады. Ал автордың ой-өрісі шырқау биіктен келіп, дүниені кеңірек шолып, өзінің иегінің астындағы жалқының ғана емес, жалпының, алыстағы адамзат армандары мен жанайқайын айтуға шамасы жетсе, айту керек. Сондықтан да мен осы тарапқа біраз қалам сілтеп көрдім. Енді тағы сол өзіміздің тақырыптарға қайырылып келіп көрмекпін... Еуропадағы оқырмандар да айтып жүр: Сіз сол Шығыстың жазушысы едіңіз, енді космополит болып кеттіңіз, деп. Ие, космополит болсам, болармын дедім... (күледі).

– Сіз мәңгүрттік мәселесін алғаш рет айттыңыз ғой. Кеңес өкіметінің кезінде ұлттар мен ұлыстардың өзін-өзі жоғалтып алмауын астарлап айтып, оларды Ана мен мәңгүрт ұлаңызы арқылы сақтандырғыңыз келді ғой десем де болар.

– Иә, иә, бұл менің сол кездегі жанымды қинап жүрген бір ойлар еді. Осыны айту үшін бір форма табу керек болды. Мәңгүрт образы арқылы халыққа өздеріңнің кім екендеріңді ұмытып, мәңгүрт болып кетпеңдер деген азаматтық іс-әрекетім болды. Кәзір «мәңгүрт» деген ұғым көп

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." қолданылатын болды. Саясатшының да, философияның да сөздігіне еніп кетті. Бірдеңе болса, «мәңгүрт» дейтін термин қалыптасты.

– Ал кеңес өкіметінің кезінде өйтіп айту қиын еді ғой. Сіздің өзіңіз де астарлап жеткіздіңіз емес пе? Бұл жөнінде сол кезде Орталық Комитет сізге бірдеңе деген жоқ па?

– Енді «бірдеңе-бірдеңелерді» айтуға әрекеттенді. Бірақ дәл сол кезде «қайта құру» келіп қалды да.

– Шыңғыс аға, Сіздің шығармаларыңыздың бәрінде бір қазақ жүреді әйтеуір.

– Біріншіден, біз аралас-құралас елміз. Екіншіден, менің балалық шағыма, тағдырыма байланысты сыр да бар. Біз мынау Таласқа қарай жол жүргенде сөзсіз Әулиеатадан өтеміз. Әулиеатаның темір жолымен келіп, темір жолымен кетеміз. Одан кейін мен Жамбылда үш жыл оқыдым емес пе. Зооветеринарлық техникум деген болған. Абай көшесінде. Білмеймін, бүгінде ол ғимарат қалды ма, қалмады ма, кейін техникум Луговойға көшіп кетті. Міне, заманында қазақ туғандармен осылай араласып-құраласып өскен соң жаныма жақын болады да.

– Еуропаның мәдениеті мен экономикасының биігінен қарағанда кеңестік дәуірден бөлініп шығып, бүгінде өз алдына жеке-жеке тәуелсіз ел болған мынау Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты түркі тілдес елдердің жағдайының қандай екенін көріп, біліп отырсыз ғой. Осы мемлекеттер ел болып, «етек жауып» кете ала ма?

– Ел болады. Бірақ, қиыншылықтар өте көп. Өзі-өзіне келгенше әлі талай азапты басымыздан өткереміз. Кейде адам баласы қиыншылықты басынан өткермесе, шындықтың не екенін, бақыттың не екенін білмейді. Мына тарих бізді қазір сынап жатыр. «Қане, сіздер жарайсыздар ма, жарамайсыздар ма?» деп. Осы сынақтан өтеміз. Бірақ, сынақтан өту өте қиын. Неше түрлі жағдайлар болады. Түңілетін кездерің де болады. Қайтадан қайраттанасың. Бұл өзі тарихи процесс...

– Мемлекеттердің тәуелсіз ел болып қалыптасуының талай-талай үлгісі бар ғой. Мысалы, Түркияны алайық...

– Толып жатыр ондай үлгілер. Барлық үлгілерді алып қарасаң, басталуы өте

қиын. Мынау Еуропаның қазір ұйып тұрған кезі ғой. Жетіліп. Ал Еуропа – Еуропада одағы болып білім мен мәдениеттің биігіне шыққанша қаншама жүз жыл бірін-бірі қырып-жойып, талқандап, көрмегенді көрді ғой. Содан кейін ғана барып бұдан басқа жол жоқ екен деп, етек-жеңін жиып, өркениетті елдер салған сара жолға түсті. Міне, қазір жылдан асты бірімен-бірі тек экономикалық және мәдени байланыстар тұрғысынан ғана сыпайы саяси қарым-қатынас жасайды. Бұрынғыдай еш шатағы жоқ. Осы сияқты біздің Орта Азия аймағы да жүре келе гүлденіп, көркейіп кететін болады.

– Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа деген көзқарасыңыз қалай? Қазіргі ұстанып отырған саясаты дұрыс деп ойлайсыз ба?

– Меніңше, мықты кісі ғой. Астананы көшіруінің өзі ерлік қой. Оған шыдайтын кісі ғана, шыдайды. Ескі үйіңді тастап, жаңа үйіңді соққанның өзінде қиналмайсың ба? Алматыдай шаһарын айрандай ұйытып қойып, тағы бір шаһардан Қазақ елінің Астанасының шаңырағын көтеру оңай емес ол.

– Аға, алдағы уақытта қандай

шығармашылық жұмыстармен айналысайын деп жүрсіз. Роман, хикаят дегендей... Қандай ойларыңыз бар?

– Ойлар жағын айтатын болсам, менен бай кісі жоқ. Ойлар бар. Өзіме де ұнайды. Сол қызықты ойларымды іске асыра алмай отырғанымға қатты өкінемін. Мынау тұрмыс, өмір деген. Бір жағынан ұтсаң, бір жағынан ұтылып жатасың.

– Сіз «Труд» газетіне берген бір сұхбатыңызда «Соңғы кезде не жазып жатырсыз?» деген сауалға «Құстар кетті қанат қағып» деген реквием жазу үстіндемін депсіз...

– (Күледі). Енді ол аузымнан шығып кетіпті. «Не жазып жатырсыз?» дегенде, реквием деп жіберіппін. Айтарымды айтып алып, қайда қашарымды білмей жүрмін (Күледі). Біткенде көреміз, реквием бола ма, гимн бола ма?..

– Кеңестік дәуірдің кезінде жазушылар партияның жауынгері сияқты болды ғой. Коммунистік партияға өтті, лениндік идеологияға бағынып, социалистік реализмнің «шындықтарын» жазды. Ал кейін еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін сол қаламгерлердің көбісі не жазарын

білмей, абдырап қалған сияқты. Ондай жағдай Сіздің басыңызда болған жоқ па?

– (Күліп) Жоқ, мен бұл жағынан абдырап қалған жоқпын, мен басқа жағынан қиналып жүрмін. Менде уақыт аз. Бірнәрсені жазу үшін кемінде екі-үш ай ештеңеге көңіл алаң болмауы керек. Конференция, жиналыс, кездесу дегеннің бәрін тоқтатып, отыру керек. Мен өстіп жазушы едім. Ыстықкөлге кетіп қалатынмын. Ыстықкөлде отырып жаңағы романдарымды бітіргем. Қазір айтатын сөзім жетіп-артылады, бірақ тақырыпты көтеріп жазуға уақыт жоқ.

– Бәрі сол қызметке байланысты ғой...

– Қызмет ету де керек. Мына сендердің жерлестерің Олжас та жүр. Бұяқта Мұхтар Шаханов жүр. Тағы бір топ өзіміздің мәскеулік достарымыз жүр...

– Қазақстанда Әбіш Кекілбаев – мемлекеттік хатшы.

– Мінеки, қазір мемлекеттік қызметке барып істеп бермесең тағы болмайды.

– Сонда Сіз қазір екі бірдей қызметтің тізгінін ұстап жүрсіз ғой деймін. Белгиядағы елшілік және Қырғызстандағы депутаттық қызметтеріңіз...

– Жоқ, депутаттықтан кеттім. Үлгере алмадым. Қиналып кеттім. Елшіліктің де өзінің жұмысы көп. Өйткені, біздің елде бір мемлекетке бір елші емес, үш-төрт мемлекетке бір елші ғып жібереді.

– **Біздің қазақ жазушыларынан кімдерді білесіз, аға?**

– Өзім араласып жүрген Нұрпейісов бар. Қалтай Мұхаметжанов бар. Кекілбаев бұяқта аспандап жүр. Бар ғой...

– **Кейінгі толқын...**

– Нұрлан Оразалиндер бар, Темірхан деген ақын бар...

– **...Шерхан Мұртаза бар.**

– (Күледі). Ә, Шерхан өзімнің жерлесім ғой. Ол екеуміз жерлеспіз. Арамызда бір ағын су, әлгі біздің Күркіреу су... ар жағы қазақтың жері, бер жағы қырғыздың жері. Жуалы деп қояды олар. Ал Жуалының қазағы мен біздің Күркіреудің қырғызы араласып жатыр. Аттап өтсең ояқа барасың, аттап өтсең бұяқа келесің. Қандай рахат десеңші! Арада шекара жоқ. Бірін бірі тосып тұру жоқ. Құдай сақтасын, оның бетін әрі қылсын.



– Шерағаң Сіздің ең адал аудармашыңыз болды емес пе?

– Иә, Шерхан бауырым менің көптеген кітаптарымды қазақ тілінде сөйлетті. Ылғи риза болып жүремін. Оған деген сол ризашылығымның бәрі ішімде, жүрегімнің

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
түкпірінде.

– **Шерхан Мұртазамен кездестіңіз бе?**

– Е, кездеспей не бопты. Ол бір топ қазақ жазушыларымен бірге Бішкек пен Шекердегі менің 50 жылдық тойыма келген құттықтап. Одан кейін Алматыда өткен



үлкен әдеби жиындарда да кездесіп, хал-жағдай сұрасып жүрдік. Шерхан ағаларың «Қазақ әдебиетіне» бас редактор болып

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." тұрған кезінде де барғанмын. Сонда редакцияның қонақжай шаңырағында болып, кеңінен әңгіме-дүкен құрып, бір топ қаламгерлермен бірге суретке де түскенбіз. Мен Шерхандай шебердің, жазушы әрі қайраткер қазақтың төл шығармашылығын қатты құрметтеймін және қырғыз әдебиетінің үлкен насихатшысы ретіндегі өлшеусіз еңбегін ерекше бағалап, ешқашан ұмытпаймын. Сөз өнерін құрметтеген халқыма да осы сөзді аманат етемін.

– Қазақстанда мыңдаған оқырмандарыңыз бар. Елге келіп, оқырмандармен кездесу ойыңызда бар ма?

– Бар, бар. Мына Шымкенттегі, Арыстағы қазақтармен, Ташкентте – өзбектермен жақынмын. Ал, Жамбыл, Тараз деген өз жеріміз. Жаңа шығармамды бітсем, ол шықса... құр қол бармай, қолыма бір жаңа кітабымды ұстап барсам жақсы болар еді да.

– Оқырмандарға қандай тілек айтасыз?

– Оларға ақсақалдық ақ тілектерімді айтамын. Тұрмысымыз оңалып, өзіміздің еліміздің, жеріміздің аты алысқа жетсін. Өзің тұрып жатқан Тараз қаласына

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
туристер көбірек келсін. «Ойбай, мынау бір көне шаһар екен, қазақтың ордалы отаны болған екен» деп, таңғалып кетсін.

– Елімізде алдағы уақта Тараз қаласының 2000 жылдығы аталып өткелі отыр. Сол үлкен тойға келіңіз.

– Екі мың жылдықтың ішінде біздің де бір пайыз үлесіміз бар шығар... (Күледі).

– Одан да көп қой. Шыңғыс аға, әңгімеңізге көп-көп рахмет. Рұқсат болса, біз енді жүреміз.

– Келгендеріңе рахмет. Тағы да күліп-ойнап кездесіп жүрелік.

ӘБІШТІҢ БІР ӘУЕЗЕСІ – ШЕРХАН

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбай жақында Жамбыл облысының Жуалы, Талас, Сарысу, Меркі және Қордай аудандарын аралады. Тараз шаһарының тарихи орындарында болып, облыс орталығындағы тарихи-өлкетану мұражайының экспонаттарымен танысты.

«Құтты қонақ келсе, қой егіз табады». Облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты ауруханалар үшін сатып алынған 16 жедел жәрдем машинасының кілтін дәрігерлерге өз қолымен тапсырды. Тараз мемлекеттік университетінің мұражайының ашылу салтанатына қатысты. «Әйнек» шыны зауытының шаңырағында болып, осындағы шыны балқытқан еңбек адамдарының өнер туындысына бергісіз өрелі жұмыстарына тәнті болды.

Осы сапар барысында бізге ҚР Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбай мырзамен әңгімелесудің сәті түскен еді.

– Әбіш аға, оңтүстік сапары ойыңызға ой, шабытыңызға шабыт қосты деп айта аласыз ба?

– Оңтүстік сапары мені өте бай әсерге бөледі. Менің ең басты назарым мына мәселелерде болды: біздің Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығының ішінде қолға алған саяси реформамыз, экономикалық реформамыз, құқықтық реформамыз халықтың санасына қалай орнығып жатыр? Осы тұрғыдан алғанда осындағы әртүрлі салада қызмет етіп жүрген адамдармен кездесуімде байқағаным, олар жатырқаудан тыйылып, енді жаңа экономикалық қарым-қатынасқа бейімделу жолын бастаған. Әсіресе, жол бойларындағы жерге жабысып, жыбырлап еңбек етіп жатқан адамдар маған қатты ұнады. Қай-қайсысына барып жағдай сұрасқанда да олар ендігі жерде өзінің бүкіл тағдырының осындай күнделікті еңбекке ғана құралатындығын, мемлекеттен де емес, басқа бір үлкен саясаттан да емес, өз болашақтарын тек қана өздерінің екі қолымен, он екімүшесінің амандығымен



жасай алатындығына көздері жеткендігін әңгімелегені қуантты.

Екіншіден, бұрынғыдай мемлекет пен азаматтар арасындағы қасаң көзқарастар қалып, барлығын мемлекеттен талап ететін психология да жойылып келе жатыр екен. Мемлекет ендігі жерде адамдардың асыраушысы емес. Мемлекетендігі жерде адамдарды әскери шабуылдардан қорғайтын, моральдық шабуылдардан қорғайтын – Қорғаныс мекемесі. Сол сияқты ұлттық қауіпсіздіктің салалары болып саналатын білім, денсаулық, мәдениет, табиғат сияқты нысандарды бүкіл ұлт болып, қауым болып қолға алатын үйлестіруші институт. Соны біздің

азаматтарымыз жақсы түсіне бастаған. Ендігі жерде мемлекет азаматтарды асырамайды, азамат мемлекетті асырап, мемлекетті қорғайды. Сөйтіп, мемлекетті сақтау арқылы өзінің азаматтық құқықтарын, мүмкіндіктерін қорғауға мүмкіндік алады. Осы жаңа кескіндемені халқымыз біршама меңгеріп қалғанын байқатты. Менің екінші үлкен қуанышым осы.

Үшіншіден, осы Қазақстанда туындайтын жаңабір қарым-қатынас пайда болған. Билік пен азаматтардың ара-жігін ашуға, я болмаса араға жік салуға тырысатын әрекеттердің пайда бермейтіндігін халық түсіне бастаған. Соған байланысты бүкіл қоғам болып шешетін мәселелерді мемлекет те жұмылып, қоғамның өзі де жұмылып шеше бастаған. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарындағы игіістер осының анық айғағы деп білемін. Меніңше, осы үш оң өзгерістің өзі менің бұл сапарымды мазмұнды етті деп есептеймін.

– **Вице-премьер Иманғали Тасмағамбетов мырза Францияға барған сапарынан кейін теледидар арқылы алдағы жылдары Махамбет Өтемісұлының, Фабит Мүсіреповтің**

_____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

мерейтойларын еліміз ЮНЕСКО шеңберінде атап өтетін болды деп мәлімдеді. Албіраз жылдардан бері ЮНЕСКО шеңберінде тойланатын болды делініп жүрген Тараз шаһарының 2000 жылдығы туралы ештеңе айтылмай қалды...

– Тараздың 2000 жылдығы туралы мәселе – бұрыннан да сөз болып келген мәселе. Вице-премьер айтып отырған тұлғаларымызды күн тәртібіне жаңадан қойылып отырған мәселелердің санатында қарастыру керек.

Тараздың историографиялық датасы пәленбай мыңжылдық. Ол – ЮНЕСКО тарапынан назарға ілінетін үлкен классикалық дүние. Ал кейінгі айтылып отырған кісілердікі, ол ЮНЕСКО тарапынан әлі кең көлемде аталып өтуге келісілмеген шарттар. Сондықтан олар жеке, арнайы келісуді талап етеді. Меніңше, Тасмағамбетовтің мәлімдемесіне осы жағдай ескеріліп, сол кейінгі келісілген жағдайлар ғана айтылған болуы керек.

– Тараз шаһары тойды қалай қарсы алуы керек деп ойлайсыз?

– Қаланың ежелгі тарихи келбетінің қалай ашылатындығы – сол тойдың үлкен

тағдырын шешетін мәселе. Меніңше, біз осы тойда еліміздің тарихының ежелгі екендігін, қазіргі осы заманғы өркениетке батыл ене алатындығымызға тарихи негіздің молдығын дәлелдеуге тиістіміз.

Оған осы Тараздың өткені өте уәжді дәлел бола алады. Жаңа ғана ежелгі Тараздың орнында қалған санаулы-санаулы ескерткіштерді көріп шықтық. Мына мұражайдағы жиналған экспонаттарды байқап тұрмыз. Экспонат өте бай. Ғылыми тұрғыдан әлі де болса жаңаша сұрыптауды қажет етеді. Насихатшылдық тұрғыдан жаңаша түрлер, тәсілдер қажет етуі мүмкін.

– Әдебиет жайлы да сұрай кетсем артық болмас. Жазушы Шерхан Мұртазаның Сіз туралы бағасы өте жоғары. Бірде ол кісіден сұхбат алдым. Сонда ол «Басқаларын төмендеткім келмейді, қазір қазақ әдебиетіндегі ең мықты тұлға – Әбіш Кекілбаев. Ғабит Мүсіреповтың «Қаламыңның жеткен жеріне дейін көкке көтеріле бер. Биікте орын көп» деген сөзі бар. Сол қаламы жеткен жерінің биігін өлшесек Кекілбаев өте биікте тұр» деді. Тәуелсіздік кезінде нені жазсам, қоғамға қажетті қандай ойды қаузасам дейсіз.

– Мен үшін Шерхан Мұртаза қаламгер ретінде де, қайраткер ретінде де Алатаудың ең биік шыңындай аса зор тұлға. Кеңес өкіметінің цензурасынан қаймықпай, кезінде «пантюркист» атанған Тұрар Рысқұловтың әдеби портретін жасады. Оның өмірі мен қызметін үлкен эпопеяға айналдырды.

Соғыс жылдарындағы ауыл тыныс-тіршілігін суреткер ретінде жаңа қырынан танытты. Шерханның «Мылтықсыз майдан», «Сүдігерде жусан ызындайды», «41 жылғы келіншек» сияқты тағы басқа повестері мен әңгімелері қазақ әдебиетінің алтын қорына енді деп батыл айтуға және мақтануға болады.

– Әбіш аға, «Жас Алаш» газеті оқырмандарының арнайы сұрағы: Сіз Тәуелсіздігімізді таңсәрісіндегі мемлекеттік рәміздеріміздің қабылдануына үлкен үлес қостыңыз. Қазір сол рәміздердің бірі – Әнұранымыз жөнінде көбірек айтылып жатыр. Осы мәселе жөніндегі Сіздің ой-пікіріңіз қалай?

– Мен осы әңгіме болып жатқан үш әннің үшеуінде жақсы көремін. Үшеуіңде өмір сүргеніне ешқандай қарсылығым жоқ. Және олар өздерінің көркемдік,

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
саздық, мағыналық көркемдігімен,
мазмұндылығымен халықтың санасына
сіңген әндер. Алайда, Гимн деген – ол
өз алдына жанр. Біздің Тәуелсіздігіміз
нығайған сайын, өркениеттігіміз
нығайған сайын, біз әрбір рәмізді
Тәуелсіздіктің жоғарғы талабына жауап
бере алатындай сатыға көтеруіміз керек.
Гимн мәселесін талқылайтын болсақ,
тек осы тұрғыдан талқылауымыз керек.
Үш әннің төңірегінде тоқталып қалмау
керек. Үшеуінің қайсысын айтамыз
деген мәселе жоқ. Халық онсызда айтып
жатыр. Ал «жаңа гимн қандай болады?»
дейтін мәселені көтерген парламент осы
тұрғыдан талқыласа. Әйтпесе, «мынаны
ән қыламыз ба?», «мынаны алып
тастаймыз ба?» дейтін әңгіме тек саяси
таласты ғана өрбітеді.

– Әуезді сөзіңіге рахмет, Әбіш аға!

ИМАНҒАЛИ, ШЕРАҒА ЖӘНЕ ҰЛЫҚБЕК

ТАРАЗДЫҢ ТОЙЫ – ТАРИХТЫҢ ТОЙЫ

Тараздын тойы – тарихтың тойы. Күні кеше Астанаға келіп тәуелсіздігімізге тәу еткен Рим Папасы Иоанн Павел II-нің дуалы аузынан шыққан қазақтың көне шаһарлары – Баласағұн, Меркі, Құлан, Тараз және Түркістанның тарихи беделінің өзі біраз жайды аңғартса керек. Ал осы дүниежүзіне белгілі дінбасыға мәшһүр бес қаланың алғашқы төртеуі қасиетті Әулиеата – Жамбыл жерінде іркес-тіркес жатыр.

Қыркүйектің 19-ы күні Әулиеатаға ат басын тіреген вице-премьер И. Тасмағамбетов пен облыс әкімі С. Үмбетов мемлекет және қоғам қайраткерлері Шерхан Мұртаза, Қаратай Тұрысовтар

ерте күнді кеш қылмай, бірден Айша бибімен Баба әжіхатунның XI ғасырдан бері қалқиып тұрған көне ескерткіштеріне тартты. Мақсат – Тараз тойы қарсаңында көне жәдігерлерді калпына келтірудің мәселесі.

– Тарихи ескерткіштерді калпына келтіру жұмысынан қаржыны аямау керек. Аз ақшаға асығыс істелген жұмысқа ертең қайта айналып соғатындай бай емеспіз. Қажетті қаржы керегінше бөлінеді. Ескерткіштер той қарсаңында бітпесе, одан кейін бітер. Гәп – халық игілігіне берілетін тарихи жәдігердің талапқа сай болуында, – деді махаббат мазарына бас иіп, зиярат еткен И.Тасмағамбетов.

Вице-премьер мазарларды қалпына келтіру жұмыстары үшін ескерткіштердің толық нұсқасы сақталған көне суреттерді іздестірудің маңыздылығына да тоқталды. Ондай суреттер Ресей, Париж және Берлин мұражайлары мен мұрағаттарында болуы мүмкін деген деректер бар көрінеді. Той өткізудің асқан шебері және жөн-жобасын білетін вице-премьер мазарлардың сән-салтанаты ежелгі сәулеттік үйлесімінен ауытқымауы үшін еліміздегі нәм шетелдегі (Алматы, Астана, Санкт-Петербург т.б.) шеберлердің шығармашылық қабілеттері

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." мен техникалық мүмкіндіктерін қал-қадерінше пайдаланған да абзал деп санайды.

Жомартшенеунікоблысорталығындағы Баласағұн мәдениет сарайында, Жамбыл қонақ үйінде, облыстық Абай атындағы қазақ драма театрында т.б. тарихи жерлерде болғанда да той қарсаңында қайта жөндеу жұмыстарын қажет ететін ғимараттарды қаржы жағынан қыспайтынын білдірді. Ұзын-ырғасы Тараз шаһарының 2000 жылдық тойына бөлінген ақшаның көлемі 2 миллиард теңгені құрады. Ендігі гәптің үлкені, жергілікті шенеуніктердің осы қыруар қаржының ту-талақайын шығармай пайдалануында болып отыр. Көп ақшаның келетінін естіп екі езуі екіқұлағына жеткенше ыржиып жүргендер мен алақанын ысқылап, қойқандап отырғандар баршылық.

ДЕПУТАТ ШЕРХАН МҰРТАЗА БОЛСА, ҚАЛИ ЖҮНІС МОНШАСЫН ІЗДЕП ЖҮР

Бір ғимараттан бір ғимаратқа жаяу-жалпы өтіп жүріп Шерағаңмен қатарласып қалыппын.

— Көсемәлі, осында бір монша бар

сияқты еді. Сол мына біз аралап жүрген тізімде жоқ сияқты ғой? – деді.

– Қали Жүніс моншасын айтасыз ба?

– Иә, біздің бала кезімізде оны кітапхана ғып жіберген болатын. Қасындағы интернатта жатқанда, Қаратай екеуіміз талай рет кітап алып оқып ек. Күмбездеріне де шығып, тамашалағанбыз.

– Ол монша әлі бар, аға. Қазір жөндеп жатыр.

– Дұрыс екен онда. Ертең болатын Тараздың тойында шетелдіктердің таңдайын қақтыратын нағыз ескерткіш сол болады әлі.

Қали Жүніс моншасы шығыс үлгісімен жасалған. Тараздағы ежелгі архитектуралық ескерткіш. Қазір мемлекет қарауында.

Шерағаң сол жәдігерді іздеп, алаңдапты.

ҮКІМЕТТЕГІ ОМАР ХАЙЯМНЫҢ БАЖАСЫ

Премьер-министр кеңсесінің әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі, ақын Ұлықбек Есдәулетов аяқ астынан Омар Хайямның бажасы болып шыға келді.

Қалайы сол, біраздан бері Омар

Хайямның рубайларын аударып жүрген публицист Арғынбай Бекбосын Шығыс шайырының тараздық арулармен ойнап-күлгенін рахаттана жырлаған өлеңдеріне жолығады. Арекең содан былай жүрген жерінде Омар Хайямның әр-беріден соң өзіне жезде болып келетінін айтып қалжыңдап жүреді екен. Вице-премьердің сапары барысында осы жағдай әңгіме боп қалады. Сол кезде сөз тапқыш Ұлықбек:

– Омар Хайям Арекеңнің жездесі болса, онда мен Шығыс шайырының бажасы болады екем, – деп жұртты ду күлдіреді.

Ұлықбектің үзілісте айтқан бұл әңгімесіне біз де күлдік. Ақын Ұлықбектің келіншегі – Тараз шаһарынан қозы көш жерде жатқан ежелгі Меркі кентінің қызы.

Ұлықбек ақынның тапқырлығына, ақкөңіл мінезіне, әзіл-қалжыңға жаны жақын жайсаңдығына риза болды ма Шерағаң да мұртынан күліп тұр екен.

ӘБІШ ПЕН ШЕРХАН МҰРТАЗА НЕ ДЕЙДІ?

Вице-премьер бастаған топ «Достық» алаңынан өтіп баражатыптас тұғырдың қасына аялдады. Себебі, тұғырдың үсті бос тұрған. Тараздың төрінде

тұрған В.И.Ленинді облыстың бұрынғы әкімдерінің бірі А.Тшанов алыптастағалы «бұл орынға кімнің мүсінін қоямыз?» деген сауал одан кейінгі талай әкімнің басын ауыртқан. Ары тарт, бері тарт баяғы. Ортақ мәміле жоқ. ҚР Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбай келгенде:

– Төле бидің ескерткіші тұруы керек қой, – деген.

Облыс әкімі Серік Үмбетов те осы ойға тоқтаған. Көпшілік пікірі де осыған саяды. Вице-премьер қасына ілесіп келген қайраткерлерге:

– Сіздер не дейсіздер? – деді.

Қаратай Тұрысов әлдеқашан келіп кеткен Әбіш Кекілбайдың ойын оқып қойғандай қайталады.

– Менің де қарсылығым жоқ, – деді Шераға.

Вице-премьер ойланды. Ойланды да: «Онда осы ұсыныстарыңызды әзірлеңіздер», – деді облыс әкіміне.

Біреулердің сары майдай сақтап, «жасырып» жүрген ұсыныстары тойға шейін тағы киіп кетпесе, осы жолғы шешім ең соңғысы болатын сияқты.

БАУКЕҢ — БАСШЫ, ШЕРАҒАҢ — ҚОСШЫ

«Кейбіреулер: «Баукең туралы неге жазбайсыз?» – деп сұрақ қояды. Кезінде очерк жаздым. «Ноқтаға басы сыймаған» деген пьеса жаздым. Сонда кейбір жағдайларды айтуға тырыстым. Соғыс кезінде қан майданға түсіп, қанша ерлік көрсетсе де Баукеңе Кеңес Одағының Батыры деген атағын бермей қойғанын білесіз...».
Шерхан МҰРТАЗА.

ЕЛ КҮТКЕН ЕСКЕРТКІШ

Елін Ерлікке, Бірлікке, Өрлікке шақырған ескерткіштер қай бабамыздан қалмаған. Күлтегін мен Білге қағаннан бастап Бабыр мен Бейбарыстың, Алаша хан мен Абылайлардан қалған тарихи жәдігерлер бүгінде ел-жұртын маң даладағы маңқиған маңғаз мазарлардың тылсым құдіреті арқылы рухтандырып, сыры кетсе де, сыны кетпеген сағаналары

мен сынтастары арқылы сыр шертеді. Ғасырлар тоғысар тұста елі Ер Баукеңе ескерткіш тұрғызды...

Жиырманшы ғасыр қазақтың маңдайында біреу мойындап, біреу мойындамаса да Бауыржан Момышұлын сыйлады. Бүгінгі ұрпаққа «ертегіден гөрі» Ер Баукеңнің Ерлігі жақын. Өрлігі үлгі. Аңыз боп «алыста», ақиқат боп қасында жүрді. Шен-шекпенін қимаған Мәскеудің оқалы жағалыларының ызасына «қалыпқа сыймаған қазақты қатарымызға қосамыз» деп, небір қиям пұрыстыққа барған Алматының зиялыларының зияны қосылды. Сонда да өр, өршіл рух иесінің тауын шаға алмады. Ақ берен мылтық пен алмас қылышты алтын қаламға айырбастаған азамат («Найзадан қол босаса қалам алдым, толғанып оқиганы көп ойландым. Тырмысып әл келгенше көргенімді, жалтақтамай, именбей ашық жаздым». Б.Момышұлы) өмір майданының да алдыңғы шебінде болды. Өсек пен жалаға қайсар шабытпен қарсы шықты. «Ұшқан ұясының» абыройын қорғап «соғыс психологиясын» жілікше шақты. «Болар елдің баласы бірін-бірі батырым дейді...» Баукеңнің жан жүрегінің тереңінен Ұлтым деп ышқынып

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." шыққан ұлағатты сөздерін ұлы Мұқанның өзі қалт жібермеген. Сынын қабақ шытпай



Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
қабыл алған (әңгіме Мұқаңның «Намыс
гвардиясы» жайында).

Өкімі өктем өкіметтен көзі тірісінде шен
де, шекпен де дәметпеген сол Баукеңнің
ерлігін елі өзі армандаған азаматтыққа
қол жеткізген кезде еске алып, тағзым
етпесе елдікке сын-ды. Ғасыр соңында
қайта оралған Тәуелсіздікті армандаған
ежелгі бабалардың кешегі тұяғы Ер
Баукеңнің 90 жылдығы оған лайық дей
алмас ешкім. Той емес, тағылым десе де
болар мұны. Ерлікке, елдікке тағзым десе
болар мұны...

Баукеңнің толайым тұлғасымен
қыранша қомданып тұрған ескерткіші
Тараз қаласының қақ ортасындағы
Абай атындағы қазақ драма театрының
алдында батысқа қарап қақшиып тұр.
Мыңбұлағын ойлай ма екен, әлде
«мыңболғырларын» ойлай ма екен, аңызға
айналған қылышын асынып, алысқа
қарап тұр. Тұғырына Кеңестер Одағының
Батыры белгісі таңбаланған. Аты-жөні
жазылған аспандағы айдан да қымбатқа
түскен Алтын жұлдыздың жанына Егемен
Еліміздің Халық Қаһарманы белгісін
де «қадап» қою керек еді. Аты аңызға
айналған Батырына Кеңес Одағының
Батыры атағын әперуге белсеніп кіріскен

Елбасы Н.Назарбаев енді «өзінің қолында тұрған» Халық Қаһарманы атағын қимас дегенге сенгің келмейді. Құдай қаласа, ол күн де алыс емес шығар. Ескерткіш демекші...

Облыста соңғы он жылда батыр бабаларымызға орнатылған ірілі-ұсақты ескерткіштердің санынан жаңылатын жағдайға да жетіп қалдық. Батырларды көпсінгенім емес, әңгіме санаға сіңісті сапалы бейнеді. Орыс антропологи Герасимов Ақсақ Темірдің бас сүйегінің қаңқасына қарап зерттей отырып, оның бет-бейнесін жасауға ұзақ уақыт бөлгенін білеміз. Ал біздің бүгінгі сәулетшілеріміз бен суретшілеріміз Бәленше батыр мен Түгенше датқаның мүсіні немесе суреті керек деп «тапсырыс» бергендерге бір-екі айдың мезіретінде батырын «оқтай» ғып береді. Кейде ескерткіш әлгі батырдың әруағына ас беруші қордың төрағасының жалпақ бетіне ұқсап кетеді. Сәулетші байғұс қайтсін, «әнді тапсырыс берген тыңдайды» дегеннен аса алмайды. Өнер талабы, тарих дәлдігі жайына қалады. Демек, асығыстық, ғылыми негізсіздік адамды сендірмейді. «Қаһарманын қанша қаһарландырып» соқса да, ол жұрт жүрегіндегі «бар таныс» бейнеден басқа болып шығады. Оларға анау мәстектің үстіндегі шолақ найзалы

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
батырдан гөрі Ілияс Есенберлиннің, Әбіш
Кекілбайдың, Мұхтар Мағауиннің, Қабдеш
Жұмәділовтың, т.б. оқырман мойындаған
романшылардың шығармаларындағы
өздері санамен «соғып» алған батырлары
жақын.

Тараздың төріндегі Батыр Бауыржан
Момышұлының ескерткіші осы
олқылықтың орнын толтыратын,
халқының Ерлікке тағзым ету үшін көптен
күткен рухани сұранысын өтей алатын
Баукеңнің өзіндей шынайы дүние болды.

МЫҢБҰЛАҚ БИЛЕП, ТЕРІС ТУЛАП ЖАТТЫ

Айтматовтың айтуынша, Боранды
бекет, орыстардың ойынша Бурное боп
жазылып келген Жуалы ауданының
орталығына бүгінде Бауыржан
Момышұлының аты берілген. Осы
жерден Баукеңнің кіндік қаны тамған
жері – Мыңбұлақ алыс емес. Мыңбұлақ
жайлы Баукең де, Шерағаң да жазды.
Оқырманға жақсы таныс. Бірақ осы жерде
бір ғажап өзен бар. Атауы да тосын. Теріс
деп аталады. Шынында да бұл өмірде су
біткен оңтүстіктегі таудан ағып, тау-тасты
бөктерлей оңтүстік шығысқа қарай ағады.
Құдайдың құдіретінде шек жоқ қой, шіркін!

"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

Тұрар, Тұрардың әкесі Рысқұл, Бауыржан, Шерхан сияқты қарағайға қарсы біткен бұтақтай қайсар тұлғалардың рухы осы өрге қарай өршелене аққан асау Терістен нәр алмады деп кім айта алады!

Баукең тойының бір олжасы сол еліндегі Мұражайы ханның сарайындай



болып жөнделіп қалды. Қарсы алдындағы биік тұғырға Батырдың бюсті қойылған. «Жоқ, жоқпен» жүнжіп кеткен елдің ес жинағанының белгісі осы. Ерін елеп, елдігін танытты. Жоқтың түбі – жоғалар...

Жылқы мінезді текті, тәкаппар тұлғаның бір «осал» жері сұлу ат екенін кім білмейді. Батыр тойының мақсаты тек қана тойлау емес, сонымен бірге елге ой салу екенін осы іс-шараны ұйымдастырушылар қаперден шығармапты. Өткен жылдан бастап Жамбылдағы бірден-бір атшабар алаңына айналдырған Амангелді ауылының маңындағы ипподромға той үстінде Ер Баукеңнің аты берілді. Енді кез-келген шабандоз бала баран мен қылаңның үстінде құйғытып кетіп бара жатып батыр атасының әруағына сыйынатын болады. Жанкүйер де «әруақ» деп ақырғанда батырды жадында ұстайтыны хақ. Әруақ демекші...

Той тойға ұласты, әруақ қолдады деген осы шығар!

Батыр тойына арналған бәйгенің алдында Сидней олимпиадасының чемпионы Ермахан Ибрайымов, күміс жүлдегерлер Болат Жұмәділов, Ислам Байрамуковқа ел азаматтары шетелдік «темір тұлпар» мінгізді. Батырдың тойында халқының атын төрткүл дүниеге паш етіп келген спорт өнеріндегі батырлардың шоқтығы әдейі биіктетілді. «Үш қаһарманды» туған жерінде лайықтап

қарсы алудың әрекеті қасиетті Әулиеата жерінде Сиднейдің соңғы күнінде-ақ ақылға салынып, сый-сыяпаттың «мәзірі» кесіліп-пішіліп қойылған. Рәсім Батыр тойына қаратылды. Кісіліктің, кішіліктің жөні осы да. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол» демеп пе еді. Той тағылымының алтын өзегін осылай астастыра білген азаматтардың біліктілігін айтсайшы.

Той олжасы дейміз бе, театр олжасы дейміз бе, Шерхан Мұртазаның батыр Баукеңе арналған «Ноқтаға басы сыймаған» атты драмалық элегиясы да осы астарласқан алтын өзектің бір арқауы. Көрермендер сүйсінді. Астанадан, Алматыдан келген қонақтар да риза болды. Баукеңнің қайсар рухына жадау тартқан жанын пышақтай жанып-жанып алғысы келген жамбылдықтар енді маусым бойы осы театрдан төбе көрсетіп тұрады. Оған шек жоқ.

Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы туралы қаншама дүниелер жазылып, қаншама фильмдер түсірілсе де Батырдың образын ашу, одақ тұсындағы ол киліккен мәселелердің мәнін түйсікпен тану оңай емес. Шерағаңның пьесасы той тағылымын байыта түскендей болды.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____

«Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» дегендей, Баукеңнің жанында жанторсықтай жабысып жүріп, көрген-білгенін кейінгі ұрпақ үшін жиып-терген Шерағаң қазақтың қаһарман ұлының тұлпардай тектілігі туралы көптеген әңгіме айтты. Тұрар Рысқұловтың рухани болмыс-бітімін романға сыйдырып, сахнадан сөйлеткен Шерхан Мұртаза қазақтың ноқтаға басы сыймаған тағы бір перзенті Баукеңнің (Бауыржан Момышұлы) болмыс-бітімін де барынша паш етті. Ол драманың «Ноқтаға басы сыймаған» деген атынан да көрініп тұрған жоқ па?!

СЫР МЕН ШЕР

**(«Мәдениет» телеарнасындағы
сұхбат)**

Қазір тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардағыдай емес, баспаларымыздан біраз кітаптар шығып жатыр. Бірақ, жасыратын несі бар, ішінде оқылымдылары аз. Осындай жағдайда біздің қарт қаламгеріміз Шерхан Мұртаза пышақтың қырындай ғана «Бір кем дүние» деген кітапты жарыққа шығарды. Бұл кітаптың ерекшелігі сонда – жаңағы біз айтқандай емес, бірнеше рет қайталап басылып, оқырман сұранымына ие болды. Соның сырына үңілмекке «Мәдениет» телеарнасындағы сұхбатқа әдебиетші Әмірхан Меңдеке мен жазушы Көсемәлі Сәттібайұлын шақырған едік.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Әмірхан, әңгімені өзіңізден бастағым келіп отырғанымның бір себебі бар. Сыншыларымыз бұрынғыдай емес, кейінгі уақытта Шерхан Мұртазаның шығармашылығына аса назар аудармай жүрген сияқты. Бұл бір әдеби ортаның тәкаппарлығы ма, әлде басқа сыры бар ма, білмеймін, қалың халық қайта-қайта сұрап алып, ақпарат құралдары бірінен-бірі көшіріп басып жатқан осы шығарма неге талданбайды, бұл бір өзі түсініксіз жайт. Сіз енді әдеби сынның басы-қасында жүрген әдебиетшісіз ғой, бұл кітаптың халықтың сұранымына ие болуының сыры неде?

Әмірхан МЕНДЕКЕ: Жаңаша жазған. Онда ақиқат, шындық өте әдемі көрініс тапқан. Шерағаңның мерейтойының тұсында бірқатар мақала жазылды. Мерейтойлық мақаладан өз басым тереңдік күте қоймаймын.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Көсемәлі, осы кітапты талдауға сізді сонау

Тараздан жәйдан-жәй алдырып отырған жоқпыз. Кітапта сөз болатын оқиғалар жазушының туған жерінде, ағайын-жұртының құшағында өткен жайттардан сыр шертеді көбінесе. Бәлкім, сұранымға ие болуына топырақтан тамыр тартқандай қарапайымдылығы себеп болған шығар?

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ:

Журналистердің етектей-етектей ғып жазатын мақалаларындағы проблемалық мәселелерді кейде бір-екі абзацпен, шағын ғана бір бет, жарты бетпен түйіп тастап отырған. Және қалай сөйлеген? Бұл кісінің Парламентте сөйлеген сөзіне, сөйлеу мәнеріне елдің құлағы үйренген. Мұнда да сол стиль бар. Сол Парламенттегі Шерағаңды көргендей болады. Шерағаң өзін жазбайды, «Мен Талаптыда туып едім, Тәңіртауға қарап едім», – демейді, десе де, елдің жоғын жоқтайды, мұңын мұңдайды. Тартымдылығы сонда деп ойлаймын. Сыншылар жақсы біледі, Шерағаңның тілінде шұбалаңқылық жоқ, барды бар, жоқты жоқ деп жазады. Немесе көнерген архаизм, көне сөздерді тірілтіп, сөз құрайын деп отырмайды,

ол кісіге тез, жедел ойды айту керек. Сондықтан ойын сол сәтте, бір сәтте төгіп тастайды. Ол кісімен Талапты ауылында, туған шаңырағында отырып, көп әңгімелескен едік. Сонда: «Мен Толстой сияқты, 5-10 рет жазбаймын, бір ғана жазғаным жетеді», – деген.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Бұл кітаптағы қысқа әңгімелердің жанрын анықтап айтсақ, қай жанрға телуге болар еді?

Әмірхан МЕНДЕКЕ: Жалпы әлем әдебиетін алмай-ақ, өзіміздің қазақ әдебиетін алатын болсақ, осындай қысқа-қысқа әңгімелер бар. Мысалы, Құрманғазы Қараманұлының «Алақандай әңгімелер» деген әңгімелер жинағы бар. Герольд Бельгер де жазып жүр қазір. Ал Шерағаның мөлтек әңгімелеріне келсем, мұның жанрын бір сөзбен айту өте қиын. Музыка жанрында гөй-гөй дейтін жанр бар. Мына Сырдың термешілерінің, жыршыларының гөй-гөйі болады. Осы гөй-гөйін алып қараңызшы, жыршы өзінің күйігін, наласын, тілегін, арманын, мақсат-мұратын, тіпті өсиетін де соған біріктіреді. Әдеби тұрғыдан келсек,

әдеби жанрдағы гөй-гөй деуге болады. Шераға өте білімді адам. Біз білімді адамдар туралы әңгіме айтқан кезде Әлкей Марғұлан, Мекемтас Мырзахметов, Сағат Әшімбаев, Рымғали Нұрғалиевтерді айтып кетеміз. Солардың қатарына Шерхан Мұртазаны қосар едім. Бір-ақ мысал айтайын, Ресейдің Қазақстанды қалай отарлағанын Шерағаң өте терең біледі. Жарияланған кітаптардан емес, мұрағаттардағы құжаттардан және құпия құжаттардан біледі. Оның талайын Шерағаның өзінен сұрап алып оқыдым. Ресейдің отаршылдары өзінің қорадағы қойын сорттап жатқан сияқты, Қазақстанның жерін сорттайды. Ол жерде қазақтар отыр ғой деген ой жоқ. Қазақтарды қалай бір-бірімен соғыстыру керек, қазақтардың санын қалай азайту керек, жалпы қазақтарды қалай ығыстыру керек. Және оны бір адам айтпайды, біреу жазады, екіншісі пікір қосады. Міне, бұл көп жариялана бермейді. Мұның бәрін Шерағаң жақсы біледі. Содан кейін Шераға түркі тарихын өте жақсы біледі. Мысалы, башқұрттың, татардың, өзбектің тарихын қазақтың таихындай ғып жатқа айтып отыра береді. Соның бәрі осы мөлтек әңгімелерінде сезіледі.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Дегенмен де, атаусыз нәрсе болмайды ғой. Атымен бірге жарысып, жанр деген нәрсе ілесе жүреді. «Бір кем дүниенің» публицистикалық жағынан гөрі көркемдік жағы басымдау. Шерағаң нақты, қысқа сөйлейді деген күннің өзінде әр сөйлемді көркемдеп, образды түрде жазуға ұмтылады. Осы тұрғыдан келгенде, сіз жанр жағын ойлап көрмедіңіз бе, Көсемәлі?

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ: Қытайдың Конфуцийін алыңыз немесе батыстағы бөшкеде жататын Диогенді алыңыз, олар да осы Шерхан көріп отырған тақырыптарды қозғайды. Қазақта ғақлия деген сөз бар. Араб тілінен келді ме деймін, Абай атамыз қолданған сөз. Міне, көркем түрде жазылған қазақтың ғақлиясы, ғибратты түрде жазылған қысқа әңгімелері ғой. Шерағаңды сыртынан ғана көрген, көзбе-көз сөйлеспеген адамдар ол кісіні қатал, сұсты, жақындап әңгімелесу мүмкін емес деп ойлайды. Мүлдем олай емес, біз қасында жүрміз ғой, ол кісінің көңілін тапсаңыз, жадырап

күлгені қандай? Күлгенде көзінің нұрланып кететіні қандай? Осы болмыс мына кітапқа көшкен, көрініс тапқан, көрсете алған. Қатқыл сөйлемейді, жүректі жібітетін сөздер айтады. Ол кісінің әдебиет туралы мынандай тұжырымы бар: «Егер оқыған әңгімеңіз сізді елжірете алмаса, жүрегіңізді жібіте алмаса, ол әңгіме емес», – дейді. «Әңгімелерім осы талапқа жете алды ма екен?», – деп, өзінде сынап қояды. Бұл кітап әрбір әкімнің, әрбір министрдің үстелінде жатса, өзі көп орын да алмайды, арасында қарап қойып отырса қандай ғанибет. Ал халық өзі-ақ оқиды ғой, оқып жатыр. Мұның артықшылығы неде? Қазақтың табиғатына тән нәрселерді айтып отыр.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Ғақлия деген сөзіңіз икемге келеді екен. Шерхан Мұртаза көп жыл ақпаратта жұмыс істегеннен болуы керек, өзі шығарма жазған кезде форма іздеуге құмар. Шығарманы форманың аясына әкеліп сыйғызып жазады. «Бір кем дүниенің» жанрына қайта-қайта шұқшиып отырғаным сондықтан ғой. Осыны жазарда Шерағаң форма іздеп келіп, жазған дүниесі ғой деп

ойладым.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ: Форма дегеніңізден шығады, Шереғаңның қарамағында барлықтарыңыз қызмет істедіңіздер. Жаңа формамен, тың ойлар айта алған журналистерді қалай көтермелеп отыратын еді. Оралханды қалай көтерді десеңізші. Оралхан керемет жазушы, керемет қаламгер. Шынын айту керек, ол кісінің стилі сол кезде біреуге ұнады, біреуге ұнамады. Біреулер қияли деді, біреулер шұбалаңқы деді. Ал редактор «дұрыс» деді. Ал сол кезде Шерағаңның орнында басқа редактор болса, «мына қияли кім?» деп, маңайлатпай қоюы мүмкін еді.

Әмірхан МЕНДЕКЕ: Фақлия дегенге сәл-пәл келіспеймін. Төрт-ақ сөйлемнен тұратын әңгімесі бар. «Өз пайдаңды ойлама, ел пайдасын ойла. Өз пайдаң соның ішінде, бірақ елдің бәрі бұлай ойламайды. Бір кем дүние», – дейді. «Бір кем дүние» деген сөз әннің қайырмасы сияқты, бүкіл әңгімелерінің соңында келеді. Мұны талдап, бір кітап жазуға болады. Ал басқа мөлтек әңгімелерінің бәрі бірдей осындай қып-қысқа емес. Мысалы, жеке өзінің тәжірибесін

■ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." айтып кететін кездері бар. «Караван» дейтін газет болды. Мені сынады. «Ұлтшылдардың ұлтшылы» деп», – дейді. Тек «Караван» емес, біраз біздің орыстілді басылымдарымыз Шерағаңды қатты сынады. Сонда қазақтың абызы, өзінің ұлты туралы үлкен ой айтып жүрген ірі қайраткер дегенді біздің орыстілді газеттеріміз білмейді, қарамайды. Өзбекстан, Әзірбайжан, Тәжікстан Ресейдің газеттерін өз республикаларында таратуға тиым салды. Тәуелсіздік алғаннан кейін тоқтатып тастады. Солар неге тоқтатты? Өйткені өзге елдің идеологиясы мына елдің идеологиясын жүргізбейді. Бұзады да отырады. Өзбекстанның премьер-министрі ашық айтты. Өзім оқыдым. «Біз өзіміздің ұлттық идеологиямызды жүргізіміз келеді», – деді. «Ал ана газеттер Кеңес Одағындағыдай тұра беретін болса, біздің ұлттық идеологиямызды талқандайды да отырады», – деді. Шерағаң осыны айтып отыр. Өйткені Шерағаңның айтып отырғаны олар үшін құндылық емес. Сондықтан мен ойлаймын: «Бір кем дүние» қоғамның кем-кетігін айтудың амалы. Өзіміздің төрт құбыламыз түгел емес қой. Бұл кейінгі ұрпаққа арналған,

әсіресе жастарға арналған өсиет деп ойлаймын.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Шерағаң негізі жан-жақты адам ғой. Ақпарат құралдарында қызметістеген кезінде ол кісі араласпайтын сала жоқ болатын. Шерағаң сол кезде тұмсық тығуға болмайды, шетін түртуге болмайды деген тақырыптардың барлығына араласты. Бұл жерде сіздер айтып отырғандай шағын ауылдың да, ұлттың да, ұлттың үлкен қайраткерлерінің де мәселесі бар. Сонымен бірге жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар да бар. Кейбір тұсында ғажайып ертегі, тәмсіл оқып отырған сияқты жаның сүйсінеді. Бір әңгімесі бар: «Саудагер базардан сауда жасап келе жатады. Қазіргі кезде қанша қашқанымызбен сауда бізге жақын тақырып болып кетті ғой өзі. Саудагердің қолындағы дорбасын ақшасымен бірге бір маймыл жұлып алады да, ағаштың басына қашып шығып кетеді. Өзі теңіздің жағасы болса керек. Сонда саудагер: «Ол менің күні бойы тірнектеп тапқаным, қайтар

маған», – деп аттандайды. Жаңағы маймыл бір ділдәні алады да суға лақтырады, біреуін өзіне тастайды. Біреуін суға лақытарады, біреуін өзіне тастайды... Сөйтіп, бағанағы дорбадағы ақшаның жартысы суға кетеді де, жартысы өзіне бұйырады. Содан Шерағаң одан не түйіп айтады дейсіз ғой. «Саудагер базарда сауда жасаған кезде сатқан дүниесіне су қосып сатады екен. Міне, арам дүниенің жартысы суға кетті, ал адалы өзіне бұйырды», – дейді. Көп жазушыларымыз аспанға қарап, саусағын сорып отырып жазады. Ал Шерағаңның ерекшелігі нақты өмірден алып жазатынында да болса керек. Жұп-жұмыр, шапшағын дүниені тап-тұйнақтай етіп жазу дегеніңіз үлкен шеберлікті қажет ететінін бәріміз білеміз. Ондай компоненттердің ішіне тіл де кіреді. Солай емес пе, Әмірхан?

Әмірхан МЕНДЕКЕ: Шерағаңның бір ерекшелігі етіңнен өтіп, сүйегіңе жеткізіп айтады және соны қалай айтуды біледі. Соған керекті сөздерді де, мысалдарды да табады. Үлкен шенеуніктеріміз: «Ал

енді бәрімізге түсінікті тілге көшейік», – дейді де, орыс тіліне көшіп кетеді ғой. Соны Шерағаң айтады: «Бәрімізге түсінікті тілге көшейік деп орыс тіліне көшіп кетеді. Сонда не болып шығады? Қазақ тілі түсініксіз сөз болып шығады. Ал ненің тілі түсініксіз? Малдың тілі түсініксіз. Айуанның тілі түсініксіз. «Бәрімізге түсінікті тілге көшейік» деп айту арқылы қазақ тілін малдың, айуанның тіліне теңеп отыр», – дейді. Сөйтіп, сүйектен өткізіп жібереді.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Бұл кейіпкерсіз шығарма емес. Қысқа болғанымен мұның ішінде автордың өзінен басқа да кейіпкерлер жүреді. Ол кейіпкерлер бағанағы өзіміз көріп, біліп жүрген адамдар. Солардың образын қалай ашады десеңізші. Бір ғана сөзіменен сол сөзді айтып отырған адамның болмысын алдыға жарқырата жайратып салғандай ғып ашып береді. Осы тұрғыдан келгенде таныс, бейтаныс бейнелер көз алдыңыздан шұбырып өткен шығар, Көсемәлі? Енді ауылда да, қалада да Шерағаңмен бірге көп жүрдіңіз ғой.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ: Елге, жерге, тілге қатысты айтқан кезде бұл кісінің алмастай өткір тілі Үкіметіңізді де аямайды. Ол кісінің мынандай сөзі бар: «Шамаң келсе шындықты айт», – дейді. Бірде: «Шераға, сіздің романыңыздан гөрі, әңгімелеріңіз ұнайды», – дедім. Ағалы-інілі сияқты еркін әңгімелесіп отырған едік. Сонда: «Әңгімелерім өзіме де ұнайды», – деп қояды. Көрдіңіз бе, демек, бұл кісінің шағын жанрға жаны құштар. «Бұл жерде кейіпкер бар» деген сөзіңіз ойыма да келмепті. Кейіпкер бар, ол қоғамдағы ақ пен қара. Кейбірін ішіміз біліп отыратыны рас.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Ал тақырып ауқымы қандай? Кейде бір-бірін қайталап жатса, адамды жалықтырып жіберуі мүмкін ғой.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ: Арасында ғана сөздер қайталануы мүмкін. Фабеңнің сөздерін 2-3 ғақлиясында қайталайды. «Біз жиылсақ көппіз, жайылсақ жоқпыз», – деген. Ол қайталаған сайын одан сайын бір-бірін толықтырып тұрады. Сондай сұмдық дүние бар ішінде. Ажалдан қашқан Қорқыт бабамыз қобызын сарнатып

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
отырған ғой. Қобыздың үні үзілсе, жылан
келіп шағуы мүмкін. Қалғып кетіп, денеңіз
тітіркеніп кетеді, рас қой, өйткені.



Әмірхан МЕНДЕКЕ: Осы кітапта Шерағаң көптеген данышпанның сөзін келтіреді. Мысалы, «Гегель» дейтін кішкентай әңгімесі бар. Гегель Еуропадағы философияның атасы деп есептеледі. Қазақтың философтары Гегельді аттап кете алмайды. Өйткені Маркс де, Энгельс те Гегельге жүгінген ғой. Сол Гегельдің мынандай сөзі бар екен: «Өзінің ана тілін менсінбегендер өзінің ұлтын үш рет өлтіргендер», – деген. Соны Шерағаң: «Осы философтар Гегельдің осы сөзін неге айтпайды?», – деп келтіреді. Біздің философтар ол сөзге жоламайды. Пушкиннің «Алтын балық» туралы ертегісі бар ғой, бір әңгімесінде соның мазмұнын бере салған. Енді Пушкиннің ол ертегісін біз мектепте де оқыдық қой. Бірақ әдейі берген. Қазір ынсапсыздық, тойымсыздық, қанағатсыздық қоғамды жайлап алды ғой. Сонда жаңағы Пушкиннің ертегісін баяндап келеді де, ынсапсыздықтың аяғы жарық астау дейді. Яғни тағы да қайталау арқылы Пушкиннің ойын нықтау.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ: Ескендір Зұлқарнайынның қолы табыттан шығып жатады екен дейді. Басып қойса қайтадан шығады. Сонда қолына бір уыс топырақ

салған кезде ғана барып тыншиды. Бұл да адамның ашқарақтығы, тойымсыздығы.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Кей тұстарында ұсақ-түйек жайттарды келтіріп отырған жоқ па деп, адам ойланып қалады. Ол жөнінде не дейсіздер?

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ: Шерағаң осыншама жасқа келген, атақ-даңқы жетерлік, осыншама қайратты қаламгер бола тұра, баладай пәк көрінеді. Астанаға көшіп келген кезін, Кенесарының ескерткішінің түбінде отырғанын айтады. Кептермен, қарғамен тілдескеніне дейін жазады. Мұны жазу үшін жүрек тебіреніп, бүкіл 62 тамыр июі керек. Ал ондай қасиет кез келген жазушыда бола бермейді. Ол жүректі жылыта алмаса, несі шығарма. Ол үшін қаһарлы хан тағынан түсіп, баладай болып кетуі керек. Оның бәрін ұсақ-түйек деп айта алмас едім мен. Кенесарының ескерткішінің жанында отырғанда, алдына кептер келеді. «Көзін қылиландырып» деп жазады өзі. «Бірдеңе берейін десем, қалтамда ештеңе жоқ, кептерден ұялдым», – дейді. Осының өзі үлкен адамгершілік емес пе?

Әмірхан МЕНДЕКЕ: «Бір кем дүниенің» құндылығы мынада деп ойлаймын. Бұл жерде автор өзінің ішкі сырын жайып салады. Ал роман, әңгіме жазған кезде Шерағаң бәрібір оқырманды ойлап отырады. Мысалы, Тұрар Рысқұловты жазып отырған кезде тарихшыларды ойлап отырады. Сонда сәл де болса оқырманға бейімделеді. Ал «Бір кем дүниені» Шерағаңның күнделігі деуге болады. Рас, Жүке, сіздің сөзіңізбен қосыламын, бұл көркем дүние. Бірақ күнделік іспетті. Адам күнделік жазған кезде ішкі сырын қағазға төгеді. Ол жерде ішкі цензура да жоқ, оқырманды да ойлап, қайғырмайсың. Ал мұндай ойлар өте шыншыл, өте әділетті, бойлауық, терең келеді. Ал адамның ішкі сыры, құпиясы қашан да қымбат.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ: Шерағаңның осы кітаптағы тағы бір ерекшелігі – мойындай білуі. Кешегі өтіп кеткен ақын Бауыржан Үсен туралы жазғаны бар. Бауыржанның Бетпақ далада қырылған ақбөкендер туралы жазғаны бар екен. Хайуан аңның қасқырларынан адамның қасқырлары асып кетті-ау деп

Кәсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
түйін жасайды. Соны мойындап жазады
Шерағаң. Содан кейін орыстардың
Короленко деген жазушысы өтті ғой,
соқыр музыкант туралы жазған. «Осыны
оқыдым да жыладым», – дейді. «Осындай
менің де әңгімем бар, ондай ғып жаза
алдым ба, жаза алмадым ба, білмеймін»,
– дейді. «Жазсаң, осылай жаз», – дейді.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК: Осы
сұхбатқа дайындалып отырған
кезде, Шерағаңның қаламы тиген
кітаптарды қарап шықтым. Шерхан
Мұртаза Шыңғыс Айтматовтың
бүкіл шығармаларын аударған
екен. Анау «Плаханы» алып
қараңыз, қандай кесек дүние.
Соны «Жан пиди» деп аударған.
Қым-қуыт тіршіліктің арасында
жүріп, Шыңғыс Айтматовтай ұлы
жазушының бүкіл шығармаларын
аударып шығу деген жеке адамның
еңбегін, жеке адамның өмірін
қажетсінетін нәрсе. Жазушының
мерейтойына байланысты «Қызыл
жебе» қалың том болып шығып
отыр. Бірақ соның бәрін ысыра

■ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
тұрып, талдауға «Бір кем дүниені» әдейі таңдадық. Әмірхан Меңдеке айтпақшы, бұл жазушының жеке сыры халықтың сырына айналып кеткенін көрсететін шығарма, себебі. Осы тұрғыдан келгенде «Бір кем дүниенің» орны бәрібір бөлек көрінді.

Телеарнадағы сұхбатты «Халық сөзі» газетіне дайындаған – Балжан МҰРАТҚЫЗЫ.

ҚОЛТАҢБА

Ол кезде республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Жамбыл облысындағы меншікті тілшісімін. Бас редактор – Уәлихан Қалижан. Басшы ретінде жасаған бір біліктілігі сол, зейнетке шыққан Шерхан Мұртаза ағамызды «Егеменге» (ауызекі тілде бәріміз қысқартып «Егемен» дейтінбіз) қызметке алған. Ол туралы Шерағаң «Өзім бір кезде басшы болған газеттің бір кішкентай бөлмесінде отырмын» деп басталатын шағын мақаласын оқыдым-ау деймін.

Содан, не керек, 1996 жылы бас редакторымыз Уәлихан Қалижан қасына айбарынан әкім біткен сескенетін мүйізі қарағайдай қаламгер ағамыз Шерхан Мұртазаны, газеттің бірдей бөлім басшылары Аян Нысаналин, Әділ Дүйсенбек, фототілшісі Сиез Бәсібек және тілші Құдияр Біләлді ертіп, өңірімізге сапарлап кеп қалды. Сапар міндеті – елді

«Егеменге» жазылуға үндеу, насихаттау, сол үшін сонау Қордайдан бастап, Меркі, Құлан, одан Тараз асып, әкімдермен әңгімелесіп, оқырмандармен кездесулер өткізу.

Әлі есімде, Қордай мен Меркіден өткеннен кейін, Құланға келдік. Құлан – Тұрар Рысқұлов атындағы ауданның орталығы. Тәуелсіздіктің арқасы да, бұрынғы Луговойдың – Құлан, ауданның – Тұрар Рысқұлов атануы. Оның үстіне Тұрар аты Шерағамыздың жүрегіне өте ыстық, өте жақын. Коммунистік партия салтанат құрып тұрған кезде жанын жалдап жүріп Тұрар туралы үш кітап жазған қаламы қарымды қайсар жазушы. Оған басқа мансаптары мен беделдерін, атақтарын қоссаңыз, түр-тұлғасы, тіпті, аспандап кетеді.

Бірақ, білімсіздігі ме, біліксіздігі ме, әлде кесірлігі мен кесапаттығы ма, Тұрар Рысқұлов атындағы ауданның сол тұстағы әкімі Тұрардай тау тұлға туралы эпопея жазған жазушы бастаған бір топ журналистер келіп, есігінен ішке енгенде креслосынан тұрған жоқ. Бізді қойшы, білдей бас редактор Уәлиханды да менсінбесін, бірақ ана қасиетсіз әкім қазақтың қарқарадай Шерағасына

да отырған күйінде қол созды. «Қап, мынау ит бүлдірді-ау, адам танымай ма, әлде адам тануға адамдығы жетпеді ме? «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария келіп сәлем береді» деген, мына жетесіз ата-баба өсиетінен де жұрдай екен ғой?» деп, менің көңілім әлем-жәлем боп, қабаржып қалды. Бірақ демімді ішіме тартып, сыр бергенім жоқ. Десем де, әкім тарапынын орын алған мына сойқан сорақылыққа Шерағаң қалай «реакция» жасар екен дегендей бақылап отырмын. Шерағаң да ләм-мим демеді. Қабағы түйілді, мұрты тікірейді, еріндері жыбырлады, бірақ арыстанша арс етіп, жолбарысша жұлып түспеді. Жауыншашын алдындағы бұлтты, тымырсық күндей түнерді де қойды.

Міне, менің Шерағаңды тануым осы кезден басталды. Бұрынғы әңгімелеріне қызығу, еңбекқорлығына еліктеу, жазатынын қорықпай жазып, айтатынын батыл айтатын батырлығын бағалаудың бәрі әншейін екен, ал итпен ит болмау деген ең ұлы қасиеті – мен бұған дейін қызығып жүрген әлгі мықтылықтарының бәрін ұстап тұрған тіреуі мен тіреп тұрған тұғыры екен.

Жұртқа жұғымы жоқ әкім басқарған

аудан бишікештері ұйымдастырған кездесуді де жатырқап, жатсынып отырасың. Аудан, ауыл ақсақалдары мен зиялылары, басшылары жоқтай, әлгі әлсіздігін білдірмеу үшін ақшиып отыратын әкім Шерағаң бастаған топты бұрынғы Луговой зооветеринарлық техникумына алып келді. Ол кезде техникумның аудиторияларынын сән, оның жадау-жүдеу студенттерінің көңілдерінен ән кетіп, шаршаңқырап қалған сәттері ғой, кездесу ойдағыдай бола қоймады.

Міне, осы кезде Шерағаң да шамырқанды. Әкімнің кабинетіндегі бұлттай түнерген қабақ қуалап әкелген «жел мен жаңбыр» сүйектен өтетін сөзге айналып, көкіректен әй, бір ақтарылды дейсің.

– Сендерде газетке жазылатын ақша қайдан болсын. Сендер, айналайындар, жатақханада жейтін азықтарың жоқ сияқты, осы кездесуге жиналғандарың үшін де жазықтарың жоқ. Бізді сендерге мына әкімдерің алып келіп отыр. Өкпелерің болса осыған айтыңдар.

Әкімнің қап-қара беті иесінің не ұялғанын, не қызарғанын білдірмеді. Біз қайтқанша бедірейіп, безеріп отырды да қойды.

Содан, не керек, Таразға тарттық. Таразға келген соң да жетіскен жоқпыз. Облыс әкімінің орынбасарлары қонақ үй жағын ойластырмапты. Амал жоқ, Шерағаң, Аян, Әділ, Сиезбек, Құдияр бастаған топты Тараз қаласының №10-шағын ауданындағы пәтеріме қонаққа шақырдым. Бас редакторымыз Уәлихан Қалижан болса жазылымның бар жауапкершілігін Шерағаңа жүктеп, өзі Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай жағына қарай тартып кеткен. Бір айлыққа қараған журналиспіз, барымызды нарымыз деп Шерағаңның алдына тостық. Әйелім мәңгі істепті, соны жедік. Шәй іштік. Есімде қалғаны осылар енді, егер бұлардан да мықты тағамдар жесек ұмытпас ем ғой.

Әйтеуір кітаптарым жиналған сөремнен асығыс іздеп жүріп Шерағаңның «Қара маржанын» таптым. О баста «Қызыл жебені» іздегем, қапелімде ол қолыма түспеді. Шерағаң «Қара маржанға» қабағын түйіп қарап-қарап тұрды да:

«Досхан, Олжас, Индира!!!

Бақытты болыңдар! Шер. Мұртаза.
15.05. 96.»

– деп, қол қойып берді.

Балаларымның аттарын айтқан сайын кім қойғанын, не үшін қойғанын түсіндіріп тұрғам ғой, оның үстіне өңкей мықтылардың аттары, Олжасқа келгенде «Ойхой!» деп қалды.

Шерағаңның сол қолтаңбасы батадай дарып, бүгінде Олжасым әлем жанкүйерлері танитын боксшы болды. Рио-де-Жанейро Олимпиадасына қатысты. Әлем, Азия чемпиондары болды.

Ертесіне, облыс әкімі Амалбек Тшановтың кабинетінде отырдық. Білікті



басшының аты білікті басшы ғой, кешегі өзі де қортық, сөзі де қортық аудан әкімінен көш ілгері екенін көрсетіп, Шерағаңды ағалап, жағалап кісілігін көрсетті. Орнын тұрып қарсы алып, Шерағаңды отырғызып барып орындағына отырды. Кісі сыйлау әдебінде мұның бәрі керек

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____

қасиеттер. Облыс әкімі отырғаннан кейін:

–Қалай демалдыңыздар? Қайда қондыңыздар? – деген жаттанды сұрақ қойды. Қоймаса да болар еді, бірақ өзінің тілінен тапты.

– Көсемәлінің үйіне қондық. Оныншы микрорайонда пәтері бар екен, бөлмелерінің бәрі құстың ұясындай таптар бірдеңе...

Басқа басқа, Шерағаңның облыс әкімімен әңгімесі менің үйімнен басталады деп ойламап ем. Бетім ду ете қалды. Түк түсінсем бұйырмасын. Түнде үйде отырғанда да пәтер туралы әңгіме болмаған. «Маған жаны ашып үлкен пәтер алуға жәрдемім тисін деген шын ниеті ме, әлде өзін облыс басшылары күтпей жәй тілшінің күткенін беттеріне салық қып айтып отыр ма» деп қоям ішімнен. Ал ең масқарасы, осының бәрін Шерағаңа әдейі айтқызып отыр деп мен туралы жаман ойлап қалса ше?!

Амалбек Тшанов алғыр ойдың, жедел шешімнің адамы ғой, дереу қасындағылардың біріне:

– Көсемәлінің үйін дереу кеңейтіп беріңдер, анау Гамалея жақтан (көшенің аты ғой) көп қабатты жаңа тұрғын үйлер салынып жатқан жоқ па, содан беріңдер,

– деп тапсырманы табан астында тарс еткізді. Ал баспасөз мәселесіне мүлде алаңдамауымызды, оны, тіпті, облыс бойынша 100 пайыздан асыра жаздырып беретіндеріне сендірді.

Не керек, Шерағандар облыс әкімінің кабинетінен моншадан шыққандай жіпсіп, желпініп, жеңілдеп шықты. Шерағанды енді Жуалы, Боранды бекет, Талапты арқылы ары қарай Шымкентке аттандыруым керек. Осы кезде Әділ аға Дүйсенбек мені оңашалап ап: «Иликоға базарлық алуым керек деп еді Шерағаң, көк базарларың қай жақта?» дей берді.

Көк базар орталықта. Облыстық әкімдікке тиіп тұр. «Бірақ Илико деген кім болды екен?» деп қоям ішімнен. Егер Шерағаңның өзі «базарлық алуым керек» деп тұрса, онда оңай болмады-ау, шынында. Дегенмен, ойыма грузин жазушысы Нодар Думбадзенің «Мен, әжем, Илико және Иллиарион» деген ғажап повесінің кейіпкері түсе берді. Содан қашан базарға барып, ондағы өзбек, тәжік ағайындардан өрік, мейіз, жаңғақ, алма, алмұрт сияқты тағы басқа да таңсық, жеңсік жеміс-жидектерді бір шабадан ғып сатып ап, оны мәшинеге әкеп салғанша ішімнен «Илико» дедім

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

де жүрдім. Сөйтсем, Илико деген батыр Шерағаңның немересі болып шықты, ал Шерағаң болса оны Илико деп еркелетеді екен де баяғы.



Жалпы, Шерағаңның оны-мұнысын көтерісіп жүруге о бастан құмбыл ем. Мысалы, қаламгер-қайраткер көкеміз депутаттықтан үміткер боп сайлаушыларымен кездесуге шыққан сапарларында да қасына талай рет ердім ғой, сонда түстенген үйлерімізде аудан, ауыл әкімдері Шерағамызға жалбақтап шапан кигізіп, дастархандағы со күйі

желінбей қалған азық-түлкті дорба-дорба ғып салып беріп жатады. Ондайда Шерағаң қабағын түйіп: «Мұндайды-ы-ы дуанагершілік дейді» деп бас тартады. Бірақ халқымызда ұсынған қолды қақпайды дегенге ұқсас «ұсынылған сыйды қайтару» да әдепсіздікке жатады. Сондықтан Шерағаңа тиесілі заттарды үйіне білдірмей жеткізіп тастаудың шебері де боп алғанбыз.

Шерағандар аттанып кеткен соң үйге қарай құстай ұштым. Құстай ұшу себебімнің сыры белгілі, облыс әкімінің аузынан шыққан сөзді әйеліме жеткізіп, сүйінші сұрау. Бірақ әйелім онша қуана қоймады. Әйелдікі де жөн. «Бір батпақтан шығып екінші батпаққа барып батқаннан не пайда табамыз?» деген пәлсәпаның сыңайы. Шынында да, Гамалея жағына қарағанда оныншы микрорайоның ол кезде нағыз «Париж» тұғын. Содан әкімнің көмекшілеріне айтып, үлкен пәтерден өз еркімізбен бас тарттық та, онышы микрорайондағы Шерағаң қонып кеткен үйімізде қыстап қала бердік. Тек бертінде, 2000 жылы ғана қаланың орталығына қарай көшер кезде лыпылдаған біреуге бар болғаны 700 долларға (қате жазды деп түзетіп

жүрмеңіздер – жеті жүз долларға) сатып кете бардық. Аңғалдығымыз, бәлкім, дүние жинауға қырымыздың жоқтығы шығар, әйтпесе сатпасақ та жем-шөп сұрамай тұра беретін еді ғой, екі жылдан кейін Шерағаң қонған үйміздің бағасы 35 000 АҚШ долларына бір-ақ секірді. Сол кезде әйеліме «Әй, бір аппақ джиптен айрылдық-ау!» деп күлдім.

Содан бері «Шерағаңның шапанынан шыққанбыз» дейтін журналистерге «Өзіміз Шерағаңның шапаны мен шабаданын көтеріскен жандардан боламыз» деп қоям әзілдеп.

ШЕРАҒАҢНЫҢ «ШВЕЙЦАРИЯСЫНДА»

(эссе)

Депутаттарға қабырғадан қойылатын сұрақтың бірі «Каникулда қайда барып демаласыз?» боп келеді. Шерағаңа бұл сұрақты қоюдың керегі жоқ. Шерағаң қолы қалт етсе, туған жерге тартады. Ал Шерағаңның туған жері анау-мынау курортыңнан кем емес.

Шерағаң жаңа ғана таудан келіп, сақал-мұртын алып жатыр екен. Сау етіп жетіп келген ұзынды-қысқалы, жуанды-жіңішкелі інілерін көріп, үйінен шықты.

– Өй, гвардияларым, кеп қалдыңдар ма?

Былтыр осы уақытта Талаптыға демалысқа келген Шерағаң сыр шерткен. «Азанмен биенің шикі сүтін ішіп аламын. Сосын інімнің атына мініп, тау аралап қайтамын», – деп еді сонда. Сол

қалыптасқан дәстүр биыл да бұзылмапты. Салт атпен жүру анау-мынау спортыңнан кем емес. Көңілің сергіп, денең ширайды. Таудың таза ауасы мен таңғы самалы қандай ғанибет!

Шерағаңның желе шоқытып аралап қайтатын жерлері – баяғы «Мылтықсыз майданнан» бергі хикаяттары мен әңгімелеріне арқау болған Ақсайдың төңірегі. Ақсай демекші, інісі Батырханның айтуынша, Алатаудың баурайындағы екі ауыл өздерінің болашақ әкімшілік округтеріне ортақ ат таба алмай, әрқайсысы көрпені өзіне қарай тартып, көпке дейін бір тоқтамға келе алмай жүріпті. Талаптыдағы інісінің үйіне келген Шерағаң осы талас-тартыстың мән-жайын естіп, ойланып қалады. Ойланып отырып-отырып:

– Оу, оның таласатын несі бар? Сол екі ауыл да анау Ақсайдың суын ішіп отыр емес пе? Ақсай – екі ауылдың анасы ғой, – дейді.

Батырхан ағасының сөзін таласқан топтың ортасына салғанда, жөн сөзге «бәрекелді» деспеген жан қалмайды.

Ауылдағы қара шаңыраққа ие боп, қара шаруаның төңірегінде жүріңкіреп қалғаны болмаса, Батырхан да әңгімешіл, оқымпаз. Оның отбасынан үзілмейтін бір газет болса, ол – «Жас Алаш». Шерағаң



қазір сол Бәкең жаздырып алатын «Жас Алашты» жамбастап, оқып жатыр.

Кезінде Оралхан, Фариза сияқты тұма бұлақтардың көзін ашқан Шерағаң әлі де ұстаздық ұлағатынан айырылмаған. Тамшыдай нәрседен таудай талапты лупамен қарағандай үңіле іздеп отырғаны. «Жарайсыңдар, батырларым!» деп қояды газеттің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген іні-қарындастарының қаламдарынан шыққан тәуір дүниелерге риза болған кезде.

Шерағаңның інісі Батырханның «қазақтың Бальзагі» атанған атақты Сәбит Мұқановты қалай көргені де қызық. Өзі күліп отырып әңгімелегенде, тіпті тартымды ғып жібереді. Алматыға барған Батырханды ағасы Шерхан Қазақстан Жазушылар одағына ертіп барыпты. Есіктің алдынан ығай мен сығайларды көріп, көзі бақырайып кеткен Батырханға Шерағаң:

– Анау дәу қара машинаны көрдің бе?
– дейді.

– Көрдім.

– Машинаға мініп жатқан дәу қазақты көрдің бе?

– Көрдім.

– Машина бір жағына қарай мықшиды ма?

– Мықшиды.

– Ендеше, сол Сәбит Мұқанов деген

Шерағаңның көңілі сергек. 1 қыркүйек күні Астанада Парламенттің алқалы жиыны күтіп тұр. Шай үстінде арақ-шараптардың әртүрлі байқауларынан төрт рет медаль алған ұзын мойын арақ келді. Бүйірінде «Парламент» деген әдемі жазуы бар. Бірақ, «келгені» бар болсын, жазушылар мен журналистердің тарапынан «ішпейміз» деген жауапқа маңдайы соғылып, дастарқанның бір шетінде жетімсіреп қап қойды. Шерағаң ұрымтал сәтті қалт жібере ме:

– Парламентті сыйламайсыңдар ма, ей? – деп қояды күліп. Содан «Камал кафе» туралы Қалтайдың әңгімелері мен Жамбыл бабамыздың Ақбала, Ақкүміспен айтыстарын айтып, одан бетер күлдірді. Ал Шерағаңның өзі болса, сәлем бере келген інілерінің қылжақы сөздеріне де рахаттана күліп алады. Олардың да айтпайтындары жоқ. Шетінен дап-дайын әңгімелер.

– Осының бәрін жазбайсыңдар ма? – дейді Шерағаң.

– Жазып жатырмыз, – деседі де олар

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
тағы бір күлкілі әңгімені бастап кетеді.

Аттай шауып жүрген Камал досының қапиядағы қазасы Шерағаңа да ауыр тиіпті. Камал аға сол күні ана жер, мына жердегі сабақтарын беріп, академик досы Төрегелді Шармановтың үйіне келіпті ғой...

Шерағаңның «каникулдамын» дегені бекер сияқты. Әйтпесе, күні кеше ғана үнемі алашапқын болып жүретін журналистермен бірге Тұрар Рысқұлов ауданындағы зілзала болған бекетке барып, жаңа үйлердің құрылыс жұмыстарын Үкімет мүшелерімен бірге аралағанын көргем. Кәсіпке адалдық па, әлде, жазушылық әдет пе, қойын дәптеріне бірдеңе-бірдеңелерді түртіп алып жүрді. Енді, міне, ауылына келіп едік, былтырдан бері салынып жатқан мектептің тағдырын сөз ғып, алаңдап отыр.

– Биыл төбесі жабылмай қалса, Жуалының ат құлағы көрінбейтін ақ бораны кірпіштердің бәрін езіп тастайды, – деп қынжылады Шерағаң.

Ә дегенде екпіні тау жыққандай болып келген тараздық «Қамқор» ЖШС-ның жұмысы (бастығы – Фомин деген мырза) сиырқұымшақтана бастаған.

Бір бригадасы зілзала болған аймаққа кетіп қалған. Біз барған күні мектептегі құрылыс жұмысы тоқтап тұрды.

Қаражат жағы да қап түбіндегі бір қағып-сілкуге ғана жететін азық-түліктей мардымсыз нәрсе дейді. О баста мол көрінген 100 миллион теңге жыл сайын өсіп жатқан бағаға төтеп бере алмайды екен. Демек, тағы да жүз миллиондай қаржы керек. Үкіметтен тиісті ақша келіп түскенше, облыс әкімі С.Үмбетов көмектесетінін айтыпты. Шерағаңның ендігі үміті сол.

– Бұл – анау-мынау емес, Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп. Ауылдың екі жүз елу баласы білім алады. Мұны бітіре алмай жатсақ, ел-жұрт күлмей ме? Әне, анау шоқ-шоқ болып тұрған талды көрдіңдер ме? Сол жерде Баукеңнің ауылы болған. Кейін өркениетке қарай біртабан болса да жақындай берейік деді ме, ары қарай дүр көтеріліп, көшіп кетті. Момышұлының өзі болғанда, бәрін бір шыбықпен айдап, ата жұртқа қайтып алып келетін бе еді, кім білсін.

Біз барған күні Жуалының ерінсе екі күн, желіксе жеті күн соғатын ақ боранынан ептеп сыр беретін бір желігіп тұрып алды. Аңғал-саңғал құрылыстың ашық-шашық терезелерінен ұйытқый

соққан суық желдің зәріне шыдамай түшкіріп қалған қалалық қағылездер де болды. Ондайда:

– Өй, не болды-ей, саған түшкіріп, – деп қояды Шерағаң.

Ақсайдың ар жағы – басын ақ қырау шалған кәрі шыңдар. Билікке таласқан саясаткерлер сияқты бірінен бірі өткен биік, бірінен бірі өткен өр. Етектегі құмырсқадай электрот – біздің төбемізден төне қарайды. Дегенмен, сұлу. Басына бұлттар үйіріле бастапты. Кешке қарай жаңбыр жаууы ықтимал. Баяғыда, Шерағаңның тойына жиналған ақын-жазушылар осы өңірдің табиғатын көріп, «мынадай жерде ақын, жазушы болып тұмау мүмкін емес қой!» деп тамсанып еді. Шекесінен қараған шыңдардан Шыңғыс Айтматовтың Шекері де алыс емес. Батырханның ұлы Әлижан бізді сол тауға шақырды. «Келіңіздер, ешкі атамыз... – дейді. – Жақында жабайы ешкілер таудан түседі. Шерағама айтсам, аң ату туралы әңгімені онша жақтыра бермейді. Ол кісіге балық аулаған қызық...». Дегенмен, Шерағаңның «қалыңдыққа» таласқан тау тағыларының бас жағы генералдардың жеңісіндей бақытпен басталып, аяқ жағы қасіретпен аяқталатын әңгімесін тыңдап отырып, көп ұзамай бір жақсы шығарма

туып қалады-ау деп ойладым.

Батырханның есігінің алдына шығып, қайтуға жиналып, қоштасып жатырмыз. Шерағаңның «Швейцариясындағы» әдемі әсерден әлі арыла алмаған мен:

– Шіркін, тауға қарап тұра бергің келеді, ә, – деймін.

– Қазір тауға қарайтын адам қалды ма? – дейді Шерағаң.

Жүзінде біздің дастарқан басындағы қылжақ сөздерімізді қолдап, қошаметтеген күлкіден із жоқ.

ШЫНДЫҚТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

«ДОМАЛАҚ АНА» ДАНАЛЫҒЫ

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті қоғам қайраткері, Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның мерейтойы облыстық қазақ драма театрында қуаныш иесінің пьесасы бойынша қойылған «Домалақ ана» спектаклімен басталды. Спектакльді тамашалауға қазақтың қара сөзін бағалап, саралай білетін билік өкілдері, атап айтсақ, Мемлекеттік хатшы Мұхтар Құл-Мұхаммед, Мәдениет және ақпарат министрі Дархан Мыңбай, облыс әкімі Қанат Бозымбаев және әуезе сөздің абызы, Халық жазушысы Әбіш Кекілбай, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия төрағасы Қуаныш Сұлтанов және «Егемен Қазақстан» республикалық

■ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
газеті» ашық акционерлік қоғамының президенті Сауытбек Абдрахманов бастаған дарынды ақындар, жазушылар, драматургтер, журналистер және басқа да өнер қайраткерлері мен жұртшылық өкілдері келді.

Облыстық «Қазақстан-Тараз» телеарнасының шығармашылық ұжымы түсірген «Шындықтың жебесі» атты деректі фильмнен кейін сахнаға төріне еліміздің еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор Әшірбек Сығай шығып, Шерхан Мұртаза еңбектері бойынша жазылған драмалық шығармаларға жарияланған республикалық жабық конкурстың жеңімпаздарының атын атап, оларды арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапаттады.

Қазылар алқасы конкурсқа түскен 13 сахналық дүниенің ішінен 3 пьесаны озық деп танып, бірінші жүлдені «Байғазы» деген бүркеншік атпен түскен жазушы, еліміздің жастарға арналған «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегрі Айгүл Кемелбаеваның «Ай мен Айша» пьесасына беруді ұйғарыпты. Екінші жүлдені «Сартай Жүсіп» деген бүркеншік аттың иесі, Қызылорда облыстық қазақ

драма театрының көркемдік жетекшісі Хұсейін Әмір-Темірдің «Әулие ағашпен қоштасу» атты пьесасы алды. Үшінші жүлдеге конкурсқа «Айжан қыз» деген бүркеншік атпен қатысқан Жамбыл облыстық қазақ драма театрының әртісі Айжан Атымтаеваның «Қыз қасқыр» деген пьесасы ие болды. Семейлік Айгүл мен жамбылдық Айжанның Шерхан тойында топ жарып, жүлделі орындардан көрінуі ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан ұрпақтар ұлағатының үндестігі мен Домалақ анадан теберік боп келе жатқан даналық дәнегінің сабақтастығындай үйлесіп кетті.

Халық жазушысы Шерхан Мұртаза елі мен жері үшін жазықсыз құрбан болған Тұрар Рысқұлов туралы романынан кейін драматургия саласында бақ сынап, сонау сексенінші жылдардың жылымығында «Сталинге хат», «Бесудің хаты» деген пьесалар жазған қаламгер. Тарих «ақтаңдақтарын» ашып, ұлт пен ұлыс ұлыларын көкке көтеріп, ал ұрдажықтарын әшкерелеген сол шығармалар кезінде Алматы театрларында сәтті сахналанып, азаттық аңсаған елінің еркін ойлы көрермендерін өнер ордасына бір топырлатқан. Текті

ұрпақтың тұяғы Тұрардың бейнесін сахнадан көріп, Сталинмен сөз сайысын естуге елдің таласып, тармасып симай жататын кезі де сол тұс. «Домалақ ана», міне, Шерағаның драматургиядағы сол табысынан кейін дүниеге келген. Оның сахнадағы жолы алғашқы қойылымдарда қалай болғанын көргендер айтар, ал біз көрген, яғни мерейтойға жиналған күллі жұртты толқытып, тебіrentкен «Домалақ ана» халықтың өзіне деген құрметінен, ыстық ықылас пен сүйспеншілігінен кенде болған жоқ. Еліміздің шығысы мен батысынан, солтүстігі мен оңтүстігінен келген көпшілік тікесінен тік тұрып, ұзақ қол шапалақтады. Театр шаңырағы астындағы қол шапалақтаған шатшадыман дүйім жұрттың өнерге деген ілтипаты сол сәт ұлы Мұхтар Әуезовтың рухын да оятып, ол да елімен бірге «пәлі» деп, паңдана күліп, кереқарыс маңдайы жарқырап тұрғандай сезілген.

Бұл күні, тіпті, Жамбыл облыстық қазақ драма театры Алматыдағы «әкемтеатрға» айналып кеткендей болды десек те артық айтқандық болмас. Өйткені оның ылғи қоңылтақсып тұратын залына көптен бері мұндай өресі биік көрермен жиналмаған. Әсіресе, зал толы

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
жұртшылықтың арасынан заманымыздың
заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев
бастаған көрнекті ұлт зиялыларының төбе
көрсетуі шабыттарын шалқытқан әртістер



Домалақ ана-Нұрила – Анар Сағымбекова,
Бәйдібек би – Тұңғышбай Жаманқұлов,
Марау – Майра Әлімбетова, Зеріп – Ерсін
Қалыбаева, Рух – Мәкен Рахымжанова
және Дуана – Ұлан Абзалиевтер жаңа
қырынан танылып, көрермендерді
ерекше тәнті етті. Қостанай облыстық
қазақ драма театрының бас режиссері
Ерсайын Төлеубайдың сахналық сәтті
шешімі Бәйдібек, Марау және Домалақ-
ана – Нұрила арасындағы елдік пен
ерлік, махаббат пен парасат, күндестік
пен білместік сияқты қақтығыстарды

шекспирлік шеберлік деңгейінде ұялмай салыстыруға болатындай беруге бір кісідей талаптанғанын көрсеткен. Мұны көзі ашық, көкірегі ояу көрермендер де байқаған, сахна сырынан хабардар белгілі жазушы, драматург, сыншылар да сезген. Бәйдібек би рөлі арқылы облыс сахнасындағы талантты әріптестеріне көшбасшы болған Халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұловтай талантты туған топырақ өнерін түлету мақсатындағы игі қадамды да Шерхан тойының жаңалығы деп қабылдаған жөн сияқты.

Шығарма түйініндегі Рух пен Домалақ ана-Нұрила арасында өтетін «Не тәтті?» – «Мал тәтті, жан тәтті, жар тәтті», «Не ғайып?» - «Ажал ғайып, қонақ ғайып, несібе ғайып», «Не күшті?» - «Ақыл күшті, жүрек күшті, тіл күшті», «Не жоқ?» – «Аллада бауыр жоқ, аспанда тіреуіш жоқ, жерде сүйеуіш жоқ, таста тамыр жоқ, тасбақада талақ жоқ, жылқыда өт жоқ, аққуда сүт жоқ» деген пәлсапалық сұрақ-жауаптарға Шерағаңның мерейтойлық спектакліне жиналған көпшілік өте тәнті болса, ал Дуананың сахна соңындағы «Сексен деген селкілдек, тоқсан деген домалақ, ей, халайық, бұл не?» деген сауалының жұмбағын ойланып кете барды.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТІРЕГІ

Тәуелсіз ел руханиятына тіреу болатын алтын діңгектердің бірі, әрине, әдебиет, сөз өнері. Ұлы Абай «дертке» теңеген сөз өнерінің қасиетін көтере алатындар бар да, көтере алмай, тізесі дірілдеп құлап түсетіндер де жетерлік.

Шерхан Мұртаза өзінің 45 жылдық шығармашылық нәм қайраткерлік тар жол, тайғақ кешуінде Қыдыр мен Бақтың көзі түскен сөз өнеріне адал болды. Ал адалдық оны абыройға жеткізді. Шерағаңның сонау 60, 70 жылдық мерейтойлары тұсында айтылған сөздер мен жазылған мақалалар жиынтығы мен 80 жылдығы үстіндегі «Шерхан Мұртаза шығармашылығы және тәуелсіз ел руханияты» деп аталатын республикалық ғылыми-практикалық конференция кезіндегі құттықтаулар, баяндамалар, сөздер мен ой-пікірлер соның айғағы.

Ш. Мұртазаның әдеби мұралары ХХ ғасырдың күнгейі мен көлеңкесін

"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

көркем бейнелеген, шындықпен өріліп, шеберлікпен ашылған үлкен мұра болып табылады. Оларды бүгінгі жас ұрпақтың санасына жеткізіп, көкірек көзін ашу аға, апаларының үлкен парызы. Міне осыған орай конференция басталар алдында Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті жанындағы «Шерхантану»



ғылыми-зерттеу орталығы жарыққа шығарған «Қазақтың Шерағасы» атты 5 томдық жинақ пен қайта басылған «Қызыл жебе» кітабының тұсаукесер рәсімі салтанатты жағдайда өткізілді. Оның рәсіміне Мемлекеттік хатшы Мұхтар Құл-Мұхаммед, Мәдениет және ақпарат министрі Дархан Мыңбай, облыс әкімі Қанат Бозымбаев, көрнекті сөз зергері Әбіш Кекілбай және белгілі ғалым

Мекемтас Мырзахмет бастаған көптеген ақын, жазушылар қатысты.

«Шерхан Мұртаза шығармашылығы және тәуелсіз ел руханияты» деп аталатын республикалық ғылыми-практикалық конференцияны ашқан Мемлекеттік хатшы Мұхтар Құл-Мұхаммед Шерағанның біріншіден – журналист, екіншіден – жазушы, үшіншіден – билік саласына атсалысқан көрнекті қайраткер ретіндегі рөлін талдап, тарқатып айтты. Ол «Қазақ баспасөзінің арғы бергі және бүгінгі тарихында Ш. Мұртазадай редактор болған емес» деп, еліміздегі ең үлкен үш газет «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан»), «Лениншіл жас» («Жас Алаш») және «Қазақ әдебиеті» газеттерінде және ең үлкен екі журнал «Жұлдыз» бен «Жалында» ел руханияты үшін еткен ерен еңбегіне тоқталды. Шерағаның ұлттық парламентарииміздің деңгейін көтеруге де қал-қадерінше үлес қосқанын да масаттана сөз етіп, «бұған ердің ері, нардың нары ғана қол жеткізеді» деді. «Арына дақ түсірмей, қайтпас, қайсар тұлға болу екінің бірінің майдайына жазыла бермейді» деп те толғанды. «Тұрардай табанды, Бауыржандай қайсар ол, сол Тұрарды

«ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!..»
қорғай жүріп Тұрарға айналып кеткенін
байқамай қалған азамат» деп, Шераға
еңбегін өте жоғары бағалады.



Мәдениет және ақпарат министрі Дархан Мыңбай «Қаратау мен Тәңіртаудың тоғысқан жерінде дүниеге келген Шерағаң қазақ баспасөзі мен әдебиетінде тағы бір асқаралы тау болып қалары анық. «Ақсақал» деген ұғымнан қашатын қырма сақалды қырқылжыңдар шыққан заманда, «ақсақал» деген сол асқақ ұғымды сөзімен, жөнімен әдебиетте де, өмірде де қайта орнықтырып, қайта қалыптастырып жүрген Шерағаның жолы ерекше» дей келіп, Үкітметіміздің үр жаңа Премьер-Министрі Серік Ахметовтың Шерхан Мұртазаға жолдаған Құттықтау

хатын оқып, табыс етті. Конференцияда бұдан кейін сөз алған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, «Нұр Отан» ХДП өкілі Құмар Ақсақалов, белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әкім Тарази, академик Оразалы Сәбден және басқалар сөз сөйлеп, өз құттықтауларын жеткізді. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» ААҚ президенті, белгілі публицист-жазушы Сауытбек Абдрахмановтың Шерхан Мұртаза өміріндегі өнегелі сәттерді өзіне тән майда тілімен мәнерлеп жеткізе отырып, бір кездері Қазақ Кеңестік Республикасын басқарған Колбиннің «Сталинге хат» спектаклін қалай тамашалағанын, бірақ спектакльді тамашалау үшін жердің үсітмен келсе де, жердің астымен қайтқандай болып қысылғанын мысқыл араластыра отырып шебер жеткізді. Сахнадағы Сталин мен Голощекиннің бейнесін көрген Колбин сол кездегі Горбачев пен өзін көргендей, сол арқылы өзінің шын мәнінде қаңғып келген шүрегей сияқты әлсіз екенін сезінген. Бұл оның жүзіндегі әлемтапырық құбылыстардан анық байқалып тұрған. Міне, Шерхан Мұртаза драматургиясының құдіреті.

Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Темірхан Медетбектің «Ессізді көргенде ашудан қабынып кетесің, толқын ұрған жартастай тас-талқан боп жарылып кетесің. Халқың сені Арда туған арысым дейді, Жонына қол тигізбейтін барысым дейді, Шерхан Мұртаза!» деп тебірене оқыған өлеңі де көптің көңілінен шықты. Белгілі жазушы Қадірбек Сегізбайдың Шерханның шекпенінен шыққандардың да осалдардан емес екенін айта келіп, «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбайдың «Айшаның әні» деген мақаласын оқып отырып, оның «Мұндай адамға көзінің тірісінде қандай құрмет көрсетсе де жарасады. Ол – қазақ баспасөзінің Бауыржанына айналған адам. Бұл кісіге мен ғана емес, кешегі орта буын, бүгінгі буын да, белгілі бір деңгейде қарыздар. Себебі, мұндай редакторлар өте сирек және жоқтың қасы. Тойдың дүркіреп өтетіне күмәнім жоқ. Алайда сол тойдан түйер тағылымды айтсайшы. Менің ойымша, бұдан былай Шерхан Мұртазаның туған күніне бас редакторлардың республикалық кеңесі өтесе» деген ұсынысын тойға жиналған зиялы қауым болып қолдауға шақырды.

«Редакторлардың кеңесі» демекші,

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
редакторлар кеңесі той үстінде
де бітпеген. Екі күнге созылған
мерейтойлық іс-шара барысында «Егемен
Қазақстан» республикалық газеті» ашық
акционерлік қоғамының президенті
Сауытбек Абдрахманов облыс әкімі
Қанат Бозымбаевпен аз-кем әңгімелесіп,
облыс өмірі мен экономикасының бас
газет бетінде көрінуі мен келесі жылғы
жызылым жайын да сөз еткен. Облыс әкімі
Қанат Алдабергенұлы жамбылдықтардың
келесі жылы 20 мыңдық межені алу
үшін барлық мүмкіндіктерді жасайтынын
айтты.

ТӘҢІРТАУ ЕТЕГІНДЕГІ ДУМАН

Шерхан Мұртаза бір сұхбатында: «Қазір елдің бәрі Алатау деп жүр ғой. Бірақ оның о бастағы аты – Тәңіртау. Бұл – Тәңіртау, ана Нарынқолда – Хантәңірі. Алатау деп қырғыздардың бүлдіргені. Алатау деп жүрген солар. Әйтпесе оның аты Тәңіртау болатын» дейді.

Сол Тәңіртаудың етегінде, іргелес екі ауылда қазақтың екі ұлы перзенті, атап айтсақ Орақ-Балғада – Бауыржан Момышұлы, Талаптыда – Шерхан Мұртаза дүниеге келген. «Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Монғолстан, Үндістан, Пәкістан, Иран бардым, мұхитың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркте болдым – олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде оқыдым. Ол да түсіме кірмеді. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін. Түсімде ылғи туған үйімді көремін» деп толқитын

Шерағаңның туған жеріндегі мерейтой салтанаты ашық аспан астында өтті.

Мемлекеттік хатшы Мұхтар Құл-Мұхаммед тау бөктеріндегі Бауыржан Момышұлы ауылының саябағына құрылған сахнаға шығып ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Халық жазушысы Шерхан Мұртазаға жолдаған Құттықтау хатын оқып, Шерағасына тапсырды. «Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді». Елбасының ықыласпен жазған хатының мазмұнына разы болған жұртшылық Құттықтау сөзге ризашылықпен қол шапалақтады. Бұдан кейінгі сөз тізгінін облыс әкімі Қанат Бозымбаев алып, екі күн бойы айтылған сөздерінің тобықтай түйіні ретінде Шерағаңа үш бөлмелі жаңа үйдің кілтін табыс етті. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Байгелді арғы-бергі тарихтан қозғаған сөз сорабын Шерағаныңқайраткер қаламгер ретіндегі дара тұлғасына әкеліп тіреді.

Мерейтой сахнасы көпшілік үшін әсем ән мен тәтті күйдің шаттыққа толы шаңырағына айналды. Бірдің ырысы мыңға жұғады деген осы. Тігілген киіз үйлерге түстеніп, дастархандағы дәмнен ауыз тиген қонақтар жұғысты болсын айтып жатты.

ТӘҢІРТАУ МЕН ЭМПАЙР-СТЕЙТ-БИЛДИНГ

Той өтті. Тондылар кетті. Бірақ Тараз топырағын басып төменде жүрсе де Тәңіртауға пара-пар қайраткер қаламгердің азаматтық ұстанымы, туған ел-жұртына деген перзенттік биік парасат-пайымы алты алашқа тағылым болып тарихтың «киіз кітабына» жазылып қалды.

Тарыдай кезінен Тәңіртаудың ақ бас



шыңдарына ұмтылып, Теріс өзенінің (тауға қарсы аққандықтан Теріс атанған) толқынына қарсы жүзіп өскен Шерхан Мұртазаның қайраткерлік ұстанымы да өзін алақанына салып, төбесіне көтерген кемеңгер халқы сияқты заңғар.

Тоқсаныншы жылдардың соңын ала Шерхан Мұртаза мен Әкім Таразидың АҚШ-қа жолы түседі. Нью-Йорктің көкке ұмсынған зәулім ғимараттарының бірі Эмпайр-Стейт-Билдингтің (мұнараның атын орыс тілінде «Дом Имперского Штата» деп аударуға болады) ұшар басына шығады. Сол зау биіктен төмен қараған Әкім Тарази төмендегі адамдардың жүрісін тырбаңдап бара жатқан тасбақаларға ұқсатып, бұл «қызықты» өзінен бір жас үлкен ағасы Шерхан Мұртаза да көрсін деген оймен:

– Шераға, мына жерге келіп төмен қараңызшы, көшенің шетіндегі жолмен кетіп бара жатқан адамдар тасбақалардан айнымай қалады екен, – деп қасына шақырады.

Төмен қарау үшін Эмпайр-Стейт-Билдингтей тәкәппардың биігіндегі алаңның шетіне жақындау керек. Мұндай тәуекелді көңілі хош көрмеген және АҚШ штаттарындағы бірімен бірі таласқан

неше түрлі ғимараттарыңнан да асқақ
Һәм алып Тәңіртауды ғана мойындайтын
Шерағаң:

– Әй, Әкім, көрсең өзің көре бер, мен
пенделердің тасбақа сияқты тырбаңдап
жүргенін көргім келмейді, мен адамдардың
кеудесін керіп, өр мінезімен оқшауланып,
әрқашан қасқайып, тік жүргенін көргім
келеді, – деп, өзінің өмірлік ұстанымына
Темірқазық жұлдыздай тірек етіп алған
Тәңіртаудың дара перзенттері Тұрар
Рысқұлов пен Бауыржан Момышұлы
мінездерін (өзінің де әрине) меңзегендей,
алаңқай жақтауына жақындай қоймайды.

Әңгіме ақиқатын ішіне бүкпеген Әкім
де ер. «Мен Шерхан Мұртазадан бір жас
кіші болсам да үнемі «Шераға» деп құрмет
тұтамын. Шераға алдымда мұз жарғыш
кемедей өмірдің дауылына қасқайып
қарсы жүрсе, мен кішкентай қайықтай
ылғи сол кемеңің ығында жүремін» деуі
(асқар шыңдай ағаға деген бұл бағадан
Әкім биіктей түспесе, кішірейіп қалмайды)
азаматтық үлкен сөз болды. «Талантты
талант қана танып, талантты талант қана
бағалайды» деген рас-ау.

ШЕРАҒАНЫҢ «41–ШІ ЖЫЛҒЫ КЕЛІНШЕГІ»

96 жасында өмірден өтті

Жақында Талаптыға бардық. Шіліңгір шілденің ыстығында адам жәйдан жәй жүре ме, Шерағаңның, жазушы Шерхан Мұртазаның «41-ші жылғы келіншек» атты көркем әңгімесіндегі кейіпкері Хадиша, ал мына бес күндік жалған дүниедегі жеңгесі Болдықыз ана тоқсан алтыға келген жасында өмірден өтіп, ағайын-туыстарына көңіл айттық. Біздер «апамойлап», ауылдағы жетпістен асқан қайнылары «жеңгемайлап» көріскеннен соң, дастархан басында әңгімелесіп отырдық.

– Жарықтық, ешкімге ауыртпалық салмай бір апта жатты да көз жұмды.

– Осы уақытқа дейін өзі тұрып, өзі жүріп кетті ғой.


– Аллаға да жақсы адам керек, Ораза

■ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
кезінде көз жұмғанын қарашы.

– Құдай қаласа ертең, жұма күні «жүз жасқа келді» деп жерлегелі отырмыз.

– «Жамбылдың жасын берсін» деген осы да...

Мен жұмысқа келе салып Шерағаңның «41-ші жылғы келіншек» деген әңгімесі енген кітапты тауып алып, асыға үнілдім.



« – Сен мені танымай қалдың ба, неге үндемейсің, Мақсұт?»

Ол тіл қатпады. Босағада тұрды да қойды.

– Бір-бірімізді көрмегелі отыз жылға жуық болды, Мақсұт. Сен соғысқа кеткенде мен жиырма сегізде едім ғой.

Ол үндемеді.

– Қартайдым, Мақсұт. Ал сен дәл осыдан отыз жыл бұрыңғы қалпыңда қалыпсың.

Ол үндемеді.

– Танымадың ба, Мақсұт! Мен Хадишамын ғой! Сені әне келеді, міне келеді деп отыр едім. Жұрт көрсе, сені менің балам дер. Сен, сірә, сол сөзден қорқып тұрсың ғой.

Ол үндемеді.

– Босағада тұрғаның қалай, Мақсұт! Төрге шық, өз үйің ғой.

Хадиша Мақсұтты қолынан ұстап төрге алып шықпақ болып, ілгері аттайтын деп еді – орнынан қозғала алмады...».

Тірі адам тіршілігін жасайды. Күйеуі Оқа соғыстан оралмаған Хадиша-Болдықызды ауылдағы ағайындары әмеңгерлік жолмен қайнысы Қорғанбайға қосады. Оқадан Айман атты қыз туған Хадиша-Болдықыз қайнысы Қорғанбайдан да төрт бала көтереді. Бүгінде олардың бәрі өсіп-өнген, жетілген.

Мазмұны мен стилін былай қойғанда, есті ел-жұрттың есінде ерекше атымен-ақ қалатын әңгіме баспадан 1972 жылы жарық көрді. Сол кезде Шерағанның Хадиша-Болдықызы шамамен елулердің үстінде болса керек. Одан бері де қаншама

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." су ақты. «41-ші жылғы келіншек» атанған апамызға қара орман қазағының тәуелсіз ел болғанын көріп, оның тәп-тәтті нанын жеп, тілеуін тілеу бақыты да бұйырды.



Болдықыз апа

Талапты ауылының оңтүстігінде Алатаудың ақбас шыңдары көз арбайды. Солтүстігінде Теріс-Ащыбұлақ көлі қол бұлғайды. Одан арыда қарт Қаратау сілемдері бұлдырайды. Небір тарихқа куә болған олар қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алтын қорына енген «41-ші жылғы келіншек» – Хадиша-Болдықыздың да қазасына куә болып, тым-тырыс тына қалған. Бірақ бұл олардың тым-тырыс тына қалғаны ма, әлде жұма күнгі жаназа намазынан кейін Хадиша-Болдықыз ананың құдай қосқан қосағы Оқамен қайта табысатын сәтін демін ішіне тартып күтіп тұрғандары ма?

Бұл жағы, әрине, жұмыр басты пенделерге беймәлім.

“ТҮСІМЕ ЫЛҒИ ШОЛПАНЖҰЛДЫЗ КІРЕДІ”

(эссе)

Сәлемдескен кезде Шерағаңның қолымды «қысатын» әдеті бар. Аға әзілін түсіне қойған мен де саусақтарым күтірлеп, сынып бара жатқандай оң иығымды салбыратып «ойбай» деймін.

– Не болды-ей? – дейді Шерағаң.

Деген кезде, жайшылықта қату көрінетін қабағына күн қонақтағандай жүзі ерекше жадырап сала береді. Жүзі ерекше жадырап сала берген кездегі көздерінен шашылған сәулелер жан-жағын пештің қызуындай жылытып жібереді.

– Қолыңыз қарулы екен ғой, аға, – деймін мен саусақтарымды «ауырсынғандай» сілкілеп.

Аға мен іні, бәлкім, әке мен ұл деуге де боп қалар, бұл «ойын», сірә,

Патриархқа ұнаған сыңайлы. Сыңайлысы сол, ұшырасқан сайын саусақтарымды «күтірлеткісі» кеп тұратын боп алды.

* * *

Қызмет бөлмем алты қабатты әкімдік үйінің бірінші қабатындағы ұзын залдың сол жақ түкпіріне орналасқан. Бірде Шерағаң облыс әкімінің жиналысы біткенше осы құжырада «аяқ суытып», отыра тұруына тура келді.

Шерағаң үстелімдегі газеттеріме, шкафтағы кітаптарыма қарайды. Ұз-а-ақ үңіледі. Әлдебір әуенді ыңылдап та қояды. «Досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екеніңді айтайын» дегені сияқты. Бір кезде үстелімдегі «Захир» деген кітапқа көзі түсті де:

– Осы кітапты жазған адамды мақтайды да жатады. Өзінің аты-жөніне тілім де келмейді, - деді.

Менің де тілім келмейтін. Көзімді ашқанан қазақша «жылап», қазақша «күлген» менің орысшаға келгенде, әсіресе, оның «ь» деген белгіден тұратын не тұрмайтын сөзін айтқанда тілім бұралып, мүсәпір болам да қалам. Мен сияқты қазақтар қаншама. Бірақ

ешқайсысы «орыстың осы «ь»-не тілім келмейді» деп айтпайды. Ал Шерағаң болса, білдей жазушы, анау-мынау емес, ел есін енді жиып келе жатқан елең-алаңда Мәскеудің білдей МГУ-інде оқыған, орысшасы да әжептеуір (аудармалары қаншама), «Пауло Коэльо» деп айтқанға тілім келмейді деп отыр.

Қандай шынайылық. Қандай ірілік. Қандай кішілік. Біздің кейбір ағаларымыз бен інілерімізге осы шынайылық жағы жетіспей жатады-ау. Қашан көрсең «мен бәрін білем» тыраштанады да жүреді.

Әкімнің ұзақ-сонар жиналысының



Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
бітуін күтіп уақыт «өлтіріп» отырған
ардагер ағаны көңілдендіру үшін:

– Пауло Коэльо ғой, аға, – деп әрең дегенде тілімді бұрадым. – Бірақ алып бара жатқан анау айтқандай ештеңесі жоқ. Қысқа жазуға тырысады. Сосын тілі майда («Көркем» дегенді қазақылап жеткізгенім ғой). Сіздің «Ай мен Айшаңыз» бар ғой, соған келіңкірейді.

Дедім де, ішімнен «осыным асылық болып кеткен жоқ па» деп ойланып қалдым. Өйткені аға көңілі үшін айдалада өзімен өзі жүрген және не жазса да сатып алып (соноу «Алхимигінен» бастап), жата-жастана оқып жүрген жазушым Пауло Коэльоға тілім тиіп кетті-ау деп қобалжыдым. Олжас ақынның «Даланы асқақтату үшін, тауларды аласартудың керегі» жоқ екенін құлағымызға құйғанына жиырма бес-отыз жылдай уақыт болып қалса да әдептілікті ескермегеніме қынжылдым.

Кімнің кім екенін менен сұрайды дейсің бе, Патриарх та үндеген жоқ.

* * *

Бір күні Астанада Ержұман аға Смайыл телефон шалды.

– Шерағаң «Егемен Қазақстан» газетінің тойына Астанаға қалайда келуі керек. Ағаңның баруы мен келу жолына алдын ала билет ала бер. Қаражатын



банктегі кәртчекке газет есепшісі аударып береді.

Ерағаңның сөзі командирдің бұйрығындай. Бұдан кейін «меншікті тілші» деген Жаппар құлда жан қала ма:

– Жарайды, – дедім.

Бірақ билет алу үшін Шерағаңның үйіне барып төлқұжатын алуға тура келді. Үйіне келдім. Сәлемдестім. Қолымды бұл жолы да «күтірлетті». Шерағаңның іш тартатын адамдарымен қол қысысып «ойнайтынын» біліп алғам. «Ойбай, саусақтарымды ауыртып жібердіңіз» деп,

жорта ышқынып жатырмын тағы.

Жолда келе жатып «Патриархтың төлқұжаты қандай болады екен?!» дегендей, қайта-қайта қарай берем. Бірақ ешқандай ерекшелігі де, ешқандай кереметі де жоқ. Кәдімгі төлқұжат. Аты-жөні, туған-жылы, тағы басқалар. Бірақ мен үшін Патриархтың төлқұжаты басқалардың төлқұжатынан бәрібір ерекше сияқты көріне берді.

Кенет басыма «Патриархтың төлқұжатының көшірмесін жасатып алып қалсам қайтеді» деген бір ой сап ете қалды да, «ксерокс» деген дүңгіршектің жанына көлігімді кілт тоқтаттым.

Патриархтың төлқұжатының сол көшірмесі архивтерімнің арасында әлі сақтаулы тұр. Бірақ бұл туралы Патриархқа ләм-мим дегенім жоқ. Деп керегі не. Жасатсам өзім үшін ғой.

* * *

Шерағаңның кейде менің атыма байланысты ұйқастарды қуалап «өлең» шығаратыны бар. «Әлі» деп аяқталатын атқа келгенде ұйқас та мұндай көп болар ма, көлікпен ұзақ жол үстінде келе жатқанда онысын кейде ыңылдап, кейде әндетіп айтып отырады. Тыңдармандарының «контингентіне»

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." байланысты «өлеңінің» бірнеше нұсқасы да бар. Мысалы, бір нұсқасын «Сұрасаң менің атым Көсемәлі» деп бастайды да қулана жымып қойып, «Министр боп өсем әлі» деген жоғары «пафоспен» аяқтайды. Бірақ маған «министрлікті» қимайтындар «Көкейін сұлулардың тесем әлі», «... бірдеңесін шешем әлі» деген ойнақы жолдарды айтса екен деп күтіп тұрады.

«Әкім аға Таразидің «соқасы мен сотасы» туралы өлеңге қарағанда имантаразылау ғой» деп өзімді өзім жұбатып қоямын ондайда.

* * *

Бір күні жұмысқа келе жатсам, ұялы телефоным «әндетіп» қоя берді. Қарасам, «Егемен Қазақстаннан» Самат Мұса екен.

– Көсемәлі, сені Шераға іздеп жатыр. Мынау Астанадағы үйінің телефоны, тез хабарлас, – деді.

Бір қиын тапсырма беретін шығар деп қорқып кеттім. Қорқатын себебім, сыйлы ағаның тапсырмасын орындай алмаудан өткен ыңғайсыз нәрсе жоқ. Бірақ қорықтым екен деп Шерағамен хабарласпау одан да жаман. Сондықтан

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
жұмыс бөлме келе сап, жүрегімді басып,
«бисмиллә» деп телефон нөмірлерін
тердім. Телефон трубкасын Ақбілек апам
көтерді де, бәрі естіліп тұр, «Тараздан
ғой, Көсемәлі екен» деп Шерағаңа
ұсынып жатты.



– Шераға, сәлемәтсіз ба, бұл мен ғой,
іздеген екенсіз.

– Аманбысың, – деп Шерағаң «пауза»
жасады.

– «Хабарлассын» деген екенсіз. Не
шаруа?

– Ешқандай шаруа жоқ. Ана бір
мақаланды оқыдым. Жақсы екен. Жаз.
Жаза бер.

«Ақша жеткен жерге аяқ та жетеді»

деген бір қысқа ғана мақалам жарық көрген. Сол Патриархтың көзіне түсіпті. Көзіне түскен соң оқыпты. Енді соны сонау Астанада айтып тұр.

– Рахмет, аға.

– Ылғи телефон шалам алмайсыңдар, ана газеттеріңнің соңындағы телефон номерлерің қате жазылған ба, немене? – деді сосын.

Үні өте реншіті. «Шіркін, баяғыдай бас редактор болғанымда мұндай майда-шүйдеге дейін қалыс қалмайтын еді» деп күйініп тұрғандай.

Самат Мұса сауын айтқан әңгіме осымен бітті. Дереу Ержұман ағаға телефон шалдым. Осындай да осындай, Шерағаң «хабарлас» деген соң хабарлассам ренжіп жатыр, газетіміздің Жамбыл облысындағы меншікті тілшісінің телефон номеріндегі «2» деген бір цифр артық жазылып кетіпті, соның салдарынан Шерағаң маған қайта-қайта телефон шалып, ала алмапты. Ренжіп жатыр, – дедім.

Ертесіне әлгі «қате» түзетілді. Бірақ «қате» түзетілгенімен, менің көңілімдегі өкініш түзелмей, сол күйі қалып қойды. Өйткені әлгі артық жазылып кеткен «2» деген цифрдың кесірінен Патриархтың

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
қаншама ақыл-ойынан құр қалдым.

Осы оқиға есіме түссе әлі күнге дейін өкінем.

* * *

Облысты Амалбек Тшанов басқарып тұған кезде Шерағаң елге келді. Онда мен Тараз қаласындағы №10 шағын ауданның №16 үйінде 61 пәтерде тұрамын. Әділбек аға Дүйсенбек бар, фототілші Сиез Бәсібек бар, бәрін үйге қонаққа шақырдым. Дастарқанымыздан дәм татты. Үлкен ұлым Досханды таныстырып, «Досхан Жолжақсыновтың орындауындағы «Қарттарым, аман-сау жүрші» деген өлеңнің нәтижесі. Әжесі қойып еді» деп ем, Патриарх «ә-ә, солай ма» деді де қойды. Сосын екінші баламды көрсетіп «Мұның аты Олжас, 1988 жылы «Жалын» баспасының бәйгесінен үміттеніп жүргенде өзім қойғам» деп ем, «ө-ө-әй, не дейді-ей» деп жіберді. Сосын қасындағы нөкерлеріне қарап «Не путайте меня, пожалуйста, с кем попало!» деп кім айтты деп едіңдер, әй» деп, бір күлдіріп қойды. Әдекең «Асқар Сүлейменов қой» деп жатыр кеңкілдей күліп.

Сол тұста жазушы Дулат Исабековтың парасат падишасына айналған «Эмигрант» деген эссесі шығып, қалам ұстағандар жағы таңғала талқылап жатқан. Сол естелікте әлгі сөздің төркіні қайдан және қалай шыққаны егжей-тегжейлі баяндалады.

Күліп алған соң кітапханамнан Патриархтың Мемлекеттік сыйлық алған «Қара маржанын» алып, автограф жазып беруін өтіндім. Маған сол кезде «Қара маржанды» көрген Патриархтың қабағы сәл шытынағандай болып көрінді. Әлде Мемлекеттік сыйлықты «Қара маржан» емес, «Қызыл жебе» эпопеясы алуы керек еді» деген өкініш пе? Әлде, тәуелсіздік алып жатқан кезіміз ғой, кеңестік саясатпен жазылған шығармасына қарны ашып жүрген тұсы ма екен? Әйтеуір, маған «Қара маржанды» көрген Патриархтың қабағы қатуланып кеткендей көрінді. Бірақ қатуланса да Досхан мен Олжасқа жақсылық тілеп, автограф жазып берді. Сол Олжас бүгінде халықаралық дәрежедегі спорт шебері болып, ел намысын қорғап жүрген талантты боксшылардың бірі.

Ал мен... «жалмауызға да жан керек», Патриархтан неге қабақ шытқанын сұрауға қаймықтым.

Бұл әңгімені жақында белгілі қаламгер Әкім ағаның аузынан естідім.

Тоқсаныншы жылдардың соңын ала Шерхан Мұртаза мен Әкім Таразидың АҚШ-қа жолы түседі. Нью-Йорктің көкке ұмсынған зәулім ғимараттарының бірі Эмпайр-Стейт-Билдингтің (мұнараның атын орыс тілінде «Дом Имперского Штата» деп аударуға болады) ұшар басына шығады. Сол зау биіктен төмен қараған Әкім Тарази төмендегі адамдардың жүрісін тырбаңдап бара жатқан тасбақаларға ұқсатып, бұл «қызықты» өзінен бір жас үлкен ағасы Шерхан Мұртаза да көрсін деген оймен:

– Шераға, мына жерге келіп төмен қараңызшы, көшенің шетіндегі жолмен кетіп бара жатқан адамдар тасбақалардан айнымай қалады екен, – деп қасына шақырады.

Төмен қарау үшін Эмпайр-Стейт-Билдингтей тәкәппардың биігіндегі алаңның шетіне жақындау керек. Мұндай тәуекелді көңілі хош көрмеген және АҚШ штаттарындағы бірімен бірі таласқан неше түрлі ғимараттарыңнан да асқақ һәм алып Тәңіртауды ғана мойындайтын Шерағаң:

– Әй, Әкім, көрсең өзің көре бер, мен пенделердің тасбақа сияқты тырбаңдап жүргенін көргім келмейді, мен адамдардың

кеудесін керіп, өр мінезімен оқшауланып, әрқашан қасқайып, тік жүргенін көргім келеді, – деп, өзінің өмірлік ұстанымына Темірқазық жұлдыздай тірек етіп алған Тәңіртаудың дара перзенттері Тұрар Рысқұлов пен Бауыржан Момышұлы



мінездерін (өзінің де әрине) меңзегендей, алаңқай жақтауына жақындай қоймайды.

Әңгіме ақиқатын ішіне бүкпеген Әкім де ер. «Мен Шерхан Мұртазадан бір жас кіші болсам да үнемі «Шераға» деп құрмет тұтамын. Шераға алдымда мұз жарғыш кемедей өмірдің дауылына қасқайып қарсы жүрсе, мен кішкентай қайықтай ылғи сол кемеңің ығында жүремін» деуі (асқар шыңдай ағаға деген бұл бағадан

Әкім биіктей түспесе, кішірейіп қалмайды) азаматтық үлкен сөз болды. «Талантты талант қана танып, талантты талант қана бағалайды» деген рас-ау.

* * *

Патриархтың сексен жылдық тойында көңіл босатып, көзге жас үйірет сәттер де болды. «Баласағұн» бабамыздың атындағы сарайда өткен ғылыми-практикалық конференциядағы соңғы сөз Шерағаңның өзіне берілді.

Шерағаң толқи сөйледі. Мен шамам келгенше Патриархтың аузынан қандай сөз шықса дәл сол қалпында көшіріп алуға тырыстым. Әрине, қойындәптеріме жазып үлгере алмай арасында қалып кеткен сөздері де көп. Бірақ Патриарх айтқан сөздің өзегі мынау болды.

– Ұзақ уақыт неше түрлі мақтау сөздер айтылды. Соның бәрін құлағыма құйып алып жатырмын. Осы сөздің бәрі рас болса, рахмет. Әрине, елімнің бақытты адамымын. Жақсылықты алдан күтемін. Болашақтың аспаны керемет нұрлы сияқты болады да тұрады. Ол кезде мен аспанға... ұшып кетермін. Түсіме ылғи Шолпанжұлдыз кіреді...

Болашаққа үміттеніп қана қоймай, бақилық дүниенің де бар екенін мойындап, ол жақты да ойлай бастаған Патриархың жүзіне көзім түскен менің көңілім босап кетті.

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

ҰЛТ ПЕН ҰРПАҚ

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ – ТҰТАСТЫҚТА

Қазақстан Жазушылар одағы Жамбыл облыстық филиалының директоры, “Жамбыл” әдеби-көпшілік, танымдық журналының Бас редакторы, жазушы Несіпбек Дәутайұлымен әңгіме

– Әркім өзі өмір сүріп отырған қоғамның төл перзенті. Алайда, сол қоғамның күңгей бетін көбірек іздеп, жарық сәулесін көбірек сөз ететін парасатты тұлғалар аз ба, көп пе? Қазақстан – дегенде, «алақай, біз Қазақпыз!» деу бар-жоғы әсіре патриоттық. Немесе «Қазақстаным-ай...» деп болмашыға күңіреніп, «қарағай басын шортан шалдыра» сөйлеу әдетке айналып кетті. Зиялы қауымның елмен етене араласып жүрген өкілі ретінде Сіз бұған не дейсіз?

– Қазақстан тәуелсіздігінің 13 жылы ақыл-есті ұлт үшін ел болашағының ең басты әлемі. Елбасының сөзімен айтқанда, республикамыз қазір толыса түскен, өзінің күші мен мүмкіндігін сезініп, келешекке бағдар ұстаған қоғам. Одан әлемдік өркениеттің барлық сипаты көзге ұрып тұр. Жаһандық экономика мен саяси проблемалар заманында оған лайық мемлекеттік келбетке ие болу кездейсоқ жағдай емес. Онда 13 жылдың теңіздей төгілген тері, домна пешінде қайнаған ақылы, «етікпен су кешкен ерлік», «бөрісі» етекпен тартса да бөктергісінен ырыс-құты кетпеген елдік, айналадағыларда болып жатқан от-жалындардың ортасындағы бейбіт өмір, тарихыңның, тіліңнің, дініңнің қайта оралуы жатыр. Бұл сау түгілі, шала естінің өлген санасын оятатын ұлттық және мемлекеттік тұрғыдағы зор сілкініс, керемет жаңару. Онда намыс дейтін ұлы ұғымның өшпес оты маздап тұр. Ал намыс дегеніміз – ұлттың өзі ғой. Яғни, біз бір-біріміздің намысымызбыз. Елбасына да, барша халқымызға да – намысымыз деп қарайтын кездеміз. Міне, мәселе қайда жатыр?

– **Бірақ бұлай ойлайтын „төртеуіміз“ түгел болмай тұр ғой.**

– Қоғам кейде жоқ жерден алауыздыққа тап болады. Жоқ жерден «жерден жік, екі құлағы тік» шығады. Біраздың Президентке «ойсырата соққы беруі» өнерге айналды. Сонда кемшілік, кем-кетік кімде жоқ? Миллиондаған жылдар жасап, тарихтың миллиондаған сабақтарынан өтсе де адам әлі жүз пайыз жетіліп бітпегені мәлім. Ендеше, Елбасының қызметінен үйдей пәле іздеу – қараудың ісі.

Жалпы, қоғамдағы басы қылтиған кесепатты анаған да, мынаған да апарып таңуға болмайды. Қандай да кем-кетікке, келеңсіздікке бәріміз жабыла жол бердік. Егер соның барлығына тарих алдында жауап беру керек болса, әділет: қазіргі биліктің қатарында оппозиция да, күллі зиялы қауым өкілдері де, басқалары да қатар тұруға тиіс.

Өз басым оппозицияға жау емеспін. Тіпті, олардың кейбірінің ұстанымына тәнтімін. Алайда, мені таңғалдыратыны, оппозиция арасындағы кейбір саяси тұлғалар осы биліктің шекпенінде кісі болып, қатарға қосылғандарын, енді келіп, айғайға аттан қосып жүрген «былық пен шылықта» өздерінің де қомақты үлестері болғанын ұмытып жүрген сыңайлы.

Билік те, өзгелер де мемлекеттік мүдде дейтін бір бастаудан бірдей ағып шығып, нысанаға бірігіп жетуге тиіс. Мұны өзгелер білмейді деу ағаттық. Біледі, бірақ пейіл басқа. Сызат содан келіп түседі. Көбісі табиғи емес, қолдан әдейілеп жасалатын «сен тұр, мен атайын». Оппозицияның серкелері биліктің жағасынан алып, немесе алғансып, сонысымен халықтың жалғыз жанашырындай көрініп, халықтың көңіл-күйімен ойнауға әуес.

Бұл біз тәуелсіздігіміздің 13 жылында әуелі коммунистік партияның, соңынан радикалдардың ішін тесіп бара жатқан жатаберіс тәсіл. Рас, сәл ескіріңкіреген, бірақ ақкөңіл елді әлі де ермек етуге жарайды. Президентті бір түртіп қой, Үкіметке тас ат, жергілікті биліктерге күл шаш. Сөйт те Қазақстанды қараң қалдыр. Мұндай жағдайда өзіміз көксеп отырған қоғамдық саяси және әлеуметтік процестің іркіліссіз ілгерілеп отыруы қиын. Түптеп келгенде, қай заманда да, қандай формацияда да мемлекет атаулының дамып, өркендеуіне жол ашып отырған қоғамдық қуат әлгіндей процестің бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығып отырғаны. Бұл ұлт тұтастығы, оның абырой-намысының бірлігі деген сөз.

– Ұлтқа керегі бір қазақтың озғаны емес, барлық қазақтың саналық жаңаруының теңдей бет алысы. Кешегі Абылай секілді бүгінгі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың көксеп отырғаны да, ұлт боп уыздай ұйый білетін ұлттың ұлы идеологиясы да осы болуы керек дейсіз ғой...

– Қоғамдық саяси және әлеуметтік процеске асығу, аптығу жат. Батыл әрекеттің өзіне де сабыр керек. Радикалдардың батыл ой мен жедел әрекетке шақыруы қаншалықты желіктіріп, ішті тесіп бара жатса да, идеяны жүзеге асыру үшін бүтіндей халықпен эксперимент жасау қауіпті. Тарихқа қараңыз: Лениннің утопиясы не болды? Бір ұлт екіге бөлініп, бір-бірін қанжоса етті. Даму сексен жылға шегеріліп тасталды.

Елбасы тарихтың сабақтарын аттап өте алмайды. Ол өзіміз көріп отырғандай, әлемдік тәжірибенің өткені мен бүгінін бірдей алып қарап, саралай білетін адам. Кез-келген елдің өткенінде халықтың бүгінде, ертең де қажетіне жарайтын саяси ұстаным мен шаруашылық жүргізудің өшпес үлгісі бар, кез-келген бүгінгі

өркениетті елдердің даму ерекшеліктері бар. Осының барлығын санадан сүзу керек.

Оппозиция да, жұрттың кейбір бөлегі де Президентіміздің қызметінен консерватизмді іздеуге құмар, көп іздейді. Ал сол консерваторлар партиясының Англияда кешегі ХХ ғасырдағы билік сайлауында 4 рет жеңіске жеткенін қайда қояр екен. Білгенге, Нұрсұлтан Назарбаев жоғарыда айтқанымыздай өткен үлгілерді өркениеттілікпен шебер ұштастырып отырған биліктегі харизматизмдік тарихи мойындалған тұлға. Ел билігінің ұшар басына шыққан жылдарында ол өз әрекетімен қазақ ұлтында Абылай сынды ақылман десең ақылман, арыстан десең арыстан ұлдардың болғанын және қазір де бар екенін, ары қарай да бола беретінін дәлелдеп берді. Қызыл империяның қылышынан қан тамып, ол Михаил Горбачевтың қолында қылпып тұрғанда, Мәскеудің мінбесінен айдай әлемнің алдында: "Қазақстан ендігі жерде орталықтың айыл тартпасы бола алмайды!" деген сұрапыл сөзді ХХ ғасырда қай қазақ айтып еді?! Кейінірек орыстың бір саясаткері "Назарбаевтың сол сөзінен кейін-ақ, мен СССР-дің күйрейтінін білдім"

деп жазды.

Айналамыз оқ пен өртке оранып жатқан осы он үш жылда, 5 Франция сиып кететін Қазақстанның ұшы-қиырсыз әрі сандаған ұлт жайлап жатқан жерінде тыныштықты сақтай білген кім? Кешегі Кеңсе дәуірінде шет елдің көбісі Қазақстан дегенді – Жамбыл, яғни жеке бір адам деп қана білетін қиыр шет елге енді оның қалың ел, жеке мемлекет екенін танытқан кім?

Басқаларды былай қойғанда, қол созым жердегі Қырғызстанда завод, комбинат басшыларының айлығы біздің ақшамен 2,5-3,5 мың теңгеден аспай, өзбектерің нанға жарымай, тәжіктеріңнің біраз бөлегі біздің қала-қалаларымызда көрінген қазаққа қол жайып, Балтық жағалауындағы мемлекет қазақтан инвестиция алып жатқан жоқ па. Ауыл-ауылымыздың көше-көшесінен қоралы қой-ешкі, үйірлі жылқы, табын-табын сиыр өріске өріп шығып жүргенін неге айтпаймыз.

Базар барсаң, қаптаған семіз ет, көл-көсір көкөніс, киім-кешек. Жабыла алып жатқан ел. Көшеге шықсаң, үлде мен бүлдеге болмаса да, үлбіреп киінген жұрт. Алматы қаласының өзінде ғана 250 мың жеке автомашина бар, шетінен

дерлік иномарка. Ол аз десеңіз, ауыл-ауылда екі үйдің бірінде жеке автокөлік. Кеңес кезінде болып па еді, осындай.

Қарадан қарап қазақты қараң қалдыру түбінде ешкімге абырой әпермейді. Проблема дейміз. Терең ұғынға өзге түгілі, тұтастай өмірдің өзі проблема. Өмірдің, яғни жаратылыстың, сондай-ақ адамның өзінің жеке басының түгел жетілмегенін жоғарыда айттық. Нұрсұлтан Назарбаев өзінен кеткен кемшіліктерді ешкімнен, ешқашан жасырған жоқ. Оппозициянікі соларды енді саусақпен санап, қосып, көбейтіп, аяусыз тұздықтап беру ғана болып жүр. Ар жағы өздерінің ауыздан ақ май ағызатын уәдесі. Уәде – Құдай сөзі дейді ел. Сонда еріксіз ойлайсыз: япыр-ау осылар сонда Құдайға айналған ба?

Құдайға айналу әрине, мүмкін емес. Ал адамға Тәңірінің нұры түсуі мүмкін. Президент – сол Тәңірінің нұры түскен адам. Оның атына демократия деген желеудің жеңінен сала құлаш тіл шығарып, бейпіл сөз айту кімнің де адами және саяси мәдениетсіздігі, ашық жаулығы, кісілік кемтарлығы.

– Әбіш Кекілбаев ағамыз ана жылы АҚШ-қа іс сапармен барып келгенде айтып еді: Бірнеше штатта

болдық. Сонда таң қалғаным, әр штатта губернатор болғандардың жақсысы, жаманы демей барлығының мәрмәрден жасалған бюстін құрметпен сақтайтын ғимарат бар екен. 20-ма – 20, 30-ба – 30...

– Адамдық тұрғыдан алсаңыз да, саяси тұрғыдан алсаңыз да, бұл барып тұрған ғибрат. Ұлттық көргенділік. Ал біз қайтеміз? Қызметінен ауысқан немес етүсіп қалған күні естен шығарамыз. Келесісіне құлдық ұру керек. Ол кетсе, оған да сәлем жоқ. Жазығы не? Жазығы ауысқаны, не босап қалғаны. Сонда адамның жеке қабылет-қарымына қарай төккен терінің, ұйқысыз түндері мен күлкісіз күндерінің обал-сауабы қайда? Ол да елдің баласы емес пе? Елдің баласына елдің елдік құрметі өшпеуін, ол өзгелерге өнеге болып қалуға керек екенін қаперге қалай алмаймыз. Ата-бабамызда бұрындары болған осы қадірлей білу қасиеттен бізді адастырып әкеткен әрине, кешегі Кеңес. Саналы түрде сөйтті. Ерендерімізді естен, жадымыздан жойып тастап отырды. Олардың орнын 150-ден қозы алған, 500 центнерден қызылша өсірген қойшы, қызылшашы алмастырды. Міне, батыр!

■ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
Міне, ер! Қазақ осы! Қазақ – ұлы қойшы, ұлы қызылшашы, тракторшы, тағы не...

– Қазір билік пен халық арасында бір-біріне деген шынайы сенім мен сыйластық бар ма? Үлкенді-кішілі лауазымды қызметке кездейсоқ қолы жеткен жолбикелер билікті қарайым халыққа жеккөрінішті ғып, „қорықанын ғана сыйлайтын“ құлға айналдырып жіберген жоқ па?

– Билік – ел басқарудың сегіз емес, сексен қырлы өнері. Ақыл-парасаттың мінбесі. Ол – халыққа өлшеусіз қызмет етуге үлгеріп қалуға берілетін аса жауапты сәт. Демек, оңай емес. Оңай емес деген бер жақтағы сөз. Ол – қиян-кескі тірлік. Халық үшін етікпен су кешу.

Халық қашанда балакөңіл, яғни өз қамын өзі үнемі ойлай бермеуі мүмкін. Ал билік иесі оның қамын үздіксіз ойламай өмір сүре алмайды. Басқаны айтпағанда, Президент дегенде, осы есте тұруы керек. Жоғарыда айттық қой, ол халықтың өз ұлы. Өз ұлыңның абыройы да, жеңісі мен сәтсіздігі де – өзіндікі.

Қоғамдық процестегі аса маңызды бір фактор – халық пен биліктің бірлігі. Ұлт тұтастығында бұл ең маңызды мәселе. Образдап айтсақ, егер қамшының өрімі

біреу болса, сабы да біреу ғой. Сосын да ол – қамшы. Егер жалғыз сапта бірнеше өрім болса, ол қамшы емес, шыбын-шіркей үркітетін бірдеңеге айналады. Өрімдер бір-бірімен айқасып, шиеленісіп қалады. Бәленің басы осында. Бәленің бәрі жершілдіктің, рушылдықтың әсерінен әлі күнге біреу аспанға қарап ұлып, біреу жерге қарап әупілдеп тұрғандығында.

Біздегі құрып-суалып қалғыр бір жаман әдет осы ататек түгендеу. “Ойбай, ол анау ғой, мынау ғой” көп. Осы орайда, айтпасыма болмайтын жай, біз осы күнге дейін қазақтың тұтастығына қаяу салатын бір әдетімізді тастамай келеміз. Газеттің бетін ашсаң да, теледидарды іске қоссаң да “Үш жүз”, “Үш жүздің басын қосқан”, “Үш жүзге белгілі” деп сайрап тұрған бұлбұлдар. Қазақ үшке әкімшілік аймақ болып қана бөлінетінін айналып өте беретін дертіміз. Қазақ деп қана сөйлейтін уақыт келген жоқ па, осы. Қазақ, қазақтың басын қосқан, қазаққа белгілі деуге тіліміз келмей ме.

Неге келмесін, келеді. Әңгіме саналық мешеулікте. Ұлттық идеология баяғысымен басы қатып жүргендігінде. Осы орайда, біз зиялы қауым немесе әртүрлі деңгейдегі чиновниктер

неге самарқаумыз, қолқанаттық азаматтығымыз неге оянбайды деген сауал туады. Билік иесі – бәріне бірдей бір мезгілде қолы да, көзі де жете беретін спутниктік антенна емес. Ол өз қызметінде жаңағы елдік қолғанаттыққа зәру.

Қит етсе, халықпыз, бізге қарасын, бақсын-қақсын деп үзеңгі бауымызды алты қабаттап шыға келеміз. Екі қолымыз қалтада: "Қане, бұл не бітіріп, не қояр екен, әуселесін көрелік" десіп, сырттай сыншы болып қана отырамыз.

Дені сау адам қоғамындағы, сол қоғамның билігіндегінің жақсысына жүрегі жарыла қуанып, жаманына жаны ауырады. Мәселе, билікте қай атаның тұяғы отырғанында емес, шын мәнінде қай азаматтың отырғанында. Адамды азамат жасайтын, азаматтыққа жетелейтін халықтың өзі, халықтың есті өкілдері. Қазақ хандарының қағаны – Абылайды Төле би тәрбиелеген, Бұқар жырау жебеген. Сол қасиет біздің қадірменді ата, ағаларымызда қаншалықты? Ұлттық ынтымақ-бірлігі адамдардың күнделікті қарым-қатынасынан қалыптасады. Оның бастау көзі – інінің ағаны ардақтағаны, ағаның інінің алдын кеспегені. Бұл кезінде ұлттық қоғамдық процестердің

негізі болған.

Данышпан, кемеңгер ойлар мен пайымдардың асқақ жыршысы болған қазақ, кейде аңдамай да сөйлей салған. Аңғал, ақкөңілдігінен шығар. Болмаса, “алпысқа келгеннен ақыл сұрама” деп айтпас еді. Ақылың асып жатса, алпысқа келгеннен ақыл сұрамасаң (сұрайсың ғой, бірақ) сұрама, ал сыйлауға тиістісің. Адамдық борышың. Тірі жүрсең, өзің де келетін жас ол. Қариясының қадіріне жетпеген қазақты дінсіз деген елденбіз, біз. Өз ұрпағыңды кісілікке қарияларды сыйлау арқылы тәрбиелей аласың. Бала – Әке – Ата дейтін ұлттың өлмес тарихы, өшпес адамгершілігі, бөлінбес бірлігі сонда жасалады.

– Уақыт бүгін кімге де зор жауапкершілік жүктеп отыр. Ол – жұмыс. Біз көксеп отырған қоғамдық процестердің баяны соған тәуелді. Қазір 8 сағат жұмыс уақыты тұрмақ, еңбектенемін дегенге 24 сағат уақыт та жетпейтін заман болды. Іскер істеп, ойлы ойланып үлгермейді. ХХІ ғасырдың осы ырғағына қайтсек ілесеміз?

– Кешеге дейін анаумын да мынауумын, атақтымын да, көрнектімін,

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." социолог та мен, политолог та өзім, демограф та, тарихшы да осы бауырың деп, көрінген жерде кимелеп, көрінген нәрсеге қыстырылып жүргендер бүгіннің жел жетпес ұшқыр ойына, шапшаң пайымдауына, шұғыл шешіміне лайық бола ала ма? Президенттің: "қызметкерлердің кәсіптік деңгейі" дегенді жиі-жиі айтып жүргені бекер емес. Қоғамдық процестің баяны соған тәуелді. Ал қазір көптеген құдайдың құлдары мемлекет мекемесін күн сайын әйтеуір адаспай тауып келіп жүргеніне мәз. Енді осы мемлекет ақшасын қарадан-қарап алып жүрген кәсіптік деңгейден жұрдай, қабілетсіз, жиырмасыншы ғасырдың 30-шы жылдарының ойымен омалып қалған кісәпірлерден қалай тазаруға болады?

Менімше, көп жағдайда іркіліп, титықтап қалатынымыз, тікелей осы кадр құрамының әлсіздігінде. Кейбір мемлекет мекемесіндегі қызметкердердің орта жасы – 50-дің айналасында. Көптеген мекеме басшылары кадрлар резервін жасауды мүлде қаперлеріне алмаған. Оның орнына кәсіптік деңгейі о бастан ойқы-шойқы, енді оның терісін тірідей сыпырсаң да дым шықпайтындармен "шықпа жаным, шықпа" деп отыр.

Қоғамдық процесс – ақылымен алып та, шалып та жығатын алғыр мінезділерге тәуелді. Әттең, сондайлар аз. Мысалы, ауыл, аудандық жерлердегі жұрттың санасына қоғамдық процестің мән-мағынасын жеріне жеткізуге тиіс атқа мінерлерді көрсем, көбісі жүріс-тұрысымен, сөзі-ісімен, пайымдаумен сонау өткен ғасырдың елуінші жылдарындағы орысшасы: “Айт, дыба! Бирот, бирот!”, қазақшасы: “О, қызынды...” деп келетін шолақ белсенділерді еріксіз елестетеді. Жетпісінші жылдары Краснодар ауданы дейтін құрылды. Сонда бір ағамыз аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істеген. Президиумда үнемі ұйықтап отырушы еді. Сол енді, ертеңгілік өзіне қарасты қызметкерлерін кезек-кезек шақырып алып: “Ауданда осы не жаңалық болып жатыр, а? Сендер маған айтып тұрсаңдаршы. Сөйтіндер. Әйтпесе, прозевать етіп алып жүрсем, ұят қой” деп отырады екен. Қазіргілердің көбісінің сол ағамыздан айырмашылығы шамалы. Қоғамдағы күнделікті өзгерістерді түбінде тұрып білмейді. Бетінен қалқиды, долбарлап бағамдайды. Процестерге көзқарасын білгің келсе, “Шынында осы не болып жатыр?” деп өзіңнен сұрайды.

Күлесің бе, жылайсың ба?

Сонда дейсің ғой, осы ұйқылы-ояулармен ұлтымыздың "ашса алақан, жұмса жұдырық" болатын тұтастығына қашан, қайтіп жетеміз. Жалпы біз ұлттық тұтастықтың сыртқы (той жасап, ас беріп, ат шауып және басқалары) сипатын малданып, ішкі мазмұнына мән бере алмай жүрміз. Қуаты, жан тазалығы деңгейлерінің бір-біріміздегі теңдейлігі ескерілмейді.

Ұлттың ынтымақ-бірлігі дегенде, айтпауға болмайтын тағы бір әңгіме бар. Н.Назарбаев ескерткендей: "Қазақ болайық, қазақтың ішінде қалайық", деп тым "қазақтана" беру тұйықталуға апаратын өркениетсіз жол. Бізде әсіре қазақшылдар көп. Әсіре ұлтшылдық – әлем-жәлемдік, әртістік. Әсіре ұлтшылдық - өз ұлтыңның қадір-қасиетіне, адамгершіл бітіміне жасаған залал, беделіне нұсқан. Ақылды ұлт өзімен бірге жүргендердің тәжірибесінен, білімінен, өзіндік өнегесінен, таным-пайымынан, мәдениетінен, іскерлігінен қажетін алып, үйренеді. Отандық дамуда ортақ игілікке қызмет етуіне икемдеп, барлық жағдайды жасайды. Кезінде орыс империясының финанс, юриспруденция,

тағы басқа күрделі институттарын немістің, француздың білімдарлары жасап берген. Өтініп шақырып жасатты, Ресей азаматтығын, титулдарын берді. Қазір базарыңыздағы көз жауын алған аса сапалы былғары тондарды Түркияға сонда тұратын қазақтар жасап беріп жатыр.

Тізе берсек мындай мысалдар көп. Ақылды адам ұлттық артықшылықты емес, демографиялық артықшылықты ойлайды. Өс, өн. Өзгеге алакөзіңмен қарама, саусағыңды кеземе. Не істеп, не қоясың, күллі дүние қарап отыр. Тәуелсіз халқың, мемлекетің бар. Алайда, өзге емес, өз ата-бабаң айтқан “адамның күні – адаммен” деген парасатты пайымды, жалпы адамзаттың адамгершіл нормасын айналып өтпе.

Елбасымыз осы концепцияның барлығына бірінші кезекте, бірдей назарын аударып отыр. Ынтымақ-бірлігін сақтай алған жағдайда қазақстандықтардың жоғары тұрмыстық жағдайға жететініне, әлемде тиімді дамып келе жатқан елдердің қатарына қосылатынына сенеді. Осыдан келіп ол ұлы Абайдың: “Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек” деген ғибратын алға тартады...

– Халық білім мен кәсіптік деңгейді де ойлау керек қой...

– Біздің ұлттық, азаматтық мүддемізді, тұтастығымызды сақтай алатын тек аса саналы, аса іскер ұрпақ. Саяси, адами мәдениетіміз де содан өрбіп шығады. Халқымызға ұлы ұстаздықтың негізін осыдан іздеуіміз керек. Президентіміздің білімге аса ден қоятыны, білім – сана, кәсіптік деңгей биіктігіне ден қоятыны да сол. Халықты тарихи тағдырының кез-келген жолынан қақтырмай-соқтырмай аман алып өтетін, ұлттық тұтастық дәстүрін сақтай алатын, өз қолын өзі кеспейтін, жау жағадан алғанда бөрі етектен тартпайтын, билік иесін де, өзгені де досқа күлкі, дұшпанға таба қылмайтын, бәле іздеуден, жала жабудан аулақ, елді ірітетін жат пиғылдан шет, жұртты түгел күннің нұры көбірек түсетін жерлерге жетелеп отыратын тек қана білім – сананың, кәсіптік деңгейі жоғарылардың қолынан келеді.

Елбасымыз халқымыздың денінің саулығын, денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істей алмайтын, өздігінен табыс табуға мүмкіндігі жоқ жандарға жасайтын қамқорлық, ұзақ мерзімді келешекке бағдарланған, ауқымы жағынан теңдесі жоқ тұрғын үй

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
бағдарламасын алға тартты. Бұл енді
халқын сүюдің дәлелі.

Мен кәсіпқой жазушымын. Ендеше,
мұның саясатта несі бар, деп ойлаушылар
да болар. Әдебиет өз қоғамынан, өз
халқының мұрат-мүддесінен, қоғамдағы
саяси және әлеуметтік процесінен аулақ
тұра алмайды. Ақыл-есті, шын мәнінде
қаламгер жүрегінде елдік мәселеде
кешегі ұлы абыз-жыраулардан қалған
ғибрат гүлдеп тұрады. Олар ешқашан
билікті халыққа, халықты билікке айдап
салмаған.

Билік пен әдебиеттің мемлекеттік
мүдде, ұлттық абырой мәселесіндегі
бірлігі, түптеп келгенде, қоғамдық
азаматтық. Біз өз еркіндігімізді енді алған
жас тәуелсіз мемлекетпіз. Билік болсын,
әдебиет пен өнер болсын, басқасы
болсын ел және оның бүгінгі тағдыры мен
келешегі үшін бірдей жауапкершілікті
сезінетін жеріміз, осы тұс. Мен осы
ретте Жамбыл облысының бұрынғы
әкімі, қазір министр Серік Үмбетовтың
есімін құрметпен еске аламын. Себебе,
ол әдебиеттің ұлттық мүдде, қоғамның
адамгершіл нысанасы, халықтың рухани
мықтылығы, денінің тазалығы, саналық
жаңаруында әдебиеттің орасан зор
үлесін білді. Сөйтіп облыстағы ақын-

жазушыларды қамқорлыққа алды, степендияларын 50 пайызға көбейтті, 5 жылда облыс бюджеті есебінен кемінде екі кітаптарын шығарып беріп отырды. Республикаға тарайтын «Жамбыл» әдеби-көпшілік, танымдық журналдың шығуына жол ашты. Ауыл жылына байланысты, «Ауыл аясында» айдарымен облыс ақын-жазушылары арасында әдеби-жабық бәйге ұйымдастыруға 1 миллионға жуық қаржы тауып берді.

Ментаяуда облыстың жаңа әкімі Бөрібай Жексенбинмен әңгімелестім. Сонда жақсының ісін жақсы жалғастыратынына куә болдым. Әуелі бұл азаматқа кейбір лауазым иелеріндей ыңыранып сөйлеп, кербағып отыру (бір кезде мұнда дүйім ақын-жазушының алдында «Кітап деген немене. Кітап деген макулатура» деген әкімді де көргенбіз) мүлде жат болып шықты. Бөкең осы жылы шығармалары бұрын кітапта жарияланып көрмеген жастардың біз дайындап ұсынған ұжымдық жинағы мен алдағы жылы 60-қа толғалы отырған ақын Шырын Мамасерікованың таңдамалысын облыс бюджеті есебінен шығаруға қаулы шығарып, оған қолын қойып қойыпты.

Журналға қажетті қаржы жөніндегі

өтінішіме сергек қарап, бірден қолдауын көрсетті. Билік иесі өркениеттілік танытып отыр ғой. Хош. Билік осылай істеп отыр екен. Ал енді соған ақын-жазушылардың көрсетіп жатқан қайтарымы қандай. Шындық мынандай: біздің қаламгерлердің денінде қоғамдық белсенділік жоққа тән. Оның орнына өзін-өзі айтулыларға теңеп, жөнсіз масайрау көп. Міндетсінуге бейім. Сірә, шын талант емес. Шын талант қоғамның тағдыры дегенде, тар жол, тайғақ кешеді. Әсіресе бүгін. Бүгін қоғам кез-келгеніміздің азаматтығымызға сусап тұр.

Өсетін, өнетін қоғамда барлық шаруаны билікке қарата сырып тастамайды. Кез-келгеннің есіл-дерті елім деп тұратын, сөйтуге тиіс заман келді. Тәуелсіздігіміздің тағдыры, болашағымыздың кепілі осы.

Жоғарыда ұлттық тұтастық жайлы жиі-жиі айттық. Себебі, биліктің ең ұшар басы мен қайнаған қара шаруаға дейінгі аралықтағы қай-қайсымыз ортақ арнамыспен өмір сүруге міндеттіміз. Ұлт – намыс екен, сол ұлттың, түгелдей алғанда мемлекеттің, онда тұратын қазақстандықтардың болашағы үшін «жан беріп, жан алып жүрген» Елбасымыздың, сол Елбасымызға сенім, құрметпен қарап

■_____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." отырған халықтың намысын теңдей жыртайық. Сонда біз жаһандану заманы дейсіз бе, өркениетті дәуір дейсіз бе, кез-келгеніне лайық боламыз. Сонда біз әр ғасырда ұлы бабаларымыздың арманында өмір сүрген есті Ел боламыз.

СОҢҒЫ КӨШ, СОНЫ СОҚПАҚ

“Сөйтіп 1994 жылғы шілдеде астананы солтүстікке 1000 шақырымнан астам жерде жатқан далалық Ақмолаға көшіруге шешім қабылданды...”

*Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.
«Еуразия жүрегінде».*

2001 жылы Рим Папасы Иоанн Павел II Астанаға келді. Сапарға сараң, сөзге сақ дінбасының жер шарында аяқ басып, қызыл тілге ерік берген елі некен саяқ. Шартараптың шешендері мен көсемдері шақыртып келтіре алмайтын, ойы мен пікірін кез-келген саясатшыға шүленше тарата бермейтін дегдар діндар Сарыарқаның омырауындағы сары алтын-сынды сұлу шаһардың төрінен төрткүл дүниеге қолын бұлғап, «тәкбір» айтты. Оның (жаның жаннатта болғыр) «мен бір кездері мәдениет пен сауданың маңызды орталықтары болған Баласағұн, Меркі, Құлан, Тараз, Отырар,

Түркістан секілді қалаларға таңданыспен көз саламын. Оларда Еуропа үшін Аристотельді ашқан Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап ғылымның, өнер мен тарихтың көрнекті қайраткерлері тұрған» дей келіп, жыл сайын жетілген желектей желкілдеп келе жатқан Астананың сән-салтанаты мен жарқын болашағы туралы айтқан уәлі уәжіне әлемнің бірлік пен тірлікті нығыметтейтін барша жұрты куә болды. Бұл, біле-білгенге, қарға тамырлы қазағының кеңестік қасаң дәуірден кейін адам танымастай қайта жанданғанын дүние жүзіне танытудың Н. Назарбаевқа ғана тән тағылымды тактикасы болатын.

Астана бұл кезде небары 4 жаста еді. Қазақ «он үште отау иесі» дейді. Астана болса төрт жасында-ақ сексеннің сеңгіріне шыққан Ватикан ақсақалы Павел II-ге исі қазақтың атынан сәлем беретін ақылман бидің міндетін абыроймен атқарды. Атқарғанда, танымал дін қайраткерінің алдында ант пен аманатқа адал, мақсат пен уәдеге берік, сөз бен істің тізгінін тең қаққан білікті елдің ірілігін көрсетті. Жоғары мәдениетін паш етті. Алыс-жақындағы дос сүйініп, дұшпан күйінген бұл біліктіліктің артында, әлбетте, кешегі ел билеп, сөз ұстаған хандар мен

билердің, батырлар мен ақындардың, шешендер мен жыраулардың жаңа буыны Нұрсұлтан Назарбаев тұрғанына ешкім шүбә келтіре алмас. Өсіп-өнген елге лайық бұл кісілік пен кішілік үндесе келіп, реті келсе қазақ өркениеті мен тарихын тілі жеткен жерге дейін тәрк етпек болып жұлқынып жүргендерді де бір тұқыртып тастады.

Жалпы, қазаққа кереметтің бәрін сырттан іздейтін жалпылдақ мінезді қоя тұру керек сияқты. Петр І-ші, Вашингтон, Ататүрік дейміз. Делік. Білгеннің пайдасы болмаса, зияны жоқ. Бірақ қазақ тарихындағы жаңа дәуірдің барлық жауапкершілік жүгін арқалаған Нұрсұлтан Назарбаевтің ерен еңбегін бүгін айтпағанда, қашан айтамыз? Халқының қара қазан, сары баласының қамы үшін ел астанасын Алатау мен Арқаның, Алтай мен Атыраудың кіндігіне көшіруінің өзі-ақ оны өзге елдің ірілерінің қатарына шығарып отырған жоқ па? Мәселе, осы ұлылықты кісілікпен бағалай білуде болып отыр.

Рас, Астананың атасы да, анасы да – Тәуелсіздік. Тәуелсіздіктің жөргегі – тәтті, перзенті – текті. Шығыс пен батыстың білгірлері алтын айдарлы,

ақ ордалы Астанадай перзенттің бас-аяғына сұқтанып үлгергенше ол ай сайын өскен Алпамыстай асқақтап кетті. Нұрсұлтан Назарбаев, біле білгенге, сол тәуелсіздіктен кейін 3 жыл өткенде дүниеге келген Астана идеясының толық құқылы авторы емес пе?!

Астана 4 жасқа толған жылы жазда Бішкекке барып, дүние жүзіне танымал жазушы Шыңғыс Айтматовқа жолықтым. Еліне келген қонақтарды құшақ жая қарсы алып, қылпып тұрған қырғыз ағайындарға рахмет, «Оба, Чықаңның үйі Алатоо жақта, қазір-ақ алып барабыз» деп, автобустан түскен бетте аяғымызды жерге тигізбей «жетелей» жөнелді. Суреткердің үйіндегі әңгімеде мен сөз тізгінін «қайтсек ел боламыз, қайтсек етек-жеңді жинаймыз» деген мәселеге қайта-қайта бұра бердім.

– Чықа, кеңестік дәуірден кейін өз алдына тәуелсіз ел болған Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты елдердің жағдайына Еуропаның мәдениеті мен экономикасының биігінен қарап отырсыз ғой. Осы мемлекеттер ел болып, «етек жауып» кете ала ма?

– Ел болады. Бірақ қиыншылықтар өте көп. Өзі-өзіне келгенше әлі талай

азапты басымыздан өткереміз. Кейде адам баласы қиыншылықты басынан өткермесе, шындықтың не екенін, бақыттың не екенін білмейді. Мына тарих бізді қазір сынап жатыр. «Қане, сіздер жарайсыздар ма, жарамайсыздар ма?» деп. Осы сынақтан өтеміз. Бірақ, сынақтан өту өте қиын. Неше түрлі жағдайлар болады. Түңілетін кездерің де болады. Қайтадан қайраттанасың. Бұл өзі тарихи процесс...

– Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа деген көзқарасыңыз қалай? Қазіргі ұстанып отырған саясаты дұрыс деп ойлайсыз ба?

– Меніңше, мықты кісі ғой. Астананы көшірудің өзі ерлік қой. Оған шыдайтын кісі ғана, шыдайды. Ескі үйіңді тастап, жаңа үйіңді соққанның өзінде қиналмайсың ба? Алматыдай шаһарын айрандай ұйытып қойып, тағы бір шаһардан қазақ елінің жаңа Астанасының шаңырағын көтеру оңай тірлік емес ол...

«Туған ай тураған ет». Осы әңгімеден кейін де бес жыл сырғып өте шығыпты. Шыңғыс ағаның «бірақ, сынақтан өту өте қиын. Неше түрлі жағдайлар болады. Түңілетін кездерің де болады. Қайтадан қайраттанасың...» деген сөздерінің кебін

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." қазір қырғыз бен өзбек ағайындар бастан кешіп жатыр. Қазақ елі ғана тәуелсіздіктің он бес жылында он бес ғасырға бергісіз бел асты. Ал 8 жасқа толған Астана күні кеше ғана ғарышқа өз жер серігін ұшырды. Батыр ақын Махамбет Өтемісұлының:

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға,
Қас үлектен туған кәтепті
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-біріндеп сөксе де
Қабағын шытпас ер керек,
Біздің бүйткен бұл іске!..

деп келетін сертке ұстар семсер жыры осындайда айтылғандай. Елбасы – елін, елі – Елбасын жебеді.

«Адамның тірісінде өсектен аманы жоқ, өлген соң жаманы жоқ». Елбасы тоқсаныншы жылдардың басында Астана туралы түн ұйқысын төрт бөлген арманын алғаш рет айтқанда көрінген керауыз күлкі қылды. Ерінбеген «ертегісін тағы бастады» деп сынады. Солардың біреуі де Елбасы ұсынысының тереңіне бойлай алмады. Иірімінен жүректері шайлықты.

Етек-жеңі мол елдің жағрапиялық саясаты тұрғысынан дәл таңдалған қаланың болашақта қазақ мәдениеті мен өркениетінің көз суырар сүйікті үлгісіне айналарын түсінгілері келмеді. Ұлы істерді жүзеге асыру үшін ұлы бастамаларға батыл бару қажеттігін пайымдамады. Басы – қыс, баурайы – жаз Алатаудың бөктеріндегі жылы орындарынан суытқысы келмеді. Ондайлардың арқа сүйеген мысалдарының мықтылары Сарыарқаның сарышұнақ аязы мен сары масасынан аса алмағаны да сондықтан шығар. Бүгін сол пысықтар аузына тобық тығып алғандай үнсіз. Ғылым мен білім, әдебиет пен өнердің қасқалары мен жайсаңдары да Астанаға шоғырлана бастады. Астана деген атты ерсі көрген күлекештердің құлақтары да жаңа атауды, неге екені белгісіз, жатсынбай кетті. Қазір күллі қазақстандықтар үшін Астана темір жол бекеті Мәскеудің тоқсан тарау Қазан вокзалын елестетеді: бірі келіп, бірі кетіп, сапырылысып жатқан жұрт. Келгеннің де, кеткеннің де жүздерінен беймарал елдегі бақуат тірліктің нышаны сезіледі. Құмырсқаша қыбырлаған адамдар қарамы мол буыншақ-түйіншектерін пойызға бірі артып, бірі түсіріп жатыр.

Қарап тұрып «тәубе» дейсің. Петр I Ресей астанасын Мәскеуден Санкт-Петербургке көшіргеннен кейін орыс боярларының етек-жеңіжинақыланып, мінез-құлықтары өзгере бастағаны сияқты, Н. Назарбавтің Астана атты үлкен орталықты дүниеге әкелуі де қазақтар мен қазақ елін отаным дейтін барша қазақстандықтардың мінез-құлқын түбегейлі өзгертіп жіберген.

Ресей дегеннен шығады, биыл елімізде А. С. Пушкин жылы жарияланғаны белгілі. Сол Александр Сергеевич «Карамзин – біздің алғашқы тарихшымыз және соңғы шежірешіміз» деп бағалаған Н. М. Карамзиннің «Ресей мемлекетінің тарихы» деген 12 томдық үлкен еңбегі барын көзі ашық, көкірегі ояу жұрт біледі. Орыс халқының Гомері-сынды сол тарихшының екі ғасыр бойы жарияланбай келген «Ежелгі және жаңа Ресей туралы» деген еңбегімен танысудың сәті түсті. Карамзин сол жазбасында Петр I-нің еңбегін бағалай келіп, оның еуропашылдығын сынап-мінеп: «Біз әлем азаматы атандық, бірақ кейбір жағдайларда, Ресейдің азаматы болудан қалып барамыз» дейді. Сол Карамзин Петр I-нің Еуропаға айқара ашқан «терезесінің» арқасында орыс халқы бүгінде ғылым мен білімнің,

әдебиет пен мәдениеттің бәсекесінде дүние жүзіне танымал держава болып отырғанын көрсе, бәлкім, кейбір ойларына түзету енгізер ме еді, қайтер еді деп ойлаймын. Мәскеу – Санкт-Петербург сияқты (қызыл төңкерісшілер болмағанда Санкт-Петербург әлі де Ресей асатансы болып тұра берер ме еді, әлде қайтер еді?..) Алматы – Астана шежіресінен де болар елдің балаларына тән ауызбірлікті, өркениетке ұмтылған ізгі қадамдарды айқын байқаймыз. Қазақ екенімізді ұмытпай, қазақша салт-дәстүрімізді сақтап, қазақша сөйлеп, қазақша ойлап, әлемге танымал ел болып жатсақ, қанеки! Елбасы Қазақстанды таяу жылдарда әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу туралы міндетті бекер айтқан жоқ. Дүние жүзінде ғарышқа өз жер серігін ұшырған 25 ел болса соның 26-сы Қазақстан болды. Ендеше өркениетті 50 елдің ауылы да алыс емес сияқты.

Түркілер мемлекетінің туын ұстаған Бұмын қағаннан бүгінгі Президентке дейінгі шежірені парақтасақ, қазақ қазақ болғалы көшті де, көшелі сөзді де, ақаршақар астананы да басынан көп кешіріпті.

Суяб пен Сығанақтан сұлу Сыр бойындағы Ақмешітке дейінгі тарих өз алдына бір төбе. Кеңес өкіметінің кемеңгерлері қазақтың соңғы астанасы – Алматы деп сендірмек болып еді, жоқ, Тәуелсіз жаңа тарихымыз әлемдік аренаға Астананы алып келді. «Соңғы түйенің жүгі ауыр». Тәуелсіздік жүгі де жеңіл емес. Астанамен – қазақ халқының көшпелі салт-дәстүріне нүкте қойыла ма? Әлде абыз уақыттың әлі де болса өз кешіп-пішкені бар ма? Елбасы ойы көшпелі елдің тарихындағы астаналар көшіне осымен нүкте қойылса дейді. Ел-жұрттың білері, бүгінгі Астана – тәуелсіз қазақ елінің жасампаз жаңа шежіресінің басы. Нәпақасын әдебиет пен өнердің төңірегінен тауып жүрген ағайындар жақсы біледі, шығармашылық ізденісте жүрген адамның ойынан болашақ туындысы ешқашан шықпайды. Санаулы адамдардың ғана тағдырына бұйырған бұл ерекше қасиет Елбасының бойынан да байқалды...

Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойы дүркіреп өтіп жатқан. Орталық стадион той қарсаңындағы күрделі жөндеуден кейін тотыдайын түрленіп кеткен. Төрде Елбасы отыр. Стадионның шығыс қатпалына арнайы отырғызылған

жастар қолдарындағы жалаушалар арқылы «Қазақстан», «Тәуелсіздік», «Назарбаев», «Тараз», «2000» деген жазуларды сан алуан түспен бірінен кейін бірін жарқырай көрсетеді. Көріністің соңында алаң ортасына Тәуелсіздік монументінің макеті жылжып келіп тоқтады. Ел-жұрт дуылдата қол соқты. Режиссердің тапқырлығына дән риза болғаны. Шыны керек, сол дулы топтың ішінде біз де алаңсыз жүргенбіз. Бірақ ертеңіне министрлердің қасындағы бір қаламгер көкемнен тойдан алған әсерін сұрап едім:

– Бәрі дұрыс, бірақ Елбасы «Астана» деген сөз неге жазылмаған деп бір министрінен қаталдау сұрапты, – деп томсырайды.

Бүгін ойлап отырсам, Назарбаевтің орнында шығыс менталитетімен шамшылдық танытып алатын басқа Президенттердің бірі болса тойдың думаны басырмай жатып-ақ біраз шенеуніктер қызметімен қош-қош айтысқандай жағдай екен. Ал, құдайшылығына жүгінсек, қарлұқтардың астанасы болған Тараздан қазақтардың ақордасы атанған Астанаға дейінгі көріністің бірде-біреуін қалт жібермеуге тырысқан режиссердің

Астана деген бір ауыз сөзді көрсетуді «ұмытуының» басты себебі, ол кезде исі қазақ тұрғай, білікті, білімді деген өнер иелерінің өзінің санасына Астананың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени маңызы әлі орнығып, сіңбеген-тұғын. Тоқ етерін айтсақ, Қазақстанда ол кезде (әлі де) төл перзентінің қамын ойлап көз ілмейтін ата-анадай Астананың тағдырын күндіз-түні есінен шығармайтын жалғыз адам болатын болса, ол – Президент еді. Сондықтан тәуелсіздік шежіресімен болаттай шыңдалған болашақ ұрпақ Астананы Нұркент, Нұрқала дейміз деп бастама көтеріп жатса, таңғалмаңыз. Әлем демократтарының аузынан түспейтін Джордж Вашингтонды мысалға алыңыз.

Жақында Англияда Елизавета ханшайымның 80 жылдығы тойланды. Жыл он екі айдың салқын мезгілінде дүниеге келген ханшайымның туған күнін рыцарьлар елі жылы маусымда тойлауды дәстүрге айналдырыпты. Астананың туған күні мұндай күнтізбелік өзгертуді қажет етпейді. Астананың да, Елбасының

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
туған күні де шілде айы. Ол Самарқанның
көк тасын балқытатын шілденің алғашқы
аптасымен дөп келіп тұр. Бір-біріне
сәулесін түсіріп тұратын Абай сөзіндей,
Жамбыл жырындай Астана тойы да
қазақтың кең даласын жыл сайын
нұрландыра бергей.

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ЖАЗАТА

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТАРЫДАЙ КІТАП

Жазата туралы көп жазылды. Жазғандардың да, жазылған дүниелердің де жасығын байқаған емеспіз. Алматыдан ат сабылтып келгендердің ішінде халқымыздың «мен» деген мүйізі қарағайдай қаламгерлері де болды. Көлтауысар сынды сарқа жазатын сол сырбаз ағалардан тақырыбыңа талғажау боларлық бірдеңе қалса жақсы. Бірақ «ел іші – кеніш» деген рас. Ерінбегенге сап алтынның өзі болмаса да, күміс пен мыс табылып қалады. Барды ұқсата білетін ұсынықты жанға бұл да кәдімгідей байлық.

Жазатаның даңқы дүркіреп тұрғанда Баттал Жаңабаев деген ағамыз Жамбыл

өңіріндегі облыстық газетте көп жыл қызмет атқарды. Былтыр сол Бәкең талабы таудай бір немересіне Еңбек Ері атағын екі мәрте алған Жазылбек Қуанышбаевтың «Қайнар» баспасынан ширек ғасыр бұрын жарық көрген «Ұрпаққа ұлағат» деген кітабын аса ыждаһаттықпен сыйға тартты. Тарыдай ғана кітапшаның мұқабасына «Өмір – бәсеке. Әмісе бәйгеден келе беруіңе тілектеспін. Бір Алла жар болсын! Атаң Баттал.» деп жазыпты. Ой-санасы озған, сөзі мен ісі түзелген, керек-жарағы жаңарған қазіргі уақытта не көп – сыйлық көп. Қол созым жердегі базарда кез-келген адамның қалтасы көтеретін заттар толып тұрғанда, Баттал ағаның талабы таудай немересіне жайлауы берекеге, шаңырағы мерекеге мелдектеп өткен Жазатаның «ит жылғы» кітабын сыйлауында не гәп бар? Кітапқұмарларға тән әуестікпен кітаптың соңғы парағына үңілсем, «әдеби өндеген журналист Қасықбай Асаубаев» деп жазылыпты. Қасықбай ағаны жақсы білемін. Жазатамен жасаған «шығармашылық одағының» жай-жапсарын білу үшін, дереу телефон шалдым.

– 1968-69 жылдары қар қалың жауып,

қыс аяғы ұзап кетті. Қоғамдық мал қорадан шыға алмай қалды. Көптеген малшылар төрт түлігінен айырылып, таяғын ұстап қалды. Мен ол кезде облыстық радионың редакциясында қызмет істеймін. Партия комитетінің тапсырмасы бойынша Жазекеңнен сұхбат алатын болдым. «Жамбыл» қонақ үйіне орналасқан Жазатаның бөлмесінің есігін қақтым. Ар жақтан «кел, кіре бер» деген дауыс естілді. Бұрын Жазатаның суретін көргенім болмаса, жүзбе-жүз кездескен емеспін. Орта бойлы, қызыл шырайлы, палуан денелі, тығыншықтай кісі екен.

Менің сол кездегі бір пұттық репертерімді ыңғайлай бастағанымды көріп:

– Сәл сабыр ет, шырағым. Алдымен дәм тат, – деп жаюлы дастарханға шақырды.

Сол жолы Жазатаның ақыл-кеңеске толы сөздерін радио арқылы қыстан қысылып отырған халыққа жедел таратып жібердім. Кейін тағы да дастархандас болдым. Жазатаның 80 жылдығы тойланар тұста осы кездесулер кәдеге жарады. «Қайнар» баспасының тапсырмасымен «Ұрпаққа ұлағатты» бір деммен жазып шықтым, – деді Қасағаң.

Ақылға жүгініп, арғы-бергіге ой жүгіртсек – Жазатаның өміріндегі қуаныш атаулы домбыраның ішегендей жұптаса күй төгіп отырыпты. Егізден өрген төлдері мен екі дүркін алған Еңбек Ері атағын тәптіштемегенде, қылышынан қан тамған кеңес өкіметінің тұсында Жазатаның отбасы, ошақ қасының ұйытқысы – апаларымыздың өзі екеу болған. Пайғамбар жасына келгенде көрген перзенттері Қойшыбай мен Тойшыбай да егіз. Баттал аға, бәлкім, немересіне дүркін-дүркін батыр бол деген ниетін Жазатаның тарыдай кітабындағы өсиеттері арқылы білдірген шығар...

АҚЫЛ АУЫСАДЫ, ЫРЫС ЖҰҒЫСАДЫ

Жақсыдан жол тілеп, батырдан ырым ету жақсы дәстүр. Мойынқұмға келген халқымыздың біртуар перзенті Нұрғиса Тілендиев ағаның ырымы да қырын кетпепті.

– Шанағына қасиет ұялаған қара домбыраның құлағында ойнайтын дәулескер күйші, композитор, дрижер, КСРО халық әртісі Нұрғиса Тілендиев Мойынқұмдағы өнер сапары аяқталған

соң Алматыдан құдай қосқан қосағы Дариға жеңгейді шақыртып, Жазатаның үйіне кісілік құрметпен, кішілік ізетпен сәлемдесе барады. Қонақтары дастархан басына алқа-қотан жайғасқан соң Жазата:

– Жеті атасын білмеген жігіт жетесіз деген. Қай тек, қай рудан боласыңдар? Айта орыңдар, - деп әңгіме бастайды.

Дариға жеңгеміздің аузынан:

– Жалайыр боламын, ата, - деген сөз шығуы мұң, атамыз Дариғаның маңдайынан сүйіп, Нұрағаңа бұрылады.

– Сен қанша мықты күйші болсаң да, маған күйеу бала болып шықтың. Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған, сәлемнен басқа не шаруаң бар, айта отыр, - деп, қазақы мәселені қабырғадан қойып қалады.

Қолы ашық Жазатаның мұнысы «айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма» дегенді қалжыңға бұрғандағысы болса керек. Нұрағаң саспайды.

- Жазеке, шаруаның үлкені мынау, - деп, Жазатаның иығына шапан жауып, отбасындағы ақ жаулықты аналарымыз бен бала-шағаға деп Алматының базарынан алдырған бір шабадан сыйсияпатын ортаға үйе салды.

«Сыйға - сый, сыраға - бал». Жаны жаз, қолы ашық Жазата Нұрағаңды шығарып салып тұрып:

- Қалауыңды айт, күйеу бала, – дейді тағы да. Сонда қарағайға қарсы біткен бұтақ-сынды Нұраға:

- Жазеке, жұбайым екеуіміз құдайдан бір жаман неме тілеп жүр едік, өзіңнің терің сіңген бір іш киіміңді ырым ғып берсең болды, басқа ешнәрсе қаламаймын, - деп қиқарлана кетеді. Ағаш уықты, киіз туырлықты елдің отымен кіріп, күлімен шыққан, қазақы салт-дәстүрге қанық басшы Айтбай Назарбеков әңгімені созбай Жазатаның дамбалын алдырып, оратып береді. Түндігі мен кіндігіне құт дарыған шалдан аттай ғып қалап алған ырымын құдай қош көрді ме, Нұрғиса ағамыз бен Дариға жеңгеміз көп ұзамай перзентті болады. Кісіліктің жолын кесіп өтпейтін ақылман басшы Айтекең бұл қуанышты хабарды естіп, қазақтың күйі шалқыған қара шаңырағына нәрестелеріңнің бауы берік болсын айта барып, Жазатаның сәлемін жеткізеді. Халқымыздың бөріктілері сәбиді көпсінбеген, келіндері «бала-шаға көбейіп кетті деп» тепсінбеген. Перзент үшін Нұрағаң батыр Баукеңнің де іш

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
киіміне «құда түскен» екен. Оны кейін
оқыдық қой.

Мойынқұм ауданындағы ардагерлер
кеңесінің төрағасы Жиенқұл Кемелқұлов
ағамыз осылай деп әңгімесін ары қарай
жалғастырған.

- Жазатаның құтты қойнынан ырым
ететіндер жанында да жүріпті. 1970
жылдың сәуір айы. Қар еріп, жер аяғы
кеңіген. Бір малым екеу болсын деген
Қарабөгет, Байтал, Мойынқұм, Шу және
Құмөзектің шопандары көктемгі төлдің
қамымен Болат тауына қоныс тепкен. Мен
аудандық оқу бөлімінің аға инспекторы
едім. Ол кезде 9-сынып оқушылары
көктемгі өндірістік тәжірибесін шопандар
ауылында өткізетін.

Қыстан қысылып шыққан шопандар
көктеуіне жайғасып, көңілдері әбден
жайланды-ау деген кезде ауданның
бірінші хатшысы А. Назарбеков, аудандық
атқару кеңесінің төрағасы Ә. Досымбаев
және «малшылар маршалы» атанған
Жазата бар – Арқадағы Болат тауының
баурайында той өткізді. Жазата ортаға
шығып, малшы бауырларына төл алу
науқаны кезінде түнде ұйқыны, күндіз
күлкіні қойып, бел шешпей еңбек етуге
шақырды.

Жиын аяқталып, той дүрмегі басылған соң Жазата мен аудан басшылары Мойынқұм кеңшарының аға шопаны, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Мешітбай Қойшыбековтың үйіне түсті. Ертесіне қонақтар қайтуға жиналды. Дәл осы сәтте Жазата басынан тастамайтын тақиясын таппай, шәт-шәлекей болды да қалды. Жазатаның шашбауын көтерушілер де әлек-шәлек. Басшылар болса иіріліп Жазатаны күтіп тұр. Сөйтсек, Мешітбайдың үйіндегі Тоқтар жеңгеміз көтерген құрсағы шетіней берген соң Жазатаның тақиясын ырым ғып, тығып қойыпты. Абырой болғанда, жеңгеміз көп кешікпей құрсақ көтеріп, дүниеге Сәкен атты қошқардай ұл әкелді. Қазір сол бауырымыз үш мүшелді артқа тастап, Мешітбай ағамыздың түтінін түзу ұшырып отыр. Үлкен шаңырақтың иесі. Жеңгеміз Тоқтар әже атанып, немерелернің қызығына кенеліп отыр.

ҚОЙМЕН БІРГЕ ОЙ БАҚҚАН ШЕЖІРЕ ШАЛ

Әр дәуірдің өз үні, өз түсінігі бар. Кеңес өкіметінің тұсындағы «бесжылдықтар» саясатының жарапазаншылары Жазатаны

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
қойдан басқада ойы жоқ күйкі тірліктің
күйкентайы ретінде көрсеткісі келгені де
жасырын емес. Бәлен бас қозы, түген дана
елтірі деп келетін ақпарлар Жазекеңнің
алып тұлғсын, ақылман бет-бейнесін
құжынаған цифрлардың астына салып,
қасаң сөзбен көміп тастайтын. «Жазекең
айтыпты» деп, қора-қопсының төңірегiнен
ұзамайтын әңгімелер тудыратын. Жазата
бірде былай деп күліпті.

- Ел іші мен шығарған деп мынандай
әңгіме құрап алыпты. Олардың
шатпағынша «ол да барды тойға, мен
де бардым тойға, оның ойы тойда, менің
ойым қойда» дейді екем. Мен бұлай деп
ешуақта айтқан емеспін...

Мұны неге айтып отырмыз? Жазата
әлемде болып жатқан жақсыға сүйініп,
жаманға күйіне білетін, адамзаттық әуенді
әуезе ғып жүретін жаны ізгі адамдардың
бірі болған. Бірде ол отбасына жиналып
қалған қаламгерлерге:

- Әй, қарақтарым, сендер менен
жассыңдар, әрқайсыңның таңдаған
мамандықтарың бар. Енді ешқайсың
шопан болмайсыңдар. Ол – ақиқат.
Сондықтан мен сендерге малдың жай-
күйін, қора-қопсының жағдайын, тоқты-
торымның жақсы-жаманын ежіктеп,

■ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
бастарыңды қатырмайын. Одан да мына әңгімені айтайын, - деп, қызыл шырайлы жүзін төмен салып біраз ойланып отырады да:

- Осыдан бірер жыл бұрын Алматыда алқалы жиын болды. Оған «секенің» (ЦК – К. С.) хатшылары, міністірлер, облыс, аудан басшылары қатысты. Маңдайлары жарқырап академик-жазушылар да келді. Мен құдай бұйыртып Мұхтар Әуезовпен қатар отырып қалыппын. Баяндама біткен соң сөз облыс басшыларына тиді. Біздің өңірден Асанбай Асқаров мінбеге шығып, сөздің тиегін ағытқан кезде Мұхаң қозғалақтап:

- Бәлі, мынау қай бала? Өзі болайын деп тұрған азамат қой, - деп қалды.

Мен:

- Біздің облысполкомының бастығы ғой, - деп марқайып қалдым. Мұхаң:

- Жұлқынып тұр екен. Біздің жаққа не күйеу, не жиен болып келетін шығар-ау, - деп күлді.

Сол кемеңгер жазушы біліп айтты ма, жоқ әзілдеп айтты ма, кейін сұрастырсам Асанбай Семей жаққа күйеу бала болып келеді екен. Менің жасаған түйін - дарынды дарын ғана таниды екен. Жабылардың өмірі күңкіл мен

күншілдікпен зая өтсе, тұлпардан тұлпар жарысып қана озады екен. Мен қой бағып жүргем жоқ, қазақтың болашағы үшін туған жайсандар туралы ой да бағып жүремін, қарақтарым, - депті.

Асанбай Асқаров, шынында, кейін атқару комитетінің төрағасынан облыс басшысы дәрежесіне көтеріліп, Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарын басқарды. Әсіресе, Оңтүстік Қазақстан облысында қалған іздері нағыз жасампаздықтың, жаңашылдықтың үлгісі болды. Оны керек болса кеңес өкіметінің соқыр аттай бір жағына бұра тартатын сыңаржақ саясаты да жоққа шығара алмады.

Жазатаның ойы үнемі халқы үшін туған батыр мен бағыландарда болғанын мына жәйттен де аңғаруға болады.

Ресей отаршылдары қазақ жерінің тутақайын шығарып бөліп алып жатқан тұс болса керек, Ағыбай батыр жер дауымен Батыс сібір генерал-губернаторы болған Гасфортқа барып, елі мен жерінің тағдыры үшін неден болса да аянбайтынын білдіреді. Батырдың екпінінен жер дауы шешіліп, ушыққан мәселе дұрысталады. батырдың көңіл-күй орнына түскен шақта генерал-губернатор суретшісін шақыртып

Ағыбай батырдың қайталанбас келбетін сыздыртып алады. Кейін батыр бейнесі түземдіктердің көсемі ретінде Эрмитажға жөнелтіледі.

Жазата құдай берген бақ пен дәулеттің арқасында Ленинградқа барған сапарында сол суретті көріп, батыр бейнесінің қасынан айналшықтап шықпай қояды. Арыдағы Ағыбай тұрмақ, берідегі Ахмет Байтұрсыновтың суретін көруге зар болған заманда алдынан шыққан мына сурет Жазатаға керемет олжа болып көрінеді. Халқына Еңбек Ері деген дап-дардай атағының абырой-беделін осындайда көрсетпегенде, қай уақытта көрсетеді? Жазатаның қоймай қолқалауымен Ағыбай батырдың суретінің көшірмесі жасалады. Елге жеткен «тойдан тобықтайдың» ең үлкен олжасы да осы құнды мұра болады.

Бұны – Жазатаның арқасында Эрмитаждан елге оралған алғашқы жәдігер десек те болады. Қазақ елінің сол кездегі басшысы Дінмұхамед Қонаев қазақ батырының шын кескін-келбеті табылғанына қуанып, сүйіншіге Жазатаға автокөлік бергізеді.

«Әруақ риза болмай, тірі байымайды». Осы жыл Жазата үшін құтты жыл болады. Жамбыл жәкеміз жырға қосқан Ленинградта өткен бүкілодақтық жастар слетінен Алтын медальмен марапатталып келсе, аудан орталығына бюсті орнатылыпты. Аты-жөні еліміздің құрметті кітабына жазылған.

ЖАЗҒАН СӨЗІҢ, АТҚАН ОҒЫҢ МҮЛТ КЕТПЕСІН

немесе БӘКЕНЕДЕН БӘЛЕ ШЫҒАР

Жазата туралы толғанғанда абыз ақсақалдың өзі жер-жаннатына балап кеткен Мойынқұмды мақтай отырғанның айыбы жоқ. Адамдары – мінезге, жері - аңға бай өңір бұл қошаметке әбден лайық. Сексеуіл-жыңғылы бүр жарған Мойынқұм, әсіресе, көктемде құлпырып кетеді.

Қазақ сөз өнерінің қас шебері, классик-жазушы Ғабит Мүсірепов Мойынқұмға анда-санда келіп-кетіп тұрған. Мойынқұм – ежелден ұшқан құс, жүгірген аңға бай. Ғабен мылтығын сайлап алып аң-құс аулайды, одан жалықса қаламын ұштап, жазуын жазады. Жазу - ол кісі үшін шын зергердің қолынан шыққан бұйымдай

мінсіз келуі керек. Атқан оғы да, жазған ойы да нысанасынан лағып кетпейді. Екі өнердің екеуіне де шебер. Дос пен дұшпанға сыр алғызбайтын сырбаз қаламгердің осы қасиетін байқап жүрген Жазата:

- Бұл інім қаламын үшкірлеп алып қағаз жазудан қолы босамайтын Алматының жалаңаяқ жазғышы ма десем, құралайды көзге атқан үлкен мерген екен. Жазған сөзің де, атқан оғың да мүл кетпесін, інім! – деп, ақ батасын беріпті.

Keңестік идеологияның басты құралы - үгіт-насихат болды. Соны желеулеткен жеңілтектеу зиялылар Жазатаға сәлем бермей өтпейтін. Ақын-жазушылар мен композиторлар да абыз шалдың ақ боз үйіне жиі түстенуші еді. Бірақ солардың көбісі ішіп-жеп, сый-сияпатқа қарық болған соң Жазата туралы жазбақ тұрмақ, үшбұу хатқа зар ғып, тайып тұратын. Кейде мұның салқыны сөз өнерінің сертіне адал қаламгерлерге тиіп кететін.

- Жаны жайсаң, жүрегі жомарт Жазатаның қырсықтығы да бір басына жетіп артылатын. Сексенінші жылдың басында Жазатаның ауылына жазушы-журналист Әзілхан Нұршайықов келеді. Бұл кісі уәдені құдай сөзі деп ұғатын,

ісіне де, сөзіне де тап-тұйнақтай адам ғой. Бірақ көңіл көтеруге ғана келетін жылпостардан зәрезап болған Жазата Әзағаңа ә дегенде жылы шырай таныта қоймайды. Әзағаңның еңбекқорлығын білетіндер Жазатаға «бұл кісі батыр Баукеңнің өзімен әңгімелесіп, дүниеге “Ақиқат пен аңыз” атты қайталанбас кітапты әкелеген үлкен жазушы» деп жік-жаппар болса да жібімейді.

- Әй, қойыңдаршы осыларды. Келгенде бәрі тау қопарардай болып келеді де, аяғы құмға сіңген судай болып жоқ болып тынады, - деп, Әзағаның көзінше қойып қалады.

Жазатаның бала секілді бүкпесіз ойына Әзекең көзінен жас аққанша күліп, қасына ере келген Жиенқұлға:

- Мен жазуға ниет қылған батырлардың бәрі қыңыр болып келеді. Батырды басқалардан даралап тұратын да осындай кесек мінездері. Әйтпесе, батыр бола ма? – дейді.

Сөйтіп Әзаға өзінетән кішіпейілдігімен, журналист-қаламгерге ауадай қажетті ұстамдылығымен «қырсық шалдың» құрыс-тырысын жаза бастайды. Мәнері мен машығы айқын, мәттақам жазушының алдын-ала дайынап келген сұрақтары

шалдың жүлге-жүлгесін қуалап, алпыс екі тамырын аруанадай иітеді. Әзағаның арманы орындалып, қойын дәптерінің парақтары жазу-сызуға біршама толады. Әзағанның еңбекқорлығын, тапсырманы орындау үшін қандай сын болса да шыдай білетін қайсарлығын байқаған шал болса:

- Әй, Жиенқұл, «бәкенеден беле шығады» деп бұрынғылар тегін айтты деймісің, мынауың жазса - жазар. Майдалап қойған сұрақтарымен-ақ менің іш-бауырыма кіріп, қатпар-қатпар ойларымның біразын ақтарып қойған сияқты, - деп, алып денесі селкілдеп, көзінен жас аққанша күліп алады. Әзағаң болса сеңнің бұзылғанына қуанып, іздеген жоғы табылған жолаушыдай мәз.

БІРІ – ТАУ, БІРІ – ТЕҢІЗ

немесе МАЗАР БАСЫНДАҒЫ ӨКІНІШ

- Бірде Жазатаны Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров оңтүстікке шақырды. Көп ұзамай Шымкентке аттандық. Жазата Асекеңе Шымкенттегі қызметіне табыс тіледі. Асекеңнің ойы қазақтың біртуар ұл-қыздарының басын қосып, өзі ұйымдастырған дендропаркке шынар

отырғызу екен. Шынар егіліп, мерекелік дастархан рәсімі біткен соң Жазата Арыстан бабқа, одан ары Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барып, мұсылманшылық жолмен құран оқытпақ болды. Құдай сәтін салса Шиеліге барып, атақты замандасы Ыбырай Жақаевқа сәлем беріп, ол кісінің дүниеден қайтқан жұбайына бата жасамақ.

Жазата Арыстан баб пен Қожа Ахмет Яссауи мазарына тәу етті. Әулиенің шығыс үлгісінде салынған моншасының әрбір тасы мен қышын ұстап көрді. Мазардағы қолтаңба қалдыратын кітапқа “Қуа...” деген үш әріптен ғана тұратын қолтаңбасын қалдырды. Бәрі біткен соң мені шақырып алып:

- Балам, мен өмірден әліпті таяқ деп білмей өтіп барамын. Алла маған қос жар берді, қос жұлдыз берді, қос перзент берді. Ал мен болсам намаз оқу түгілі дәрет алуды да білмеймін. Ораза тұтқан емеспін. Мына мазарды аралатып жүрген қызға құдай жолында берген зекет ретінде елу сом ақша ұстатсам, қалай қарайсың? – дегенде, өзімді қоярға жер таппай, жанынан қалай жылыстап кеткенімді білмей қалдым. Кейін естідім, қыз балаға елу сомдықты алмасына

қоймай беріп тұрып:

- Балам, өркенің өссін, бағың ашылсын!
Мынаған ата-анаңа қант-шай сатып әпер,
Жазатаңнан дұғай сәлем айт! – депті
жарықтық.

Кеңес өкіметінің сыңаржақ саясаты
бір жағынан жарылқап жатса, екінші
жағынан жегідей жеп жатқанын Жазата
білген сияқты.

Сапар одан ары жалғасып, Қызылорда
облысының Шиелі ауданына келдік.
Ыбырай Жақаевтың ауласы лық толы
адам. Барлығының ойы – қос батырдың
қуанышының куәсі болу. Бір байқағаным
– мұнда Еңбек Ерлері көп екен. Бір ғана
“Қызыл Ту” колхозының өзінен 15 Еңбек
Ері шығыпты. Кешкі ас үстінде Ыбырай
Жақаев пен Жазата сөйлеп отырды.
Жазатаның үлкен ақыл-парасат иесі ғана
емес, сонымен бірге бітім-болмысымен,
отырыс-тұрысымен, тіпті ас ішіп, аяқ
босатуымен де шиеліліктердің ілтипатына
бөленді.

Ас-су демекші, Ыбырай қарияның
үйінде 15 Еңбек Ері жағалай асқа отырды.
Дастархан мәзірі мол. Көбісі майлы
тағамдар. Шәй үстінде жеңіл болсын деп
тұшпара әкелді. Мен Жазатаның тамағына
астың дәмін келтіретін қоспаларды

салауға ыңғайлана беріп едім Жазата:

- Әй, сары май тұрғанда басқа тамақ тамақ па? – деп, шағын ыдысқа салынған тұшытылған сарымайды үлкен қасықпен көсіп алып, тұшпараның үстіне құя салды. Табақтағы сары майдың бір жағы опырылып, ортадан төмен түсіп қалды. Тұшпара майға жүзіп шыға келді. Сосын Жазата аспай-саспай тұшпараны теріп жеп алды да, сары майы кілкіген сорпаны табақтың ернеуінен бір-ақ сімірді. Жазата ауырып қала ма деп ауданнан ере шыққан дәрігер Тұрар Айдынбековтің мазасы кете бастады. Жазата болса жан қалтасынан көлдей орамалын шығарып, аузын сүртті де:

- Пау, шіркіннің дәмдісін-ай, - деп қойды.

Ыбырай атамыз Жазатаға бұрылып:

- Осы сенің екі қатының бар, менде біреу еді, о да қалмады. Енді бір қатыныңды маған бермейсің ба? - деп әзіл тастап еді Жазата:

- Сенен аяғанды ит жесін. Алсаң ал, бірақ қалың малын төлемеген қатын қатын болып тұра ма, ертең-ақ қайтып келеді ғой, -деп қарымта әзілмен жұртты ду күлдірді.

Дастарханға бата берілген соң Жазата

Ыбырай ағасының иығына шапан жауып, ақ батасын алып, елге оралды.

Жиенқұлдың осы естелігіндегі Жазылбек пен Ыбырайдың жарастығын Ахметәлі Жанғозиев ағамыз да айтып кетіпті.

Жетпісінші жылдардың басында Алматыда ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық кеңесі болады. Кеңесте Жазылбек Қуанышбаев пен Ыбырай Жақаевтың бір-бірімен сағынышпен кездеседі. Суретшілер осы сәтті тосыннан түсіріп алып, ақындар олардың таудай асқақтап, теңіздей шалқып тұрған кезін:

Міне осылай бас қосты екі батыр,
Боп қалды қосылғандай екі ғасыр.
Бірі – тау, бірі - теңіз секілденіп,
Екеуі жұбын жазбай келе жатыр, - деп,
өлеңмен өрнектеп қойыпты.

ЖАЗАТА АУЫЛЫ ДЕСЕК ҚАЛАЙ БОЛАДЫ?

Жазатаның жыры мен сыры толы Мойынқұм ауданында бүгінде Оңдасын Жиенқұлов әкім болып отыр. Осы мақаланы жазарда Оңдасынмен бірнеше рет сөйлестік.

- Құдай сәтін салса биыл Жазатаның 110 жылдық мерейтойын малшылардың мерекесіне айналдырып, аудан халқына үлкен той-думан жасап беруге дайындалып жатырмыз, - деп қалды ол бір әңгімесінде. Жазатаның әруағы алдында Оңдасын да қарыздар...

- Жазата сүйікті сусыны шұбат болғандықтан түйе ұстайды екен. Түйеге қора шақ келе ме, жарамсыз болып қалған қораны жөндеуді аудан басшысы сол кездегі жылжымалы механикаландырылған құрылыс мекемесінің бас инженері маған тапсырды. Жазатаның көңілінен шыққым келіп:

- Ата, түйенің қорасы қандай болады? – деп едім:

- Түйенің өзі қандай болса, қорасы да сондай болады, - деп Жазатам бұрылып жүре берді. Бүгін ойлап қарасам Жазатаның сол бірауыз сөзінің өзі сабақ екен ғой, - дейді аудан әкімі Оңдасын.

Жазата 1896 жылы 29 наурызда Мойынқұм ауданындағы қазіргі Жамбыл ауылының аумағында дүниеге келген. Жазатаның әкесі ешкімге алақан жаймай өмір сүрген орта шаруа болған. Бірақ азамат соғысы кезінде кедейшілікке ұшырап, Жазекең амал жоқ жалшылыққа

■ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
жалданады. Ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастырыла бастаған жылдары Кеңес колхозына (кейін Айдарлы кеңшары болып өзгерді) мүшелікке өтіп, шопан болып, ақ таяқты қолына алады. Міне, осыдан бастап Жазекеңнің жаңа өмірі басталып, 1936 жылы Алматыда өткен ауыл шаруашылығы көрмесіне қатысады. 1941 жылы Шымкент облысынан әкелінген 20 бас қаракөл қойын жергілікті саулықтармен будандастырып, жаңа тұқым өсіреді. Әр 100 саулықтан 130-дан төлалып, мемлекетке елтірінің 85 пайызын 1-сортпен өткізгені үшін 1948 жылы Еңбек Ері атағын алды. Жазата өндірген қаракөл елтірілері Дели, Бухарест, Познань, Нью-Йорк қалаларында өткен халықаралық жәрмеңкелерде өте жоғары бағаланды.

1958 жылы Жазата омырауына екінші Алтын жұлдыз тақты. "Қазақ КСР-нің мал шаруашылығына еңбегі сіңген шебері" атағын алды. Көп жыл Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Колхозшылардың бүкілодақтық III-съезіне және Қазақ КСР-і мен Қазақстан Компартиясының 40 жылдығына арналған салтанатты мәжілісіне қатысты.

Жазата 1963 жылы еңбек демалысына шықты. Бірақ шаруа баққан адам 1966

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

жылы ата кәсібіне қайта оралып, әр 100 саулықтан 141-ден қозы алып, әр қойдан 4,8 кг. жүн қырықты. Қаракөлдің бірінші сорттылығын 85 пайызға жеткізіп, мал басын аман сақтады. 1966 жылы облыста жазылбекшілер мектебі құрылды. Соңына ерген шәкірттері Шоман Шәріпбаев, Ділдәш Итбасова, Зарлық Қоғамбаев, Нұржамал Туғанбаева, Алтай Төлепбергенов, Дүрдімұрат Нұрғалиев, Құдайберген Біртаев, Гүлзада Төлеубаева, Бөгенбай Бидасбеков, Мешітбай Қойшыбеков, Әбітай Бектеміров, Күләш Елубаева, Рымқұл Әбжанов, Манаткүл Мұсатаева, Дүйсенбай Айранбаев, Орынбасар Бопышев, Дәулет Шыныбаев, Айтжан Көпбергенов табыс биігіне көтерілді.

1967 жылы Жазатаның шаңырағын шаттыққа бөлеп Қойшыбай мен Тойшыбай дүниеге келді. Жазата осы жылы өзін атақ-даңққа бөлеген ата кәсібімен біржола қоштасып, шопан атаның ақ таяғын шәкірті Бөгенбай Бидасбаевқа тапсырды.

1986 жылы Жазата 90 жасқа толды. Қазақстан осы айтулы күнді ерекше атап өтті. Бәйге, көкпар, қазақша күрес тойдың көрігін қыздырды. Той үстінде Жазатаның "Халықтар Достығы" орденімен марапатталғаны жарияланды.

Бірақ орденді тапсыру рәсімі кешеуілдей берді. Сөйтіп көп күттірген орден 24 тамызда мұғалімдер мәслихаты үстінде табыс етілді. Осы марапаттан кейін бір жұма өткенде, яғни 1 қыркүйек күні екі дүркін Еңбек Ері болған Жазата дүниеден өтті.

Қазақ Геродоты - Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде қазақ хандығының туы алғаш рет Қозыбасы биігінде көтерілген депті. Сол Қозыбасы Мойынқұмға барсаң қозыкөш жерден көрініп тұрады. Мойынқұмның одан кейін тұмары да, жыр-әні де - Тұлпарсаз. Тұлпардың тұяғы сүрінбейтін осы сазда Керей мен Жәнібек қазақ хандығын ұлықтаған деп тұжырады абыз тарих. Осы қазақ хандығының туы тігіліп, алаштың ардақтыларына айналған Жамбыл Жабаев, Жазылбек Қуанышбаев, Қайрат Рысқұлбеков дүиеге келген өңірдегі ата кәсіптің абыройын асқақтатып, табысын арттырған, сөйтіп елі-жұртының шексіз құрметіне бөленген Жазатаның ерен еңбегін насихаттауды сұйылтпау керек сияқты. Неге?

Жетпісінші жылдан бастап дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан қазақша күрестің бәсекесі тоқтап қалды. Осы ұлттық спорт түрін республикалық

біріншілік дәрежесінде қайта жандандыру керек. Кезінде бұл дәстүрлі жарысты ұйымдастыруға атақты спортшы, белгілі бапкер М. Жақитов, Т. Әпсаматов, Р. Шаңлақбаев көп еңбек сіңірген. Алғашқы турнирде аудан түлегі Әшімхан Сатыбалдиев жеңімпаз атанған. Жазата атындағы осы республикалық турнирді неге жандандырмасқа?

Одан кейін... Мойынқұм - тарихи атау. Оған дау жоқ. Бірақ Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы деген қайталаулар жақсы естілмейді. Сондықтан Мойынқұм ауданы деген атты қалдырып, ал оның Мойынқұм ауылы деп екінші рет қайталанатын атын Жазылбек ауылы десе Жазатаның қос жұлдызындай жарқырап, жарасып кетер еді. Бұл мәселе Мойынқұм аудандық мәслихатта екі рет қаралып, облыстық мәслихатта бекітіліпті. Бірақ жоғарғы жақтағы тиісті комиссиялардан «Мойынқұм тарихи атау, сондықтан оны өзгертуге болмайды» деген жауап келген. Жазатаның 110 жылдық мерейтойына орай осы мәселе тағы бір рет ой елегінен өткізіліп, оң шешімін тапса, облыс, аудан тұрғындары үшін үлкен рухани сыйлық болар еді.

ҚАЗАҚТЫҢ АЙБЫНЫ

Бауыржан Момышұлы – көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған қазақ батыры болды. Бірақ кеңес өкіметінің қытымыр саясатының салдарынан тұтас бір халық батырға бағалап, төбесіне көтерген ардақты азаматқа көп жылдар бойы Батыр атағы ресми түрде берілмей, арнайы жарлықпен марапатталмай келді. Ел өкінішіне айналған осы арман Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен тек қана 1990 жылы орындалып, Ұлы Отан соғысының даңқты қолбасшыларының бірі, гвардия полковнигі, қаһарман жазушы Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Батыр Баукеңнің қайшылыққа толы өмірі, қызметі, шығармашылығы әлі де терең зерттеу мен тың зерделеуді қажет етеді. Осыған орай, ер Баукең өзінің әдеби мұрасын сеніп тапсырған Мекемтас Мырзахметұлымен әңгіме-дүкен құрғанбыз.

- Мекемтас аға, батыр Баукеңмен алғаш рет қалай таныстыңыз? Әлде туыстық жағынан ет-бауыр жақындықтарыңыз бар ма еді?

- Туыстық жағынан да жақындығымыз бар. Басқа жағдайлар да болды. Соғыстың басталған кезі. Ол кезде мен баламын. Атақ-даңқын естимін. Осы тұста мына мәселені естен шығармауымыз керек: ұлтық сана - кеңес өкіметінің №1-ші жауы болатын. Оны сол кездегі білек сыбанған белсенді коммунистер мен атеистер жөргегінде тұншықтыруға тырысты. Мен қазір ойлаймын, міне дәл сол тұста ер Баукеңнің есімімен бірге қазақтың қалғып бара жатқан ұлттық санасы селт етіп оянды. Содан бастап біздің кеудемізге от түскендей болды. Ұлт батырын көрсек, таныссақ, әңгімелессек деп армандап, сырттай қызыққан жұртта қисап болмады. Батыр туралы газеттерде, журналдарда

не жазылады, соның бәрін оқып, біліп жүрдік. Алматыдағы жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін Өзбекстандағы Низами атындағы педагогикалық институтта қызмет істеп жүргенмін. Бір күні Баукең Сарыағашқа келіп, демалып жатыр деп естідік. Студенттер «ағай, батырмен кездесу жасайықшы» деп өтініп қоймады. Мұны кафедра меңгерушіміз де қолдап, Тілеуқұл дейтін досым екеумізді Баукеңе «елшілікке» жіберді. Қорқа-қорқа бардық. Өйткені «мінезі жаман екен» деп еститінбіз, өзін көрген емеспіз. Барсақ, Сарыағаштағы бір жеке үйде мәшіңке басып отыр екен. Есікті ашып, «ассалаумағалайкүм» деп кіріп баруға ойын бөліп, ашуландырып аламыз ба деп қорықтық. Бір уақытта мәшіңкенің тықылдаған үні тоқтады-ау деген кезде есіктің қоңырауын басып кеп қалдық. Ар жағынан еденді тарс-тұрс басып келді де есікті айқара ашып: «Сендер кімсіңдер?» деп айқай салды. Зәреміз ұшты. «Ташкенттегі педагогикалық институттың оқытушылары едік» деп күмілжіп едік, ештеңе деместен жұмыс істеп отырған бөлмесіне қарай бұрылып жүре берді. Біз соңынан ілестік. Бір үстелінде тағамдар мен ішкіліктер тұр екен. Бір үстелінің үсті

бұрқыраған қағаз. Баукең орындығына отырып, темекісін тұтатқан соң:

- Ал, ағайын, шаруанды айт, - деді.

- Осындағы педагогикалық институтта оқитын қазақ балалары Сізбен кездескіміз келеді деп өтініп отыр. Соны Сізге жеткізуге келдік.

- Әй, ана «сарттарыңнан» рұқсат алдыңдар ма?

Баукең өзбектерді «сарт» деп сөйлейтін.

- Жоқ. Керек болса, аламыз.

- Рұқсат әкеліңдер, содан кейін барамын.

- Қай уақытта келейік?

- Ертең пәлен уақытта.

Ертесіне айтқан уақытында жетіп келдік. Баукеңмен кездесуге құмартқан институт ұжымы мен студенттерді де алдын-ала даярлап қойдық. Баукең бірден төрге озды. Кездесу екі жарым сағатқа созылды. Қазір ойлап отырсам, Баукеңнің өзі екі сағаттай сөйлепті. Жиналғандарды алғашқы сөзімен-ақ баурап алды. Қия шыңнан кең далаға көз салған қырандай қасқайып тұрып:

Қарап тұрсам түрі бір,

Сұрастырсам тегі бір,

Таудан шыққан күні бір,

Алла десе діні бір,
Ән салғанда үні бір,
Бауырларым, амансыңдар ма, -

деді де, ғибратты сөзін бастап кетті. Жаңбырша жауған сұрақтарға да жауап берді. Содан есімде қалғаны «Қазақ тілінің жағдайы қалай болады, Бауке?» деген сұрақ болды. Баукең ойланып тұрды да:

- Мына сарттарды білесіңдер ғой, - деді. - Бұларға жан керек. Өздерінің бақшалары болады. Оны айналдыра тал-дарақ егіп, қоршап тастайды. Күзде сол талды бұтап, кесіп алады. Тандыр нан пісіру керек, үйін жылыту керек. Тал-дарақ келесі жылы тағы көктейді. Сарттар ақылды болады. Ештеңені босқа тастамайды. Тал-дарақты бұтаған сайын бой түзеп, жақсы өсетінін біледі. Өйткені талдың тамыры аман. Демек, әзірше біздің тілдің тамыры да, түбірі де аман...

Кездесу аяқталып, студенттер мен оқытушылар жапа-тармағай Баукеңнің қолын алып, автограф жаздырып болған соң шын пейілімізбен қонаққа шақырып, қал-қадерімізше күттік. Бірақ Баукең көңілсіздеу отырды. Біз өздігімізден шешіліп, сөйлесе алмаймыз. Нартәуекел деп сөз бастайық десек, бір сөзімізден

ши шығып, батырға жақпай қаламыз ба деп қипақтаймыз. Бір кезде «кетем» деді. «Кетем» деген соң дереу шығарып салдық. Жолда кетіп бара жатып менен:

- Сен кімсің, қайдансың? - деп сұрады.
- Қазақстаннан, Түлкібастанмын.
- Кімнің баласысың?
- Мырзахметтің.

Ойланып, бірер минут сөйлемей тұрды. Сөйтті де:

- Мен сені білем. Бірақ мен сенің үйіңе барған кезде сен жоқ етінсің. Мен сенің үйіңе 1928 жылы барғанмын. Менің әкеммен сенің әкең дос. Екеуінің ұсталығы, молдалығы, әншілігі бір-біріне жандүниесін жақын еткен. Әкем маған Түлкібасқа жолың түссе, сол үйге бар деп айтқан болатын. Сөйтіп мен бірнеше рет сенің үйіңе қонғанмын. Сен мұнда не істеп жүрсің?

- Оқытушы болып жұрмын.
- Не, сарт болып кетейін деп жүрсің бе?

- Жоқ, Алматыдағы аспирантураға түсуге талаптанып едім, қабылдамады.

- Қой, бұлай болмауы керек, - деді да үйіне кірген соң бірден телефонды алып, Алматыдағы Мәлікке қоңырау шалды. Ана жақтан Мәлік «Баукелеп» жаны қалмай

жатыр.

- Мәлік, менің Мекемтас деген інім бар.

«Білем, өзім оқытқам» дейді Мәлік аға телефоннан.

- Білсең, неге алмайсың аспирантураға?

- Ой, жоғарғы жақ жылда бір-ақ адам аласың деген шарт ұстанып отыр ғой.

- Мен ешқандай шартыңды білмеймін, давай келесі жылы аласың.

Содан кейін маған қарады.

- Әй, мен айтуын айттым, енді бармасаң өз обалың өзіңе. Әкең хабарласа алмады, енді сен хабарласып тұр.

Келесі жылы Алматыға жетіп бардым. Мәлік аға құшақ жая қарсы алды. Сөйтіп Баукеңнің арқасында арман болған аспирантураға түсіп кеттім. Айтпақшы, «Алматыға келсең ешқайда аялдамай бірден үйге келесің» деген Баукеңнің «бұйрығы» бар. Аспирантурада оқып жүрген үш жылда Баукеңнің үйінде тұрдым.

- Баукеңнің қаһарынан сескенетін үргедек қауым батырдан алыстан қашып жүрсе, Сіз ол кісінің үйінде қорықпай-үрікпей үш жыл тұрдым дейсіз? «Ішімдегіні тап» дейтін кірпияз кісінің тілін қалай таптыңыз?

- Тілін таптым-ау деймін. Психолог адам

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
ғой, мені көп сынады шамасы. Ташкентте «ұшаққа билет, жеңгеңе анау-мынау ал» деп бір буда ақшаны қолыма ұстата салды. Бәрін даярлап қойдым. Бірақ ұшақ екі сағат кешікті. Мен бұған Баукеңнің қасында аз да болса отырып, әңгімелесіп қалатын болдым ғой деп қуанып қалдым. Баукең болса мені думанханаға ертіп апарды да даяшыға тапсырысты аямай берді. Мен ол кезде ішпеймін. Өзі андасанда алып қояды. Ұшақта жүретін қыздар болады ғой, қалай деуші еді әлгі...

- **Стюардесса...**

- Бір кезде стюардесса келе жатыр екен, Баукең соған қарап отырды да: «әй, мына байтал жақсы екен» деп бір күлдірді. Ұшаққа шығар кезде:

- Аға, билетіңіз міне, жүгіңізді өткіздім, оның квитанциясы мынау тұр. Қалған ақшаңыз мінеки, - деп едім:

- Әй, бағанағыдан ақша қалды ма? Мынаған да жетеді ма? – деп думанхананың дастарханына қарады.

- Жетпек тұрмақ, асып кетеді, - деп думанхананың «шығынын» төлеп, қалғанын қалтасына салып бердім. Бұл Баукеңнің мені бір сынағаны деп ойлаймын.

Екінші сынағаны - жеңгейдің ағасы

келетін болды да, сол кісіні қой сойып, қонақ қылу үшін Баукеңнің өзі базарға шықты. Мал базарды аралап жүрміз. Баукең бір кезде өзі ұнатқан ең семіз деген қойдың қасына аялдап, иесінен бағасын сұрады. Анау Баукеңнің түр-түсіне қарап, көктен тілегенін құдай жерден бергендей қойының бағасын аспандатып жіберді. Баукең маған «бер, сұраған ақшасын» деп бұйырды. Мен «бермеймін, қымбат» дедім. Батыр маған қолын бір сілтеді де кетті де қалды. Баукеңнің өзі өз, көйлегі бөз болып базар базарлағаны осымен бітті. Мен болсам қойдың иесімен ары тәжікелесіп, бері тәжікелесіп, алтауға сұраған қойын төрт жарымға түсірдім. Үйге мақтанып келдім. Сөйтсем Баукең үйдегілерге мені көрсетіп «әй, мынау таза сарт екен» деп, мұртынан күле-е-еп отыр.

Баукең мені кейде үш түрлі атайтын. Әдетте «Меке» деп отырады. Сәл ызғарлы айтаса «Мекемтас» дейді. Онда қас-қабағына қарау керек. Жақпай қалсам «әй, сарт» дейді. Бірақ мен не десе де шыдаймын. Ол өстіп жүріп маған біржола сенді. Сенгені сонша бүкіл мұрағатын тапсырды. Басқаларға жасамаған жақсылығын жасады. Мысалы, ол кездің

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
тәртібі бойынша Алматыға тіркеуге
алмайтын. Баукең мені өзі ертіп апарып
тіркеуге тұрғызды.

- Өз үйіне ме?

- Өз үйіне. Сөйтіп қайтыс болғанша
қасынан тым алысқа ұзағаным жоқ.

**- Баукең бүкіл қазақтың
мақтанышы. Қазақ халқының
паспорты десе де жарасады. Ел-
жұртын әскери атақ-даңқымен,
қаламгерлік қабілетімен дүние
жүзіне танытқан біртуар тұлға.
Бірақ ет пен сүйектен жаралған
пенде болған соң, ол кісінің басында
да адамзат баласына тән қилы-қилы
тағдырлар болды. Тағдыр дегеніміз
– мінез. Әр адам өз мінезі арқылы
өз тағдырын жасайды. Ұлы ақын
Абайдың:**

Бойдағы мінді санасам,

Тау тасынан аз емес.

Жүрегімді байқасам,

Инедейін таза емес.

Аршып алып тастуға,

Апандағы саз емес.

Бәрі болды өзімнен,

Тәңірім салған наз емес,

- деп, жан күйзелісін жырымен бөліспей
ме? Сіз Баукеңнің көңіл-күйінің қилы-
қилы сәттерінде қасында болдыңыз ғой.

Басына түскен қиындықты қалай қарсы алып, қалай жеңуші еді?

- Баукең Кәмәш жеңгейге үйленді ғой. Оған үйленгенге бұрынғы жеңгеміз кетіп қалған. Үйде сопайып Баукең, мен және Мартай деген жиені үшеуміз ғана қалдық. Тамақ пісіру менің мойныма көшті. «Сарт» деген атым бар, палау жасаймын. Қайнатпа сорпа дейтін бар. Баукеңе, әсіресе, сол қатты ұнады. «Маған осыдан басқа берме» дейтін. Ал қайнатпа сорпаны жасау оңай. Бір қазан ғып қайнатасың да сақтап қоясың. Қарның ашқанда жылытып ал да іше бер. Сөйтіп жүргенде Баукеңнің үйінде бір келіншек пайда болды. Тоңазытқышты азық-түлікке толтырып қоятынмын. Дереу дастарханды жасап, жайнатып жібердім. Бәріміз бірге отырып тамақтанып болған соң мен өз бөлмеме кіріп, жатып қалдым. Таңертең ерте тұрып, жұмысыма кеттім. Кешке жұмыстан келсем, үй тап-тұйнақтай таза, тамақ болса даяр. Кешегі жұмбақ келіншек ас үйде жүр. Содан бір апта жүрді. Мен де Баукеңнен «бұл кім?» деп сұрағаным жоқ. Неменеге сұраймын, ас-ауқат жасаудан қолым босап, жаным кіріп қалған. Менің ендігі міндетім тоңазытқышты уақытында азық-түлікке

толтырып қою ғана болды. Бір күні үшеуміз дастархан басында бас қосқанда Баукең менен: «мынау кім?» деп сұрады. Мен «білмеймін, танымаймын» дедім. «Дурак, бұл сенің жеңгең болады. Таныс, біліс, сырлас» деді. Жеңгеме «енді мұнда қалғаным ұят болар, жатақханаға шығып кетейін» деп едім, «жоқ, тұра бер» деді. Бір байқағаным жеңгей аурушаң екен. Ас-судан қолым босағанмен, үйдің ауыр жұмыстарына көмектесуді тоқтатқаным жоқ. Баукең бір күні «біз кетеміз. Мына телефонда енді тыныштық болмайды. Мені сұраса білмеймін деп айт» деді. Сөйтті да екеуі аттанып кетті. Телефоннан шынында да маза кетті. Сағат сайын шырылдайды. Мен желіні ажыратып тастадым. Өзіме керек кезде ғана жалғаймын. Біраз уақыт өткеннен кейін Баукеңдер келді. Келгеннен кейін арада үш күн өткенде Баукеңді жамандаған мақала шықты. Оны маған Мәлік аға көрсетіп: «Әй, Баукең туралы бір жаман сөз айтыпты ғой мына иттер» деді. Газетті алып оқыдым да, үйге келдім. Түсім бұзылып кеткенге ұқсайды. Баукең «Әй, не болды саған?» деп қалды. «Жәй». «Айт». Газетті қолына бере салдым. «Ә-ә, мен туралы мақала ма?».

Өзінің де жүрегі сезіп жүр екен. Газеттегі мақаланы оқып болған соң шылым шегіп, ары-бері жүрді да Абайдың «жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып» деген өлеңін айтып, «бұл иттің төбетін табу керек» деді.

Содан кейін маған «жүр» деді, «олар мәз болып жатқан шығар Момышұлы суға түскен тышқан құсап үйінде бұғып отыр деп, барамыз». Жазушылар одағына салып ұрып жетіп бардық. Кіре берісте жазушылар қаптап тұр екен, бәрі Баукеңмен амандасып, елпілдесіп, желпілдесіп жатыр. Баспалдақтан бір қаламгер түсіп келе жатыр екен:

- Әй, - деді Баукең әлгінің атын атап, - бері кел.

Анау қып-қызыл болып, терлеп кетті. Баукең өзін сынап жазған әлгі жазушының қолын алып «сенің самый выдающий шығармаң осы, поздравляю» деді кекетіп. Жазушылар ду күлді. Анау жауап бере алмай жерге қараған күйі Жазушылар үйінен шығып кете барды. Мен білетінде Баукеңнің бір қысылған жерінде тағдыр сынын осылай жеңіп шыққан.

Одан кейін Баукең өте дархан адам. Бірақ мінезі өте құбылмалы. Қазақтар мұндай адамдарды «көңілі түссе - көл,

көңілі түспесе - шөл» дейді. Онысына талай куә болдым. Үлкен кісілермен аралас-құралас жүріп-ақ кейбір қылықтарын беттеріне аямай қатты айтып тастайтынын көрдім. Бірде Жазушылар одағына басшы сайлау керек болды. Мен Баукеңе ілесіп барғанмын. Баукең әп-әдемі сөйлеп келді да «кәрі айғыр үйіріне ие бола алмайды. Байлаулы бұзау бота бола алмайды. Не істеп отырсындар сендер?» деп тарс еткізді. Зал гу ете түсті. Соның салдарынан ба, әйтеуір қазақтың қабырғалы қаламгерлерінің кейбіреулерімен арасы онша жақсы болмады. Тағы бірде досы туралы «әй, соны қойшы, ол ЦК-ның «носовой платогы» болып кетті ғой» деп салды...

- Мыңмен жалғыз алысқан Абай мен батыр Баукең рухани тағдырлас сияқты.

Барып келсе Ертістің суын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алып, Еділді алып есіреді,
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.
Әрі-бері айналса аты арықтап,
Шығынға белшесінен әбден батып.
Сұм-сұрқия, қу, білгіш атанбаққа,
Құдай құмар қылыпты қалжыратып.
Қорғаласа, қорықты деп қоймаған соң,
Шаптырады қалаға бай да андатып.

Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,
Қолға түсер сілесі әбден қатып.

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып, -

деген Абай мұңы Баукеңнің қасіретімен де астарласып жатыр. Абай мұңының тастай болып түйілген осыбір түйінін Баукең өз көңіл-күйінің ауанына қарай қалай дәл тауып айтқан десеңізші?

- Айтса айтқандай, кейін Баукеңе ырылдаған иттің «төбеті» де белгілі болды. Баукеңнің жақсы қасиеттерінің бірі істеген жақсылығын, көрген қиындығын өмірі ешкімге айтпайтын. Мен ылғи «Баукең отставкаға неге кетті екен?» деп ойлайтынмын. Өзі айтпайтын. Сөйтсем генералитеттегі ақ жағалы әскери шенеуніктердің көбі Баукеңнің бетің бар, жүзің бар демей шындықты бетке айтатын батыр мінезін ұнатпайды екен. Тіпті маршал Гречко аты аңызға айналған батырды күндегені сонша артына аңду қойып, оның бірде-бір жұмысқа алынбауын қатаң бақылап отырыпты. Қонаевтың заманында Баукең батыр атағына ұсынылып, Брежнев «мақұл» деп уәдесін беріп тұрған кезде маршал Гречко «через мой труп» деп қасарысып отырып алған деген сөз

бар. Қисынға келеді. Өйткені әскери академияны бітірген кезде генарал шенін бермеді. Одан кейін Сібірге жіберіп, ұсақ-түйек қызметпен алдамақ болды. Кейін Дмитрий Снегиннің кітабы шықты. Сонда ол «Баукеңнің жауы көп болды. Соның бірі Кеңес Одағындағы – Гречко» деп жазыпты. Баукең содан кейін өзінің ұстазы, генерал Чистяковқа «менің армиядағы жолым кесілген сияқты, сірә отставкаға кетуім керек шығар, қандай ақыл-кеңес бересіз» деп хат жазған. Бірақ жауап жуырда келе қоймағандықтан, өз ұйғарымымен отставкаға шығып кеткен. Кейін Чистяковтан хат келіпті. Пендешілік дейміз бе, басқа дейміз бе, тіпті атақты Жуковтың өзі жауынгер-жазушы Александр Бекке «Сен Момышұлыдан басқа адам таппадың ба?» деп ұрсыпты. Сол Александр Бектің белгілі «Волоколамск тас жолы» повесін лауреаттыққа ұсынып, құжаттар Сталиннің үстелінде жатқанда Жуков «бұл мәселені жіберуге болмайды» деп, кейін қайтарып алыпты. Міне, Баукенің басында қара нар ғана көтеретін осындай өте үлкен қайшылықтар болған. Бұл ретте Баукеңді мыңмен жалғыз алысқан Абаймен теңеуің өте орынды.

- Атақты «Волоколамск тас жолы» повесінің Александр Бектің көнбістігі мен Бауыржан Момышұлының біртуар тосын мінезі, әскери талапшылдығы және әңгімені жүйе-жүйесімен көркемдеп айта білетін талантының арқасында дүниеге келгені ақиқат қой?

- Баукең Александр Бекке «диктовка» жасап отырған. Мысалы, өзіміздің Әзілхан ағамыз да роман-диалогын солай жазды. Мен Әзілхан аға интервью алуға алғаш рет келген күні Баукеңнің қасында болғанмын. Баукең, Шерхан, мен үшеуміз отыр едік, қоңырау соғылды. Жүгіріп барып есікті ашсам, тәпелтек қара кісі «мен «Жұлдыздан» келген журналист едім, Баукең рұқсат етер ме екен, - деп, әдеп сақтап тұр.

- Ой, кіре беріңіз, - деп жатырмын.

- Жоқ, - деп ол да тұрып алды.

Мен Баукеңе қайта келіп:

- «Жұлдыздан» келіп тұр, - деп едім:

- Кірсін онда, - деді.

Сосын Әзекеңнің шығармашылық төзімі мен адами қасиетін психологиялық тұрғыдан біраз сынап алды. Бір уақыттарда Баукең әңгімені бастап кеп жіберіп еді, Әзекең батырдың аузынан

шыққан әр сөзді «желге ұшырмастан» қойын дәптеріне судыратып жаза бастады. Баукең кейін «мынау стенографистен жақсы жазады» деп риза болды. Содан «интервью аламын» деп келген Әзекең әңгімеден әңгіме туындап, батыр Баукеңнің мол қазынасына кенелді де қалды. Сөйтіп интервьюдің аяғы мақала, мақаланың соңы хикаят, хикаяттың ақыры «Аңыз бен ақиқат» деп аталатын тағылымы мол, салмақты роман-диалогқа айналды.

- Ақындар айтысында немесе бокс өнеріндегі жекпе-жекте бір мықты екінші мықтының қабілет-қарымын ашып, бағын жандырып жатады. Александр мен Әзілханның шығармашылық жолындағы мықты қаһарман ер Баукең болған сияқты...

- Ондай жағдай болады. Кейін Баукеңнің мұрағатын ақтарып отырып Александр Бекпен жасаған шарттарын тауып алдым.

- Мәке, Абай мен Баукеңнің рухани жақындығына қайта оралайықшы. Сіз ғылымға Абайтанумен келдіңіз. Ал енді осы Абайтану мен Бауыржантанудың арасынан қандай үндестікті байқадыңыз?

- Абай нағыз көшпелі, қазақтың қазақы қалпы, табиғаты әлі бұзылмаған дәуірінде өмір сүрді. Абай дәуірінен бастап біздің қазақ халқының психологиясы өзгере бастады. «Орыс тілі, жазуы – білсем деген таласы, Прощение жазуға, тырысар келсе шамасы» дейтіні бар Абайдың. Бұрынғы қазақтар арыз жазу дегенді білмеген. Кейін болыстыққа таласудан барып мінез-құлқы бұзылды ғой. Баукең болса мүлде басқа заманның адамы. Әскери тұрғыдан алғанда қазақта теңдесі жоқ тұлға десе де болады. Оның үстіне өзі дарынды адам. Ақындығы, жазушылығы нәм бар. Бірақ ол өзі туралы нағыз жазушымын деп өмірі айтпаған. Сонда «мануфактурный период ведение войный» және «машинный период ведение войный» деп қарастырсақ, Баукеңдікі соңғысына жатады. Бірақ Баукең бұл тұста да адамды бірінші орынға қояды. Ол «темір соғысады, бірақ онда да бәрібір адам тұрады, адамның рухы тұрады, сол соғысады» дейді. Баукең, міне, осы дәуірдің адамы.

Содан кейін ол біздің қоғамның кемістігін де, жетістігін де бар жанымен сезініп өскен. Баукеңдегі ең үлкен күш - өзінің ұлтына деген шексіз махаббатында

жатыр. Мен кейде сол махаббат қайдан пайда болған деп ойлаймын. Біріншіден, оған өзінің өскен ортасы, өз сөзімен айтсақ «Ұшқан ұясы» әсер етті. Сонымен бірге Баукеңнің дүниетанымы мен адамгершілігі жағынан қалыптасуында әкесінің қанымен сіңген бір қасиет бар. Ол халық шығармашылығына деген құрмет. Сол кезде «Сұрмерген» дейтін жыр болған. Бұл өзі екі түрлі жыр. Біреуі – Есімбет ақынның жыры. Баукеңнің жазып алып жүргені кімдікі екенін білмеймін. Бірақ мәселе онда емес. Осы жырды апасы, қарындасы және өзі жаттап алып, қыстыгүні үйме-үй жүріп айтып береді екен. Жыр, әсіресе, балаларды жастайынан қанағатшылдыққа тәрбиелеу үшін таптырмайтын дүние. Баукеңнің мұрағатында осындай да жыр жатыр. Үндестік те осында.

Екіншіден, Баукең анау қараптан-қарап «халық жауы» атанып атылып, айдалып, арманда кеткен әдебиетшілеріміз бар ғой, соларды оқып өсті. Олардың өлеңдерін көп біледі. Тіпті жатқа айтатын. «Сіз қалай бәрін біле бергенсіз?» деймін мен. «Әй, - дейді Баукең, - ол кезде солардың дүниесінен басқа оқитын нәрсе жоқ болатын. Сендер мұны білмейсіңдер».

Шын мәнісінде, бұл Кеңес өкіметінің қиямпұрыс саясаты болатын. Анау «алаш» деп аттандаған қазақ халқының рухани идеологтарынан құтылмаса, анау өздері «ұлтшылдар» деп қара күйе жаққан алаш серкелерін атып, айдап көздерін жоймаса, кейінгі ұрпақ соған ілесіп, тәрбиеге көнбей кетеді деп қорықты. Сөйтіп екі ұрпақтың арасын үзіп тастады. Біз үзілген ұрпақтың өкіліміз. Баукеңнің ерекшелігі – сол үзілмеген ұрпақтың бірегей өкілдерінің бірі болды.

- Мағжандардың соңғы тұяғы дейсіз ғой?

- Сондықтан Баукең ұлтжанды ағаларының ұстанған ұранын да, кеңес өкіметінің шөре-шөре саясатын да бір-бірімен салыстырып, терең зерделей білген адам. Одан кейін әскери оқу орындарында тарихты оқытқанда Баукең біздің түркі халықтарының елдігін, ерлігін, батырлығын сезініп, соны өздерінікін үлгі тұтқызып, еріксіз тықпалаған елдермен салыстырып, өз елінің ірілігіне, ешкімнен кем емес екеніне іштей масаттанып, рухтанып отырған деп топшылаймын. Бірақ кеңестік саясат Баукеңнің ұлттық рухты жанитын өр мінезін басқаларға үлгі ретінде мақтанышпен көрсетудің орнына,

тентек-теліге балап, қасақана төмендетіп келген. Мысалы, Баукең соғыс кезінде командирмін деп шыбын жанын сақтап қалу үшін штабта бұғып отырған жоқ, ылғи қоян-қолтық, бетпе-бет майданда, алғы шепте жүрген. Рас болса, «алғы шептегі армияға түркі халықтарынан генерал шығармандар» деген орталықтың құпия қаулысы да болған деседі.

Баукең досқа адал, сатқындыққа жан-тәнімен қас еді. Мәлік Ғабдулинді Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынып, қазақтан қаһарман жасаған Баукең. «Батыр атағына бірнеше рет ұсындым, өтпеді. Бөлімге бір күні Кутузовтың немересі ма, шөбересі ма, біреу келіп, соғысқа даярлығымды көріп, қатты риза болды. Сосын қазақтың қонақжай мінезімен әбден күттім. «Сендер майдан даласында көшпелі ресторанды қайдан тапқансыңдар?» деп таңғалады. Өзбегім палуды басып, дастарханды жайнатып қойса керек. Әбден ішіп-жеп, көңілденген соң «не тілегің бар?» деп сұрды. Әдетте командирлер қосымша солдат, қару-жарақ сұрайды, мен «ештеңе сұрамаймын, мына хатты тиісті орынға беріңіз» дедім. Ұстап тұрды да «не туралы?» деді. Мен Мәлікті Кеңес Одағының Батыры атағына

ұсынғанымды, бірақ жоғары жақтағылар өткізбей жатқанын айттым. «Мен хатыңызды тиісті жеріне жеткіземін, бірақ оны іске асырам деп уәде бере алмаймын» деді ол әдеп сақтап. Осыдан кейін бір апта өткенде Мәлік Ғабдулин Кеңес Одағының Батыры атанып шыға келеді» дейтін Баукең.

- Абай, Мұхтар және Баукең еңбектері Сіздің санаңыз арқылы өтіп жатыр? Бәрінің білімі мен білігін ортақтастыратын бір арна бар ма? Бар болса ол не?

- Абайдың нәр алған үш бұлағы бар. Мұхтар Әуезов мұны 1934 жылы айтқан. Сол кезде ғалымдар үшін нағыз ғылыми концепсия осы болатын. Бірінші – қазақ халқының тұрмысы, екінші – шығыс, үшінші – орыс әдебиеті мен мәдениеті. Кеңес философтары саясатқа саламыз деп мұның бәрін быт-шыт қылып, бірінші орынға – орыс әдебиеті мен мәдениетін шығарды. Сөйтіп бүкіл ғылыми қорғау жұмыстарының барлығы Абай мен орыс арасында болып кетті. Ал Абайдың ең терең тұсы – шығыс мәдениеті мен поэзиясы болатын. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» дейтін өлеңінде «Мұны жазған білген құл, Ғұламаһи Дуани, солай

депті ол шыншыл, сөзін оқы және ойла, тез үйреніп, тез жойма, жас уақытта көңіл - гүл» дейтін жолдар бар. Сөйтсек, бұл өзі XV ғасырда өткен тегі парсы, ирандық ғұлама ақын екен. «Ақылани Жалали» деген кітабы болған. Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» дегенінің бәрі сол шығыс даналарынан келеді. Бұдан шығатын қорытынды, Абайдың шығысшылдығы мен Баукеңнің шығысшылдығында рухани байланыс бар. Баукең де шығыспен жақсы шұғылданған. Шығыс ақындарын өте көп оқыған. Баукеңнің «әй, осы бір иттің қолына түсіп кетпесін, сақта» деп, маған берген 200 кітабы бар. Қазір қолымда тұр. Соның ішінде шығысқа байланысты орысша көп жазылған.

Баукеңнің ерекшелігі - туған халқының табиғатын, мінез-құлқын терең біледі. Орысты өзінен артық білді. Көркем шығарманы қазақша және орысша жазған жалғыз Баукең ғана. Екі тілділер бар. Бірақ олар Баукеңдей екі тілде көркем шығарма жазған жоқ.

- «Қараңғы түнде тау қалғыпқа» қатысты Гете, Лермонтов және Абайдың поэзиялық «үштігі» бар ғой. Сол үш жырды Баукеңнің қалай

бағалағанын айтып қалып едіңіз бірде...

- Баукең осы өлеңді немісшеге, немісшеден қазақшаға, орысшадан қазақшаға өзінше аударма жасапты. Сөйтіп Гетеге «үш», Лермонтовқа «төрт», Абайға «бес» қояды. Бұл қызықты «баға» Баукеңнің 1945 жылғы жазбасынан табылды.

- Жақсы жазылғанына қарамастан «Ұшқан ұяның» жолы ауыр болыпты. Бұл жайында не білесіз?

- Ол 1956 жылдары жарық көрді ғой. Баукең ол кезде әскери академияда оқып жүрді. Баукеңнің шығармасына қатты көңіл бөлген Вера Павловна деген бір кісі болған. Көбінесе сол редакциялаған, ақыл-кеңес берген. Сөздің тоқетері, «мынау керемет дүние болады» деп, Баукеңнің «қыр соңынан» қалмай қойған. Бірақ Қазақстан баспалары мұны баспай қойды. Себебі романда қалың мал туралы, ескі әдет туралы баса айтылған. Сол кезде М. Әуезовтің «Абай жолы» туралы «анонимный» сын мақала шығып, кемеңгер жазушыны нұқыл ескілікті аңсаушы, сол өмірді жақсылап көрсеткен, Абайдың айналасындағылардың бәрі анандай да мынандай деп жатқан еді.

Орталық комитеттің «жас ұрпақты ескі әдет-ғұрыптан сақтау керек» деген мазмұндағы сыңаржақ қаулысы да бар болатын. Сөйтсек бұл бізді мәңгүрт жасаудың бірден-бір жолы екен. Біз тарихымызды, ескі әдет-ғұрпымызды білмей, кеңес өкіметі не айтса, соны істеп жүре беруіміз керек екен. Айтпақшы, «Ұшқан ұяны» Тұтқабай аударды. Ой, бірақ Баукең Тұтқабайдың да «жанын» мұрнының ұшына келтірді. Ер екен, Тұтқабай да шыдады. Баукеңнің мінезіне күліп қойып, әдемі аударып шықты. Енді Баукеңнің мұрағатынан сол «Ұшқан ұяға» қатысты тағы 80 беттей материал табылды. Баукең сірә ары қарай жалғастырмақ болған. Бірақ түрлі жағдайлармен бітпей қалған. Көп томдығына сол табылған жаңа материалды қосып береміз.

- Баукеңнің басқа шығармалары айғай-шусыз басылды ма?

- «Музей апа» дейтін шығармасы бар. Ирониясы өте күшті, астарын аңғарып отырсаң кеңес өкіметінің тіл туралы саясатына іштей қарсылығы менмұндалап тұрады. Онысын сездірмей көркемдік тәсілдермен бүркемелеп жібереді. Сол әңгіме әрең дегенде жарық көрді. Газет

_____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." редакторы «әні басамыз, міні басамыз» деп жүріп, әйтеуір Баукеңді сыйлағанынан шығарды. Басқа біреудің әңгімесі болса баспайтын еді.

- Орталық комитетке жазған қазақ тілі туарлы хаты мен майданнан демалысқа келген кездегі лекцияларының тағдыры туралы білесіз бе?

- Мұрағатын ақтарып отырып таптым ғой. Бірде өзінен себебін сұрадым. 1943 жылы жазылыпты. Баукең соғыстан жарадар болып келген екен. Яғни, жарадар болып жүрсе де ойын қағазға түсіріп, ОК тапсырған. Кейін соны тауып, жариялату үшін, ол кезде Баукең қайтыс болып кеткен, Шерхан Мұртазаға алып бардым. Колбиннің келіп жатқан кезі болса да жариялап жіберді. Баукеңнің сол хаты туралы кезінде Орталық партия комитетінде үлкен шара қолдануға ниет болыпты. Баукең бір хатында «осындай тамаша құжат жасалды, баспаға шығады, көресің» деп қуанышын жазыпты. Бірақ сақ қарғалардың бірі хабар берген болуы керек, соңы сиырқұймышақтанып кеткен. Орталық комитеттің істемек болған сол іс-шарасы не? Енді соны іздестіріп жүрмін. Бірақ таба алмай отырмын.

Жаңа сен Абай, Мұхтар, Бауыржан деп байланыстырып айтып қалдың. Бауыржан Момышұлының тегін емес, текті, орашолақ емес, ойлы екенін танып қадірлеген қазақ зиялыларының ішінен ең алдымен Мұхтар Әуезов болыпты. «Бауыржан құдай сыйлап елге келді. Ертең соғысқа қайта кетеді. Соны бір сөйлетіп, жиған-терген ойларын, ішкі сырын ақтарып алып қалайық» деп Орталық комитетке шығып, кіл жайсаңдар мен қасқалардан тұратын тыңдаушыларды жинап, лекцияны ұйымдастырған Мұхаң екен. Оны стенографистка жазып алған. Баукең стенографистка келіншек туралы «маған қырындаймын деп отырып көп сөзімді жазып үлгере алмай қалыпты құрғыр» деп, қалжыңдап күліп отыратын. Кейін Баукеңнің лекциясының бәрін Мұхтар Әуезов 1 том қылып конспектін жасап алыпты. Қазақша, орысша ескертпелерін қоса жазып қойыпты. Соғыс тақырыбына кітап жазбақшы болып ниеттенген шамасы. Бірақ іс оңына келмеген болуы керек. Одан кейін бір әңгімесі бар, жазылған хаттары бар, қарындашпен жызылған 1 томдық қолжазбасы бар, соны алып «Бауыржан Момышұлынан алынған Мұхтар Әуезовтың конспектісі»

деп Баукеңнің көп томдығына қосайын деп отырмын.

- Сіз жетекшілік жасап отырған Бауыржантану ғылыми-зерттеу орталығы еліміздің болашақ ұрпақтарын ұлттық рухта тәрбиелеу үшін институтқа бергісіз үлкен жұмыстар істеп жатыр ғой...

- Қағазға келгенде Баукеңдей құнтты адамды көрмедім. Мен мұрағатқа деген тиянақтылықты, қағазсақтауды сол кісіден үйрендім. Баукең өз қолымен «артымда архивный «крысам» Мекемтас бар ғой» деп жазып та кетіпті. Қолжазбаларының арасында «Мекемтас, етек-жеңді жию керек. Қазақша 3 том, орысша 2 том даярлау керек» деген жазба да жүр.

- Бұл сол кездегі ойы ғой.

- Жарияланған дүниелерін айтқаны ғой. Соны бір ізге түсір дегені болса керек. Осыдан екі жыл бұрын Жамбыл облысының әкімі болып тұрған кезінде Серік Үмбетовтің қабылдауында болып, Баукеңнің 20 томдығын шығару үшін Бауыржантану ғылыми-зерттеу орталығын құрайық деген ойымды айтып едім, ол кісі түсіністікпен қарап, ойымды қолдады. Міне, содан бері біз Қазақстандағы Баукеңе қатысы

бар мұрағаттардың барлығын түгел қолға алдық. Енді жеке адамдардың қолдарындағы мұрағаттарды іздестіріп, сұрастырып жатырмыз. Мәскеуге де барып келдік. Подольскідегі әскери мұрағатта Баукеңе қатысы бар 8 мың бет дүние тұр. Бірақ олар бұл құнды құжаттарды бізге бермей отыр. Егер соны қолымызға түсірсек, Баукеңнің дүниесі түгелденеді. Баукеңнің 1928 жылдан бастап жазған неше түрлі дүниелері бар екен. Соның бәрі табылып, жұмыс көбейіп тұр. Одан кейін Баукең жазған хаттар да сұмдық көп. Эпистолярлық жанр дейміз ғой, хаттарының өзі бір томнан асып кетеді-ау. Баукеңе жазылған хаттар мен жауаптар одан да көп. Олардың ішінен Баукеңнің өмірі мен әскери қызметіне, шығармашылығына тікелей қатысы бар хаттарды ғана аламыз деп отырмыз. Одан кейін әскери карталар бар. Баукең 207 рет соғысқа қатысқан батыр ғой. Суреттердің өзі 2 мыңнан асты. Бір ерекшелігі барлығы да Баукеңнің өзінің қолымен жазылған түпнұсқа құжаттар. Соғыс кезінде блокнотқа жазған ойлары да бар. Асығыс жазылғандықтан әрпін әрең дегенде ажыратамын. Қазақша, орысша, арабша, латынша, яғни көңіл-

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." күйіне қай тіл дөп келсе сол тілде жаза берген. Қиналсақ та соны бір ізге түсірумен айналысып жатырмыз. Басында Бауыржантану ғылыми-зертеу орталығын құрғанда жиырма том шығарамын деп жоспарлап едім, бірақ байқауымша табылып жатқан мұрағаттар одан асып кететін сияқты. Осы жолы Баукеңнің барлық мұрасы жүйеленіп, халықтың қолына тисе, бұл көп томдық Қазақстан үшін қайталанбайтын үлкен рухани қазынаға айналады.

- Рахмет, Мекемтас аға. Ұрпақ игілігі үшін төгіп жатқан теріңіздің игілігін көріңіз. Жұмысыңызға жеміс тілеймін!

«КЕНЕН, КЕНЕН ДЕЙДІ ҒОЙ ЕЛДІҢ БӘРІ»

Базар-Назардың қазасынан кейін жеті тұяғын жер қойнына берген Кенекеңнің кеңдігінде шек жоқ екен. Жалғыз ұлын соғыс жалмап, бір үйде келіні екеуі шошайып отырып қалған енесіне алдымен Көркемжанды, содан кейін Бақытжанды беріпті. «Екі Кенен келмейді, Алатауға ексең де...». Ақынның автопортретіне айналған осы әйгілі өлең жолдарының мәнін оның өнерінен ғана емес, адами мәрттігінен де іздеу керек сияқты. Жуырда Астанаға жолым түсті.

Әкесін «жезде», анасын «әпке» деп өскен Бақытжан Парламентте қызмет істеп жүр..

- Сіз дүниеге келгенде Кенен атамыз қанша жаста еді?

- Алпыста! Бірақ мен нағашы апамның қолында өстім. Шешемнің жалғыз бауыры Қыдырбек Қабылтаев деген кісі соғысқа кетіп, Курскінің түбінде 1943-жылы қайтыс болды. Енесі мен келінінің бір үйде шошайып отырып қалғанын көріп жүрегі езілген Кенекең «қу жалғыздықты өзім де талай бастан кешіп ем, мына екеуіне де әбден обал болды-ау, Көркемжанды берейікші» депті шешеме. Көркемжанның онда бес-алты жасқа келіп қалған кезі ғой. Естияр боп қалған бала нағашы апамыздың қолында бес-алты күн жүреді екен да, үйге қашып кетеді екен. Әкем атына мінгестіріп қайта апарып тастайды. Ол қайта қашады. Сөйтіп жүргенде 1945-жылы, шілде айында мен дүниеге кеппін. Сөйтіп, арада үш-төрт ай өткенде нағашы апамның бауырына мені «теліпті». Нағашы апамның келіні Сақыбала мен төртке келгенше туған баласындай бағып-қағып, тұрмысқа шықты.

- О кісі кейін араласып тұрды ма?

- Мен үйленген кезде құтты босын айтып келді. Бір әйел кеп бетімнен сүйіп, ақ жейдені кигізбек боп жатқаны есімде. Шешемнен «мына кісі кім?» деп сұрасам, «ойбай-ау, бұл сені төртке келгенше бағып-қаққан Сақыбала деген анаң ғой» деп күліп жатыр.

- Туған әке-шешеңізді қай уақта білдіңіз?

- Он төрт жасымда білдім. Ол кезде мені асырап алған нағашы апамның ауылында жеті-ақ сынып болды. Кенекең «мені ары қарай қайда апарып оқытамыз?» деген мәселені Сәбит Мұқановпен ақылдасып көрсе, ол кісі «Алматыға келіп оқысын. Көмектесейін» депті. Содан құжаттарымды дайындау керек болды. Баяғы Георгиевкаға барып әкем Қыдырбек туралы анықтама алуым қажет. Әскери комиссариатта отырған әйелдер аң-таң. Таңданбағанда қайтеді, әкем 1943 жылы қайтыс болған, ал мен «1945 тудым» деп қасқайып тұрмын. Бір татар әйелі маған жылыұшырай қарап: «айналайын, туған жылыңды айтпай-ақ қой. Әкем соғысқа кеткен, білмеймін, әжемнің қолында өстім» деп жүре бер деді. Сол кезде барып менің жүрегім бірдеңені сезді...

- Оған дейін шынымен-ақ ештеңе білген жоқсыз ба?

- Жоқ. Тіпті ауылдағы аузы жеңіл жеңгелерім де «сен ақын атамыздың баласысың» деп айтақан емес. Ол кездегі адамдардың тәрбиесі бөлек болатын. Ал Кенекең өмірімде бір рет «балам» деп бетімнен сүйген емес. Мен әкемді «жезде», шешемді «әкпе» деп өстім. Осы күні нағашы апамды есіме алсам ет-бауырым елжірейді. Жарықтық, бала кезінен құлағына құйя берейін деген болуы керек, мен қашан ұйқыға кеткенше «балам, сен Қыдырбектен қалған жалғыз тұяқсың, Сенің арғы Байқалмақ, Күдер деген аталарың үлкен бай болған. Кенен сенің - жездең, Нәсиха - әпкең. Біз сенің әкең Қыдырбек соғыста шейт болғаннан кейін амал жоқ осылардың қолына кеп тұрып жатырмыз. Қораңдағы малыңнан айырылып қалма. Бәрі ауылкеңесте қаттаулы тұр...» сыбырлап жатады ғой. Тіпті малымыздың еніне дейін айтатын. «Біз малдың екі құлағын айшық құсатып кесеміз. Сен де солай ет құлыным, ұмытып қалма. Ал, мыналар, - дейді, Кененнің үй жағын нұсқап, - бір жағын айшық қып кесіп, бір жағын теседі» дейді. Бұрын біз Иірсуда отыратынбыз. Сақымала

тұрмысқа шыққанан кейін Кенен Отарға, өзінің қасына көшіріп алды ғой. Кішкентай қоржын тамның бір жағында нағашы апам екеуміз тұратынбыз.

- Содан...

- Бір күні Кенен мені шақырып алып, «Мына кісі – аруана... Көзі тірісінде маған тән екеніңді білдіріп қойып көңілін қалдырып жүрме! Онда Құдайдың алдында екеумізге де ұят болады» деп ақылын айтып, туу туралы куәлігімді берді.

- Бірақ Алматыға Қабылтаев боп кеттіңіз ғой...

- Интернатқа да, университетке Бақытжан Қыдырбекұлы Қабылтаев болып түстім. Менің оқуға түсуім де қызық. «Кененнің баласын оқуға түсіру керек» деген «тапсырма» алған Мырзатай Жолдасбеков ағамыз менімен бірге құжат тапсырған Кененбаев деген талапкерді «ақын Кененінің баласы дәу де болса осы болу керек» деп ойласа керек «бес» қойып жіберіпті. Ал Қабылтаев боп барған мен «үш» алып қалдым. Әйтеуір Төрткен әпкем араласып, Кененнің баласы Кененбаев емес, Қабылтаев екенін айтып, оқуға түсіп кеттім ғой...

- Ал аты-жөніңізді ақынның атына

қашан ауыстырдыңыз?

- Әкемнің тоқсан жылдығына байланысты отбасына Алматыдан пәтер беретін болды. Мен ол кезде үшінші курста оқимын. Үйді кімнің атына жазу керек? Ол кезде менің алдымдағы ағам Көркемжан қайтыс боп кеткен. Кененнен қалған ендігі тұяқ Бақытжан дейін десе, менің ата-тегім басқа. Ақыры Бақытжан Кененұлы Әзірбаев деген төлқұжат алуға тура келді. Бірақ достарым мені әлі күнге дейін Қабылтаев дейді...

- Ол кезде жарықтық нағашы апаңыз әлі тірі ме еді?

- Иә, бірақ біз ол кісіге білдірген жоқпыз.

- Кенекенді «жезде» деп, әзіліңіз жарасып өсіпсіз. Халқымызда да «әкенің жақындығы жездедей-ақ» деген сөз бар. Ақын атамыз жадыңызда қандай кісі боп қалды?

- Өте қонақжай кісі болатын. Аты аңызға айналған ақынды көзі тірісінде көріп, әнін, әңгімесін естіп қалайық дей ме, алыс-жақыннан ат арытып көп қонақтар келіп жататын. Сонда Кенекеннің қонақжайлылығы сонша, бір қонақты аттандырып сап тұрып аттан түсіп жатқан екінші қонаққа «бұлардың нәсібі бөлек,

тағы бір қой сойыңдар» дейтін. Мен, әлбетте, қонақтардың қолына су құйып, қызмет жасаймын. Шәйдан кейін ақырын шылым шегетіні болушы еді...

- Қандай шылым шегуші еді?

- Ол кезде «Қазбек» деген шылым болатын. Соның бір талын әдемі күміс портсигарынан шығарып, асықпай тартып алатын. Содан кейін бізге әнін, әңгімесін айтатын.

- Қандай әңгімелер?

- Кенекеңнің әнімен бірге әртістік шеберлігі де ерекше еді ғой. Әңгіме айтып отырып, «ал, балалар, мен қазір сендерге Шашубай боламын» дейді. Бір кезде «ал енді Шөже боламын» дейді. Шөже зағип боған ғой, Кенекең көзін тарс жұмып алып шақшасын іздейді. «Домбырамның басы бал құрай, басына қонған бозторғай, қалампыр мен насыбай, насыбайдан бермесең, ауырады басым-ай » деп құйқылжытады. Ал енді шақшасын жорта іздеп, оны тауып алған болып, астыңғы ернін созып тұрып насыбайды салғанын көрсеткенде, біз қыран-топан боламыз. Жалғыз біз емес, Кененің өнерін тамашалауға келген қонақтармен бірге бүкіл ауыл жиналады ғой. Олар да мәз. О кездің

«телебезері» Кенекең еді бізге. Кенекең бір кезде Үмбетәлі боп кетеді. Үмбетәлі болған кезде тұйғындай түйіліп алады да, құйрығымен жорғалайды. Үмбетәлі ақын шабыттанып, шамырқанған кезде бір орнында байыз тауып отыра алмай, құйрығымен жылжып кетеді екен. Содан Жамбыл жәкеміз бастаған ақындардың арасында «қара жорға» атаныпты. Одан бір кезде «диуана боламын» дейді. Ондайда сөздерінің бәрі діни боп кетеді. Осы күні ойлаймын: соның бәрін біз құлағына құйып ала берсін берсін деп істейді екен ғой деп. Өйткені жазуға, айтуға болмайды...

- Кенекеңнің кітабы шыққан жоқ па еді?

- Ол кісі араб тілінде жазатын. Білгенінің бәрін бір жылдан астам уақыт қағазға түсірді ғой. Жазушы, ғалым Нысанбек Төреқұлов менің әкемнің шығармашылғы үшін көп еңбек сіңірген адам. Сол кісі күндіз-түні қасында отырып, әкемнің арабша жазғандарының бәрін латыншаға көшіріп, өңдеп, баспаға дайындап берді. Бірақ соның өзі «Қазақстан» баспасында 3-4 жыл «сүрленіп» жатып әрең дегенде пышақтың қырындай боп шықты емес пе...

- Қысқартып тастаған ба?

- Көптеген аңыз-әпсаналарын кеңес өкіметінің саясатына «томпақ» деп қысқартып тастапты. Нысанбек ағамыз бен Төрткен әпкемізге рахмет, сол кітаптың қысқарған жерлерін толықтырып 2000-жылы «Елорда» баспасынан баяғы «Аңыздар сыры» деген атымен қайта шығарды.

- Кенен атамыз Кенесарының Қордай түбінде өткен шайқасы туралы айтушы ма еді?

- Ханның тұқымы ғой, жасағанының бәрі дұрыс, тек қырғыздарға тиіспей, басқаша саясат қолдануы керек еді деп отыратын. Өйткені Шудың ар жағы мен бер жағындағы қырғыз-қазақ қыз алысып, қыз берісіп, әбден біте-қайнасып, бір-бірімізге бауыр басып кеткенбіз ғой.

- Көп адам Кенекеңде Базар-Назардан кейін бала болмапты деп ойлайды екен...

- Мен де мұны Арқаға келгелі бері байқап жүрмін. «Айналайын балам, біз Кененді Базар-Назардан кейін тұяқ көрмей, бір нәрестеге зар боп өтті екен деп жүруші ек, бар екен ғой» деген кісілер де болды. Базар мен Назар әкемнің тұңғыштары ғой. Былайғы жұрт оларды

егіз деп ойлайды, шындығында олар үйелмелі-сүйелмелі, аралары бір жарым жас болатын. Шешем Базар-Назардан кейін жеті құрсақ көтерді. Болыс, Әбсебек, Тұрсын деген де балалары болған. Бірақ олар да тұрмапты. Ашаршылық жылдары қырғыз жаққа ауа көшіп жүргенде көрген нәрестесін Қырғызбала деп атапты. Ол да шетінеп кеткен. Елуге келгенде барып Төрткен туған...

- Төрткен әпкеміздің тіл-көзден аулақ болсын деп ырымдап қойған аты Төрт Кемпір, Бір Шал екенін естігем...

- Иә, содан кейін бала тоқтаған. Кенекеңнің Төрткенді төлбасы дейтіні сол. Сосын Көркемжан, мен, Ақтамақ, Ақтілек дүниеге келді. Көркемжан елу бес жасында жаман аурудан қайтыс болды. Оның үш ұл, екі қызы бар. Қазір Кенекеңнің үрім-бұтағы: балалары мен қыздарынан көрген немере, шөбере, шөпшек, жиен, жиеншарларының бәрін қосып есептесем 90-нан асып кетеді екен.

- Кенен атамның тұқымдары қапқаздықтар сияқты кілең ұзақ жасайды екен да.

- Кенекең 80-ге келіп селкілдеп отырған

кезінің өзінде енесіне қызмет жасап, ет турап, сорпасын әперіп отыратын. Әзірбай да 90-нан асып барып қайтыс болған. Әзірбайдың әкесі Манабай да ұзақ жасаған кісі.

- Биыл Кенекең аман болса жүз жиырмаға келгендей екен-ау...

- Жамбылдықтарға рахмет! Жақында Қордай ауданында Кенекеңнің жүз жиырма жылдығын атап өтті. Оған Әбіш Кекілбай, Шерхан Мұртаза, Мырзатай Жолдасбеков бастаған көптеген белгілі тұлғалар қатысты. Бұрнағы жылы облыстың бұрынғы әкімі Серік Үмбетовтың арқасында атамыздың мұражайының қасынан ескертікіші тұрғызылып, облыс орталдығында Кенен Әзірбаев атындағы республикалық әншілер байқауын өткізу дәстүрге айналған болатын. Сол жақсы дәстүрге сызат түспепті. Әншілер фестивалін биыл Кенен Әзірбаевтің 120-жылдық мерейтойына арналған облыстық ақындар айтысы толықтырды.

- Кенен атамыз екі рет үйленген екен ғой?

- Бірінші бәйбішесінің аты Үлпілдек болатын. Үлпілдектен Талдыбек пен Ұлдай. Талдыбектен Бәтима деген қызы бар.

- Құғын-сүргінді сол үшін көрген бе?

- Бұл кісі отызға келгенде кеңес өкіметі орнады. Қордай ревкомының төрағасы боп жүргенде «екі әйел алған, ескілікті ақын-жыраулардың мен би-болыстардың сөзін сөйлейді, намаз оқиды» деп домалақ арыздарды үстінен қарша бұрқыратқан ғой. Содан арызшағым көбейіп кеткеннен кейін бір үлкен жиында «мен енді өз еркіммен қызметтен кетейін, өйткені ескіше оқыған адаммын. Жаңа заманға орай білімді, көзі ашық жастар келіп жатыр, соларға жол берейін» депті. Жасы елуден асқан кезде тек қана ақындықпен жүрген. Түрксібтің кезінде көшпелі вагонмен жүріп, үш-төрт жыл әртіс болғаны да бар.

- «Ораздың ақыны» деген аты ше?

- Ораз Жандосов қасынан тастамай, ертіп жүріпті. Содан «Ораздың ақыны» атанып кеткен ғой. Оразды алып бара жатқанда бұрынғы «доспыз» деп төс қағыстырып жүргендердің ішінен Кенекең ғана қорықпай қоштасып, Қордайдан асқанша шығарып салыпты.

Оразжан серкесі едің Жетісудің
Жасыңнан талаптанып өнер кудың

деген әні бар ғой. Көпке дейін айтылмай жүрді ғой. Өйткені Кенекең осы әнді шығарғаны үшін абақтыға түскен. Түрмеде 7-8 ай жатыпты. Шешемнің айтуы бойынша, бір жас жігіт «жеңгей, жыламаңыз, бұл кісі кеңес өкіметіне үлес қосқан адам, Жамбылдың шәкірті ретінде атағы ерте шыққан өнер иесі, құдай қаласа, көп ұзамай босатып қалар» деп, жұбатып шығарып салды дейді. Әкемнің «Достарым» деген өлеңі бар ғой, сонда Сәбитті, Тайырды, Оразды досым дейді.

- Төрткен апамыз қазір қайда тұрады?

- Алматыда. Зейнетке шыққан. Кенекеңнің мұрасын жинауға, әнін таратуға көп еңбек сіңірген сол кісі. Жас кезінде әкемнің әндерін жақсы айтатын.

- Кенекең «жезде» дегеніңізге ренжімеуші ме еді?

- Бала кезде мен оны қайдан білем. Шынымен «жезде» боса «жезде» шығар деп жүре бердім. Қырғыздардың ақындары келеді. Алты-жеті жасар кезім-ау деймін, әлі есімнен кетпейді, мені шақырып алып бір үлкен кісімен ақылдасып отырған сияқты «Бақытжан, үйге ұятты кісілер келіп отыр. Біздің

малды көріп отырсың, пышаққа ілігер ешқайсы жоқ, Сенің ана қара тоқтың жақсы екен, соынды маған бер, оның орнына менің ақ тоқтымды ал» дейді. Сөйтіп әкелі-балалы екеуміз бөтен адам сияқты малдарымызды сол жерде баспа-бас айырбастап, қол алысамыз. Күлмей, салмақты сөйлейтін. Оған қарап мен де өзімді шынымен үлкен азамат сияқты, бір үйдің тұтқасы сияқты сезінетінмін.

Өрістен мал келген кез де қызық. Онда Отарда тұрамыз ғой. Мен қораға мал кіріп жатқан кезде дуалды ат қып «мініп» алады екем да, қолымдағы көк шыбықпен «мынау Кененнің қойы, мынау біздің қой» деп, басқа ұрып санап тұрады екем. Айтпақшы, әкемнің бір ақылы есімде: жарықтық, алақанын жазып: «егер мынандай жазық болсаңдар, онда жайдақ жол сияқты үстеріңнен кім көрінген басып өтеді» дейтін. Сосын жұдырығын түйеді: «ал мынандай болсаңдар, бұл да жаман. Бұл қарақан басының қамын күйттеген, не досы жоқ, не қуанышы жоқ, қатып қалған қара тас» дейді. Сөйдейді де «міне, мынандай бол» деп жұдырығын сәл-пәл ашады: «осындай болсаң кірсің де, шығысың да болады, қуанышың да, досың да болады» дейтін жарықтық.

Жүріс-тұрысы, шөп шапқаны, атты ерттегені, атты баптағаны, атқа мінгені бәрі әңгіме, бәрі тәрбие екен ғой...

- Сөйтіп үш ананы тел емген телқоңыр болдым деңіз.

- Менің үйлену тойым әкем «ағайынның ішіне жасайық» деген соң ауылда өтті. Той екі жетіге созылды. Бір жетіде менің жора-жолдастарым, екінші жетіде әкемнің ағайын-туыстары тойлады. Тойды Мырзатай аға басқарды. Қызық болғанда, сөз кезегі берілгенде «кәзір Бақытжанның шешесі Рысбала шешемізге сөз береміз» дейді. Ол кезде нағашы апам тірі ғой. Ол кісі шығып сөз сөйлеп, батасын береді. Содан кейін «ал енді Бақытжанның шешесі Нәсиха анасына сөйлейді» дейді. Одан кейін «Бақытжанның шешесі Сақыбала апамыз ақ батасын берсін» дейді. Алматыдан келген достарым «сонда Кенен атамыздың үш әйелі болған ба?» деп аң-таң. Нәрестелі болған кезіміз де есімде. Тұңғышымыз Жазирадан кейін ұл бала болды. Алматыдағы жора-жолдастарым Сәкен Сейфуллиндей болсын деп атын Еркебұлан қойды. Қырық күн өткеннен кейін ауылға алып келдік. Төрде шынтақтап жатқан әкем алдына апарып қойған немересінің маңдайынан

ііскеді де «балаңның бауы берік болсын» деді. Сосын ойланып отырып «бұл ақылы терең атақты Мұхит атасындай болсын» деп, алақанын жайып ақ батасын берді. «Ойбай, ата, немереңіздің атын Еркебұлан деп қойып қойғанбыз» деп қалай айтасың, үндеген жоқпыз. Сөйтіп, достарымыз бақ десе де, шақ десе де баламыздың аты Мұхит болып қалды.

- Жеңгеміз екеуіңіздің аттас боп шыққандарыңыз қызық екен?

- Иә, екеуіміз де Бақытжанбыз. Шерағамыз көңілінің қошы түскенде «қос палаталы парламенттегі қос Бақытжан қалайсыңдар, ей?» деп, қалжыңдап қояды. Әйелім де Кенен атасының фамилиясын алған. Шерағаң кейде үйге телефон шалып «Бақытжанды шақырыңдаршы» дейді. «Қай Бақытжанды?» дегендерге «Қ... Бақытжанды шақырыңдар» дейді әзілдеп. .

- Кенекеңнің өмірін айта берсек бәрі өнеге ғой. Нәсиха апамыз қандай еді?

- Өте жайдары адам еді. Көркемжан үйленгенде әкемнің «Келінжан» деген әні шықты. Орысша оқыған жеңгемізді шешем қайта тәрбиеледі десе де болады. Алғашқы кезде бір ауыз қазақша

Құтты болсың келінжан аяғыңнан,
Осы еді ғой күткенім баяғыдан.
Мал-мүлкіңе ие бол, арнап жиған,
Дұшпандардың сақ болғың саяғынан,

деген атақты әнін сол келініне арнаған.

Шешем балаларға қатты сөйлеуді білмейтін, сабырлы адам еді. Қыздарына да, ұлдарына да жақсы тәрбие берді. Содан кейін ақынның жары болу да оңай емес. Әкеме күндіз-түні ағылып келіп жатқан қонақтарды сол кісі атқарады. Әкем екеуінің алтын тойын тойладық. Сонда үрім-бұтағы түгел жиналып келді. Екеуінің қолына өмірінде салмаған алтын сақина салдық. Шешеміздің сондағы айтқаны ғой: «Аталарың отыр міне 90-ға келіп. Жас кезінде емін-еркін жүріп-тұрды. Қайда барам десе де бетінен қападым. «Ләтипа» деп лапылдап жүріп Ләтипамен айтысты, одан үйден қашып жүріп Бопаймен айтысты. Ал оның отбасына ие болып, амандығын тілеп отырған мына маған бір дұрыс ән шығармапты. Сонда әкем, аңғал адам ғой, «ә, Нәсиха, солай ма еді?» дегенде, елдің бәрі қыран-топан боған. Содан өлерінен екі жыл бұрын қолы селкілдеп

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." отырып «Нәсиха» деген толғауын жазды ғой. Сонда бүйтіп айтады:

Нәсиха алтын қазығым,
Алты жастан қосылдық
Көңілімді тапқаны-ай.
Қайда барам десем де,
Шаужайымнан қақпадың.
Туысқан - тату, жекжат - мәз,
Мінезіңмен жаққаны-ай.
Алақан ашық, ақ пейіл
Ағайын мен ел-жұртқа,
Келтірмеген бір зейіл.
Бұл сөзімде елеу жоқ,
Нәсихаға теңеу жоқ.

Тоқсан үшке келгенде қайтыс болған Кенен атамның бұл соңғы өлеңі болды. Шешем тоқсан сегізінде дүниеден өтті Жерге жүз жасады деп қойдық ғой...

ШӘМШІНІҢ «АҚЫРҒЫ АЯЛДАМАСЫ»

НЕМЕСЕ ДҮНГЕН ҚЫЗЫ

Соңғы жылдары тараздық шенеуніктер әсем әнді зәулім концерт залдарынан емес, думанханалардан ғана тыңдайтын болған. Өйткені көне шаһарда екі күннің бірінде той. Тойдың иесі - қазақ. Ал қазақ жүрген жерінде ішіп-жеуді ғана емес, ырғала отырып ән-жыр тыңдағанды да жандары сүйеді. Қонақтарын қайран қалдыру үшін думанханалардың тәуірін таңдап, әншілер мен бишілердің мықтыларына ғана «сауын» айтады. Ол әншілерінің «адресі» бұяғы – Шымкент болса, ояғы – Алматы асады. Тараздық

тойшылар, әлбетте, өздерінің «Алатау» ән-би ансамбілінің «жұлдыздары» мен «Айша бибінің» биші қыздарын да ұмытпайды. Тойға жиналған тондыларға да керегі осы. Кекіріп отырып ән тыңдап, секіріп жүріп би билеп, бір жетісіп қалады...

* * *

Тыңдарман қауым кейде таңдайы тақылдаған асаба: «келесі тыңдайтындарыңыз «Дүнген қызы» әні. Сөзі Сабырхан Асановтікі, әні Шәмші Қалдаяқовтікі. Орындайтын әнші Ғани Мәтебаев» деген кезде Шәкеңнің өзі кеп қалғандай елпең ете қалады. Думанхана сахнасына шыққан пәкене бойлы, әншіден гөрі ауылдың момын бозымдарына көбірек ұқсас жігіт екпіндеген ырғаққа қосылып өзіне тән әсем дауысымен әнді бастап кеп кетеді...

Түндей тұнық көздеріңнің қарасы,
Қосылардай қастарыңның арасы.
Жалт қарасам жалын атқан ақ жүзің,
Алаулайды атқан таңмен таласып,
сырғалым...

Қиял қанша ертеді елес дүнген қызы
арманым.

Кез боп келсең ертелі-кеш сенен көзді
алмадым.

Өзгені емес, өзінді ойлап жүдедім,
Түсінер деп бір қазақтың жүрегін,
сырғалым...

Шәмшінің әнінің аты Шәмшінің әні
ғой шіркін! Жұрт ән ырғағына қосылып,
еріксіз қол соға бастайды. Менің ойыма
әннің авторы Шәмші аға оралады...

* * *

Сексенінші жылдардың аяғы,
тоқсаныншы жылдардың басы шамасы.
Ақын Жақсылық Сәтібеков көкем
жұмыстан жоқ боп кетеді де, бір уақта
Шәмші Қалдаяқовты ертіп келеді. Риза
болатыным, қызметінен қорқатын
кейбіреулер Шәкеңнен қарадай
осқырынса, Жақаң оған жарыққа
үймелеген жынды көбелекше жабысатын.

Жақаңмен бір кабинетте отыратын
мен де келе-келе Шәмші ағаны іздейтінді
шығардым. Өзі өте қарапайым кісі екен.
Кәстөмінің жағасына ма, әлде кеуде
тұсына ма (ұмыттым), «Ленин комсомолы
сыйлығының лауреаты» деген сол кездегі
таланттың таланттарының ғана қолы
жететін белгісін үнемі тағып жүретін.
Маған осы төсбелгісіз қазақ вальсінің

«королі» атанған асыл ағаның бейнесін елестетуге болмайтындай көріне бастады. Сол кез, сірә, Шәкеңнің атағы да, шатағы да саябырсып, тек қана тұрмыс тауқыметі мен денсаулықтың қам-қарекетімен жадап-жүдеп жүрген шағы. Жақаң ғана, әйтеуір, әңгіме арасында «Шәкең Дунгановкадан (қазіргі Жалпақтөбе ауылы) қатырып тұрып үй соғып жатыр» деп көтермелеп қоятын.

* * *

Мен өзім «журналистика» деп аталатын жарлы-жақыбайлардың оқуын сырттай бітіргендердің сортынанмын. Бірақ «курстастарымның» бәрі шетінен «сен тұр, мен атайын» дейтін мықтылар еді. Марқұм Қанипа Бұғыбаева апайымнан бастап, талантты ақын-жазушылар Несіпбек Дәутаев, Есенғали Рашановтармен үзіп-жұлып бірер жыл «парталас» болғаным бар. Сол Есенғали Алматыға көшіп келген соң шыққан бір кітабында Шәмші ағасы туралы тәп-тәуір өлең жазыпты. «Тентек шоқпар жинайды». Соны үйдегі сықыған кітаптардың арасынан бөлек ап, жұмысыма әкеп қойдым. Ойым өлеңді Шәмші ағаға оқып беру. Шәмші

аға көп күттірген жоқ. Жақаңа ілесіп, «Ленин комсомолының лауреаты» деген төсбелгісі жарқырап, кабинеттің төріне оза берді. Мен суырмадан Есенғалидың кітабын шығардым.

- Аға, мына өлең Сіз туралы екен, оқып берейін бе?

Шәмші аға әжім басқан жүзіндегі жылы шырайды жоғалтпай:

- Оқышы, - деді.

Ұмытпасам өлең «Шәмші деген біреу пайда болды, әпкелерім соның әндерін айтады да бірінің артынан бірі күйеуге шығып кете беретін болды» деп әдемі «мұңымен» бөлісетін бозбала туралы ойнақы басталатын. Ұлттық қасиет пен қазақы жылылықтың қаны тамып тұрған жыр десе де болады. Өзі әжептеуір ұзақ. Мәнерлеп оқып шықтым. Өлең біткен кезде Шәмші аға қарлығыңқы үнімен:

- Өзің жаздың ба? - деді.

- Жоқ, Алматыда Есенғали деген ақын бар, сол жазған. Сіз туралы болған соң оқып берейін дегенім ғой...

- Жақсы ақын екен. Рахмет, айналайын.

Жадап-жүдеп жүрген адамға жылы сөз де дәру. Шәмші аға сол жолы Есенғалидың сиқырлы өлеңінен кейін бір марқайып қалды.

* * *

Қазақтар мен дүнгендер қабаттасып тұратын Жалпақтөбеден өткен сайын ұзын жолдың Талас өзеніне қарай бұрылатын иініндегі төрт бұрышты тамға көзім түседі. Жақаңның «Шәкең Дунгановкадан қатырып тұрып үй соғып жатыр...» дейтін үйі осы. Бітіре алмай кеткен екен, біреу бау-шарбағымен сатып апты. Бірде алматылық фототілші Асылханды әдейі ертіп апарғам. Суретке түсіріп алды. Үйдің жаңа қожайынынан «Шәмші білесіз бе?» деп сұрайық десек, ешкім есік ашпады...

* * *

Әңгімені Тараздағы салтанаты бірінен-бірі өткен думанханалардан бастадық қой. Сонымен аяқтайық. Облыстың «үлкен кісілері» ғана қатысатын тойлардан қалмайтын ығай мен сығай «контингенттер» Шәмші ағаның сезімін оятқан «Дүнген қызына» қол соғып, ыржиып отырған кезде менің ойыма Жалпақтөбедегі осы «жалғыз» үй оралады. Шәмшінің «ақырғы аялдамасы» болған сол шаңыраққа «Бұл үйде қазақ

вальсінің «королі» Шәмші Қалдаяқов тұрған. Оның «Дүнген қызы» деген әні осы ауылға жанына шипа, көңіліне медеу іздеп келген кезде туып еді» деп, неге жазып қоймайды деп ойлаймын. «Үлкен кісілер» тапсырса, сол жазуды мәрмәр тасқа түгін тартсаң, майы шығып жатқан Жалпақтөбенің игілігін көріп отырған дүнген бауырларымыздың өздері-ақ жазғызып, іліп қояр еді, амал қанша...

КҮЙШІ МЕН АЙША БИБІ

ДӘУЛЕСКЕР КҮЙШІ, КОМПОЗИТОР
НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВПЕН КЕЗДЕСКЕНДЕ

Айша бибі - «темір тұлпарлы» кісі бір «тебінсе» жетіп баратын жер. Сенбі, жексенбі күндері тараздық жас жұбайлар осы махаббат мазарының алдына жиналып, күшуақтағы көгершіндердей «үлдесіп», бейбіт жұптары жарасып, қаптап кетеді. Тәңірінен Төлегеннің амандығын тілеген Жібектің тәтті тіліне Аллаһ Тағаладан кейін оралған қасиетті есімдердің бірі Айша бибі ғой, сірә, көңілдері жарасқан ғашықтар арудың әруағынан рух алатын шығыр, жақсылыққа ырым қылатын шығар, әйтеуір, сырнайлатып-кернейлетіп

бірінен кейін бірі ерекше салтанатпен ағылып жатады.

Бұл болса жердің жыртығын жамамақ боп далбасалаған бейбақтай «ұлттық рухтың жоқ-жітігін түгендейік» деген сөзін сазбеттерге өткізе алмай сандалып жүрген соқа басты пенделерге тән жабырқау жалғыздықпен әлгі қарлығаштай қанаттасқан жұптарға қызыға қарап қалады. Қарап-қарап тұрып, жастарға сәукеле мәнзелдес, ару мүсіндес мазардың ортасында көлбеп жатқан суық тастың астындағы арулап көмілген мәйіттің кірпік қаққандай келте ғұмырын емес, мың жасаған махаббатын тілейді.

Тас ақ кебінге оранған. Алақаныңды тигізсең суық ұрады. Мазар іші де салқын. Сонда жастар бұл арадан не іздеп жүр? Жылылық па? Ол жылылық мыңжылдықтар тоңының арасында мұз боп қатып қалған жоқ па? Тапты. Жылылық атадан балаға мирас боп келе жатқан Айша бибі туралы жыр мен сырда екен. Ауыз әдебиеті, ана тілі, аңыз, шежіре нәм абыз тарих болмаса мына дүние не боп кетер еді?! «Осы маған ең алғаш Айша бибінің мазарына апаршы» деген Күйші емес пе еді?..

Соқа басы соститып тұрған кісінің ойына осыдан көп жыл бұрынғы оқиға түсті. Бастығы шақырып алды да «анау атақты күйшіні білесің ғой, сол облысқа келе жатыр екен, «жаныма ілесіп жүретін бір адам тауып беріңдер» деп қиғылық сап жатыр. Сол көкеңе сен ілесесің» деді. Үнінде мысқыл бар. Мысқылына көңіл бөлген жоқ. Қуанып кетті. Бірақ құжырасына кеп оны-мұнысын жинастырып, құнжыңдап отырып «ау, әшейінде, төрді бермейтін, бас пен жамбасты былай қойып, құлақ пен сирақты да өздері орап алатын бұларға не көрінді? Атақты Күйшінің қасында жүру бақытын маған қалай ғана қиды?» деп, ойланып қалды. Дегенмен, «біреп күн қасына ерсем ерейін» деп, Күйшіні асыға күтті. Әні келеді, міне келеді деген күйші жоқ. Бірақ дабысы жетіп жатыр. «Борандының бекетінен» түсіп қапты...» деді біреулер. «Директорлар мен парткомдарды тұрғызып қойып «Менің Қазақстаным» деген әнді хормен айтқызыпты» деді екіншілері. Сөздерінің сыңайында сүйсінуден гөрі «сұмдық қой, мынауы...» деген шошыну бар. Бастықтардың «індеріне» неге зып беріп кіріп кеткендерінің сыры осы кезде ғана

санасына сарт ете қалған.

Байзақ ауданындағы (ол кезде Свердлов ауданы деп аталады) Мәдениет сарайында болған Күйшінің концерті көңілсіз өтті. Аупарткомның салқындығына зал ішінің салқындығы қосылды. Жиналған жұрт та аз. Бастықтар жым-жылас. Күй құдыретін ұғынатын қарапайым халық қана отыр. Күйші концерттен кейін жұпыны думанханада (бұл арада салқын екен) терең күрсіне отырып өзегін өртеген өкінішті ащы сумен басты.

- Қазақ «жеті атасын білмеген жігітті жетесіз» дейді. Сен кім боласың?

Қырлы стақандағы «отты» Күйшіден қалыспай бұл да қылғып сап отырған. «Жеті атасының» жөн-жобасын білгенінше айтқан болды.

- Онда тоқалдан туғансың!

Бұл ыңғайсызданып қалды. Сөзі төбеден түскендей екен. «Бастықтардың қашатынындай бар екен-ау» деп ойлады. Бірақ шамданған жоқ. Арғы ата-бабаларының көп қатын алғаны өтірік емес. Бұның аталары соның екіншісінен бе, үшіншісінен бе туыпты. Бүгінге жеткен шежіреде дәлдік кем. Әрқайсысы өзінікін дұрыс дейді. Дегенмен Күйшінің үнінде

ұрсудан гөрі, рухтас, ұрандас ұланға тән ішарту бар. Бақандай бір облыстан сыр бөлісер зиялы қауым, сөз ұғар білікті басшы таппай қиналғанда, қасына ілескен баласындай бозымды ренжітіп алмайын деп те ойлайтын сияқты...

Коммунистер «Химпорм» деп атаған (қандай күлкілі, ә...) Мәдениет сарайындағы концертте де көрермендер аз болды. Әшейінде алдыңғы қатарды еншілеп алғандай қарапайым адамдарға орын бермейтін бастықтардың боз бастары жоқ. Ішіктерін көрсетуге келетін әйелдері де көзге түспейді. Облысты жайлап алған рухсыздыққа шыдамаған Күйші осы арада бомбадай жарылды.

- Орталарыңда сөз ұғатын, жөн білетін жан бар ма? – деді, ол залдағы жанкүйерлерге қарап. – Мына облысты, қаланы басқарып отырған басшылар қазақ елінің әні мен күйінен безген қандай көргенсіздер еді?! Әй, сен қайда отырсың?..

Бұл Күйшінің екі-үш күннен бергі тұрақты көрерменіне айналған. Күйшінің күйін де тыңдады, күйінішін де көрді. Күйшіні - командир десе, оркестр - жауынгерлер сияқты екен. Бұйрық мұндада да талқылауға жатпайды. Бір

ауыз артық сөз жоқ. Оркестрдің сол жақ қанатында Күйші-дрижерге таман отыратын келіншек... кім еді... ұмытты... алақұйын ағасы соның атын жиі атайды екен. Анау болса үндемейді. Бұл орнынан тұрды. Залдың бәрі енді бұған қарады. Екі-үш күннен бері Күйшінің атқосшысына айналған жиырма бестегі жігіт жауынгер сияқты қалшиып тұр.

- Сен ертең менің осы сөзімнің бірін қалдырмай анау бастықсымақтарыңа айтып бер!

Ертеңіне «Жамбыл» қонақ үйінің алдына кеп тұрды. Біруақта «келдің ба?» деп іштен Күйші шықты. Кеше кешке концерттен кейін бұған «ертең мені Айша бибінің мазарына алып бар» деген. Күйші қасына ешкімді ертпеді. Тіпті, оркестрдің сол жақ қанатында өзіне таман отыратын келіншекті де...

Айша бибінің кесенесін қоршаған шарбақ құлыптаулы тұр екен. Кілті мазардың іргесіндегі үйдің иесінде көрінеді. Күйшіні көріп үй иесі жақындады. Ауыл адамдарының өңі ерте ескіреді. Күйшінің «ассалаумағлаейкүм, ақсақал» деп амандасқаны «ақсақал» болмай шықты. Жас сұраса келе екеуі құрдас боп, күліп жатыр. Күліп, көңілденген

кезде Күйшіден мейірімді жан жоқ.

Айша бибі мазарына тәу етіп, құран оқытқан Күйші мың жылдық тарихы бар мазардың ою-өрнекті кірпіштерін сәби ұстағандай алақанымен аялай сипады. Сол тұста мазарды жөндейміз деген реставраторлар қасиетті күмбездің ту-талақайын шығарып жатқан. Кірпіштерінің жартысын қалап, жартысын шашып кетіпті.

- Мыналардың қайсысы мазардың төл кірпіші? – деді, «мінездің» бәрін ұмытып, момақан кейіпке түскен Күйші. Қарауыл аяқтың астында шашылып жатқан кесектердің арасынан бір түпнұсқаның қалдығын тауып көрсетті. Түпнұсқа мен реставраторлардың домбаздарының арасындағы айырма адам таңғаларлық. Күйші кірпіштің ою-өрнегі бұзылмаған кішкентай бір сынығын алды да:

- Айша бибі анамыздан тәбәрік болсын, - деп, беторамалына аялай орап, қалтасын салды. – Бір сынығын сен де ал, балам...

Күйші көкесі ертесіне оркестірін алып Алатауына қайтып кетті. Елді емін-еркін аралап, жата-жастана концерт қоя алмады. Күйшіні күтіп екі көздері төрт болған етектегі ел облыс

идеолологиясының тізгінін ұстағандарға қатты кіжінді. Қаратауында қап қойған бұл да содан кейін Күйші ағасымен кездескен жоқ, Күйші де оркестрін ап қайта ат ізін салмады. Бірақ ел-жұртты «пау, шіркін!» дегізген құдыретті күйлері бұрынғыдан да көбейе түсті. Жарықтан қашатын тарақандарша қуыс-қуысқа тығылған баяғы бастықтар енді Күйшіні өздері іздейтінді шығарды. «Бізді тікемізден тік тұрғызып қойып «Менің Қазақстанымды» айтқызып еді, жарықтық» деп мақтанған кезде «қызыл директорлардың» әңгімесін арқан керіп тоқтата алмайтын. Ақ патшаның Құрманғазыдан қорыққан генералдарындай «бунтарь» Күйшіні қарсы алуға мән бермей, қысастық жасаған бірінші, екінші һәм үшінші хатшылардың сырлары да белгілі бола бастады. Күйші мұны сол кезде-ақ сезген екен. Сезген екен де, өзіне емес халыққа, исі қазақтың өнерлі ұлдарына жасалып отырған қысастық деп қабылдаған екен. Құдайдың құдыреті, сол жылы (16-17 желтоқсан) бүкіл қазақ қосылып «Менің Қазақстанымды» айтты емес пе?!. Кеңестік сана да қанша қасарысқанымен Күйші рухына төтеп бере алмапты ғой.

Мазар тұрған дөңнің етегінде отардай

жусап, бір момақан қазақы ауыл жатыр. Бұл - Айша бибі ауылы. Кім келіп, кім кетпеген ауыл бұл. Айша бибі мазарына келіп, зиярат еткен Күйшінің аты қазақ өнернің тарихына алтын әріптермен жазылды...

«ҚАРА КЕМПІРДІҢ» ҚАҒЫЛЕЗ АВТОРЫ

Жақсылық аға туралы жазу үшін ақын болмасаң да, ақынжанды болуың керек. Үйінде кітабы, ойында бір-ер шумақ өлеңі жүрсе бек жақсы. Поэзия мен публицистика деген өнерде қаламдас болсаң жүдә құп. Сал-серілердің сарқытындай боп үйінен таптырмайтын көкем соңғы кезде Әзиза апамның қасынан шықпайтын боп алған. «Егеменнің» Жеңістің 60 жылдығына деген сәлемін «Қара кемпірдің» қағылез авторынан бастайын деп қара шаңырағына телефон шалдым. Шырыл жетіп тұр. Бірақ телефон трубкасын ешкім көтермейді. Кінәраттанып қалды ма екен деп қорқа бастағам. Кеңес Рахметуллаев деген

әріптес ағамыздың қазасынан (Жақаңның жақсы құрдастарының бірі еді марқұм) Әзиза апайым кездесе кетіп:

Ағаңның халі жақсы, - дегенде кәдімгідей марқайып қалдым.

Қалай марқаймайсың. Тараз - таяқ лақтырсаң ақын-жазушыға тиетін Алматы емес. Қалам ұстағандар көп болғанмен, әдебиет атты ар мен дар алдындағы («азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл») қадір-қасиетін жоғалтпай жүргені аз. Сол аздың айбыны – Жақаң! Бірақ жалғызбын деп үлде мен бүлдеге оранып оқшауланбайды, тәуір дүние жазған жастардың жанынан табылады. Жабырқағанын жұбатады, тасыраңдағанын тәубесіне түсіреді. Мұндай жанашыр ағаның ауырмай-сырқамай қатарда жүргені әлгі аз үшін кәдімгідей қуаныш.

Ертесіне үйіне жеттім. Көшенің бұрышындағы үйдің төртінші қабаты. Пәтерінің бір бөлмесінен үстінде шапаны бар Жақаң шықты. Рең-басы дұрыс сияқты.

- Өткенде жүрегім қысып, қатты ауырып қалдым. Дереу ұл-қыздарымды шақырттым. Жан деген тәтті болады екен. Дәрігер келгенше бір қолыммен Әзизаны,

■ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
екінші қолыммен қызым Ардақты тас
қып ұстап жаттым. Бетім бері қарады
әйтеуір...

* * *

Сексенінші жылдардың басында Жақаңның «Қара кемпірі» жер жарып, «дүрілдеп» кетті. Жыр мен ән сыңарын тапқан аққудай жарасқан кезде осылай болады. Сөзі - Жақаңды, әні - Алтынбекті көтеріп, ел-жұрт біраз дуылдады. Соғыс қасіретінің зары мен мұңын зарлана жырлаған «Қара кемпір» әнін естігендер сахнада бей-жай отыра алмайтын.

Халық басына көтерген талантты перзенттерді кейбір мұрны пұшық бай балаларының жерге тастап кеп жіберетіні бар ғой. Міне, сол тұста сондай бір «қитарлардың» аузынан «жылауық әндер көбейіп барады» деген сыпсың шықты. Сонда Жақаңа Алатаудай аға, Қаратаудай қорған болған ақын Хамит Ерғалиев еді. «Ақын мен сазгердің бұл туындысы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»-сынды сұм заманның «Елім-айы» ғой. Бұл біле-білгенге 1941-1945 жылдарғы қанды қырғынның қасіретті жаназасы ғой» деп күндей күркірегені есте. Жақаңның қолына су құюға жарамайтын сыншысымақтардың көмейлеріне құм

құйылды. Сол «сыншылар» Жақаңның:

Есінде түнде тұрып тербеткенің,
Есінде қай сағатта еңбектедің.
Білемін, елжірейсің сәби көріп,
Кетпейді құлағымнан жөргектегі үн, -

деп, талайлардың жүрегін бесік боп тербеткен әсем әннің сөзін жазған талантты ақын екенін қаперге алған жоқ. Сосын...

Самал желпіп, тербеледі карағай,
Көк төсінде еркін жүзіп барады ай.
Алтын айдай ақ сәулешім қасымда,
Жүріп келем өзен бойын жағлай, -

деген ғажайып лирика ше? Жақаңның сөзіне жазылған осы әнді де жетпісінші жылдардағы аға-жеңгелеріміз айтып қоймаушы еді ғой.

Талантты ақын, бүгінде марқұм боп кеткен Нұрлан Мәукенұлымен Алматы, Астана сапарларында әңгімелесе қалсам «Жақаң аман-есен жүр ма?» деуші еді. «Танисың ба?» десем, «Жоқ, өлеңдерін оқығам. Мықты ақындардың бірі ғой» дейтін. Талантты талант қана мойындайды екен да...

«Қара кемпір» атты жан азасын дүниеге әкелген жыр жампозы қазір де қол құсырып қарап жүрген жоқ. Анау жылы соғыста шейт болғандарға арналған «Боздақтар» атты көп томдық кітапқа редакторлық етті. Биыл Жеңістің 60 жылдығына арналған «Ардагерлер» деген кітапты жарыққа шығарды. Сөйтіп жүріп көп жылғы еңбегінің жемісі - «Айырөткел» деп аталатын өлеңдер жинағын дайындады. Ел өміріндегі елеулі оқиғалар да ақын жүрегі арқылы өтіп жатыр. Елдегі ерке ақынның Астана жайлы мына өлеңі соның дәлелі сынды.

Бейнеті бес каладан бетер деймін,
Берген жок «інісіне» бекерге орын.
Алматым арқа тұтар абыздайын,
Сапында тұр Нью-Йорк, Петербордың.
Бүгінгіге етпейді ара жырақ,
Жетем барып қойғанша-ақ бала жылап.
Болған жок Жамбыл атын алу оңай,
Отыр оны Тараз да таразылап.

Астана! Алматының ізін жалға!
Деп тілеймін: «Әр кашан Қызыр қолда!»
Қамшыңды ал Қараөткелде қалып қойған,
Қамсыз шықпа, пір керек ұзын жолда.

Жұмбақ сыр ма жаңару жан ашпаған,
Жақсылықпен жан сала санасты адам.
Жаңа қазақ, жас қазақ, жасай берсін,
Жалғастырар жақсы істі жаңа Астанаң!!!

Ер Баукең елге келген сайын Жақсылықты інісіндей еркелетіп қасынан тастамай ертіп жүрген. Ешкімнің үйіне түстенбейтін кірпияз тұлға Жақсылықтай інісінің үйінде аунап-қунап, өз үйі-өлең төсегіне келгендей еркін демалған. Батыр мен ақынның арасындағы сыйластықтың белгісіндей Баукеңнен қалған қайқы қылыш бүгінде Жақаңның үйінің ең қимас заты боп саналады. Батыр қамыққанда тыңқылдатып, көңіл сергітетін жан дауасы - домбырасын да Жақаңа сыйлапты. «Домбыра мен Қылыш» деген өлеңінде Жақаң айтар ойын:

Шаңқай түсте әлек-шәлек күйзелткенде
күйкі ортам,

Көңілімді көтермек боп домбыра алып
күй тартам.

Көкті тіреп тұрғандай бір бөсем кейде
шалкып кеп,

Күбірлейді қылыш сонда: - астамшылық
артық, -

деп аяқтайды.

Бұл - Жақсылық аға Сәтібековтің шын сыры...

«КЕЙБІРЕУЛЕР КҮЛІП ТҰРЫП, ЖАСЫРАДЫ ҚАЙҒЫСЫН...»

Сарысудан шыққан сандуғаш ақын Артығали Ыбыраев жарық дүниенің қызығын бар-жоғы 21 жыл ғана көріпті. Талантқа - кенде, ғұмырға – келте өмір дегенің осы.

Әр нәрсені құлақ түріп,
Әрнәрсені біл түсін!
Кейбіреулер жылап тұрып,
Жасырады күлкісін.
Бұл өмірдің тұнық сырын,
Біліп болар қай кісі:
Кейбіреулер жылап тұрып,
Жасырады қайғысын.

Бұл - жұлыны жиырмасында үзілген жампоздың сөзі. Бірақ аяқ алысының өзі-ақ алпыстағы ақылман сомдаған салмақты ой сияқты сара.

Он бесінен толған ай сияқты Артығали бала кезден бастап жыр-тұлпардың жалына жармасып, шабыт деген Шалқұйрыққа тақым артты. Сол тұста түбіт мұрты енді ғана тебіндеген бозбала ақын аңызды өлкенің абызы сынды қарт Қаратаудың үстінен жарқырап туған жұлдызға ұқсайтын.

Асау жыр аяңға көнбейді, баянға бас иемейді. Баяндамашыға тіпті де мұқтаж емес. Ол құмыр көмей құлықтының құлақ қойып тыңдағанын сүйеді. Адамзаттың жылуы мол шаңырағын сағалаған қарлығаштай қайырымды жүректерге ұя салғанды ұнатады.

Тұлпар - өмір,
Жалыңа ерте жабыстым.
Тіршілікпен,
Тізе қағып таныстым.
Езге атылдым,
Жебесі боп намыстың...

Ақынның да ақыны бар. Оның ішінде арқалы ақындардың жөні мүлде бөлек.

Сарысу ауданындағы Саудақент

ауылындағы Байқадам атындағы орта мектепте оқып жүргенде-ақ Артығалидың өлеңдері еліміздің белгілі газеттерінің беттерінен көріне бастады. Ауылдан хатқа түйіліп келген түйдек-түйдек жырлардың иесінің тегін адам емес екенін жүрегі сезген талантты әдебиетші Сағат Әшімбаев аға болыпты.

Қамықпа, досым, қамықпа,
Келер күн бақыт сыйлайды.
Адамдар сияр табытқа,
Ақындар бірақ симайды.

Есенин мен Мұқағали рухындағы бұл жырларды сол кезде қазымыр шалдай қызыл партияның әдебиетші-шенеуніктерінен қорықпай-үрікпей оқырманға алғаш рет жеткізген де сол абзал аға Сағат болса керек.

Сұңғыла ақындардың серті сол - көреген келеді. Шырағының қай уақытта сөнетінін алдын-ала сезген шыбын жан тау мен тасты, дала мен қаланы кезіп, дегбір таппайды. Дегбірді алған дегдар сезім самал болып еседі, сел болып төгіледі. Самал мен сел, әлбетте, ақын жыры.

Артығали - бөріктінің ішіндегі көріктісі де болды. Оған жан сарайының шығыс

шеберлері соққан алтын шырағдандай шырайын қосыңыз. Осындайда арулардың көзқұртына айналған жігіт қызғаныштың құрбаны болып, жетпісінші жалдардағы Бекежандар мен Қодарлардың қолынан қапыда қаза тапты ма деп те ойлайсың?!. Тараздық қаламгер Елен Әлімжан 1974 жылы қанішерлердің қолынан қаза тапқан қыршынның мәйітін жазатайым көріп қалыпты. Сонда жыр әлемінің жастүлегі жантәсілім еткенмен, өзінің кестелі жырындай көркем жүзі нұрланып жатыр екен дейді.

Ақынды «өлтіретін» де, «тірілтетін» де қоғам. Жақында сол қоғам өзі «өлтірген» ақынын өзі «тірілтіп» алды. Отыз екі жылдан соң Артығалидың жырлары Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының қара шаңырағын қайта жаңғырықтырды. Осы білім ордасының шаңырағындағы «Жасын» әдеби бірлестігі ұйымдастырған «Адамдар сияр табытқа, ақындар бірақ сыймайды» деп аталатын ақынның рухы мен мәңгі жас бейнесін еске алуға арналған әдеби-сазды кеш Алматы, Түркістан және Тараздан жиналған әдебиет жанашырларының шер тарқатар мүйісіне айналды.

Тараздық талантты ақын Ерлан Жүніс

ақын ағасының бейнесін сомдады. Періште болып киінген бейкүнә қыздар бір-бір шырақ тұтатты. Бұл Артығалидың жыр сүйер қауымның жүрегінде қайта тұтанған жырларының символикалық көрінісі еді.

Поэзия аспанынан құйрықты жұлдыздай жарқ етіп ғайып болған ақын бауыры жайлы Алматы қаласындағы Бостандық аудандық сотының төрағасы Рысқали Ыбыраев естелік айтып, Маралтай Райымбекұлы бастаған ақындар Артығали әруағының құрметіне өлеңдер оқыды. Мекемтас Мырзахметов, Жақсылық Сәтібеков және ақынның кіндік қаны тамған жерден келген Жаңабай Миллионов, Айтуған Оспанов, Ақатай Ақбаев, алматылық кәсіпкер Батыр Бекмұсаев әдеби-мәдени өміріміз үшін тағылымы мол поэзия кешін ұйымдастырған институт ректоры Махметғали Сарыбековке, осы ордалы оқу кешенінің қазақ тілі және әдебиет кафедрасының ұжымына зор алғысын білдірді.

Ақын Артығали Ыбыраевты еске алу кеші Тараз мемлекеттік институтының ажырамас рухани бөлшегіне айналып, дәстүрлі түрде жыл сайын жалғасын

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
тауып отырса, ақын жырына деген
құрметтің үлкені сол болар еді.

СҮЙМӨНКУЛДІҢ ДОМБЫРАСЫ

НЕМЕСЕ АСА ТАЛАНТТЫ ҚЫРҒЫЗ
ПЕРЗЕНТІНІҢ ҚАЗАҚЫ ҚАЛПЫ

Ж а л п ы , қ а з а қ - қ ы р ғ ы з
«параллельдеріне» таң қалудың жөні
жоқ. Бірақ тарихымыздағы Ер Едіге мен
Баба Түкті Шашты Әзіз сияқты қазаққа
әлімсақтан белгілі тұлғалардың аты-жөні
қырғыз байкелердің ата-тек шежіресінен
кездесіп қалса ше? Оның үстіне олар,
анау-мынау емес, КСРО Халық әртісі,
Қырғыз КСР-нің Халық әртісі, Қырғыз
КСР-нің еңбек сіңірген әртісі, Қырғыз
КСР-нің Халық суретшісі, Бүкілодақтық
Ленин атындағы комсомол және Қырғыз
КСР-нің Тоқтоғұл атындағы мемлекеттік
сыйлықтарының лауреаты Сүймөнкул

Чокморовтың түп-тұқиян шежіресінің басында қарқарадай боп тұрса не істемексіз? Таңғаласыз ба? Әрине, таңғаласыз. Біз де таңғалдық.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Ыстықкөлге барып бір апта демалудың сәті түсті. Жағажайдағы «Алатау» демалыс орны Чолпон-Ата қаласындағы Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйінен онша алыс емес екен. Қолайын тауып заңғар жазушының 1959-1961 жылдары осында тұрып, еңбек еткен құтханасының қасиетті табалдырығынан аттадым. Тұтынған заттарын тамашалап, тіпті, ырым етіп орындығына да отырдым. Әуезов атамыздың музей-үйінен шыққан соң шағын қала ішіндегі кітапханаларды тінткілеп кітап іздедім. Тапқан олжам Сүймөнкул Чокморов жайлы кітап. Ә дегенде өз көзіме өзім сенбедім. Сосын «мұны басқа емес, Сүймөнкулдың туған ағасы Намырбек-байке Чокморов жазып отыр ғой, інісінің талантын тастүлек кезінен танып оқуға түсіріп жүрген зиялы адам қалайша қателеседі» деп ойладым. Сол Намырбек-байке ағамыз ата-бабасының шежіресін былай деп тарқатыпты. «Көрген көзде жазық жоқ», оқиық.

Ең әуелі Кушчу, Кушчунің ішінен бірнеше атадан кейін Шайык, одан Акманэрик, одан Эр Эдиге, одан Түктубаба, одан Узун чачтуу Азис (жақшаның ішіне «болжаммен 1360-1435 ж.ж. өмір сүрген» делінген). Узун чачтуу Азистен Өмүрбек, Малокожо, Эшенкарек, Чақыркожо, Малабек, Чекиркожо, Садык, Кыргыз және Кывал. Узун чачтуу Азистен тараған осы тоғыз ұлдың Өмүрбек пен Малокожосынан басқасын, яғни жетеуін «Жетіген» руы деп атайды екен. Мұның ішінде Чақыркожоның тұқымы Рахимбай - Өзбек елінде тұрып жатса, Малабек тұқымдары - Қазақ елін мекен етеді дейді. Садык болса қырғыздың Саяқ руының арасында тұрады. Бірақ Сүймөнкулдың ағасы Намырбек-байке өзінің ата-бабасы ретінде таратқан Түктубаба мен Узун чачтуу Азистің мүрделері қырғыздың Созағына жерленген бе, жоқ әлде қазақтың Созағына жерленген бе, ол жағына тоқталмапты.

Қырғыз халқы ата-тек шежіресін: ата, чоң ата, баба, жота, кувар, кыйлық, кыштык, жат ата деп 8-ші атасына дейін таратады. Мысалы, Намырбек түзген шежіре бойынша 1500-1570 жылдары өмір сүрген Кывалдың екі әйелі болған.

Бірінші әйелінен - 4, екінші әйелінен - 4 ұл сүйген. Екінші әйелден туған ұлдың тұңғышы - Мырзанияз. Міне, осы Мырзанияздан Сүймөнкулдың Шырдакбек деген жат атасы (8-ші ата), одан Мойнок деген кыштағы (7-ші ата), одан Табылды атты кыйлығы (6-шы ата), одан Дүйшөмбү деген кувары (5-ші ата), одан Сазык деп аталатын жотосу (4-ші ата), одан Байсаба бабасы (3-ші ата), одан Ормокой деген чоң атасы (2-ші ата), ал одан өз әкесі Чокмор (1880-1955 ж.ж.) тараған.

Сүймөнкулдың әкесі Чокмордың да екі әйелі болыпты. Бірінші әйелінен Күлжан (1912-1982 ж.ж.) атты бір қыз бен Чолпонкул (1917-1976 ж.ж) және Султан (1908-1985ж.ж.) деген екі ұл көрген. Бірақ бірінші әйелі жастай қайтыс болған соң, екінші әйелі Какин Молдаалықызына үйленіп, одан 8 ұл-қыз сүйеді. Олар: Чолпанбай (1920-1941ж.ж.), Намырбек (ата-баба шежіресін қағазға түсіріп, талантты інісінің жоқшысы боп жүрген байкеміз осы кісі), Багдат, Бакыя, Эсенжан, Сүйөркул, Сүймөнкул (1939-1992 ж.ж) және Насихат. Ал Сүймөнкулдан Бактыгул мен Эргул тарайды.

Сүймөнкул Чокморов өзінің тұла бойы

тұңғышына Бактыгул (қазақша Бақтығұл) есімін бекерден бекер қойған жоқ. Бұл, біріншіден, «Қараш асуында атылған оқ» («Выстрел на перевале Караш») фильміндегі өзі сомдаған қаһарманның бойындағы қайсарлыққа деген құрмет болса, екіншіден, қазақ халқына деген сүйіспеншілік. Содан кейін мұны халқының рухын шар болаттай шыңдаған күрескер-жазушы Мұхтар Әуезовке деген ерекше ілтипат деп қыбылдаған жөн. Өйткені халқымыздың аса дарынды перзенті Мұхтар Әуезов дау-дамайы мол дәуірдің әдеби айналымына қазақтың Бақтығұл атты дауылпаз перзентінің образын әкелмесе (оның өмірдегі прототипі Рысқұл Жылқыайдаров та осал емес, ол елі мен жерінің азаттығы үшін бақұл болған ерлердің бірі Тұрар Рысқұловтың әкесі болатын), әу баста актер емес, суретші ретінде танымал болуды армандап Чоң-Таш айылынан Бішкек шаарына, одан Ленинград қаласына асып, сурет өнерінің сұңғыла ұстаздарынан дәріс алған қырғыздың жас ұланы Сүймөнкул Чокморов оны бар болмыс-бітімімен сомдап шыға алар ма еді? Әрине, жоқ. Бірақ Әуезовтейін алыптың қалам қуаты қанаттандырды

ма, әлде өмірде болған, бірақ дарабоз жазушының әдеби шешімімен Бақтығұлға айналған өр мінезді қазақтың қырғыз халқымен тағдырлас, тамырлас рухы шыңдады ма, бәлкім, Шыңғыс Айтматов «Қырғыздың Гомері» атандырған атақты манасшы Саяқбай Қарабалаевтың портретін жазу барысында танысқан талғампаз режиссер Болот Шамшиевтың сенімі жігерлендірген шығар, әйтеуір, Сүймөнкулдың киноөнеріндегі алғашқы рөлі Бақтығұл өте шынайы шықты. Өзінің осы дебюті туралы кейін ол: «Жәмиләда» - Даниярдың («Мосфильм», режиссері И. Поплавская), «Мен – Тянь-Шаньда» - Байтемірдің («Мосфильм», режиссері И. Поплавская), «Төтенше комиссарда» («Арнайы комиссар» деп те аталады) - Низаметдин Ходжаевтің («Өзбекфильм», режиссері А. Хамраев), «Жетінші оқта» - командир Мақсұмовтың, «Ыстық көлдің алқызыл қызғалдақтарында» - Қарабалтаның («Қырғызфильм», режиссерлері Б. Шамшиев), «Отқа тағзымда» («Ұрқия» деп те аталады) - Үтір ұстаның («Қырғызфильм», Т. Океев), «Көксеректе» - Ақанғұлдың рөлдерін («Қазақфильм», режиссері Т. Океев) ойнадым. Жақында Акиро

Куросаваның «Дерсу Узаласында» Чжан Баоны («Қырғызфильм») жасадым. Төлемүш Океевтің «Қызыл алмасында» («Қырғызфильм») бірінші рет өз мамандығым бойынша суретші Темірдің рөліне түстім. **Бірақ Бақтығұл бейнесі мен сомдаған образдардың ең қастерлісі болып табылады. Жақында балам дүниеге келгенде атын Бақтығұл қойдым»** деді («Советский экран», 1975 ж. №20.). Ал өмірі өксікпен өткен Рысқұл Жылқайдаров сияқты, әдебиет пен кинодағы Бақтығұл да ешқандай қулық-сұмдығы жоқ, екіжүзді сатқындарды ақтай да жақтай да алмайтын ер еді. Сүймөнкулдің өзі де өмір мен өнер майданынан осындай мәрт күйінде өтті.

Сүймөнкулдың бабасы Байсаба 1850 жылдары Қырғыз елінің Саяқтар шоғырланған Талас облысынан (Қазақ елінің Жамбыл облысында Талас деп аталатын аудан бар) үрім-бұтағымен көшіп шығып, Бішкектің маңындағы Чүйгө Солто руының жеріне қоныс аударған. Кеңестік дәуірдің 1930 жылы осы жердегі Саз ауылының тұрғындары Чоң-Таш деген атпен колхоз болып ұжымдасады. Ал 1939 жылдың 9 қарашасында Чоң-Таштағы

шабандоз Чокмордың шаңырағында дүниеге шыр етіп сәби келеді. Ата-анасы оның атын мұсылманшылық жолымен азан шықырып Сүймөнкул деп қояды. Қазақ қаламгерлерінің кейбіреулері Сүймөнкул деген аттағы «сүймөн» сөзін тілдік үндестікпен «сүймен», яғни орысша «лом» деген сөздің мағынасымен шатастырып ала береді. Қырғыздарда «сүймөнчулук болсын» деген жақсы тілек бар. Ол қазақтардың тілінде «сүйіспеншілік болсын» дегенге келеді. Сүймөнкул өмірге келген уақыт ел тұрмысы нашар, аштық пен саяси қуғын-сүргіннен бастары әлі де құтылмаған қиыншылық кез болғандықтан, сүйіспеншілік пен жақсылықты аңсаған Чокмор болашақта қырғыз бен қазақтың, қазақ пен қырғыздың атын әлемге танытатын ұлының атын Сүймөнкул деп қойыпты.

Жылқы бағып, бие байлап, қазы жеп, қымыз ішіп, дала пәлсәпасын тұрмыс-тіршілігіне арқау еткен қазақ пен қырғыздар «телқоңыр» деп екі енені тел емген құлынды айтады. Осыдан келіп екі ананың мейіріміне қатар мелдектеген баланы да (ұлы Мұхтар Әуезов мұның әдемі мысалын «Абай жолы» эпопеясында

Ибраһим Құнанбайұлының жастық шағына байланысты эпизодтардың бірінде өте шебер суреттейді) «телқоңыр» дейтін болған. Бейнелеп айтсақ, қос әке - Алатау мен Қаратауды қатар жайлап, қос ана - Шу мен Талас өзенін бірдей емген қазақ пен қырғыз халқын да «телқоңыр» деп толғануға болады. Сол сияқты, Сүймөнкул да қос ана - Қырғыз бен Қазақтың, Қазақ пен Қырғыздың ақ сүтін арда емген телқоңыр талант. «Арда емген» деп ана сүтімен бір жарым-екі жасқа дейін емін-еркін қоректенген балаларды айтатын болсақ, екі елдің тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен өнерін өміріне өле-өлгенше алтын арқау етіп өткен Сүймөнкул екі анасы – Қырғыз бен Қазақ, Қазақ пен Қырғыз халқы алдында ешқашан қарыздар болған емес.

Сүймөнкулдың әкесі Чокмор Ормокойұлы 1880 жылы қазіргі Чу облысының Аламүдүн ауданындағы Чоң-Таш ауылында туған. Анасы Шатман деген қажының қарындасы болған екен. Бірақ Чокмор бір жасқа келгенде анасы қаза табады да, ағасы Сүлеймен екеуі жетімдіктің зарын тартып, бір-бірін жетектеп жүріп жетіледі. Жастайынан байлардың малын бағуға жалданып

жүріп, аттың құлағында ойнайтын шабандоз атанады. Ертұрман, айыл-әбзел жасайтын шеберлігімен де танылады. Қазақ, қырғыз, өзбек арасындағы аламан бәйге, алқын-жұлқын күрес, додалы көкпарларда ептілігімен де көзге түседі. Ел көрейін, жер таныын деген ниетпен Чокмор 1915 жылы орыстардың тыл әскеріне өз еркімен аттанады. Бірақ қазақ елінің Қордай ауылына (қазіргі Жамбыл облысы, Қордай ауданының орталығы) жеткенде арбасы сынып, ісмер жігіт дөңгелекті өзі жөндеуге кіріседі. Сол жерде Чокмордың шеберлігіне қызыққан Степан деген орыс көпесі оны өзіне қызмет етуге жалдап алады. Содан Чокмор екі жыл бойы Қордайдың қазақтарымен бірге орыс көпесі Степанның қолында жұмыс істеп, ісмерлігін одан ары жетілдіре түседі. Бірақ бодан елдің бостандық аңсаған баласы 1917 жылғы төңкерісте туған айылы Чоң-Ташқа оралады.

Жалпы, қазақ-қырғыз халқындағы «қан», «тек» деген сөздер бекерден бекер айтылмаса керек. Шабандоз Чокмордың ат мініп, асау үйреткені, белін буып, балуан күреске түскені, комуз шертіп, домбыра тартқаны, қырғыз елінің белгілі ақындары Осмонкул, Адамкалыйларды

ардақ тұтқаны сүйікті ұлы Сүймөнкулға да жұғысты болды. «Әке көрген оқ жонар». Әу баста әлсіз, аурушаң болған болашақ суретші, актер атқа мініп, волейбол ойнап, басқа да спорт түрлерімен шұғылданудың арқасында қатарларына қарағанда сұңғақ та сұлу денелі азамат болып өсті. Волейболдан «КСРО Спорт шебері» деген атаққа да ие болды. Ол мұның бәрін кейін актер үшін - қиын, көрермен үшін - қызықты эпизодтарға түсу кезінде кәдесіне жаратты.

Чокмор - бала жастан үй шаруашылығымен айналысуды әдет қылғанымен, алысты болжайтын ақылы кемел қария еді. Соғыстан кейінгі жылдардың қиындығы мен жасы келіп қалғанына қарамастан: «Батар күнді байлап болмайды, уақыт деген уысыңа толмайды. Мезгіл өтіп, мен қартайып барам, тірі кезімде оқып қалыңдар» деп, өнер-білімге ынтасы бар балаларын үлкен қалаға оқуға жібереді. Намырбек-байкенің ұсынысымен оқуға түсіп, ауылына келген Сүймөнкул: «әке, суретшінің оқуына түстім» дегенде, көзі ашық, көкірегі ояу Чокмор: «Адам болмай тұрып, суретші болу қиын» деген екен. Не деген керемет сөз! Әлем билеушілері

мен данышпандарын аузына қаратқан Конфуций емес, Эзоп емес, Диоген емес, қырғыздың қарапайым ғана қариясы Чокмор айтып отыр бұл сөзді. Сол Чокмор қария 1955 жылы 15 тамызда дүниеден өтіп, сүйегі өзі туып-өскен Чоң-Таш ауылының зиратына қойылыпты.

Сүймөнкулдың өмірдерегіне жүгінсек, оның өнерге деген алғашқы құштарлығын оятқан француз қыл қалам шебері Фердинан Виктор Эжен Делакруаның «Арыстандарды аулау» («Охоты на львов») деген суреті болатын. Мұндай әсерлі туындының репродукциясын ол Бішкек шаһарына алғаш рет келген кезінде ағасы Намырбектің үйінің қабырғасында ілулі тұрған жерінен көреді. Бұл Сүймөнкулдің музыка мамандығына емтихан тапсырмақ болып жүрген кезі болатын. Музыка мамандығын таңдауының да өзіндік себебі бар, неге десеңіз, ол оқу орны студенттерді жатақханамен қамтамасыз ететін. Бірақ ағасы Намырбек Эжен Делакруаның қолынан шыққан суреттің репродукциясын көрсетіп, «Бұл көбейтіліп дүние жүзіне таратылған сурет. Яғни, Делакруаны да, оның суретін де бүкіл әлем халқы біледі. Сенен

де жақсы суретші шығады. Музыкалық білімнен гөрі суретшінің оқуына түс» деп, үгіттейді. Осыдан кейін, яғни 1953 жылы Сүймөнкул Фрунзедегі (қазіргі Бішкек қаласы) суретшілік оқу орнына құжатын тапсырып, оның емтиханынан «жақсы» деген бағалар алып, сүрінбей өтеді. Делакруаның өнері шабыт берді ме, әлде шебер әке Чокмордың қанынан жұғысты ма, әйтеуір оқу орнын бітіріп, дипломдық жұмысын аяқтаған Сүймөнкул мемлекеттік комиссияның назарына «Мергендер» деген туындысын ұсынады.

Сүймөнкулды сегіз қырлы, бір сырлы десе дегендей. Қырғыз жырларынан Атайдың «Есімдесін», күйлерден «Көкей кестісін» жақсы көріп, оларды комузда жақсы шертіп қана қоймай, сонымен бірге қазақ әндері мен күйлерін де сүйіп тыңдаған. Тарихты да жақсы білген. Қазақ елінің ұлы оқымыстысы Шоқан Уәлихановтың Солто руы туралы жазған шығармаларын Алматыдан алдырып оқыпты. Байтік батырдың суретін Ленинградтағы архивтерден тауып алып келген. Сөйтіп батырдың немересі, суретші Асанбек Молдахметовке беріп, оны көбейткізіп елге таратқан. Сүкөң, әдетте, «Ақылменен басталмаған істің

■ *"ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."*
аяғы у-шуға барып тіреледі» деп көп айтады екен. Ал бір нәрсеге қатты ашуланғанда «Осындай да бола ма екен» деп кейіген көрінеді. Кейін жанына ауру қатты батып қиналған кезде де ешкімге сыр бермеген. Сұлutory аттай Сүкөңе жамалдатқыр ауру қай кезде және қалай жабысып жүр?..

1967 жылдан бастап қазақ-қырғызға ортақ классик жазушылар Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовтың шығармаларының негізінде түсірілген кинофильмдер Кеңес одағы ғана емес, сонымен бірге дүние жүзіне танымал бола бастағаны белгілі. Сол 1967 жылы Көкөмерен өзенінде (Нарын облысының Жумгал ауданы) «Қараш-Қараш» фильмі түсіріледі. Сол фильмде өзінің «Сүлік қара» деген атымен Сүймөнкул-Бақтығұлдың суды жалдап өтетін жері бар. Мұндай эпизодта неше түрлі қауіп-қатерлердің күтпеген жерден орын алуы бек мүмкін. Сондықтан «ақсаусақ» актерлер мұндай жағдайда сақтық жасап ол эпизодқа каскадердің «ойнауын» өтінеді. Бірақ Сүймөнкул фильмдегі ең бір қиын эпизодқа да, таудың сүйектен өтетін суына да өзі түседі. Ал тау суы қашаннан алдамшы. Өте тұнық боп келетіндіктен оның тұңғыық терең екені де білінбейді.

Сөйтiп тұрып-ақ ол адам түгiлi атан түйенi жұта салады. Осыдан келiп халық тау суын «тентек» деп атайды. Ал Көкөмерен суын қырғыздар ежелден «Қанды су» деп атаған екен. Олай деп аталатыны судың түсiне байланысты емес әрине, дененi қалшылдатып жiберетiн мұздай суықтығында. Осы судан алпамсадай талай адам көз жұмған. Мiне, ер мiнездi Сүкөң осы қатердi елемей тiлсiз жау - Көкөмеренмен «алысып» жүргенде (осы бiр эпизод үшiн қаншама дубль түсiрiлдi десеңiзшi!) өкпесi мен бүйрегiне суық тигiзiп алады. Ауруханаға да жатып шығады. Жазылып, жақсы болып кеттiм деп те ойлаған. Бiрақ батпандап кiрген аурудың мысқалдап шығатыны сияқты, ол таскенеше жабысқан аурудан толықтай жазылмапты. Өйткенi 1969 жылы «Жәмилә» фильмi түсiрiле бастаған кезде Көкөмереннiң суынан суық тиген өкпесi сыр берiп, ауруханаға тағы да жатып қалды. Бiрақ соған қармастан киноға түсiп, оны ойдағыдай аяқтап шығады. Намырбек-байкенiң мағлұматынша, аурухана ем-домынан кейiн сырқатынан құлантаза жазылып кеткен адамдай көрiнген. Бiрақ бүйрегiн ұстап, «анда-санда ауырып қояды» дейдi екен.

Сүймөнкулдың денсаулығының бұзылуына әсер еткен Көкөмереннің «қанды суы» ғана емес, сонымен бірге қырғыз Аалатауының қарлы шыңдарының найза тасы мен қақаған суғы да «үлес» қосқан. Ол 1978 жылы «Кілең ерлер» («Мужчины без женщин», 1981 жылы Дамаскіде өткен халықаралық II-ші кинофестивальде «Дамаскінің күміс семсері» гран-приін иеленген, режиссері Альгимантас Видугирис) фильмінде басты рөл – Қасымды бейнелегені белгілі. Ол фильм Тоқтоғұл ГЭС-інде, таудың шың-құздарында түсірілген. Осы кинотуындыны түсіру кезінде Сүймөнкул үшкір тастың үстіне бүйрегімен құлап, ауырып жүрген жерін одан бетер зақымдап алды. Сүкөңнің жағдайы қиын болғаны сонша санитарлық авиацияның көмегімен Фрунзеге жеткізіледі. Міне, осы жерде уролог-дәрігер Владимир Евсюков деген Сүймөнкулға «бүйрегіңіз зақымданыпты, ота жасау керек» дейді. Бірақ, қуанышқа орай, дәрігердің емі, дәрі-дәрмектің күшімен жақсы болып кеткен. Осыдан кейінгі уақыттарын жұмысты өндіре істеуге пайдаланды. Киноға да түседі, көңілін алаңдатқан суреттерін де салды. Жапония, Германия,

Испания, Болгария, Куба, Англия, Танзания, Египет және басқа да шет елдерге барып, ел мен жер көрді. Кеңес одағы кинофестивальдерінің жарқыраған жарық жұлдызына айналды. Ол сомдаған «Ер адамдардың рөлі» бірінші орынды 4 рет иеленеді.

Сүймөнкулдың жанын қазақ тарихы мен тұрмысына, мәдениеті мен өнеріне жақындата түскен абзал адамдар арасынан Мамбеталы Қалмырзаұлы деген үлкен жездесін айтпай кетуге болмайды. Бай кулактың тұқымы ретінде Кеңес өкіметінің қуғын-сүргінін өте көп көрген оның тағдыр-талайы да өте күрделі болған. 1908 жылы Кетмен-Төбөдө дүниеге келген Мамбеталы 1930 жылы небары 22 жасында «кулак» деген атқа қалып атасымен бірге Украинаға жер аударылады. Орынборға жеткенде атасы ебін тауып Мамбеталының қашып кетуіне жағдай жасайды. Жол-жөнекей қазақ даласы, қазақ ауылдары, сондықтан қазақтармен бірге еңбек ете жүріп туған еліне аман-есен жетеді. Атасының малының арқасында 1925-1928 жылдары азды-көпті білім алған ол еліне келген соң Алай, Гүлчө, Фергана жағында мұғалім болып қызмет етеді. Бірақ 1938 жылы

оны «кулактың құйыршығы» деп ұстап алып, Алай түрмесіне қамаған кезде одан тағы да қашып шығады. Содан Шу өңіріне келіп, Аламүдүн ауданының Чоң-Таш айылына тұрақтап қалады. Сол жерде Сүймөнкулдың әпкесі Чокмор қызы Күлжанға үйленеді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған кезде Мамбеталы да әскерге шақырылады. Бірақ 1942 жылы Ростов облысында қамауға алынады. Тергеуші ә дегенде «соғыс кезінде командирдің бұйрығын қараниеттікпен орындамаған. Кеңестер Одағына қарсы үгіт жүргізген. Ата-бабасы бай-манап болған» деген айып тағады. Ақталу мүмкін емес, НКВД құжаттарында атасының Украинаға айдалғаныны дейін сайрап тұр. Тергеу біткеннен кейін әскери трибунал әлгі айыптардың негізінде «мемлекеттік қылмыскер» деген үкіммен Мамбеталыны өлім жазасына кеседі. Бірақ бір жылдан кейін Мамбеталының ісі қайта қаралып, өлім жазасының орнына оны 25 жыл бас бостандығынан айырып, қатаң режимдегі колонияға жібереді. Сол 1942 жылдан 1955 жылға дейін «Воркуталаг» қатаң режимдегі колониясында жазасын өтеп, шахтада жұмыс істейді. Сөйтіп 1955 жылы қазан айында ақталып еліне қайтады.

Бірақ жол-жөнекей тағы да қазақ ағайындардың аялы алақандарының қамқорлығын көреді. Солармен бір туған бауырдай араласа жүріп қазақтың әні мен жырын үйреніп, тіпті, домбыра жасап алады. Оны кейін туған еліне өзімен бірге ала келеді.

Мұның бәрін неге тәптіштеп айтып отырмыз? Сүймөнкул 1968 жылы «Қараш-Қараш» кинофильмі түсіріліп біткеннен кейін (айтпақшы, Қордай тауының етегінде «Қараш-Қараш» фильмінің «Жарасбайдың жайлауы» деген көрінісі түсірілген) оның премьерасына жездесі Мамбеталыны машина жіберіп, ауылдан арнайы алдырады. Киноны көріп болғаннан кейін Мамбеталы: «Менің басымнан өткен оқиғаларды көрсеткен екенсіңдер. Кинодағы қаһармандарыңның атын Бақтығұл демей, Мамбеталы деп қойсаңдар да болғандай екен» дейді көзінің жасын сүртіп. Сүкөңнің сол жездесі Мамбеталы 1983 жылы 75 жасында дүниеден өтіп бара жатып, өзі көп жақсылығын көрген қазақтардың елінен алып келген жан серігі – жалғыз домбырасын қолына алып, шертіп жіберіпті де «дыңғыр» еткен жалқы үнмен бірге жаны үзіліп, о дүниеге аттанып кете

барыпты.

Қазақтың домбырасы мен әнін, күйін жездесі Мамбеталы ғана емес, Сүймөнкул Чокморовтар отбасы да өте қатты құрметтеген. Бұл туралы Қазақбай Абдышев деген қырғыз азаматы былай деп еске алады. Бұл Сүймөнкулдың өмірден өтеріне бір ай ғана қалған кез екен. Сол тұста Қырғыз Республикасының авторлар құқығын қорғау бойынша агенттігінде қызмет етіп жүрген Қазақбайдың Сүймөнкул ағасының үйіне баруына тура келеді. Таратып айтсақ, Шыңғыс Айтматовпен бірге 1975 жылы түсірілген «Қызыл алма» фильмінің (режиссері О.Чекалин) сценарийін жазған мәскеулік киносценариші Эльга Лындина Сүймөнкул Чокморов туралы да киносценарий жазып, деректі фильм түсіреді. Сол дүниесі бойынша сценарий авторы «Қырғызфильм» киностудиясымен дау-дамайын айтып Бішкек қаласындағы Бірінші май халық сотына арызбен шығыпты. Қазақбай авторлар құқығын қорғау агенттігінің қызметкері ретінде сол сотқа қатысады. Негізгі куәнің бірі -Сүймөнкул Чокморов. Ал Сүкөң болса ауру болғандықтан сотқа қатыса алмайды. Қазақбай барғанда

Сүймөнкул диванда жастыққа шынтағын қойып жамбастап жатыр екен. Келген кісілерді көріп (Қазақбаймен бірге тағы бірнеше адам болады), басын көтеріп, түзеліп отырады. Сұрағандарын қабақ шытпастан айтып береді. Сот ісі бойынша әңгіме аяқталып, қасындағылар шығып кеткен кезде өнерге жаны жақын Қазақбай Сүкөсінің қасында қалады да:

-Сүкө, «Ыстық көлдің қызғалдақтары» фильмінде домбыраға қосылып ән саласыз. Сол домбыраңыз бар ма? – деп сұрайды.

-Бар. Тура сол фильмдегі тартқан домбырамның өзі. Қазақ достарым сыйлаған.

-Сүкө, мен де домбыраны кішкене тартушы ем. Сол домбыраңызды ұстап көруге бола ма?

-Болмағанда ше? Әй, Бақтығұл. – Сүймөнкул баласын шақырады. - Мына байкеге домбыраны әкеп берші.

Бақтығұл домбыраны алып келді. Қырғыздың Қазақбайы қазақтың домбырасын қолына алады. Перенелерін саусақтарымен жайлап қана сипап өтеді. Таза үнді домыра екенін сезіп, көңілі көтеріліп қалады. Сосын құлақ күйін дұрыстап алып:

-Енді, Сүкө, Тәттімбеттің «Сары жайлау» деген күйінің бір қайрымын білуші ем, соны шертіп көрейін, - дейді.

-«Сары жайлау»? Соны шертесің бе? – Сүймөнкул Қазақбайға таңғала қарайды.

-Толық емес, радиодан тыңдап жүріп, құлаққа сіңіп қалған жерлерін ғана тартамын.

-Бақтығұл! – дейді Сүймөнкул баласын тағы да шақырып алып.- Байкең «Сары жайлауды» тартқалы отыр. Кел, сен де тыңда.

Қазақбай күйді нәшіне келтіре тартып барып дамылдайды.

-Қазақбай, сен домбыраны қазақтардан кем тартпайды екенсің. - Сүймөнкул Қазақбайға тік қарап. – Тағы қандай күйлерді білесің?

Қазақбай енді өзінің домбырға шығарған «Жалғыз атчан», «Қайран досум», «Боз жорго», «Қазақ қайрықтары» деген күйлерін тартып береді. Сүкөң ол күйлерді де өте ынтамен тыңдайды. Күйлердің қатты ұнағанын айтады. Сүймөнкулдың пейіліне разы болған Қазақбай одан кейін атақты актер-суретші өтінбесе де өзі білетін бір-екі әуенін домбыраға қосып айтып береді. Сол кезде Сүймөнкул:

-Шіркін, домбыраның аты домбыра ғой. Комуз білесің бе? – деп қалды.

-Әрине.

-Мен де бір комуз бар. Филармонияда істеген Томотаев деген жігіт сыйлаған. Сол шертілмеген күйі тұр. Соны шертіп, сынап берсең.

Сүкөңнің ұлы Бақтығұл басқа бөлмеге кіріп кетіп комузды да әкеліп береді. Қазақбай оның да құлақ күйін келтіріп бірекі күй тартады. Ырза болған Сүймөнкул құқық қорғаушы інісінің осы уақытқа дейін мәдениет пен өнерден шалғай, өзінше томаға-тұйық жүргеніне таңғалып, «радиоға, телевизорға шығарамын, тиісті басшыларға, тіпті Шыңғыс Айтматовтың өзіне айтамын» деп алабұртады. Бірақ Қазақбай рұқсат сұрап сыртқа шығуға жиналған кезде әлденені қимағандай:

-Мен ән, жырдан гөрі, күй тыңдағанды жақсы көремін. «Сары жайлауды» домбырамен тағы бір қайырмайсың ба? – дейді. Қазақбай домбыраны қолына алып тағы да күмбірлете жөнеледі.

-Осы күйді маған үйретпейсің бе?

-Мақұл.

-Мен кеселімнен айығайын. Шеберханамда тағы бір домбырам бар. Айтпақшы, жаңа өзің айтпадың ба сурет

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." салғанды үйренсем ғой, шіркін деп. Мен саған сурет салғанды, ал сен маған домбыра тартқанды үйрет. Қазақбай қалжыңдап: «қазіргі заманның тілімен айтқанда «бартерная сделка» жасаймыз ба» дейді.

-Оба, оба, - деп Сүкөң разы болып қалады.

Атақты актердің осы бір көңілді сәтін пайдаланып Қазақбай:

-Сүкө, өзіңіз айтқандай ел алдына шыға қалсам домбыраңызды сұрап алып, тартып тұрсам бола ма? – деп сұрайды.

-Әрине болады. Қырғыз-қазақта азамат жігіттен ат аямайды емес пе. Келіп тұр. Телефонымды ал, - деп елпілдейді.

Өкінішке қарай, арада бір жарым айдай уақыт өткенде Қазақбай Сүймөнкулдай таланттың жүрегі тоқтағанын естиді. 1982 жылдан 1992 жылға дейін созылған бүйрек ауруы сегіз қырлы, бір сырлы талантты ақыры алып тынады. Ол осы он жыл ішінде бүйрегіне жасалған... 56 отаны бастан кешіпті. Не деген жанкештілік! Осы он жыл ішінде «Фристул» аппараты арқылы бір жарым сөтке сайын қанын тазалатып тұрған. Өйткені «поликистоза» деген бұл ауруға шалдыққан адам әлгі аппараттың жәрдеміне сүйенбей 3-4 күн

өткізіп алса, өліп кетуі бек мүмкін екен.

Сүймөнкул Чокморов «Ыстық көлдің қызғалдақтары» фильміне түсу барысында да қазақтың небір жайсаң перзенттерімен танысады. Солардың бірі елімізге белгілі азамат Өмірзақ Айтбаев болатын. Сүкөң Өмірзақтан Біржан салдың «Теміртасын» үйренеді. Бұл туралы Сүкөң: «Өмекеңнің даусы менікіне қарағанда ашық, түсінікті болғандықтан фильмге соның орындауындағы әнді жаздырдық. Мен жәй ғана ернімді жыбырлатып тұрдым. Кино түсірудің осындай қулықтары да болады» дейді екен. Бірақ фильмді көріп отырсаңыз әнді Сүймөнкул-Қарабалтаның өзі аңырата шырқағандай шынайылықты байқайсыз.

Біз, кинокөрермендер, Сүймөнкул Чокморовты актер ретінде ғана білдік. Бірақ ол өмірден өзін «суретшімін» деп өтті. Өмірден озарының алдында артында қалып бара жатқан еліне қарата айтқан: «Дүниеге әкелген өнерімді - суреттерімді сақтаңдар. Далаға тастамаңдар, олар жас ұрпақ үшін керек. Мен елім үшін жанымды аямай еңбек еттім. Мен салған суреттердің барлығы елдің мүлкі, жалпы елге тән. Ел байлығы қатарында есептелсін. Кейінгі буындарға қалдырған

белгім. Барлығын шеберханама тастап кеттім» деуі осы сөзіміздің дәлелі.

Ыстықкөлден қайтып келе жатып Тоқтоғұл көшесіндегі көпқабатты №170 тұрғын үйдегі Сүймөнкул Чокморвтың шеберханасын іздедім. Бірақ таппадым. Сұрастырсам, ешкім білмейді. Біреу «мынау шығар» деп тұрғын үй астына түсетін жертөлениң баспалдағын көрсетті. Оның есігінде құлып тұр. Терезелері темірмен «шегенделіп» тасталыпты. Сығалап қарап ем шаң басқан, шашылып жатқан жертөле ішінен ешетеңені анықтап көре алмадым. Әйтеуір шеберханаға тән белгілер байқалады. Бір-екі сурет пе, эскиз бе бірдеңе байқалғандай. Бірақ бұлыңғыр, анық емес... Ал Сүкөңнің 53 жылдан тұратын қысқа ғұмыры қандай жарқын, қандай жарық еді. «Суретсіз кино жоқ. Пушкин, Лермонтов, Эйзенштейн, Довженко суретші болған» деген ол фильмдегі аңызға айналған рөлдерін санамағанда, бір ұлттың мақтанышы мен байлығы болатын живописстері, графикалары бар барлығы 427 мұра қалдырып кетті. «Сізге кино жақын ба, живопись жақын ба?» деп сұрағандарға: «қырғыз-қазақта тұлпары бар жігіт өзін ешқандай уайымы жоқ

бай санаған. Ал менде екі «тұлпар» бар, демек мен екі есе баймын» деп суретшілік пен актерлік өнерін меңзеп, әзілмен жауап берген. Сол Сүкөң, Сүймөнкул жарықтық: «М. Әуезовтың «Көксерегін» қайта-қайта оқыған кездерім болды. Оның шығармаларының қаһармандары әрдайым автордың философиясына терең ой жүгіртуді талап етеді. Ақанғұлдың образы маған осынысымен ұнайды. Қырғыздар Мұхтар Әуезовке арнап бір ескерткіш орнатуы керек» дейді екен. Шіркін, қазақтар да Сүймөнкул Чокморов пен оның Бақтығұлына арнап бір ескерткіш тұрғызса ғой.

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

ЕЛ МЕН ЕС

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ТАРАЗ – ПАРИЖ – АСТАНА...

НЕМЕСЕ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ НЕ ДЕЙДІ?

Париж Париж болғалы қай заман. Оның да қилы-қилы тарихы бар. «Еуропа Ібір-Сібрден (түркілерден деп түсініңіз – К. С.) басталады» дейді Ресейдің төрінде кітап парақтаған оқымысты Мұрат Әжі. «Арыстан кеуделі ата-бабаларымыз Сенадан ат суарған» дейді, асау ақындар. Шыңғысханның немересі Батудың қалың әскері Еуропаны жалпағынан жаулап алғанын да кәрі тарих жоққа шығармайды. Демек, Шығыс пен Батыстың баяны о бастан біте қайнасып кетсе керек-дүр...

Сонда дейміз біз, батыстың бас асау батыры Юлий Цезарь Галлиді бағындырған тұста күн шығыстағы Ғұн көсемдерінің бірі қаһарман Шөже құмырсқадай қаптаған қара қытаймен қылыштаса жүріп Талас өзенінің жоғары аңғарынан Тараз қаласының алғашқы қадасын қақпап па еді?! Мұнарасына қаһарман ғұндардың жалауын тақпап па еді?!.

Міне, бірнеше жыл болды, Қазақ елі қал-қадерінше жеті жұртқа өзінің жампоз жігіттеріндей сегіз қырымен, бір сырымен танылып жатыр. Экономика – еншісі бөлек тақырып, ал тарихы, мәдениеті, әдебиеті, өнері, тілі, діні, ділі, салт-дәстүрі шыр айналып ЮНЕСКО-ның шаңырағынан шықпайтын болды. Коичиро Мацурра басқарған уәлі ауыздарды тарихы мен өнеріне уыздай ұйытқан қазақтың Түркістаны мен Таразы, Абайы мен Жамбылы, Әуезовы мен Мүсіреповы және қас үлектен туған қатепті қара нар – Махамбетінің әруақтары ЮНЕСКО-ның қара шаңырағын дауылпаздай саңқылдатқаны рас-дүр.

Журналист болған соң жұмыс бабымен жолға шығасың. Париж барасың, Мәскеу келесің... бірақ ойыңда Астана-анаң тұрады. Менің Тараз бен Парижді «тете» деп ділмәрсіп отырып, өкініштен бармағымды тістейтінсәтімосытұс. Өйткені біздің ата-бабаларымыз артындағы ұрпағына ұлан байтақ жерді ғана қалдырса, француздардың ата-бабалары тоқымдай ғана жеріне нән сарайлар мен абаты жарасқан алаңдарды, күмбездері көкке қол созған ғибадатханаларды, аспалы әсем көпірлерді соға беріпті.

Біздің өркениет жермен-жексен боп, «алтын адамдармен» бірге жердің астына жұтылып кетсе, франктардың сәулет өнері сан ғасырлар бойы уақыт тезіне дес бермей әлі жарқырап тұр. Бәрі көне, бәрі сонау бір мың бір жүз бірдеңесінші жылдардан бастап, күні кешегі он сегізінші-он тоғызыншы ғасырларда салынған ғимараттар. Мысалы, 1163-1257 жылдары салынған Париж Құдай-Анасы (Нотр-Дам де Пари) ғибадатханасына тоғыз ғасырдай уақыт болыпты. Ал, А. Г. Эйфель деген жанкешті сәулетшінің 1889 жылдан бастап үш жылдың бедерінде тұтастай темірден құрастырып тұрғызған мұнарасын Париждегі сәулет өнерінің «ең жасы» дейміз бе, не дейміз?.. Біздің елімізде алыс болашағымызға мұрты бұзылмай жететін осындай сәулет өнері бар ма? Марс алаңындағы қарасаң бөркің түсетін Эйфель мұнарасының ұшар басына қарап тұрып Астанадағы Бәйтерек ойыма оралды. Алматыдағы Тәуелсіздік ұстынының барына да тәубе дедім.

Еуропада жақсы нәрсе жетіп-артылады. Корольдер сарайы – Луврдың құрылысы XVI-шы ғасырдан XIX ғасырға дейін соғылыпты. Құрылысты Пьер Леско мен Гужон деген сәулетшілер ең алғаш

Франциско I-нің тапсырмасы бойынша қолға алған екен. Алып құрылыс Генрих II-нің тұсында ғана аяқталады. Елдіктің белгісі болып табылатын сәулет өнері патшадан патшаға аманттай аман-есен жетіп отырған. Осындайда, жергілікті билік басындағы шолақ ойлы шенеуніктердің тірлігі ойға оралады. Облыс, ауданға екі-үш жыл ат ойнатқанына ғана мәз әкімқаралар бірі бастаған істі бірі мансұқ қып жатады. Ел игілігі үшін басталған іс екені ешқайсысының қаперіне кірмейді. Жақсы бастаманы шаранасында тұншықтырады. Қабырғасы қаланбай жатып қарасы батқан әйбәт мешіттер мен ғимараттардың құрылысы дәл қазір де еліміздің әр қала, әр ауданының төрінде «төмен» қарап тұр.

Астана - өзен бойындағы абат қала. Сена өзеніне орыс патшасы Александар III көпір салдырыпты. 1896-1900 жылдары салынған көпір өте келісті. Көпірдің бағандары, ою-өрнектері, аң мүсіндері бәрі Санкт-Петербургтегі Нева өзеніне салынған тарихи көпірлерге ұқсайды. Мейлі қуан, мейлі қызған, орыстардың қолтаңбасы Парижде де тұр. Ал біздің Сенадан ат суарған ата-бабаларымыздың тұлпарларының тұяғының ізі баяғыда

өшіп қалған. Тарихи деректерге жүгінсек Сена өзенінің үстіне 36 көпір төселген екен...

Елбасымыз Н. Назарбаев тарихта Ақмола, Целиноград, қайтадан Ақмола деп аталған қалаға жаңа тұрпатта Астана деген ат беріп, оны ХХІ ғасырдағы тәуелсіз Қазақ елінің жаңа орталығы деп ресми түрде жариялағалы бергі сегіз жылда қыруар шаруа атқарылды. Зәулім үйлер күллі қазақстандықтардың көз қуанышына айналды. Ел-жұрт «оттық» («зажигалка») деп атап кеткен сұлу ғимарат тек қана Қазақ елінде ғана бар шығар. Оның іргесін дөңгелене алып жатқан іргелі кешенді көрген сайын дәл сондай болмаса да Париждегі Корольдер сарайы – Луврдың жаңа заманға лайық бейнесі есіме түседі. Елбасы Н. Назарбаевтың өзі жобасын сызып, аңызын айтып берген Бәйтеректің мәні мен сәні қандай ерекше. Еліміз тәуелсіздік алмағанда осы жетістіктерге қолымыз жететін бе еді, жетпейтін бе еді?!. Еліңнің басы бостан боп, сәлем-сауқаты, алыс-берісі достан болса, бәрі де мүмкін екен. Кейінгі кезде елімізде шымалдай қаптап кеткен оппозициялардың тақтан дәмелі текешіктері қадірін жете білмей жүрген

ТӘУЕЛСІЗДІК болмаса, Қазақ елінің жас Астанасын Батыс пен Шығыс мойындар ма еді, мойындамас па еді?!

Бірақ бұл істің басы ғана болса керек. Тараздан басталған тарих тағылымдары бізді осындай дәйекті ойларға жетелейді.

КӨРГЕНДІ ЕЛ КӨШ БАСТАЙДЫ

Айтпаса сөздің атасы өледі. Қазақстан - мұсылман елі. Бірақ қазақстандықтар тағдырдың жазуымен өз байрақтарының астында бас қосқан басқа ұлт диаспораларының пайғамбарларын діні мен ділі бөлек деп, келемеждеп жатқан жоқ. Елбасымыздан бастап имандылық туын қашан да таза ұстайды. Мысалы, Рим Папасы Иоан Павел II-нің Астанаға келуі, елімізде көптен бері айтылып келе жатқан ел тілегіне орай Рождество мен Құрбан айттың алғашқы күндерінің демалыс болып жариялауы – бәрі діндер мен конфессияларды бір-бірінің сенімдеріне төзімділікке шақырудың ең биік адамгершілік үлгісі. Әсіресе, Елбасының бастамасымен дүниежүзілік және дәстүрлі-ұлттық діндердің I-ші халыралық жиынының тұңғыш рет Қазақстанда өтуі қырғи-қабақ соғыстың

салдарын исламшылдардың төңірегінен іздегендерге зор ғибрат болды. Мұны әлемдік қауымдастық та мойындады.

Бірақ он саусақ бірдей емес. Даниядағы «Jylland-Posten» газетінің тақырып таппағандай Мұхаммед пайғамбарды келемеждеп, сайқымазақ суреттер басқаны адамзат тарихындағы жүгенсіздік пен оспадарлықтың ең сорақы көрінісі болды. Бұл азғындыққа бүгінде әлемнің саналы қауымы өз наразылықтарын білдіріп жатыр. Наразылық білдіру, әлбетте, көшеге шығып, «жау кеткен соң қылышыңды тасқа шаптың» керін жасау емес. Мұхаммед пайғамбардың адал үмбеттерінің арасында, ашуды ақылға жеңдіріп, сайтанның жетегінде кеткен пендесінің біліп, білмей істеген күнәсі үшін Алла-тағаладан қиямет күнін алыстата гөр деп намазға жығылып жатқандар да көп. Шіркеуінде шырақ жағып жатқан праволсав діндарлары да жеткілікті.

Халқымызда «Көргені жақсы көш бастайды» деген қанатты сөз бар. Осы ретте Қазақстанның дүниежүзіндегі діндер мен конфессиялар арасындағы достық дәнекері ретінде көш басшы болып отырғанына тәубе дегің келеді.

ҚАЗАҚ ОЗДЫ!

Ұлы Абайдың Қарасөзіндегі қазекеннің «қырық күн» кемдігі түгелімен түзелді дей алмаймыз. Десек те, халқымыздың айы мен күні «торлаған тұманнан» жарқырап шыққалы бері «шүкір» дегізетін шаруасы әлемге әйгілі қаржыгерлердің дуалы аузына ілікті. Абай атамыз тамсанған кешегі ілім-білімді орыс пен саудаға бейім сартты алыс-беріске, барыс-келіске бүгін қазақ үйрететін болды.

Семіздікті қой көтерсе, бақ пен байлықты көтеретін қазақ. Тойдың төрінде отыратын тонды мемлекеттердің деңгейіне жеткен қазақтың асыптаспайтын «феномені» де шет жұрттарды қайран ғып жатыр. Бұл үшін Президент Жолдауындағы жан семіртер деректер мен дәйектерді қаздай тізудің қажеті жоқ. Оған мысалды етектегі елдің тыныстіршілігінен де анық көруге болады.

Тараз – Қарағанды - Астана күрежолының бойындағы Мойынқұм ауданына қарайтын Биназар батыр ауылының тұсында желкендері желбіреген мына бір алып кеме (суретте)

өткен-кеткен жолаушыға менмұндалап тұр. Жәй кеме емес, кеме – дәмхана, кеме – думанхана. Ұзақ сапардан шаршап-шалдығып келе жатқан жолаушының жанына дауа болар салқын сусынын ұсынатын қонақжай құтхана!

«Жақсыны – көрмекке»! Құмдағы кеменің тұсына кеп «атының» тізгінін амалсыз тартқан жолаушының ә дегенде «бұны кім соқты?» дейтіні даусыз. Кім болушы еді? Қазақ соқты! Қазақ болғанда ауылдағы, яғни Биназар батыр мен Көктерек ауылындағы қарапайым қазақ азаматтары соқты. Кеме-дәмханасының жобасы теңіз төсіндегі толқынмен тайталасқан кәдімгі кемелерден бір мысқал да кем болмау үшін ертедегі кемелер тарихына қатысты кітаптар мен журналдарды парақтап жүріп осы ғажайып «туындыны» дүниеге әкелеген азаматтың аты-жөні Мадияр Жақсыбаев.

Бүгінде жолдың бойында не көп, дәмхана көп. Бәрі бір-біріне егіз қозыдай ұқсас. Сосын айдаладағы асхана ғой, кім сын тағар дейсің дей ме, әйтеуір жол бойындағы дәмханаларды арзан құрылыс материалдарынан қалай болса, солай соға салады. Ізденбейді. Жұрттың назарын аударатын сән мен сәулетке мән

бермейді. Мұны, әсіресе, Шымкент-Тараз-Алматы бағытына сапарға шыққанда көп байқаймыз. Бірлік ауылынан шыққан Мадиярдың кемесінің ерекшелігі сол, оны суға «шомылған» Арал мен Балқаштың, Қапшағай мен Каспийдің кәсіпкерлері де әлі жасай қойған жоқ. Ал сулы-нулы жерге тән дүниенің кесіртке жортақан кер даладан көру кімге болса да таңсық. Кеме-дәмхананың түбінен күн сайын арысы Иран, берісі Тәшкеннен жүздеген жолушы өтеді. Еуропа мен Ресейден «кіре тартып» келе жатқандар қаншама! Міне, осылардың бәрі сағым билеген сар даладағы кемеңі көргенде теңізге тап болғандай жандары сергіп сала береді. Атынан түсіп, аяқ суытады. Алғашында таңсық үшін тоқтаса, содан кейін дәм татып, салқын сусынмен шөл басады. Кемеге де, дәмге де, әрине, шығыс пен батысты жалғаған ұзын жолдың бойындағы ең қауіпсіз аймақтың Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сара саясатына да көңілдері толып, рахметін айтады.

Мадияр құрлықтағы кемесінің атын «Мүбәрәк» деп қойыпты. Мүбәрәк – дін-исламдағы жақсы сөздердің бірі. Бірақ Тәшкеннен келе жатқан бір жүргізуші:

- Мен Маядияр-аканың орнында болсам біз сияқты жолаушылардың жанына дауа болған құмдағы кемеңің атын «Қазақстан» деп қояр едім. Өйткені, кәзір қазақтар қай жағынан да озып тұр ғой, -деп қалды.

Сырт көз сыншы. Шынында да қазақ озды.

БУЙВОЛДЫҢ МҮЙІЗІ

Сенат депутаттығына үміткерлерді тіркеу басталғалы бері «сенатор» атанғысы кеп жанталасқандардың тізімі ұзармаса, қысқарған жоқ. Кейбіреулері «ескі таныстарымыз». Байқағанымыз, бақа-шаянмен аяқталатын Абылай ханның түсіндей Парламент мандатынан үміткер «демосфендеріміздің» мінез-құлқы басқа арнаға бұрылып, азаматтық болмыс-бітімі жылдан-жылға ұсақтап бара жатқан сияқты...

Шығыс халықтарында мынандай бір даналық тәмсіл бар.

Бір қожайынның буйволы бопты. Әлгі пақыр жануарының шаңырақтай қос мүйізінің асқақтығын көрген сайын «шіркін, мына екі мүйіздің арасына бір отырса, таққа отырғаннан кем емес-ау»

деп қызығады да жүреді екен. Күндердің күнінде буйвол беймарал жусап жатқан кезде, әумесер қожайын жануарының қасына барып қос мүйіздің ортасына қонжия кетеді. Сол кезде есерсоқ иесінің оғаш әрекетінен шошып кеткен буйвол жатқан орнынан атып тұрып, басын шайқап-шайқап қалғанда, желіккен мұндар жердің шаңын бұрқ еткізіп, құлап түседі. «Апама жездем сай». Бет-аузы топырақ боп, тыпырлап жатқан күйеуін майып боп қалды-ау байғұс деп ойлаған әйелі шашын жұлып, жылай бастайды.

Сонда есеңгіреп жатқан әпенде:

- Боздама, қатын, соққының жаныма батқаны рас, бірақ арманым орындалды ғой, - депті.

Бүгінде буйволдың иесі сияқты Парламентті кіші-гірім таққа балап, бір отырып көруді армандайтын «қожайындар» көбейді. Рухани жандүниесін кеңестік кезеңде-ақ «үсік ұрған» ортақол бастықтар Парламент депутаты боп зейнетке шығуды армандаса, байлықтың буына мас жастар депутат мандатын кешегі қызыл коммунистердің қызметтен қызметке секіртетін «сиқырлы» билетіндей көреді. Бәрі ішкі «меннің» құлы. Мемлекеттік

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
мүдде, ұлттық құндылық деген уәлі
уәжді жылы жауып қойған. Жан-
жағындағыларды жұқпалы дерттей
жайпап келе жатқан бұл «синдром»
баққұмарлық пен таққұмарлықты №1-ші
орынға шығарып, елдік мақсатты «екінші
планға» ысыра бастаған сияқты.

Қазақ халқы үшін сөз әу бастан
таңсық емес. Мәселе, қалай сөйлеуде.
Дала төсіндегі билер бас қосуындағы
шешендерді былай қойғанда, кешегі қазақ
зиялылары патшалық Ресейдің ақыл-ойы
жиылған Думасында да елі мен жерінің
тағыры үшін түксиген қабақтарға қарап,
тайсалмай сөз бастаған. Қара басының
қамын күйттемеген. Ұлтының мүддесі
үшін отарлық саясатқа қарсы шыққан.
Сол арыстандай айбатты, жолбарыстай
қайратты депутаттардың ұрпағы қайда?
Ұлттық құндылықтарымызды түгендеп,
ақ тер, көк тер боп жүрген ақыл-естеріміз
сайлауға түсуден неге тайсақтайды?
«Бұл төрден бізге орын тимейді. Аузы
қисық болса да байдың балалары
сөйлесін» деген құлдық психологияға ұлт
зиялылары қалай бой алдыра бастаған?
Тіл мәселесі көтерілгенде Парламенттегі
ат төбеліндей Әбіш Кекілбай, Мұхтар
Шаханов, Амангелді Айталыны қолдайтын

«дауысқа» зар боп, ел электоратының жерге қарап қалатыны несі? Солардың қатарында Смағұл Елубай, Әзімбай Ғали отырса, «тойдың» сәні бұзыла ма?!. «Теңтеңімен, тезек қабымен». Парламентші мен қалталы кәсіпкердің, зиялы адам мен «базаркомның» арасында жер мен көктей айырма жатқанын неге түсінбейміз?

Осындай сан-сапалақ ойлар Парламент сайлауының ойыншық емес екеніне көз жеткізгендей. Оны өмірдің өзі де дәлелдеп отыр. Кеңестік кеңістіктегі кейбір мемлекеттердің шырқы бұзылып жатса, ол осы сайлау саясатындағы «бармақ басты, көз қыстыдан», жоғарғы заң шығарушы органға кім көрінгеннің депутат боп кетуінен бұзылып жатыр. Кәпір тоқ, мұсылман тыныш болсын десек, сайлау заңдылықтарын сақтап, пендешілік принциптерінен неғұрлым жоғары тұрған абзал сияқты. Ел тыныштығы жолындағы ұлы істерге арағайын болатын да әділдік қой.

Қазақта «қолың көтере алмайтын шоқпарды қарыңа ілме» деген сөз бар. Ел тағдырының тоқсан тарау мүддесін бір бойына сыйғызған Парламент мандатының жүгі шоқпардан да салмақты! Ол – есерсоқ иесінің ермегіне

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
айналған буйволдың мүйізі емес. «Түйені
жел шайқаса, ешкіні көктен ізде» деген.
Парламент шайқалмасын.

БАЙ ТІЛДЕН «ОКРУГКЕ» БАЛАМА ТАБЫЛМАПТЫ

Қазақ тіліне «село» - ауыл, «поселке» - кент боп енді. Бұл жақсы. Бірақ бір жақсының бір жаманы бар. Бұл «жаманнан» біздің тіл тағырына жауапты шенеуніктер де құр емес. Айтайын дегенім, орыс тіліндегі «округтің» қазақшасы да «округ» боп, ресмиленіп кетті. Мәслихаттардың мәліметін, тілшілердің мақаласын қарасаңыз, бұған көз жетеді. Бірақ мәселе оның қашан және қай жерде бекігенінде емес, мәселе қазақ шенеуніктерінің төл сөзі тұрғанда, «округ» деп (ауылдық округ, кенттік округ, т.б.), басқа тілде жазуға мәжбүр боп отырған бейшаралығында.

Қазақ халқының бай тілінде «округке» балама көп. Басқасын былай қойғанда, «округтің» сөзбе-сөз аудармасына «аймақ» деген сөзді ұялмай ұсынуға неге болмасқа?!

Ел ішінде жүрміз. Халық ауыз-екі сөзде «округ» демейді, «аймақ» дейді. Өйткені,

тілі де, ділі де осы сөзге дөп кеп тұр. Жүрек те тіл мен ділдің жағында. Ендеше халықтың жанын қинап, «округ» деп жазуға неге мәжбүрлейміз?

Тіл тағдыры – ел тағдыры. Онда ұсақ-түйек деген болмайды. Үкімет, Парламент және терминком мұны да бір ойланып қойса.

Жоққа өкпе де жоқ. Барды пайдалану керек қой...

«КВН» ДЕГЕН ДҰРЫС ПА?

Мәселе қазақ жастарынан шыққан көңілді тапқырлар клубы туралы болып отыр. Қысқартып айтсақ – КТК. Орысшасының қалай айтылып, жазылып жүргені белгілі.

Айтпағым, қазақ тілді БАҚ-тар мен көңілді тапқырларымыздың өздері де КВН деп орысша айтып, жазып жүр. Мысалға, БАҚ деген қысқарған сөз қолданысқа енгелі қазақ сөзімен жымдасып кете барды. Оның орысшасы – СМИ еді ғой. Ендеше, КВН-ның қысқарған қазақшасы – КТК болуы керек емес пе? Неге осылай айтып, осылай жазбаймыз?

Еліміздің терминкомы шетел сөздерінің

көптеген нұсқасын қазақша бекітті. Оған шүкір дейміз. Осы орайда КВН сияқты қысқарған орыс сөздерінің де қазақша нұсқасын заңдастырып берсе, дұрыс болар еді деген ой келеді.

ОТПЕН ОЙНАМА, БАЛА!

Тараз қаласында бір-екі айдың бедерінде «бомба қойылды» деп телефон шалған оқиға тіркелді. Әсіресе, «Орталық базарға жеті жерден бомба қойылды» деген хабар тәртіп сақшылары мен ел-жұртты қатты дүрліктірді. Базардағы бомбаларды зарарсыздандырып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ІІД жеке құрамынан 140 адам, өрт сөндірушілер мен «Оңтүстік» құтқару қызметінен 4 бөлімше және 15 арнаулы техника ат салысты. 12 жедел топ құрылды. Тәртіп сақшылары Орталық базарды қоршап, 18 мың адамды сауда орындарынан сыртқа шығарды. Осыншама күш жұмсалған оқиға, тексере келгенде, бар болғаны отпен ойнаған әумесерлердің өтірігі болып шықты.

Білім күні қарсаңында № 29 Ю. Гагарин атындағы мектептің қарауылына белгісіз біреу «мектепке бомба қойылды»

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." деп телефон шалған. Ішкі істер департаментінің қызметкерлері бұл жолы да аяғынан тік тұрды. Бірақ бұл әуресарсаңның соңы да «өтірік ақпарат» деген тұжырыммен аяқталды.

Жақында қаланың ортасындағы жаңа ғана жөндеуден өтікізіліп, пайдалануға берілген 9 қабатты ғимаратқа «бомба қойылыпты» деген дабыл қағылды. Ғимаратқа жаңадан көшіп келген мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің бәрі сыртқа шығарылды. Сәске түсте басталған дүрбелең кешке дейін созылды. Жұмыс, әлбетте, жайына қалды...

- Мемлекеттік мекемелерге бомба қойылды деп хабарлайтын әртүрлі жастағы адамдар. Әсіресе балалар, - дейді облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары Нұржан Дүйсебаев.

Мұндай бассыздыққа ҚР ҚК 242 бабы бойынша 14 жастан бастап жауапқа тартылады. Оларға жаза бойынша екі жүзден бес жүзге дейінгі айлық көрсеткіш бойынша (шамамен 194 200 теңге) айып салынады. Сондай-ақ, бұл бапта ақшалай айып төлеуден басқа жазасын 1 жылға дейін жұмыспен өтеу немесе 6 айға және 3 жылға бас бостандығынан айыру

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
қарастырылған. Бірақ сауысқаннан сақ болуға тиіс органдардың қызметкерлері «телефон террористерін» ұстап, жазалауда шарасыздық танытып отыр.

Баяғының шалдары «отпен ойнама, балам» деуші еді. Мәселе, қазір осы сөзді айтатын адамның жоқтығында. Облыстық, қалалық білім департаментінің басшылары, мектеп директорлары, мұғалімдер оқушылармен тәрбие жұмысын әлсіретіп алған. Мектептерге тағайындалған полиция нұсқаушыларының жұмысынан да нәтиже жоқ. Теледидардағы фильмдер, компьютердегі ойындар кіл атыс-шабыс, кісі өлтіру. Оларда кісі өлтіру қылмыс емес, ерлік пен ептілік ретінде насихатталады. Сондықтан болар, балалар «кісі өлтірген» сайын шыбын өлтіргендей рахаттанады. Ал ата-аналар болса осы қанды-қасапты бала-шағасымен бірге көріп, бірге ойнайды.

«Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында». Қазақстанның тәуелсіздігін, саяси тұрақтылығын және экономикалық тұрғыдан жылдан-жылға қарыштап өсіп келе жатқанын көре алмағандар да компьютерден тыс «ойындарға» барады. Тараздықтарды

қайта-қайта дүрліктіріп жатқан «телефон террористерінің» әлі күнге дейін ұсталмауының бір ұшы отпен ойнап жүргендердің бала емес, тісқаққан бәле екенінен де сыр беріп тұрған сияқты. Сары ауыз бала болса бес оқиғаның біруінде ши шығарып, ұсталып қалар еді ғой.

Сөздің тоқетері, елде «телефон террористері» еркінсіп барады. Ал қылмыстың бұл түрімен күресуде тиісті органдар әзірге шарасыздық танытып отыр.

ҚАЗАҚТА «БЕСБАРМАҚ» ДЕГЕН ДӘМ БАР МА?

Өткірдің жүзіне, шындықтың безбеніне салсақ, көсегесі қашан көгереді деп мойнымызға бұршақ салғандай құдайдан күнде тілеуін тілеп жүрген ана тіліміз кеңес одағы күйреп, халқымыз басына бостан алғалы бері бұрынғыдан да шұбарлана түсті. Қазір Қазақстан қалаларында ағылшынша, французша, итальянша, немісше, қытайша жазылған фирма, думанхана, кафе, дүкен аттары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтардай қаптап кетті. «Үш рет кессең де кесіртке

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
құрлы әлі бар» орысша атаулар да елімізде ормандай орыс диаспорасы тұрғанда өліспей берісетін емес. Хәлі мүшкіл сол баяғы маңдайының соры бес елі қазақ тілі!..

Бұл - ашық аспанды бұлт шалдыра сөйлейтін кереуыздардың гөй-гөйі мен беу-беуі емес. Жанашырдың жанайқайы! Шындық. Қай халық та өзін жаманмын демейді, бірақ ақынжанды қазақ басқасын былай қойғанда, ат қоюға келгенде алдына жан салмаған. Оған Алтай мен Атыраудың, Алатау мен Арқаның арасындағы ән сап тұрған жер-су атауларын шетінен тізіп шықсаңыз көз жетеді. Бірақ халқымыздың ұлттық мінезі мен сырына бай атаулары кәсіпкерлердің тақиясына тар келе ме, әлде менсінбей ме, әйтеуір зәулім ғимараттарының үстінен (маңдайшасынан) түсіп қалатындай (жараспайтындай) қазақтың рухын көтеретін атауларға қасақана жоламайды. Өзіміз суын ішіп, нанын жеп, табыс тауып отырған жергілікті халықтың ұлттық мүддесіне сай ат қояйық деп ойланбайды. Тараз қаласында соңғы жарты жылдың бедерінде бірнеше зәулім супермаркеттер ашылды. Бірақ солардың ашылу салтанатына қатысып тұрып,

■..... "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.."

ұялғаныңнан аяғыңның ұшымен жер шұқисың. Біреуі немісше «GROS» деп аталса, екіншісі «CATRE» деп итальянша аталады. «FLAMINGO», «CITY CENTER» сияқтылар да жетіп артылады...

«Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты». Шет елдік атаулар құмырсақадай қаптап кетті деп тиісті орындарға өкпелеп жүргенде түсіңкіз атаулар ана тілімізде де пайда бола бастады. Тараздағы бір жолдың бойына «КАФЕ БЕСБАРМАҚ. Блюд на заказ...» деп (суретте), қасқайтып іліп қойыпты. Көзі ашық, көкірегі ояу жұрт «бесбармақ» дегенді халқымыздың сөздік қорынан да, ұлттық дәмдерінің қатарынан да таппай дал боп жүр. Өз басым «бесбармақ ас» деген қазақты көргем жоқ. «Ет ас» дейді. «Көже істе» дейді. «Тапсырыс» дәмнің түріне қарай осылай кете береді. Ендеше тілімізге бұл «вирус» қайдан жұқты?

Ойлана бастасақ сөздің шығу төркіні Қазақстанды отарлау саясатына кеп тіреледі екен. Тау мен даламызға аяқтары аспаннан салбырап түскендей боп ожырая келген «оқалы ағайындарға» шыбындаған жылқыдай бас изеп қызмет қылған шолақ белсенділердің орашолақ «тәржімәсі» ма, әлде бір табақ етті

ортаға алып бес саусағымен (бармағымен емес!) көсіп ап отырған күпілі қауымды ерсі көрген келімсектің бықсытқаны ма, әйтеуір «бесбармақтың» артында «басурман» («мұсылман») деген сияқты бөтен пиғылдың менмендеу мүддесі қылтиып тұр.

«Бұдан да жаманымызда тойға барғанбыз». Кеңестік коммунистердің қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде ас мәзірлерінен «мясо по казахский» дегенді сөзді оқитынбыз. Орысша болса да «бесбармаққа» карағанда имандылау еді. Ал «бесбармақ» дегенді кейбір космополиттердің ауыз-екі қылжақтарынан естіп, іш жиятынбыз. Бірақ сол тұста осыбір мағынасы бұлыңғыр сөздің еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін төрімізге емін-еркін шығып алатынын кім білген?..

Емін-еркін демекші... Қазір Қазақстан азаматтары жеке кәсіпкерлікпен айналысудың жөні осы екен деп өздері ашқан фирма, думанхана, кафе, дүкен, т. б. демалыс орындарына көңілдері қалаған аттарды қойып жатыр. Көбісі ұл-қыздарының, немерешөберелерінің туу туралы куәліктері мен құжаттарындағы шет елдік фильмдерге

еліктеп-солықтаудан туған аттарды енді құжаттан «ұзатып» фирма, думанхана, кафелердің төбелеріне менмұндалатып қоятын болды. Сөйтіп, қазақ елінде қазақ атаулары «екінші сортты» атқа айналып, шет елдік атаулар алға шықты. Бұл тенденцияны қалай тоқтатуға болады? Батыстың мәдениеті мен тілін темірқазықтай тура жол сілтеуші деген түсінікпен ауызданған ұрпақты ұлттық уызға толы құндылықтарға қайта телудің жолы бар ма?

Бүгінде фирма атаулы Әділет министрлігінің басқармалары арқылы тіркеледі. Демек, елімізде күн сайын дүниеге кеп жатқан неше түрлі шет елдік атаулардың қожайындарынан кейінгі екінші «кіндік шешесі» әділет басқармалары. Олар әзірге атаулардың қайталанып кетпеуіне ғана мән беріп отыр. Ал қандай ат қойылып жатқанында шаруасы жоқ. Немкетті психология қалыптасқан. Егер біз мемлекеттік тілдің мәртебесін шын мәнінде көтеріміз десек, тура осы тіркеу процедурасы өтетін әділет басқармасында фирма аттарына байланысты бір заңды тетік енгізу керек. Ол үшін мемлекеттік тілдің мәртебесін одан ары нығайту мақсатындағы Үкіметтің

арнайы қаулысы да қажет болуы мүмкін. Қысқасы, мемлекеттік тілдің дамуына, оның қоғамдық өміріміздің кез-келген саласында емін-еркін қолданылуына министрлерден бастап кеше ғана етектегі елдің сөзін сөйлейміз деп үйдей уәде беріп кеткен депутаттарға дейін жоқшы, жанашыр, айғайшы болмайынша, бұл игі мақсат айтылған жерінде қап, созылмалы аурудай сарытап боп алдымыздан үнемі шығады да отырады.

«ҚҰРБЫДАЙ ҚОШ ТҰТТЫМ ЖАСЫҢ МЕН КӘРІҢДІ...»

Бірде құрбақалар құдайымызды ұмытып кеттік, бізге бір қатал патша жіберіңіз деп Зевске сауын айтып, елші аттандырыпты. Құрбақалардың ақымақтығына миығынан күлген Зевс батпақтарына дөңбек ағашты тастап келіп жібереді. Дүңк еткен дыбыстан шошып кеткен құрбақалар Зевс бір қаһарлы патша жіберген екен ғой деп батпақты судың түбіне жасырына қалады. Бірақ дөңбек ағаш жоғарақпанда қозғалар болмайды. Ары тығылып, бері тығылып, дөңбек ағаштың жуастығына әбден көздері жеткен құрбақалар батпақты

басына көтеріп тағы да шулай бастайды. Дөңбек «патша» сонда да былқ етпейді. Есірген құрбақалар енді дөңбектің үстіне шығып «бізге мұндай бетегеден биік, жусаннан аласа патшаның керегі жоқ» деп, бірі аттандап, бірі секіріп, төңіректі у-шу қылады. Аттандап қойса жақсы ғой, Зевске «патшамызды ауыстырып бер» деп тағы да ат шаптырады. Мұндай да ақымақ болады екен-ау деп күйінген Зевс тас-талқан болып ашуланып, құрбақалардың батпағына басы жалмаңдаған бір су жыланды жібере салады. Ашқарақ жыланның айы оңынан туып, құрбақаларды бірінен кейін бірін қылғытып жұта бастайды...

Демографиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысындағы көтерілген мәселелер Эзоп мысалының әлі де өзекті екенін көрсетеді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айтақандай, біздің дамуымыздың негізі – бірлік пен саяси тұрақтылықта.

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарыңды.

Құрбыдай кош тұттым,
Жасың мен кәріңді.
Жоқтамай ұмыттым,
Ақыл мен нәріңді.

Ортаға көп салдым,
Өзімде барымды.
Япырмау, неңді алдым,
Сау қоймай арымды?

Ойымнан ой бөліп,
Қозғадың тамырды.
Көңілге тік келіп,
Кетірдің сабырды...-

деп келетін Абай өлеңі де Отан, Тәуелсіздік, Тұрақты даму деген елдік ұранын толықтырып тұрғандай. Осы кемеңгер ақынның өз заманында күйінішпен жазаған «заман ақыр жастары, қосылмас ешбір бастары, біріне бірі қастыққа, қойнына тыққан тастары» деп басталатын өлеңі де бар. Тәуелсіз қазақ елінің қанаты қатайған тұста дүниеге келген демократиялық реформлар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы төртке бөліп, талдап берген тапсырмалар кешегі ардагер ақын көтерген заманауи-адами мәселені шеуге

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." бағытталған сындарлы саясаттың басы деп білейік.

БАЛАДАН БА, АҒАДАН БА?

Соңғы кезде ауылға барып ақсақал тапай қалатын болдық. Бәленшені сұрасаң да, түгеншені түгендесең де, «қалада» дейді. «Қартайған шағында қалада не жоғалтып жүр?». «Ұл-қыздары ардагерлердің кезегіне қойып, пәтер алып береміз» депті. Болды. Бітті. Жо-жоқ... түсінікті. Пәтер «бизнесі» өркендеген тұста ардагерлер «күзірге» айналды. Пысықай балалар ауылдағы төрінен көрі жуық әкесін қалаға сүйреп, баспанасына тіркете салады да, «міне, бәленше деген соғыс ардагері баспанасыз отыр» деп билікті жағадан алады. Ал ауылда кең сарайдай боз үйі «запаста» тұр. Бұл «сделка» көп жағдайда әлгі «есебі мықты» ұл-қыздың пайдасына шешіледі.

Сізге өтірік, маған шын, бір ардагер соңғы 15 жылдың бедерінде 2 рет пәтер алды. Бірінші пәтеріне дау жоқ, алсын. Ал араға оншақты жыл салып тағы да «баспанам жоқ» деп «байбалам» салуға қандай мәжбүрлік итермеледі? Мазасын

алған тегін дүниеге жақындау ұл-қыз ба? Әлде «тыныш отырмайтын» өзі ме? Ұл-қыз демекші, әлгі майдангердің баласы қаладағы білдей бір мекемені жекешелендіріп алған басшы. Соның арқасында қазір атақты кәсіпкерлердің санатында аталады. Сонда «қой, «үй артында кісі бар» деген. Сырымызды білетін ел-жұрттан ұят болар. Жастарға да кезек берейік» деген аталы сөз не ақсақалдан, не ұл-қыздан шықпағаны ма?!

Ал Таразда талантты жастар, құдайға шүкір, баршылық. Өнері асқандары Алматы, Астана асып жатыр. Тараз да тақияма тарлық етпейді дегендері ел ішінде жүр. Бірақ баспаналары жоқ. Себебі әлгіндей «бармақ басты, көз қыстымен» жасалатын «ардагерлер кезегі» алдын орап кетеді. Ардагерлердің бәрі шарт та шұрт Шәкір емес.

Бір аяғын фашиске беріп келген Шәкір деген кісі болатын. Бірақ етінің тірілігінің арқасында протезін сықырлатып жүріп-ақ талай игілікке қол жеткізді. Замандастарында жоқ қызыл шатырлы үй, жүйрік ат, құмай тазы, оны айтасыз жетпісінші жылдардағы қол жетпес арман - мәшине дегендеріңіз жеңгелерінің

тілімен айтсақ сол «ақсақ кісінің» ауласында ғана болушы еді. Қартайып, қайғы ойлаған шағында сол ағамыздың алдына келіп, «осылай да осылай етсеңіз, қаладан «мынауский» пәтер аласыз» деген «жанашылар» болмай қалған жоқ, болды. Сонда сұғанақ, сұраншақ атанбай, жас келгенде жақсы қартая білу де біліктілік екенін ойлаған жақсы аға:

- Мына балаларымды не үшін бағып, не үшін өсірдім? Қартайған шағымда үйжайы жоқ мүсәпір сияқты «кезекке» тұру үшін бе? Әлде «кәрі қойдың жасындай жасым қалғанда» торғайдың үйшігіндей қуысыңа барып қамалап отыру үшін бе? Жоқ, маған ондай ұсойқылығыңды жасатпа! Ал бала-шағаға пәтер керек болса, өздері-ақ алады, - деп, әңгімені шорт үзген.

Өз биігінде өле білу де өнер екен. Қарт қырандай қара шаңырағында отырып көз жұмған қайран Шәкір сөйтіп аласармаған қалпы өтті дүниеден. Есті балалары да майдангер-әке арқылы екі жеп, биге шыққан жоқ. Қазір майдангер-әке «жеңілдігінсіз-ақ» үйлі-баранды болып отыр.

Міне, өмірден алынған екі мысал, бір фибраттың жыры осы. Тәрбие тілеген,

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
пәтер дәмәткен жауқазын жастарға не
дейсiздер, ақсақалдар, Алатаулар!

АҚША ЖЕТКЕН ЖЕРГЕ АЯҚ ТА ЖЕТЕДІ

**БІРАҚ ОЛ АЯҚ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ
БЕЛДЕН БАСПАСА ДЕЙМІЗ**

Ұлттық құндылықтың бірі – ұлттың тілі. Соңғы жылдары қазақ тіліндегі БАҚ-та бір үдеріс пайда болды. Бұл үдеріс жақсы ма, жаман ба, ел-жұрт, зиялы қауым, Парламент пен Сенаттағы депутаттар және ойлы оқырман өзі сараласын. Біздікі көкейдегі түйткілді қалың жамағатқа жеткізу. Ол не түйткіл? Айтайық.

Министрліктер мен ведомстволардың тізгінін ұстаған көптеген қазақ жастарының ана тілін өте нашар білетіні шындық. Бұл айдай ақиқатқа дау айтып, сөз шығындаудың өзі артық. Тіпті ұят. Бір ғана мысал. Қазір қазақ тілді БАҚ-тағы журналистер әлгі ана тілін шалашарпы білетін басшылардың ақы-пұл талап етпейтін «аудармашыларына» айналды. Басқаша айтсақ, министрлер

мен ведомство жетекшілерінің бұл кемшіліктерін қазақ тілді газет-жорналдар мен электронды ақпарат құралдарының қызметкерлері «жуып-шайып» отыр деуге болады. Қалайша? Мысалы, ана тілінде «құқ» демейтін басшымен әрең дегенде әңгімелесіп келген тілші оның кедір-бұдыр сөздерін түгелімен қайта жазып шықса, электронды ақпарат құралдарының журналистері ел-жұрттың алдында орыс тілінде сайраған басшылардың сөзін «кадрдың сыртында тұрып» өздері түсіндіріп береді. Яғни, ана тілін білмейтін қазақ шенеунігінің ауыртпалығын арқалау қазақ журналистерінің иығына жүктелген. Қазір қазақ тілді БАҚ-тардағы осы «аудармашыларына» сенген шенеуніктер мыңдаған қазақ көрермені бар теле-радио-аудиториясының алдында отырмын-ау деп айылын жимайтын болды. Бұл – бір.

Екінші - соңғы жылдары қазақ баспасөзінің бетінде басқа тілдегі жарнамалар беру үдерісі байқала бастады. Бұл үдерісті БАҚ-қа алдымен өзін өзі қаржыландыратын «сары басылымдар» алып келді. Қазір осы «дерт» асқынып, ұлттың салт-дәстүрін, тілі мен ділін сақтауға мүдделі деген газеттерге де

жұқты. Қазақша басылымдағы белгілі холдингтер мен корпорациялардың, компаниялар мен фирмалардың мұндай жарнамалары газеттің бір бұрышын, жартысын немесе тұтастай бір бетін «жаулап» ала бастады. Мұндай ала-құла жамауды, тіпті, бірінші бетінен бастайтын газеттер де бар.

Компания демекші, белгілі қаржы компаниясы - «ВалютТранзиттің» бұрынғы ерлі-зайыпты басшылары осыдан бірнеше жыл бұрын өлеңдерін қазақ тіліне аудартып, оны қазақ газеттеріне орыс тіліндегі түпнұсқасымен қоса жариялатты. Бұл да сын тезіне салып, ойланатын мәселе. Неге? Себебі, мұндай өрескел үдеріс кеңес өкіметінің отаршыл саясаты ызғар шашып тұрған кезде де орын алған жоқ. Қазақ газеті тек қана қазақша шығатын. Қазақ эфирі тек қана қазақ тілінде сөйлейтін. Қазір бәрі батпақтай араласып кетті. «Жау жоқ деме – жар астында». Бұл «қойыртпақ» бөтен пиғылдағы азаматтар үшін қазақ басылымдары қазақ тілі қауқарсыз болғандықтан өз беттерінде басқа тілдегі жарнама, жарияланымдарды да бере бастады, ендеше басқа тілдерге де мемлекеттік мәртебе берейік деп шығуы

бек мүмкін.

Қаржы-қаражат жетіспеушілігі деген ежелден бар мәселе. Одан, әсіресе, қазақ тілінде шығатын газеттер ешқашан қашып құтыла алмаған. Оны басқа тілдегі жарнаманың ақшасымен де толтыра алмасымыз анық.

Иә, ақша жеткен жерге аяқ жететінін білеміз. Бірақ ақшаның соңына түсу - ұлттың ең басты құндылығы - тілді кемсітуге жол беру деген түсінік емес қой. Әріберіден соң қазақ оқырмандарына басқа тілдегі жарнама керек те емес. Комания (фирма, т.б.) қожайындары керек деп тапса жарнамасын аударып әкелсін. Әкелмесе, алдарынан жарылқасын. Демек, бұл мәселеде ұлт мүддесі жолында табандылық көрсете білу деген қасиет бірінші кезекке шығып отыр.

Әлбетте, елімізде тіл мәселесіне қатысты көзге шұқитын мысалдар көп. Ол туарлы айтылып та, жазылып та жатыр. Бізді осы мәселенің жүгін қара нардай көтеріп келе жатқан қазақ баспасөзі мен қазақ тілді электронды ақпарат құралдарындағы ала-құлалық алаңдатады. Толғандырады. Жаман үрдіске, теріс үдеріске ұрындырмаса

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
екен деп сақтандырады. Осыны ел болып
ойласайықшы, ағайын.

КЕЛУ МЕН КЕТУ

Қызмет бабымен кім қайда бармайды. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар». Кең қолтық халық ешкімді кеудесінен итерген емес. Жақсы болса төбесіне көтерді, жаман болса пейілінен тапты ғой деп бас шайқайды. Жөн-жосықты біледі деген шенеуніктің жемқор атанып, келуінен кетуі жылдам болғанына қынжылады.

Келу мен кету...

Әуелгісі жақсы. Өйткені «алыстан алты жасар бала келсе, алдынан алпыстағы қария шығып сәлем береді» деген дала пәлсәпасын бетке ұстаған жылпостар Келушіні жалпылдап қарсы алады, жағымпазданып сауық-сайранға шақырады. Үйіріне тарту үшін өздері жеп жатқан ел игілігінен (бюджет) «асатуды» да ұмытпайды. Оны «түйілмей» жұтудың айласын да үйретеді. Осыдан кейін уызында жарымаған байғұсқа осылай өмір сүру заңды сияқты көрініп, халыққа қызмет ет деп берілген алтын уақытын қай жерден «асасам» екен немесе кім «асатар» екен деген қарақан басының

қамына сарп етумен болады. Сөйтіп айналдырған 5 жылдың бедерінде заңды белден басу арқылы неше түрлі игіліктердің қожайынына айналып алған Келушіңіз арыз-арманмен келген азаматтарды алалап қабылдауға көшеді. Шел басқан көзі емен есігінен емін-еркін кіріп жүрген сыбайластарынан басқаны көрмеуге айналады. Жемқорлығы жалпақ жұртқа жария болған күні ғана абыроймен келу бар жерде абыроймен кету дегеннің де бар екені есіне түседі. Бірақ кеш. Қауымға қайыр-қош деп, дастарқан жаюға да кісілігі жетпей, ішім-жемі бір сыбайластырымен ғана сыбырласып, бір күнде қарасын батырады.

Кетудің беделі осы тұста биіктейді. Өйткені Кетудің құрметі келуден бір мысқал да кем емес. Бұл құрметке ел-жұртқа сыйлы, артында айта жүретін іс қалдырған басшылар бөленіп те жүр.

Жақында облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаментінің директоры Ызғарбек Бектұрсынов қызмет бабымен Алматы облысына ауысты. Ызкең Жамбылдағы 5 жылдың бедерінде мемлекеттік қызметкерге тән тазалықтың тамаша үлгісін көрсетті. Ызкеңмен

бірге билік тізгінін ұстаған басқалар бұл уақытта коттеджден бастап жылжымайтын мүлікке дейінгі біраз дүние-мүліктің қожайынына айналып, ізін жасырып үлгерсе, ол кісі... коммуналдық пәтер де алмапты. Бес жыл бойы облыс әкімдігінің резиденциясындағы «әкіметтің үйінде» ақы төлеп тұрып келген. Лауазымды қызметкерге тұрған өңірінен дүние-мүлік жинау сәнге айналған тұста қанағатты қасиет тұтқан азамат өзі уақытша келген облысқа үй бер, жер бер, жылжитын һәм жылжымайтын мүлік бер деп салмақ салмаған. Қарамағындағы қызметкерлеріне де зәбір көрсетпеген. Облыстағы шұрайлы жер, шүйгінді орындарды «жамбасына» басып, шашып жеп, төгіп ішіп отырған біраз адамдар қарапайымдылықтың қадір-қасиетін Ызекеңнің қоштасу дастарқанында облыс әкімі Бөрібай Жексембин бастап айтқан ақ тілектердің мазмұнынын түсінді. Ғазиз бастың қарапайымдылықтың алдында да тізе бүгетінін мойындады.

«Дүниені сақтайтұғын сұлулық». Қарапайымдылық та тіл айтып жеткізе алмайтын сұлулықтың бірі. Адамзат баласының ашкөздігін ар сотынан арашалап жүрген де осындай қарапайым

азаматтардың қадір-қасиеті шығар. Шүкір дедік. Бұл қасиет енді басқаларға жұғысты болса қанеки.

АҚЫНЫ МЫҚТЫ МА, ӘКІМІ МЫҚТЫ МА?

**НЕМЕСЕ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН МЕН SMS-КЕ
ТӘУЕЛДІ БОЛҒАН ӨНЕР ХАҚЫНДА**

Әңгіме «Қазақстан» ұлттық арнасындағы айтыс туралы. Сондықтан бұл сауалды «оу, айтысқан ақын ба, әлде әкім ба, кімге дауыс бердіңдер?» деп керісінше қоюға да болады.

Сөз өнеріне спорттық терминді теліп, суырып салма айтысқа спорттық сипат берген соң әділдіктен ауытқымаған жөн. Спорттың темірдей тәртібіне жүгінсек, түрлі чемпионаттарда бақ сынаған бағыландар мен оғыландарға ұялы телефонмен немесе SMS арқылы дауыс берілмейді. Дүние жүзіне танымал бапкер-мамандар ғана бабы келіскен спортшыға бағасын береді. Соның нәтижесінде соңғы он бес жылдың бедерінде елімізден Бекзат, Ермахан, Бақтияр сияқты біртуар баһадүрлер олимпиада чемпионы атанды.

Ал мынау «чемпионат» - чемпионат

емес, қып-қызыл «аукционға» айналды. Өнер емес - өңір, ақын емес - әкімдер бақ сынасатын болды. Бір бірінен мықтылығын асыру үшін бұрмалаушылыққа жол беріле бастады. Осындай әділетсіздіктің бірі, әсіресе, 4 наурыз күнгі айтыста анық байқалды.

Қызды әлпештеген ел қазақтай-ақ болсын. Бірақ жекпе-жектің аты жекпе-жек болған соң, ақиқат айтылуы тиіс. Ақын Жансая Мусинаның қасында ақын Олжас Отаровтың ақындық өнері де, білімі мен білігі де соқырға таяқ ұстатқандай анық көрініп тұрды. Керісінше қарадүрсін ұйқастары мен жүйесіз ойлары жиірек байқалған Жансаяның өлеңдері әлсіз соғып жатты. Қайым айтыста, тіпті, «Жамбылың (?) тоқсан тоғызында қайтыс боп кеткен (?)» деген сияқты басы жоқ, ал аяғы мүлде түсініксіз бірдеңені түйеден түскендей дүңк еткізді. Құдайдан қорқып, әруақты сыйлаған елміз. Қазақ халық ауыз әдебиетінің соңғы тұяғы сынды абыз атаны кекете сөйлеу сол жырау шалдың шөбере-шөпшегіндей Жансаяның біліктілігіне жата ма, білімділігіне жата ма? Күллі қазақтың Жамбылын тек Олжасқа телу қалай болар екен? Осындай келеңсіздікке

қарамастан ұялы телефон арқылы - 4809, SMS арқылы - 1642 дауысқа ие болған Жансая жеңімпаз атанды. Егер сол жерде бағаны білікті қазылар берер болса, мұндай сорақылыққа жол берілмес еді.

Адамнан жасырғанды, Құдайдан жасыра алмайсың. Біздің «бұл өңірдің ақыны мықты болды ма, әлде әкімі мықты болды ма?» деуіміз тектен тек емес. Бұрын айтыс ақындары сөз сайысына барарда әкімдерден қаражат сұрай барушы еді, ал «чемпионатқа» қатысушылар баяғының болыстарындай «дауыс» сұрай баратын болыпты дегенді де ести бастадық.

«Айтыс-чемпионаты» о баста дұрыс ойластырылғанда мұндай әбестікке жол берілмес еді. Телеарна басшылары бұл келеңсіздікті енді тоқтатам десе де тоқтата алмайды. Өйткені ақындар «чемпионаты» шүү дегеннен-ақ ұялы телефон мен SMS-ке тәуелді болып қалды.

Кім біледі, халқымызда «ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Жақсыдан үміттенейік.

КҮЛСАЛҒЫШТАҒЫ... ЕЛТАҢБА

«Естімеген елде көп». Жақында Керекуге жолым түсті. Атүсті бір

дүкенге кірсем, еліміздің Елтаңбасы бейнеленген күлсалғыш сатылып жатыр. Шошып кеттім. Кезінде Туымызды допқа бейнелегендер туралы жазып едім, ал мынау одан да сорақы мысал сияқты. Яғни, күлдібадам күлсалғыштан 1300 теңгесін аямағандар оны сатып алады да, отан, ел алдындағы ар-ождан мен ұятты жиып қойып, Елтаңбаға қақырып, түкіріп беймарал отыра бермек.

Бұл кімнің кінәсі? Әрине, өнімді өндіріп, оны саудаға шығарған кәсіпкердің кінәсі. Ал кәсіпкер деген кім? Кәсіпкер де ұлты мен ұлысына қарамастан Қазақ елінің толыққанды азаматы. Сондықтан ол да өзі өмір сүріп отырған елдің Ата Заңын, Туын, Әнұранын және Елтаңбасын құрметтуі керек. Бірақ, өкінішке қарай, олар өздерін кей жағдайда ойына не келсе соны істейтін еркетотайлардай тым еркін сезінетін сияқты. «Сауда», «ақша», «табыс» деп жүріп, мемлекет құндылықтарына деген патриоттық сезім мен құрметті мүлде ұмытып кеткен бе деп те қаласың.

Баяғыда Хан Кененің бас сүйегінен күлсалғыш жасаған отаршылдардың оспадарлығы туралы оқыған кезімізде «е, ол уақта басы ноқталы ел болдық қой»

■ _____ "ШАМАҢ КЕЛСЕ, ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!.." деп күрсінуші едік, ал ендігіге не жорық?! Тәуелсіздік туын көтергеніне жиырма жылдан асқан іргелі мемлекет емеспіз бе!? Одан кейін бүгінгі кәсіпкерді кешегі сауаты шамалы алыпсатар дей алмайсың. Бәрі де өздерін мемлекет саясатына тілеуқор, биік мәдениет иесіміз деп санайды. Бірақ күлсалғыштағы Елтаңбаны жиырма жыл бойы қалаған кәсібімен айналысып, бейбіт өмір сүруіне жағдай жасаған мемлекетіне жасаған сыйлығы мен рахметі деп қабылдай алмадық. Тіпті қабылдайық десек те, миымызға қонбай қойды. Керісінше, бұл мысалды осы өнімді өндіріп, оны саудаға ұялмай-қызармай шығарып отырған адамның өз бетіне өзінің түкіру деп те түсіндік.

«ART-MIX» ДЕП ӘЛПЕШТЕГЕНДЕРІ ОСЫ МА?

Бір облыс әкімінің қайбір жылы: «Қазақстанда алғаш рет «Art-Mix» өнер семинары және облыс суретшілерінің симпозиумы өткізілді» дегені ойда қалыпты. Сонда облыс мәдениеті мен өнеріне қосылған «су жаңа» ұғымның қандай мағына білдіретінін санамызға жеткізу үшін біраз «тер төккеніміз» есте.

Сөйтсек «art» деп әлпештеп жүрген сөзіміз ағылшындардың «өнер» деген сөзі екен. Ал «art»-қа мінгескен «mix»-ке келсек, ол... «коктейль» дегенді білдіретін сияқты болып шықты. Бірақ, бұл «коктейльдің» мағынасы ас үйде немесе арнайы кафе-барда дайындалатын коктейльден бөлек екен. Яғни, өнердің «қойыртпағы» дегенге келеді-мыс. Сонымен не керек, тараздықтардың тілі бірден бірнеше сөзге байып, «Art-Mix», «Art-Караван» дегендерге құлақтары үйрене бастады. Бірақ...

Қайбір күні облыстық әкімдіктің қасынан өтіп бара жатқан тараздықтар көрме залының әппақ қабырғасына қара бояумен баттастыра салған шимайшатпақтарды көріп, жағаларын ұстаған. Мұндай «туындыларды», әдетте, бір сатирик ағамыздың Шимайбек деген кейіпкері шимайлап кетуші еді, ал мынаны... әкімдеріміз әлпештеген «Art-Mix»-тің «жұлдыздары» салыпты.

Көрме залының қасында дүкен бар. Қалалық қарт апа-әжелер сол дүкенге көрменің жанымен өтеді. Әлгі «туындылар» сол сары қарын жеңгелер мен ақ жаулықты апаларды мазақтап салған сайқымазақ суреттерден аусайшы.

Ол ол ма, аппақ қабырғадан көмірдей боп көрінетін суреттер ымыртта албастыдай ұлғайып, жүегі ауыратын кембағал жандардың үрейін ұшыра бастады.

Айтайық дегеніміз, ұлы Мұхтар Әуезов: «Менің білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз» деген екен. Біздің білмейтініміз де тоқсан тоғыз. Бірақ Париждегі Луврды, Мәскеудегі Третьяков галереясын көру бақытына ие болғанымыз бар. Интернет-порталдарда жарияланып жататын «Art-Mix» галереяларын да «парақтап», шын шеберлердің қаламынан туатын небір ғажайып туындыларға тәнті болып жүрген жәйіміз де жоқ емес. Графиттік еңбектердің де ерекшеліктерін байқап жүрміз. Бұл тұрғыда бізді ешкім «Art-Mix»-ті түсінбейтін, «мәмбет» дей алмас.

Сондықтан Тараз төрінде елдің үрейін алып тұрған мына суреттерді «қойыртпақ» демесек, «өнер» деп айта алмас ек.

«ОЛ БІР ЖҰМБАҚ»

Бұл ғақлияны Аристотель де айтқан жоқ, Конфуцийдің кітабынан да оқыған жоқпын. Мұны айтқан ауылдың

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
қарапайым қариясы.

Әңгіме адамгершілік тақырыбына ауысқан. Малдасқұрған мәслихатшылар әрбір сауапты істің қайырымы болады деген белгілі түйінге тірелетін тәмсілге көшкенде әлгі қария:

- Егер қайыр тілеп отырған міскінді көрсең, мүсіркеуші болма, - дегені.

«Мәслихатшы» атанып, мәмілеге араласқанымен барлығы бірдей философ емес. Солардың бірі:

- Неге? – деді жалт қарап.

- Екіншісі:

- Сонда не істеу керек? – деді қабағын түйіп.

Көзқарастарында «аш адамға балық бергенше, балық ұстауды үйрет» деген белгілі ұлағатқа тән бір әңгімені бастайтын шығар деген сұрау бар.

- Басынан бір теп те, өтіп кет.

Мәслихатшылар «мынау не айтып отыр өзі» дегендей бір-біріне таңдана қарасты. Шал болса «ал, сендерге тәлім-тәрбиенің көкесі керек болса» дегендей нығырана түсті.

- Оу, ағасы, осыны да сөз деп айтып отырсыз ба?

- «Мүсәпір көрсең жақсылық жаса» деген өткеннен келе жатқан өсиетті

қайтеміз?

- Өзі аш, өзі өлмелі қайыршының не жазығы бар?

Сол кезде қиқар шал:

- Ол бір жұмбақ, - деді де орнынан тұрды.

Суықтан қатып қалған жыланды қойнына тығып жылытам деп ажал құшқан аңғал туралы мысалды білуші ем. Малдасқұрғандар шалға не дерін білмей мәңгіріп қалған кезде сол оқиға есіме түсті. Өйткені сен де улы жыланға жақсылық жасағысы келген адам сияқты жолыңды тосқан мүсәпірдің ішкі ойынан бейхабарсың. Бәдәуи тірлікті бүркенген жан кім: ұры ма, қарақшы ма, алаяқ па, сатқын ба?!. Тіпті, жеті жұрттың тілін білетін оқымысты, он саусағынан өнері тамған шебер немесе замандастарынан атағы озған кәсіпкер бола қойсын, бірақ қарны тойып, аузы майланған күні жасаған жақсылығыңды ұмытып, басыңнан бір тепсе қайтпексің? Бақсам, бұл адамзат баласы әлі күнге дейін шешуін таба алмай жүрген жұмбақтардың бірінен екен. Қиқар шалдың қиссасы да осыны меңзепті.

Ел байлығын миллиардтап ұрлап, шетел асқан бұрынғы банкирлер мен

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ _____
мемлекеттік қызметшілер, мәжілісмендер
туралы алуан-алуан ақпараттарды оқи
бастасам болды, ауыл айтқышының
қателеспегеніне тәнті боламын.

ҚАБІР ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ... ЖАРНАМА

«Біреудің кісісі өлсе қаралы ол...»
деп ақын Абай күңіренгендей, жақында
бір ардақты ағамыздың баласы қыршын
кетіп, қаралы адамдар шоғырымен
қабірстанға біз де бардық.

Күмбездері күнге шағылысып
сонадайдан менмұндалап тұрған
мазарлардың сән-салтанаты бір-
бірінен өтеді. Бірақ мұң мұнарлаған
оларға сүйсініп қарауға да, тамсанып
тамашалауға да дәтің жетпес. Сондай
бір зәулім мазар қарақұрым халық болып
жерлегелі жиналған жас боздақтың
жаңа ғана қазылған қабіріне таяу тұр
екен. Елмен бірге марқұмға мен де бір
уыс топырақ салып, бір шетке ығысып
шаға бергенім сол, әлгі биік мазардың
батыс қабырғасындағы жазуға көзім
түсіп кеткені. Ә дегенде оны марқұм
болған адамның аты-жөні екен деп, «оны
қабірхананың маңдайшасына жазбағаны

несі?» деп ойлап қалғам. Анықтап қарасам, менің көзім түскен жазу марқұмның аты-жөні емес, осы мазарды салған сәулетші-құрылысшының ұялы телефондарының нөмірлері болып шықты. Жаңылмасам қысқаша мазмұны: «Архитектор-құрылысшы. 8777...; 8775...» деп келеді. Сәулетші бұл жарнамасын мәрмәр тасқа нақыштап тұрып жазып, қабірдің ең көрнекті жеріне жапсырып кетіпті.

О заманда, бұ заман, қай атам қазақ қабірдің қабырғасына... жарнама іліп еді?! Тіпті, бұл діні мен ділі бөлек азамат ұрпақтары үшін де жат қылық қой. Осыдан бірнеше жыл бұрын бір көршім дәрі-дәрмек сатумен айналысты. Айналысқанда, әйелі азаннан кешке дейін таспа жолдың бойына отырып алады да, неше түрлі дәрі-дәрмектерді алдына жайып тастайды. Бірақ нан болмаса, дәрі алатын адам аз. Содан ба әлгі әйел ары-бері өткен адамдарға «дәрі алыңдар, дәрі алыңдар...» деп айқайлай бастаған. Міне қызық, күйеуі тік мінезді адам еді, әйелінің «ауызша жарнамасынан» бір қолайсыздықты сезді ме: «тәйт, «дәрі алыңдар» деп айтуға болмайды, керек адам өзі-ақ алады» деп құдай қосқан қосағын тиып тастағаны. Мақаланы

жазу барысында сол болмашы оқиға есіме түсіп, аты-жөні белгісіз сәулетшінің мына сорақы да оғаш тірлігіне қарағанда олардікі «айналайын» екен ғой» деп ойладым.

Ағайын, еңбек ет, мал тап, бірақ ар-ұяттан аттап, имансыз атанбашы!

ЖЫР ЖАМПОЗДАРЫ ЖАМБЫЛ МЕН НҰРПЕЙІС

ИМПЕРИЯЛЫҚ ОЙКОНИМДЕР ТІЗІМІНДЕ ҚАЙДАН ЖҮР?

Қайбір жылы республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы директорының орынбасары С. Ерғалидың оғаштау пікірін оқып («Қазақстандағы кейбір ономастикалық мәселелер. Оларды шешу жолдары». «Егемен Қазақстан», 11 қараша, 2006 жыл), «ойпыр-ай» деп қалдық.

Тоқ етерін айтсақ, С. Ерғали Петропавл, Павлодар сияқты империялық ойконимдердің қатарына жыр алыбы Жамбыл мен Нұрпейісті де қосып жіберіпті. Ау, Петропавл мен Павлодар қайда, Жамбыл мен Нұрпейіс қайда? Көзі қарақты кісілер Петр мен Павл есімдерін Иса пайғамбардың апостолдары ретінде біледі.

Ал ол атауларды еліміздің жағрапиясы мен әкімшілік аумағына Ресей патшалығының отаршылдары діни миссионерлік мақсатта орнықтырған. Мысалы, діни наным-сенімге берік келімсектер өздері пір тұтатын аталмыш ныспыларды Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавл қаласының атында қатар атаса, Павлодар облысындағы Павлодар қаласына әулие Павлдың сыйы ретінде мадақ тұрғысында енгізген.

Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері журналистер осы әулие Петр мен Павлдың құрметіне қойылған қала, облыс атауларын жергілікті халықтың ұғымына жақын қазақы аттармен алмастыру мәселесін жазудай-ақ жазып келеді. Күндердің күнінде бұл мәселенің дұрыс шешімі табылатыны да хақ. Бірақ бізді «ойпырайлатқан» мәселе – құдай берген өнерінің арқасында қазақтың қара шалынан алты алаштың жыр жампоздарына айналған Жамбыл, Нұрпейістердің миссионерлік мақсатта қойылған атаулармен «қатар тұруы» болды. Қатар тұрғанда, С. Ерғали мырза «Жамбылдың есімі берілген облыс пен Нұрпейіс жыраудың әкесінің есімі берілген аудандар сол жердің тұрғындарына қаншалықты мақтаныш деген сауалға жауап бере алмайтыны хақ» деп, түйеден түскендей дүңк еткізіпті. Онымен қоймай «рас, ономастика – бүгінде идеологиялық

сайманның бір түрі. Алайда, ол сыртқы сипаты ғана, ешбір адам көшеде келе жатып, әлгі облысқа, қалаға не ауданға есімі берілген адамды еске алып, содан рухтанып жатпайды» деп бүкіл халықтың атынан «көрегендік» танытқан. Бұл пікір басқа рухани құндылықтарын былай қойғанда, ең алдымен ақын, жырауымен, әнші, күйшісімен, батыр, билерімен мақтанатын ақынжанды қазақ халқының асқақ рухына жабылған жала сияқты.

Рас, ежелде Талас, Тараз, Әулиеата атанып, одан кеңес төңкерісшілері өздерін өздері дәріптеу тұсында Мирзоян атанған қаланың ономастика мәселесінде «рекордшы» атанатындай жағдайы бар. Ал Жамбыл ақынның атына келетін болсақ, «атыңызды бұрынғы Әулиеата қалсына берді» деген кезде қарт ақын «Атыңнан айналайын Әулиеата, атыңды мен алды деп болма қапа» депті. Демек, Жәкең бұл атты Сталиннен сұрап алған жоқ. Ақынның Ұзынағаштағы ағайындары да Кремльге жалынып-жалпайып хат жазбаған. Біле білген кісіге бүтіндей бір мемлекеттің төлқұжатына айналған Жамбыл есімі - еліміздің тар жол, тайғақ кешуіндегі кейінгі ұрпаққа тәлім болатын парағы. Оны империялық ойконимдерге қосып, шежіре бетінен жыртып тастауға болмайды. Тәуелсіздік алғаннан кейін облысқа жыр

алыбының есімін қалдырып, ежелгі Таразға өз атын қайтару жөніндегі ел тілегін ескерген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әділ шешіміне тұрғындар да риза. Олар бүгінде Тараз, Жамбыл аттарын мақтаныш тұтады. «Жүйелі сөз жүлгесін табады, жүйесіз сөз егесін табады». Осы пікірмен тоқтауға болар еді...

Бірақ С. Ерғали тоқтамайды. Елдегі алақұла ономастика мәселесін адам аттары «ақсатып» отырғандай «тақырыбына» одан ары шүйлігіп, «аталмыш ойконимдердің өзі бірізді емес, жүйесіз: бізде Жамбыл облысы бар, бірақ ол «Жамбылская область» аталу арқылы орысша Жамбылдық облыс болса, ал қазақша Жамбылдың облысы болып тұр. Сол секілді Ақтөбе облысында Байғанин ауданы бар, бірақ ол орысша «Байғаниндік аудан» ретінде дұрыс аталып тұр, ал қазақшасы арқылы бүкіл бір аудан Нұрпейіс жырауға телінген» дейді. Бұл «жаңалыққа» қарапайым қазақтың «бәрекелді» демесі анық. Өйткені, «Байғаниндік аудан» дегенге олардың кез-келгені «әй, неменеге тіліңді бұрап тұрсың?» деп шатынап шыға келуі мүмкін. Себебі, Нұрпейіс Байғанин немесе Байғанин ауданы деген айтуға да, жазуға да оңай. Ал қазақша атауларды басқа тілдерге дұрыс аударып, олардың сауатты жазылуын қадағалап, талап ету - басқа мәселе.

С. Ерғалидың «тәуелсіздік алған жылдары талай атауларды «қазақыландырдық». Алайда, бұл қазақыландыруымыз қазақ халқының ономастика тарихына ешбір сыйымсыз екендігіне көңіл бөлмедік. Мәселен, Қазақстан тарихы түгіл, түркі халықтарының ономастика тарихында адам есімімен байланысқан қаланы, уәлиятты, өңірді табу қиынның қиыны» деген біржақты пікірімен де келісу қиын. Өйткені түркі дүниесі түгел зерттеліп болған жоқ. Арыға бармай-ақ, С. Ерғали шүйліккен Жамбыл ақын атындағы облыстағы Шу өзенінің бойына ораналсақан Шу ауданы мен Шу қаласы бар. Осы Шу деген ат қайдан шықты? Қайда апарып тірейді? Әрине, әркім әртүрлі долбар жасайды. Бірақ түркі жұртының тарихында Шу есімді батырдың болғанын, оның Шу өңіріне ат басын тірегенін соңғы жылдары табылған әдеби мұрадан оқып, білдік. Сосын, осы өзеннің маңында Аспара деген орта ғасырлық көне қаланың орны бар. Аты әлемге әйгілі Аспарухтың көне түркі жерін көктей өткенін ескерсек, ежелгі Аспара шаһарының атына да ойлана назар аударуға болатын сияқты...

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

**“ШАМАҢ КЕЛСЕ,
ШЫНДЫҚТЫ АЙТ!..”**

**Редакторы Ә.КҮЛІМБЕТОВ
Қате түзеуші Г.КӨШКІНОВА
Беттеуші дизайнер Е. ТҮМЕНБАЙ
Тех. сарапшы Н. СҮЙЕУБЕКҰЛЫ**

ISBN 978-601-03-0453-6



ИБ №828

Басуға 01.03.2017 ж. қол қойылды.

Пішімі 75x90^{1/32}. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі “Таһома КZ”.

Көлемі 18 шартты баспа табақ.

Таралымы 5000 дана.

Тапсырыс №828/2256.

**«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының
баспаханасы**